



# МӨҢКЕ БИ 350 ЖЫЛ

**МӨҢКЕ ТЫЛЕУҰЛЫНЫҢ 350 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛҒАН  
«МЫҢЖЫЛДЫҚТЫ БОЛЖАҒАН МӨҢКЕ БИ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



Ақтөбе облысының  
мәдениет, архивтер  
және құжаттама  
басқармасы



Ақтөбе облысының әкімдігі  
Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы  
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
«Мөңке би атындағы қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры

**МӨҢКЕ ТІЛЕУҰЛЫНЫҢ 350 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛҒАН  
«МЫҢЖЫЛДЫҚТЫ БОЛЖАҒАН МӨҢКЕ БИ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**20 қыркүйек 2025 жыл**

Ақтөбе, 2025

УДК94(574)  
ББК 63.3 (5Каз.)  
М 87

**Редакциялық алқа:**

**М.Н. Дүйсенғали** – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры (редакциялық алқа төрағасы)

**Р.А. Бекназаров** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылым және инновация бойынша проректоры, профессор, т.ғ.д.

**А.Қ. Ержанов** – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым хатшысы

**Б.Б. Қосанов** – «Мөңке би атындағы қайырылымдылық қоры» қоғамдық қорының төрағасы

**А.С. Ертеміров** – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Қазіргі заман тарихы» бөлімінің меңгерушісі

**Ф.М. Мустафин** – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері

**А.Н. Тауман** (жауапты хатшы) – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

**Рецензенттер:**

**Г.Б. Избасарова** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Тарих және дінтану кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор.

**С.С. Мұхтаров** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ректорының кеңесшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Бұл жинаққа Мөңке Тілеуұлының 350 жылдығына орай ұйымдастырылған "Мыңжылдықты болжаған Мөңке би" атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. Жинақта Мөңке бидің өмір жолы, рухани мұрасы, шешендік өнері мен болжаушылық қасиеті түрлі ғылыми қырынан талданып, тарихи деректермен сараланған. Конференцияға қатысқан ғалымдар мен зерттеушілердің мақалалары елдік сананы көтеру, тарихи тұлғаның рухани-мәдени мұрасын кеңінен насихаттау және ұрпақ санасына сіңіру мақсатында топтастырылған.

Жинақ тарих, философия, мәдениеттану, тіл білімі, әдебиеттану салаларында еңбек етіп жүрген мамандарға, оқытушылар мен студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-7564-35-3

## МАЗМҰНЫ

Құттықтау сөз .....	5
---------------------	---

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

<b>Б.Ө.Жақып.</b> Көріпкел әулие, қайраткер шешен, ұлы жырау – Мөңке би .....	8
<b>Б.Б.Кәрібаев.</b> Мөңке би (1675-1756) және XVII–XVIII ғғ. қазақ тарихындағы мәселелері .....	27
<b>Ө.О.Озғанбаев.</b> Заманынан озып туған Мөңке би (1676-1756 жж.).....	41
<b>А.Акматалиев.</b> Мөңкө бий жана кыргыз акындары.....	46
<b>Г.Р.Хусайнова.</b> Актуальность наследий башкирского Хабрау йырау и казахского акына Монке би.....	51
<b>Doç.Dr. Aynur Gazanfargizi</b> Türk kültüründe şaman-ozan ilişkisi ve geleceği öngörme motifi Mönke biy örneğinde.....	62
<b>N.Ahmedli.</b> Aşık Alesker ve Mönke biy'in geleceği görevbilme motifi.....	75

### 1-СЕКЦИЯ. МӨҢКЕ БИ ТІЛЕУҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ

<b>Ж.А.Асан.</b> Мөңке би ғибраттары.....	85
<b>А.К.Бөлтей.</b> Мөңке би шежіресі: Ер Едіге.....	97
<b>Г.С.Қосымова.</b> Мөңке би – дәуір тудырған кемел тұлға.....	131
<b>М.Ж.Тюлембекова.</b> Мөңке бидің тарихи тұлғасы және қазақ билер институтындағы орны.....	140

### 2-СЕКЦИЯ. XVII–XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ

#### ӨМІРІ МЕН БИЛЕР ИНСТИТУТЫ

<b>Д.С.Арынова, Д.С.Құрбанбай.</b> Әжімбет би жайлы зерттеу.....	148
<b>М.Қ.Ахетов.</b> Би атауы туралы.....	156
<b>Б.Байболов, С.Шаметов.</b> Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Ханнәби (Шыны би) Серкеұлы жайлы зерттеулер.....	188
<b>И.Ермұханова, М.Сагидуллаева.</b> Мөңке би дәстүрін жалғастырушы Сарышолақ Боранбайұлының отансүйгіштік жырлары.....	195

<b>А.С.Ертеміров.</b> Есет батыр Көкіұлы ғұмырнамасы хақында.....	<b>202</b>
<b>М.Искакова.</b> Бір төбе биі Қазыбек би.....	<b>208</b>
<b>Г.Қ.Қасымова.</b> Билер соты, қазақтардың дәстүрлі сот жүйесі.....	<b>218</b>
<b>Ә.Ө.Орынбекова, Б.Н.Елжанов.</b> Дала демократиясының данагөйлері – қаз дауысты Қазыбек.....	<b>220</b>
<b>А.Ж.Уркинбаева, Т.Б.Оразова.</b> Қазақ даласының тарихи жадындағы Қазыбек би.....	<b>226</b>

### **3-СЕКЦИЯ. МӨҢКЕ БИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ДӘРІШТЕЛУІ**

<b>А.Ж.Әбденев, Н.К.Абденова.</b> Билер сөздеріндегі шешендік құрылымды талдау үшін жасанды интеллектіні қолдану.....	<b>232</b>
<b>А.И.Жанысбаева, Қ.Ә.Нұрахметова.</b> Мөңке би және ұлттық интуиция феноменінің ұрпақтық сабақтастығы.....	<b>235</b>

## **Құрметті ақтөбеліктер, қадірлі ағайын!**

Баршаңызды сұңғыла би және данышпан жырау Мөңке би Тілеуұлының туғанына 350 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел тарихында ерекше орны бар тұлғалардың мерейтойларын жоғары деңгейде атап өту жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын маңызды қадам екенін айтқан болатын. Бүгінгі ауқымды іс-шараны осы бағыттағы іргелі істердің жарқын көрінісі деп қабылдаймыз.

Мөңке би – ердің құнын екі ауыз сөзбен шеше білетін бітімгерлігімен және келер күнді айнытпай болжай алатын сәуегейлігімен танылған дара тұлға.

Оның терең ойлары көрегенділік пен парасаттылықтың озық үлгісі саналады. Келер ұрпаққа асыл сөзбен өрілген құнды мұра қалдырған данышпанның философиялық толғаулары біздер үшін қашанда үлгі-өнеге.

Мөңке би Әбілқайыр ханның кеңесшісі ретінде ел басқару ісіне де белсенді араласып, халықтың бірлігі мен берекесі үшін еңбек етті. Бұл әулиенің қайраткерлік деңгейін көрсететін қасиет екені сөзсіз.

Қазіргі таңда осындай тұлғаларымыздың ғибратты ғұмырын дәріптеп, олардың ұлағатын жас буынның бойына сіңіру айрықша мәнге ие. Бұл халықтың тарихи санасын жаңғырту және ұлттық кодымызды сақтау үшін аса қажет.

Алдағы уақытта да бұл бағыттағы игілікті істерге толайым табыс тілеймін!

Ұлы тұлғалардың есімдері ұлықтала берсін!

**М.С. Әшімбаев**

Қазақстан Республикасы

Парламенті Сенатының

Төрағасы

## **Құрметті ағайын!**

Сіздерді халқымыздың ұлы перзенті, әділ би, көреген ойшыл әрі дара сәуегей – Мөңке Тілеуұлының 350 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Мөңке би – туған халқының мүддесін бәрінен биік қойған әділдігімен жұртының құрметіне бөлінген, терең ойымен келешекке жөн сілтеген кемеңгер. Оның ғибратты сөздері, өмірлік өсиеттері мен болашаққа қатысты айқын болжамдары ғасырлардан асып бүгінгі күнге жетті. «Өзен, көл үстімен темірден жол салынады», «аспаннан тас қыран құлайды» деген секілді көрегендігі – тек сәуегейлік емес, ұрпаққа ой тастап, болашаққа бағдар көрсеткен ұлы мұра.

Өз Мөңке – даналығымен ел бірлігін сақтап, әділдігімен қоғамдағы татулықты нығайта білген дара тұлға. Оның аманаты – халқымыздың ынтымағын арттыру, әділеттілікті ту ету, ұлттық құндылықтарды қастерлеу. Бұл ұлағатты өсиет бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның даму жолымен, ел бірлігін сақтау міндетімен үндесіп жатыр.

Мерейтойдың халықаралық деңгейінде өтуін – халқымыздың тарихына, рухани қазынасына деген зор құрметтің айқын дәлелі. Бұл тек өткенді еске алу ғана емес, жас ұрпақты отансүйгіштікке, әділдікке, бірлікке баулудың тамаша үлгісі. Бүгінгі ұрпақ Мөңке бидің тағылымды мұрасын дәріптеп, оны болашаққа жеткізу арқылы елдіктің еңсесін биіктете түспек.

Осы айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен шаттық, еңбектеріңізге береке мен табыс тілеймін. Халқымыздың ынтымағы артып, мемлекетіміздің мерейі үстем бола берсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағы жарқын болғай!

**Е.Ж. Қошанов**

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
Төрағасы

## **Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Дара қасиетімен жұртты таңырқатып, ұлт қайраткеріне айналған Мөңке Тілеуұлының туғанына 350 жыл толуы құрметіне арналған «Мыңжылдықты болжаған Мөңке би» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағын жария еткелі тұрмыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев IV Ұлттық Құрылтай отырысында: «Біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет», - деп атап өткен болатын.

Жеті жасынан тура билік айтып, тыңдағанды ұйытқан Мөңке би – Мемлекет басшысы атап өткен көрнекті тарихи тұлғалар қатарында.

Осыған орай, өңірімізде Мөңке Тілеуұлының 350 жылдығы ауқымды түрде аталып өтті. Бұл – барша халқымыз үшін тағылымы терең, рухани мәні зор айтулы оқиға. Бабамыздың толғаулары мен әділ билігі ұлтымыздың бірлігін сақтауға, елдің болашағын айқындауға бағытталды.

Мөңке Тілеуұлы – өз дәуірінің ғана емес, келер ұрпақтың да кемеңгеріне айналған тұлға. Бидің ұлағатты ойлары бүгінгі ұрпаққа да жол көрсетіп, рухани темірқазығына айналды. Мөңке бидің есімі қазақтың ұлы ойшылдары мен зиялыларының еңбектерінде аталып, тарихи санамызда мәңгілікке сақталып келеді.

Мерейтойлық іс-шаралар баба аманатын орындап, рухани тағзым етіп, өсиет-өнегесін жас ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді. Осы мақсатты жүзеге асуына қолдау көрсетіп, төрімізден табыла білген көрнекті ғалымдарымызға, тұтас ел аумағынан, алыс-жақын шетелдерден келген қадірлі меймандарға барша ақтөбеліктердің атынан алғысымызды білдіремін!

Мөңке бабамыздың өсиеті халқымыздың бірлігін нығайтып, жас ұрпақтың жарқын келешегіне қызмет ете беруіне тілектестік білдіремін!

Конференция табысты өтіп, тың ғылыми тұжырымдар мен тағылымды ойлар ұсынылады деген үміттемін!

**А.Б. Шахаров**  
Ақтөбе облысының әкімі

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

### КӨРІПКЕЛ ӘУЛИЕ, ҚАЙРАТКЕР ШЕШЕН, ҰЛЫ ЖЫРАУ - МӨҢКЕ БИ

**Б.Ө. Жақып**

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы,  
«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы,  
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор

Туғанына 350 жыл толып отырған ғұлама Мөңке би Тілеуұлы туралы бұл күндері көзіқарақты қазақ жұрты түгел біледі десек, артық айтқандық емес. Даланың ділмәр шешені, нағыз әділ биі, данышпан философы, таңдайынан бал тамған жырауы, осыдан 3 ғасырдан астам уақыт бұрын біздің бүгінгі заманымызды көре білген көріпкел, әулие Мөңке би бабамыз хақында салиқалы сөз айту кімге де болсын асқан жауапкершілік жүктейді. Мөңке би жайындағы аңыз бен ақиқат астарласа отырып, бүгінге дейін жеткен. «Аңыз түбі – ақиқат» деген халық даналығына сүйенсек, ол туралы айтылған аңыз-әңгімелердің өзінде үлкен философиялық мән-мағына жатыр. Ал тарихи дәлелденген ақиқат деректер Мөңке бидің текті атадан тараған шын мәніндегі біртуар ғұлама жан болғанын көрсетіп отыр.

Мөңке би Тілеуұлының 350 жылдығына арналған ғылыми конференцияда ол кісінің атын тарихта қалдыруға айрықша үлес қосқан тұлғалардың есімін, еңбегін нақты көрсетіп, атап өткеніміз жөн болады. Оның еңбектерін елге жеткізуде Ахмет Байтұрсынұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының, Жүсіпбек Аймауытовтың, Сәкен Сейфуллиннің, Нұржан Наушабаевтың, Ахмет Жұбановтың есімдерін құрметпен еске алуға тиіспіз. Мәселен, ғалымдар арасында Мөңкеге алғаш назар аударған Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы жарық көрген «Сауат ашқыш» атты кітабында: *«Шекті Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген... Сол бала үш жүзге белгілі Мөңке би атанып, аты аспанға шығады»*, – деген дерек келтіреді. Алдымен ауыл молдасынан сауат ашып, кейін медресе бітірген

өз заманының білімпаз ақыны Нұржан Наушабаев «Шекті Мөңке би сөзі» деген толғауында:

*«Садақа-қайыр байлардан,*

*Қол тартылар деп еді.*

*Дүниенің жүзіне*

*Өре менен темірден*

*Жол тартылар деп еді.*

*Осы айтқанның бәрін де*

*Мөңке би айтқан деп еді»,* – деген жолдар келтіреді [2]. Осы тармақтардың өзінде қаншама көріпкелдік жатыр. Қазір қолы тартылған байлар аз ба? Екінші Би бабамыз өмір сүрген 1675-1756 жылдар аралығында теміржол салынбақ тұрғай, паровоз да шыққан жоқ. Ал алғашқы теміржол Англияда 1825 жылы 25 қыркүйекте Стоктон мен Дарлингтон аралығына тартылған. Мөңке би мұны кемінде 100 жыл бұрын болжап, өзінің әулиелігін дәлелдеп отыр.

Әулие: *«Түрлі-түрлі халық болады, Күндіз-түні жарық болады»,* – депті. Электр шамы Еуропа көшелерінде ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды. Сонда мұны Мөңке кемі 150 жыл бұрын болжаған! Тағы бір тұста:

*«Өзім аттас балық шығар,*

*Бармақтай зат тауды жығар»,* – дейді Мөңке. Мұнда «Бармақтай зат тауды жығар» деген сөз тұр. Бұл басқа ештеңе де емес, атом бомбасы! Тұтас бір тауды бір мезетте құртып жіберу үшін атом бомбасы керек. Алғашқы атом бомбасы 1945 жылы 16 шілдеде АҚШ-та сынақтан өтті. Тамызда Жапонияның екі қаласына тасталды. Ал Мөңкенің 1756 жылы өмірден озғаны белгілі, сонда мұны көріпкелдің екі ғасыр бұрын болжағаны аян.

Білімпаз ақын Нұржан Наушабаевтың айтуынша, Мөңке:

*«Мылтық ойын қойылып,*

*Салаң ойын созылып,*

*Әуеден ақша қар жауса,*

*Балалардың қолында,*

*Жылман отты ағызбақ,*

*Тозақ шығар деп еді!»* – депті. Бала кезде жылман ойнадық, жылман – әжелердің жүн сабайтын сабауы іспетті ағаш. Айырмашылығы бір жақ шеті әдейі ұшталған. Ақша қарға

құлаштай лақтырғанда жылмаң етіп сонадай жерден тесіп шыға келетін-ді. Салыстырсаңыз, сырт пішіні осы күнгі соғыс зымыранына ұқсайды. Әулие «мылтық қойылып, орнына жылман шығады, ол тозақ орнатады» деп отыр ғой, «ракета» дер еді, бірақ ол заманда оның ұштығы да жоқ, әлі ракета ойлап табылмаған. Тіпті қазіргі әуе дрондарын да болжап отыр ғой жарықтық. [3]

Көп білетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Мөңке хақында:

*«Ауылдарын шу қылған,  
Жаулықтарын ту қылған,  
Зайып шығар деп еді.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,  
Белбеу шығар деп еді,  
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,*

*Көлбеу шығар деп еді»*, – дейді [4]. Негізінде, он тоғызыншы ғасыр перзенті Жүсіп атамыз Мөңкенің сөзін айтуға аузы бармай, сыпайылап беріп отыр. Себебі, ХХІ ғасырда Мөңке айтқандай болады деген, Жүсіп атамның өңі түгілі түсіне де кірмеген ғой. Мөңке бүгінгі күнгі әйелдердің сырт бейнесін қалай білсе, олай білсін, дәл берген.

Былай дейді:

*«Әйел жағғы ден болар,  
Жаман-жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Желпілдетіп шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағғы кем болар».*

Қараңыз, данагөйдің дүниетанымының кеңдігі, логикалық ойлау жүйесінің тереңдігі сонша, біріншіден, отарлаушылардың «әйел теңдігі мәселесін» өз мақсаттары үшін шебер пайдаланатынын көрсетіп кетті. Екіншіден, омырауы ойық көйлекті немесе тақымы жалтыраған «миниубкалы» қыз-келіншекке келсек, бұл біздің теледидардан, интернет желілерінен ғана емес, күнбе-күнгі өмірде кеңінен кездестіріп отырған бейнеміз.

Қазіргі түнгі клуб жөнінде:

*«Атасының асы емес, келін түсірген той емес,*

*Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады,*

*Мұның өзі жасы ұлғайған адамға қиын болады», – депті*  
атамыз.

*«Құрамалы, қорғанды үйің болады,*

*Айнымалы, төкпелі биің болады», – дегені де көпке мәлім.*

«Құрамалы» деп отырғаны – осы күнгі биік қабатты панель үй де, «қорғанды» деп отырғаны – коттеждер. Әулие қыл аяғы осы заманда жер жүзіне кең тарап отырған сусын «Кока кола», «Пепси кола», «Фантаға», сыра, арақтың түр-түріне шейін болжаған.

*«Туған балаң қу болар,*

*Тамағы сары су болар,*

*Итке құйсаң, ит ішпес,*

*Бірақ адам оған құмар болар».*

«Кола» мен «пепсиді», «фантаны», арақ, вискинді итке құйып көрдік, расында да, ит ішпейді екен.

Тағы да айтады: *«Тұтам ағаш ту бие болар»* деп, қазір мұны жұртқа түсіндіріп жатудың қажеті бола қоймас деп ойлаймын, түсінбеген бірен-саран адам кезіксе, қазіргі үй салып жатқан пендеден сұраса, айтып береді, ағаштың Арзан - қымбатын.

2000 жылы мамырдың 26-сы күні Мәжіліс «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының» орындалуы жөнінде Парламенттік тыңдау өткізген болатын. Сонда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, алашқа аты мәшһүр Шерхан Мұртаза Мөңке бидің мағынасыз жиындар, дін, тіл туралы болжауларын төгіп - төгіп айтып: *«Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал, баяғы Мөңке бидің айтқанының бәрі келіп тұр»* деген еді (қараңыз: *«Егемен Қазақстан» 30 мамыр 2000ж*) [5]. Мөңке Нострадамустан артық деп отыр! Артық демей-ақ қояйық, тең дейкіші, сонда Мөңкенің қандай деңгейде тұрғаны? Мұның растығына танымал профессор Серікқали Бәйменше де куәлік беріп, «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылғы 29 қарашадағы санында «Мөңке бидің Нострадамустан несі кем?» деген көлемді зерттеу жариялады [6]. Одан бері де ширек ғасыр өтіпті. Бір ұрпақ ауысыпты. Нострадамуспен пара-

пар тұлғамызды Нострадамустың деңгейіне көтере алдық па? Әлемге таныта алдық па? Әрине, жоқ, олай істей алмадық.

Ертеректе атақты Асан қайғы жолын жалғастырған Мөңке бидің сәуегей, болжампаздығынан басқа да көп қырлылығын Балқы Базар жырау, Нұрпейіс Байғанин, Сарышолақ ақын, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жырға қосқан.

Сарышолақ ақын:

*«Тілеудің ұлы Мөңке еді,  
Алты Алашқа бас болған,  
Қар мойын серке еді.*

*Ақылы зерек әулие,*

*Қияға көңіл сілтеді, – десе, Базар жырау:*

*Тәңірі артық жаратқан,  
Аузына халқын қаратқан,  
Қара қылды қақ жарған,  
Алдынан топты таратқан,  
Мөңке, Төле, Қазыбек,*

*Әйтеке – алышын, би Кебек»,* – дейді [7]. Мөңкенің есімі қазақ, Хорезм елдерінен әрі асып, қырғыз жұртына да мағұлым болған. Қырғыздың атақты ақыны Арыстанбек Бұйлашұлының (1824 – 1878 ж.) қазақ Қантарбаймен айтысқанда:

*«Мөңке бий айтқан кеп эле,*

*Арыстанбек кимнен кем эле,*

*Санат сөзүм сан эле,*

*Санжыра сөзүм қап эле»,* – деуі, Мөңке би мұраларының қырғыздың әйгілі ақындары шығармашылығына шоң әсері тигеніне нақты дәлел.

Мөңке бидің шешендік өнері туралы архив құжаттарына сүйене отырып, көп айтқандарын бүгінге жеткізген саңлақ фольклортанушы ғалымдар Балтабай Адамбаев пен Нысанбек Төреқұлов еңбектеріне айрықша мән беруіміз керек. «Ел аузынан» деген атпен ел-елді аралап жүріп жинақтаған, архив қолжазбаларын жүйелеген филология ғылымдарының кандидаты Балтабай Адамбаев кітаптарында Мөңке бабаға қатысты «Баланың тапқырлығы», «Құда мың жылдық», «Түлкім, жоғары шық», «Мөңке мен Сырым бала», «Мөңкенің сұрағына Сырымның жауабы» дейтін әңгімелер тасқа басылып қалған [8].

Ал «Қазақтың 100 би-шешені» деген екі томдық құнды еңбек қалдырған, филология ғылымдарының докторы, профессор Нысанбек Төрешұлов Мөңке би айтты деген ұтқыр, тапқыр, небір әңгімелерді өз кітабына арқау еткен [9].

Филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Тұрсынбек Кәкішев, Серік Негимов, Шәмшаддин Керім, Қабиболла Сыдықұлы, Мәтжан Тілеужанов, Серікқали Байменше, Бауыржан Омарұлы, Гүлбану Қосымова әр жылдары өздері жазған зерттеу еңбектеріне Мөңке бидің өмірі мен шығармашылығын арқау етті.

Тәуелсіздік жылдарында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Мұхтар Құл-Мұхаммед, химия ғылымдарының докторы, профессор, академик Мұхамбетқали Бүркітбаев, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұманазар Асанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Берекет Кәрібаев, зерттеуші Кемейдулла Төлеубайұлы, марқұм журналист Бердібай Кемал Мөңкенің өмірі мен шығармашылығын алты алашқа танытуда айрықша еңбек сіңірді. Мәселен, академик Мұхтар Құл-Мұхаммед өзінің «Мөңке би: Аңыз бен Ақиқат» атты еңбегінде (*«Егемен Қазақстан» газеті, 18-23 қараша*) Мөңке би туралы көптеген тың деректердің бетін ашып берді [10]. Ол архив деректеріне, шежірелерге, энциклопедиялық ілім-білімге, Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағына», Қадырғали Жалайыридің «Шежірелер жинағына», атақты түрколог В.М.Жирмунский, танымал шығыстанушы Н.И.Веселовский, әйгілі орыс ғалымдары А.И.Мусин-Пушкин, П.Бутков, С.А.Плетнев, Л.Люлье, П.П.Иванов, татар ғалымы М.А.Усманов, ноғай әдебиетінің классигі Иса Қапаев, ноғай ғалымы Би-Арслан Кочекаев, башқұрт ғалымы Р.Г.Кузеев еңбектеріне, төл ғұламаларымыз Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сияқты ұлыларымыздың зерттеулеріне сүйене отырып, Мөңке бидің шығу тегін нақтылап берді. Зерттеуші «Едіге» тақырыбына қалам тартқан С.Садырбаев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Е.Мағауин, Д.Есенжановалар еңбектеріне де тоқталады. Бұл тұста Мұхтар Абрарұлы 1992 жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Алты ата Әлім» жинағындағы

(құрастырушылар Ж.Дәуренбеков, С.Құттыбайұлы) Шекті шежіресіне қатысты деректерді де оң жамбасына пайдалана білген. Мен осы баяндамада академик Мұхтар Құл-Мұхаммедтің аса құнды екі тұжырымына ғана тоқталғым келеді. Оның біріншісі: *«Ендеше Мөңке би мен Едігенің арасын төмендегідей желімен жалғауға болады. Мөңке би – Тілеу – Айт – Бөлек – Қалу – Сирақ – Мұса хан – Уақас би – Нұраддин мырза-Едіге би»*. Екіншісі: *«Егер Мөңкені Едігеден тарайды десек, оның әулиелігі Баба Түкті Шашты Әзиз бабасынан жұғысқан деп шамалауға толық негіз бар деп санаймын»* [11]. Осындай энциклопедиялық білімінің арқасында Мұхтар Абрарұлы мөңкетануға соны іздер салып берді.

Академик Мұхамбетқали Бүркітбаевтың Стамбұлда 2021 жылы түрік тілінде «Бозқырда бір әулие Мөңке би» кітабын шығарып беруінің өзін зор еңбек деп бағалауымыз керек. Мөңке бидің өмір сүрген тарихи заманын айқындап беруде академик Берекет Кәрібаев зор еңбек сіңірді. Ал Мөңке би туралы жазылып, зерттелген еңбектерді бір жүйеге түсіруде, Мөңке бидің жыраулық, шешендік, әулиелік, қайраткерлік қырларын ел алдында айқындап беруде ақтөбелік ғалым, профессор Жұманазар Асановтың еңбегі ұшан-теңіз. Ол ұзақ жылғы қажырлы қайраты арқасында Мөңке би шығармашылығын орта мектеп бағдарламасында оқытуға қол жеткізді.

Қазіргі күнге Мөңкенің төрт күйі жеткен. Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, марқұм профессор Тұяқберді Шәмелов өмірінің соңғы жылдарында ол күйлерді нотаға түсіріп, өзі орындап қана қоймай, оркестрдің репертуарына қосқан. ...Бұл төрт күйдің Мөңке бидікі екендігіне дау жоқ. «Өттің, жалған-ай», «Шалқыма», «Қиқу дәурен», «Жиын-алқа, кеңес» күйлерінде күйшінің өзіндік қолтаңбасы бар [12].

Тағы бір мәселеге көпшіліктің назарын аударғым келеді. Қазақ әдебиетінде Мөңке би образының тіке әрі жанама түрде сомдалуы мәселесі. Атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың 1925 жылы Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шыққан «Ел қорғаны» атты бір перделі пьесасы бар. Бұл – Ақтөбе маңындағы Азамат соғысы жылдарында болған

оқиғаның негізінде жазылған, кешегі Кеңес өкіметінің келуімен бірге туған ел ішіндегі өзгерістерді баяндайтын, ақ пен қызылдың шайқасын, бір ұлттың бай мен кедей болып бөліну шындығын білдіретін драма. Пьеса басталғанда сахнада екі-үш ақсақал бай губерниядан келген жас большевиктің сөз сөйлеуін күтіп, әңгімелесіп отырады.

«– Бұл жастар ел билеп не оңдырады? – деп түңілген бір ақсақал айтып ауыз жиғанша, екіншісі:

– Не оңдырушы еді? Заманақырдың белгісі де.

– Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой.

*«Жас баладан биің болар,*

*Жас балшықтан үйің болар,*

*Ат жақсысы арбада болар,*

*Жігіт жақсысы саудада болар»,* – депті ғой өмірден өтерінде. Сол айтқанының бәрі келген жоқ па?.. Рас айтасыз, әулие ғой олар, – деп іліп әкетеді»

Қазақ тарихында Мөңке есімді тұлғалар жоқ емес. Бірақ Жүсіпбек пьесасында мысалға алынған Мөңке биді кім деп білеміз. Айтайық. Ол – тарихқа шекті Мөңке би деген атпен енген адам.

Жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы арқылы қазақтар арасына кеңінен тарап кеткен «Абылайдың түсі» дейтінді алайық. *«Арыстанның ішін жарып едім, жолбарыс шықты. Жолбарыстың ішін жарып едім, қасқыр шықты. Қасқырдың ішін жардым, түлкі шықты. Түлкінің ішін жарып едім, ішінен құрт-құмырсқа шықты»*. Бұл бәрімізге етене таныс. Енді Мөңкенің түсін қараңыз: *«Түсімде қырық ат қостым, біреуі келмеді. Отыз ат қостым біреуі келмеді. Бес ат қостым, төртеуі келмеді, біреуі келді де пышаққа ілікті. Бауыздап ішін жардым, ішінен арыстан шықты. Арыстанның ішін жарып едім, бұдан адал құлан шықты. Құланның ішін жарып едім, қасқыр шықты. Қасқырдың ішін жардым, түлкі шықты. Түлкінің ішін жарып едім, ішінен бір қоян ата келе қашты»*. Салыстырыңыз, екеуінің қайсысы толық һәм озық, әрине, Мөңкенікі. Қазақ-совет жазушысы Ілияс Есенберлин өзінің «Қаһар» романында советтік саясатқа орай дінге қатысты «40 ат, 30 ат, 5 ат» деген жерлерін алып тастап, «Абылайдың түсі»

қылып берген. Көркем шығарманың шырайын шығару үшін қолданған. «Қаһар» романы тарих оқулығы емес, көркем туынды, көркем әдебиетте мұндай бола береді. Ал, шындығында, біздің «Абылайдың түсі» деп шулап жүргеніміз, іс жүзінде Мөңкенің түсі. Ілияс Есенберлин мұны қайдан білді десеңіз, советтік жазықсыз жазаға іліккен жазушы 1950 жылдың басында жер аударылып, Мөңкенің ата қонысы Шалқар ауданындағы көмір өндіретін «Шахта» деп аталатын поселкте біраз жыл тұрған. Өне, сонда естіген. Бұл түйіннің шешімі осы.

Мөңке Тілеуұлының өзі өмір сүрген заманда ел билігіне араласқан қайраткер екенін жалпы жұртшылық жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» атты тарихи романынан білсе керек. Әбілқайыр хан ордасына Тевкелевтен соң төрт жылдан кейін қайта елші келіп, соның құрметіне бас қосқан жиында «елу бидің сары ала тобының» ішінде шектінің Мөңке, Мойнақ, Мәметек, Айдаралы билерінің де есімдері аталатыны бар. Бұл – сол Мөңке. Шектінің бұрынғы, бүгінгі шежіресінде бұдан басқа Мөңке кездеспейді. Қазір оның есімі Тілеудің Мөңкесі деп аталатын бір рулы елдің басында тұр. Мөңке бидің тікелей ұрпақтары ретінде: Қаражігіт молда Бектауұлын, Мырзақұл би Шыманұлын, Достан би Тәңірбергенұлын, Сарышолақ шайырды, Сары Батақұлын, Таразы ақынды, Қазақстанның Халық жазушысы Тахауи Ахтановты, саясаткер Марат Тәжинді, халқымыздың қаһарман қызы, көрнекті жазушы Бибігүл Иманғазинаны, т.б. атауға болады.

Мөңке би бабамыздың мұрасын ел ішінде кеңінен насихаттап, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген «Мөңке би атындағы қоғамдық қордың» белсенділері, баба ұрпақтары Бақытжан Қосанов пен Иманбай Жұбаевқа, Марат Мұнайтпасов пен Жұманазар Асановқа, т.б. азаматтарға Алланың нұры жаусын! Бұрынғы, бүгінгі шаралар сол азаматтардың қажырлы да адал еңбегінің арқасында жүзеге асырылып отыр. Болашақта Астана, Ақтөбе қалаларында Мөңке би ескерткіштері қойылып, еңбектері кітап болып басылып, «Мөңке би» атты деректі және көркем фильмдер түсірілуі керек деген ұсыныс айтамын.

Сонымен Мөңке би бабамыздың сан қырлы тұлға екеніне көз жеткіздік. Мөңке би – қазір тек қана қазақ халқын біріктіруші тұлға ғана емес, өзінің үш жарым ғасыр бұрын айтып кеткен әулиелік ойларымен бүкіл елді жаманаттан сақтандырушы, сондай-ақ бүкіл түркі дүниесін біріктіруші ғұлама. Сөзімнің соңында Мөңке бидің арғы атасы «Ер Едіге» толғауым мен баба насихатын түсіндіруге арналған «Мөңке биді тәпсірлеуден туған жыр» толғауымды оқып беруге рұқсат етіңіздер!

## ЕР ЕДІГЕ

Еділ мен Ертіс арасы,  
Қаптаған түрік баласы,  
Жейхун мен Сейхундария,  
Ежелгі Тұран даласы.  
Шығысы мынау Алтайда,  
Батысы сонау Қырымда,  
Сотүстігі Қызыл шәрі,  
Оңтүстігі Тәшкен, Үргеніш.  
Осынау байтақ өлкені,  
Жайлап жатқан ел едік,  
Асу да асу бел едік,  
Толқын да толқын теңіз бен,  
Айдын да шалқар көл едік.  
Асқар да асқар тау едік,  
Шалғынды бақша-бау едік;  
Өткелсіз өзен, су едік,  
Қалың да орман, ну едік;  
Күмбезі көкті тіреген,  
Қақпалы шаһар, қала едік,  
Ұшқан құс жетпес дала едік.  
Жеті ғасыр бұрында,  
Үніміз жетіп Ұрымға,  
Тіліміз жетіп Қырымға,  
Айдарымыздан жел есіп,  
Дұшпанның өзі кеңесіп,  
Биледік жарты әлемді,  
Өсіріп өжет өренді.

Сол тұста өмір кешіпті,  
Батыр туған Едіге,  
Қорған болып еліне,  
Ержүрек болып өсіпті,  
Шешендігімен би болып,  
Шешілмес дауды шешіпті.  
Тоқтамыс ханның қасында,  
Тоқтатып талай жауларды;  
Әмір Темір қасында,  
Шешіпті небір дауларды.  
Алтын Орда, Ақ Орда,  
Халқыма болған бақ орда;  
Өзі де билік жүргізген,  
Ерек туған Едіге,  
Еліне жұмақ орнатып,  
Ерекше өмір сүргізген,  
Ішпегенді ішкізген,  
Жемегенді жегізген,  
Арғымақтан ат сайлап,  
Мінбегенді мінгізген.  
Ел шетіне жау келсе,  
Түре қуып айдаған,  
Қастық қылған дұшпанның,  
Қол-аяғын байлаған.  
Жеті жұрт тілін меңгеріп,  
Жеті қару сайлаған.  
Қарсы келген дұшпанның,  
Қабырғасын қақыратып,  
Омыртқасын опырып,  
Теңестіріп көрменен,  
Жексен қылып жерменен,  
Жеңбей ерім қоймаған.  
Отыз күн ойран салып кеп,  
Қырық күн жеңіс тойлаған.  
Ерек туған Едіге,  
Қорған да болған жеріне,  
Қалқан да болған еліне,  
Жусаннан болып аласа,  
Бетегеден биік боп,

Көрік берген беліне,  
Акку мен қаз қондырып,  
Айдынды шалқар көліне.  
Атасы асыл әулие,  
Баба Түкті Шашты Әзиз,  
Тартпай қоймас тегіне.  
Дін исламға жүгініп,  
Алладан медет сұраған;  
Ноғайлы мен қазақтан,  
Қарақалпақ-созақтан,  
Түрікмен, өзбек, қырғыздан,  
Татар, башқұрт, түбі бір  
Түркілердің бәрінен  
Бір-ақ халық құраған.  
Кешегі Дешті-Қыпшақтай,  
Ұланғайыр жер бар ма?!  
Алты Алаштың ұлындай,  
Ұлан асыр Ел бар ма?!  
Бабалар босқа жазбаған  
Ұлы жырда кем бар ма?!  
Жамандығын жасырып,  
Жақсылығын асырып,  
Едігені мақтайтын,  
Осыдан асқан төр бар ма?  
Ұрпаққа үлгі тұтарлық,  
Едіге сынды Ер бар ма?  
Ер Едіге аруағы  
Қолдаған ғой кешегі,  
Шоқан менен Қанышты.  
Бабаның аты өшпестен,  
Қолдан бермей намысты,  
Ұрпағымен қауышты,  
Біздерменен табысты.  
Түркі жұрты түгел боп,  
Шайқалмасын шаңырыағы,  
Баршамызды қолдасын  
Ер Едіге аруағы!

## МӨҢКЕ БИДИ ТӘПСІРЛЕУДЕН ТУҒАН ЖЫП

Үш ғасыр бұрын өмірді,  
Болжап кеткен кімің бар?  
Тезге салар елімді,  
Мөңке бидей пірім бар!  
Ақтарылған жүректен  
Бабаға арнар жырым бар.  
Көмкерілген тілекпен,  
Көңілден төгер сырым бар.  
Өсиетін тыңдасаң,  
Жығылмайтын туың бар.  
Қасиетін сезінсең,  
Қасқайған биік шыңың бар.  
Қадірін білсең, сөзінің,  
Қараорман қазақ – нуың бар.  
Оянған қалың ұйқыдан,  
Қызың менен ұлың бар.  
Сонау бір өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда.  
Не деп еді Мөңке би  
Әрбір сөзін ұғындар.  
Асыл, жәуһар ойына  
Назар салып тұрындар.  
Инжу-маржан сөздерін  
Қайыра оқып шығындар.  
Болжап кеткен жарықтық,  
Түрлі-түрлі халықты.  
Күндіз-түні жанатын,  
Таусылмайтын жарықты.  
Өре менен темірден  
Тартылатын жолыңды.  
Ақысыз жұмыс істемес  
Оңың менен солыңды.  
Құрамалы-қорғанды,  
Салып алған үйінді.  
Айнымалы, төкпелі,  
Айтары жоқ биінді.

Пайдасы жоқ халыққа  
Ай сайын болар жиынды.  
Көріп кеткен жарықтық  
Үш ғасыр бұрын бүгінді.  
Домалақ-домалақ түймедей  
Ішетұғын дәрінді.  
Жастарға жүрмес билігі  
Қадірі қашқан кәрінді.  
Ертеңіне сенбейтін  
Елең-алаң күнінді.  
Бетіңнен алып түсетін  
Бетбақ болар інінді.  
Алашұбар тілінді,  
Дүдәмалдау дінінді.  
Ішіне шынтақ айналмас,  
Ежірей деген ұлынды.  
Кес-кестеп өтер алдыңнан,  
Кекірей деген келінің,  
Ақыл айтсаң ауырар,  
Бедірей деген қызынды.  
Адамдар құмар болатын,  
Берсең ит те ішпейтін  
Ішетін сары суыңды.  
Жас баладан болатын  
Басқаратын биінді.  
Жас балшықтан тұрғызған  
Бас сауғалар үйінді.  
Суы бітіп көліңнің  
Қалатынын табаны.  
Жүйрігі кетіп атыңның  
Қалатынын шабаны.  
Әулиенің кетіп әруағы  
Қалатынын мазары.  
Сөздің кетіп маңызы  
Қалатынын самалы.  
Болатынын ақылсыз,  
Санасыздың заманы.

Үш жүз жыл бұрын көрген ол,  
Әйелің – базаршы болғанын,  
Еркегің – қазаншы болғанын.  
Жылқы – жұлдыз болғанын,  
Қойың – құндыз болғанын.  
Кебір – жерге теңелгенін,  
Әйел – еркекке теңелгенін.  
Көл – теңізге теңелгенін,  
Сиыр – өгізге теңелгенін.  
Ақырзаман адамы  
Сағынып тамақ жемейтінін.  
Ащыны – ащы демейтінін.  
Тапқанын – олжа дейтінін,  
«Әлһам» білгенін  
Молда дейтінін.  
Бір-біріне қарыз бермейтінін,  
Шақырмаса,  
Көршіге көрші кірмейтінін.  
Ақшаны сарылып келіп тосатынын,  
Құны жоқ қағазды  
Судай шашатынын.  
Қайран да бабам Мөңке би,  
Үш ғасыр бұрын болжаған:  
Ақырзаман халқының  
Шайдан басқа асы жоқ екенін,  
Жақыннан басқа қасы жоқ екенін.  
Лағынет қамыты мойнында,  
Жұмыстан қолы босы жоқ екенін.  
Әрқашан да олардың  
Көңілінің хошы жоқ екенін.  
Әулие бабам Мөңке би  
Үш жүз жыл бұрын көрген ғой  
Заманақыр боларда  
Жер тақыр болатынын,  
Халқы пақыр болатынын.  
Балалар жетім болатынын,  
Әйелдер жесір болатынын.

«Ә» десе, «мә» дейтін  
Кесір болатынын.  
Бас қосылған жерлерде  
Әйелдер жағы ден болатынын,  
Жаман-жақсы айтса да  
Өзінікі жөн болатынын.  
Орай салып бастарын,  
Жалпылдатып шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болатынын.  
Сөйткен заман кез болса,  
Түзелуі қиын болатынын.  
Сол Мөңке би көріпкел  
Үш ғасыр бұрын болжаған:  
Құбыладан шыққан Күн  
Жанып шығатынын.  
Жалғаны жоқ сөзінің  
Анық шығатынын.  
Балғын-балғын көлдерден  
Балық шығатынын,  
Екі басы қайқайып,  
Қайық шығатынын.  
Қазағымның сорына  
Қырда – Қоқан,  
Ойда – орыс  
Жарып шығатынын.  
Қылмысы жаққан қылықты  
Алып шығатынын.  
Қылмысы жақпас қырсықтың  
Екі етігі су болып,  
Бір жаратқан Тәңірге  
Налып шығатынын.  
Ауылдарын шу қылған,  
Жаулықтарын ту қылған  
Зайып шығатынын.  
Келіні – айғыр,

Кемпірі саяқ шығатынын,  
Бір уысқа толмайтын  
Аяқ шығатынын.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,  
Белбеу шығатынын,  
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,  
Көлбеу шығатынын.  
Заманақыр адамы  
Менмен шығатынын,  
Үй басына тақ еткен  
Келін шығатынын.  
Бұзау, тайынша, танаға,  
Жүк артылатынын,  
Ағып жатқан дария  
Суы тартылатынын.  
Өзі болған жігітке  
Қыз артылатынын,  
Көкек айы болғанда,  
Кемпір күйлейтінін,  
Ендігінің қатыны  
Байын билейтінін.  
Сол Мөңке би әулием:  
«Туған байым болар!» –деп,  
Әруақ шығар деп еді.  
Сол әруақтың ішінен  
Ыңғайы жоқ жаманның  
Пышағы мен шақпағы,  
Қалып шығар деп еді.  
Бес қойға алған өгізің  
Тегін шығар деп еді.  
Егін егіп, тарының  
Сөгін жерсің деп еді.  
Жалаң аяқшар иттерін  
Бегім дерсің деп еді.  
Алысқа деген қамыстан  
Үй шығады деп еді,  
Сол үйіңнің ішінен

Құныс жауырын, қой бұтты,  
Би шығады деп еді.  
Соның бәрі шын болды,  
Шын болғанын бір емес  
Жиылған миллион, мың көрді.  
Мөңке би айтқан болжауы  
Қазақ үшін сын болды.  
Күн дегенім түн болды,  
Түн дегенім күн болды.  
Адастырған халықты  
Ханның өзі жын болды.  
Мөңке бидің арманы  
Біз шыға алмас шың болды.  
Қойдан қоңыр қазағым,  
Әлдекімге құл болды.  
Өсиет айтып, бабамыз  
Жамандықтан қаш деді.  
Тазалықтың жолына  
Құшағыңды аш деді.  
Оян, ойлан, қазағым,  
Баба ойына құлақ ас,  
Егер құлақ аспасаң,  
Молаға қарай тұра қаш.  
Сілкін, серпіл, түрегел,  
Мақсат қойып алдыңа,  
Ешбір халық шықпаған,  
Өнер-білім, ғылымның  
Шыңын бетке ап жүре бер!  
Сонда ғана көрінер  
Ақиқаттың ақ жолы,  
Адалдықтан айнымас,  
Әділеттің хақ жолы.  
Сонда ғана жеткізер  
Берекенің орманы.  
Орындалар тек сонда  
Мөңке бидің арманы.

## Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
2. Орталық ғылыми кітапхана 1067-бума,5-дәптер,20-22 бет Н. Наушабаевтың қолжазбалары
3. Шекті Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым / Ж.Асанов. -Астана:Елорда, 2001-164 б.
4. Көпеев М. Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. — Алматы: Ғылым, 1992. — 222 б.
5. Шерхан Мұртазаның Парламентте сөйлеген сөзі.«Егемен Қазақстан» газеті, 30 мамыр ,2000 ж.
6. Байменше С. Мөңке бидің Нострадамустан несі кем? / Байменше С. // Егемен Қазақстан. – 2000. - 29 қараша.
7. Шекті Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым / Ж.Асанов. -Астана:Елорда, 2001-164 б
8. Шешендік сөздер [Мәтін] / Құраст. Б.Адамбаев. - Алматы : Отау, 1992. - 189 б.
9. Төрқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. – Алматы, 1995. -384-б.
10. Мұхтар Құл-Мұхаммед Мөңке би. /Аңыз бен ақиқат // Егемен Қазақстан.- 2003.- 19 қараша.-3бет.
11. «Алты ата Әлім [Мәтін] : Байсары, Әлім, Шөмен, Шекті, Төртқара, Қаракесек, Айнық, Тойқожа, Тегінболат / Ж. Дәуренбекұлы С. Құттыбайұлы ... – Алматы : Перзент, 1992.
12. Шәмелов Т.Мөңке бидің күйлері табылды // «Егемен Қазақстан» газеті,24 ақпан,2009 ж.

## **МӨҢКЕ БИ (1675-1756) ЖӘНЕ XVII-XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Б.Б. Кәрібаев**

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Соңғы 20-30 жыл көлемінде отандық тарих ғылымында қалыптасып, дамып келе жатқан жаңа бағыттардың біріне - тарихи тұлғатану бағыты жатады. Тарихи тұлғатану арқылы зерттеуші мамандар тек тұлғаның болмысын ғана танып қоймайды, яғни тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдағы атқарған қызметтерін, тарихта алатын орны мен рөлін, қоршаған ортасына ықпалы секілді мәселелерді шешіп қана қоймайды. Сондай маңызды, әрі негізгі мәселелермен бірге осы бағытта зерттеу жүргізіп жүрген мамандар тұлғаның өмір сүрген заманына да ерекше көңіл аударады. Сол арқылы олар замана ағымының тұлғаның қалыптасуына әсер еткен факторларын айқындауда тырысады. Соған байланысты қазіргі кезеңде зерттеушілер арасында «Тұлғаны танып-білу үшін оның заманына терең үңілу керек» деген қағидат берік орнығып қалды.

Зерттеуші мамандар белгілі тарихи тұлғаны зерттеу арқылы бір жағынан сол замандағы, сол тарихи кезеңдерде болған маңызды оқиғалар мен тарихи үдерістерді, олардың даму бағыттарын, ішкі ағымдарын тереңірек қарастыруға мүмкіндіктер алады. Тарихи тұлғаның замана ағымына қатысты үн қатуы, іс-әрекеттері бір жағынан сол кезеңдегі тарихи дамуға әсер етсе, екінші жағынан сол әрекеттері кейінгі ұрпақтары үшін үлгі-өнеге боп қалады.

Өзі өмір сүрген заманда шығу-тегі мен ата-баба жолы бойынша текті, терең білімімен абыз, ұзақ ғұмырымен ата, тіл байлығымен әрі шешен, әрі ақын, білек күшімен батыр, көрегендігімен көріпкел, арқалығымен әулие, ақыл-ойының арқасында өз жұртының әрі биі, әрі көсемі атанған тарихи тұлға – Мөңке бидің тұлғалық болмысы оның өмір сүрген заманымен тығыз байланысты, оның артында қалдырған әр сөзі мен

өсиетінде сол заманның іздері жатыр. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі», - деген терең философиялық ой тұрғысынан қарасақ, үш жарым ғасыр бұрын дүниеге келіп, ғасырға жуық өмір сүрген және өз заманының аумалы-төкпелі қиын-қыстау күндері мен жылдарын басынан өткерген, елі мен жерінің тұтастығы үшін, дербестігі үшін бар күшін салған, айтқан сөздері мен толғаулары ұрпақтарына өсиет, өнеге болған, сол арқылы есімі күні бүгінге дейін ұмытылмаған, тарихи тұлғаның қазіргі заманда да тұлғалық бейнесі қазақ халқының санасында күн сайын жарқырай түсуде.

Мөңке бидің өмір сүрген заманы ел тарихында хандық дәуір немесе Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын тарихи кезеңге сай келеді. Қазақ хандығы құрылған XV ғасырдың ортасынан соңғы хан Кенесары қайтыс болған XIX ғасырдың ортасына дейінгі төрт ғасырлық дәуірдің қай кезеңіне Мөңке би заманы сәйкес келетінін білу үшін хандық дәуірдің ішіне еніп, оның әр ғасырының маңызын көрсетелік.

Мемлекеттілік тұрғысынан алып қарасақ, 400 жылдық хандық дәуірді тұтастық кезең және бытыраңқылық кезең деп екі үлкен кезеңге бөлуге болады. Тұтастық кезең деп бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік басқару жүйесін айтамыз. Бұл кезең Керей мен Жәнібек хандар кезінен басталып, Тәуке ханның қайтыс болған кезімен аяқталады, яғни XVIII ғасыр басына, нақтырақ айтсақ, 1715 жылға сәйкес келеді. Одан кейін қазақ хандықтары кезеңі немесе бытыраңқылық кезең басталып, ол ақыры келесі ғасырдың, XIX ғасырдың ортасында қазақ мемлекетінің біржолата туын құлатып, тарих көшінде қалумен аяқталады. Біз қарастырып отырған Мөңке би секілді көрнекті тарихи тұлғаның өмірі хандық дәуірдің екі кезеңіне – алғашқы, тұтастық кезеңнің соңғы жылдарына және соңғы, бытыраңқылық кезеңнің алғашқы онжылдықтарын қамтиды.

Қазақ хандығы дәуірінің тұтастық кезеңінің өзі, XV ғасырдың ортасынан -XVIII ғасырдың басына дейінгі аралық өз ішінде шартты түрде бірнеше ондаған жылдарды қамтыған кішігірім кезеңдерге бөлінеді. Олар - құрылу кезеңі (1457-1470/71 жж.), күшею кезеңі (1470/71 – 1521 жж.), уақытша әлсіреу кезеңі (1521-1537/38 жж.), қайта өрлеу кезеңі (1537/38-

1598 жж.), «текетірес» жылдар кезеңі (1598-1628 жж.), жоңғарлармен алғашқы күрестер жылдары кезеңі (1628-1652 жж.), белгісіз жылдар кезеңі (1652-1680 жж.) және «Алтын ғасыр» немесе Тәуке хан билік құрған жылдар кезеңі (1680-1715 жж.) [1, 9-22].

Енді осы хандық дәуірдің басты белгілері мен ерекшеліктеріне тарихи үдерістердің қандай факторларын жатқызамыз десек, мынандай жағдайларды ерекше атап өтуге болады дер едім. Ұлттық сипаттағы хандықтың құрылуы мен ұлттық сипаттағы этнос қалыптасуы, этностың өзінің басқару жүйесін – ұлттық сипаттағы мемлекетін қалыптастыра алуы, этностың өзінің өмір сүру кеңістігін айқындап, этникалық аумағын қалыптастыруы, этностың тек өзіне ғана тән ұлттық мәдениетін қалыптастыруы мен дамытуы және тағы басқа осындай этникалық сипаты басым факторларды жатқызуга болады. Сондай-ақ осы дәуірдің тағы бір ерекшелігіне - этностың бір ғасырдан астам уақыт бойы өзінің этникалық аумағын қорғау үшін көрші елдермен күрестер жүргізуін де атап өтуге болады.

Қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамада Мөңке бидің туған және өлген жылы белгілі, оған қатысты ешқандай қарсы пікірлер жоқ. Осы даталарды негізге ала отыра, тарихи тұлғаның өмір сүрген жылдарын хандық дәуір кезеңдерімен байланыстыра қарастыралық. Қарап отырсақ, Мөңке би өзінің 80 жылдан астам өмірінің алғашқы 40 жылын мемлекеттіліктің тұтастық кезеңінде өмір сүріп, қалған 40 жылдық өмірін бытыраңқылық пен саяси дағдарыстар жылдары өткерген екен.

Мөңке бидің дүниеге келген кезі хандықтың тұтастық дәуіріндегі «белгісіз жылдар» кезеңінің соңғы бөлігіне тура келеді. Бұл жылдар Қазақ хандығының тарихындағы ең бір ауыр, ең бір күрделі жылдар кезі болатын. Сол кезеңді талдап көрелік.

1652 жылы Жәңгір ханның жоңғарлармен болған кезекті бір шайқаста қаза тапқаны белгілі. Оның артында тарихтан белгілі болып отырғандай - Абақ сұлтан, Тәуке хан, Уәлибақы сұлтан атты ұлдары қалды. Жәңгір ханның ұлдарының бірі - Тәуке ханды шамамен 1635 жылдан кейін дүниеге келген деп

есептесек, сол кезде ол 15-18-дегі жасөспірім болатын. Жалпы алғанда, 1652 жылы Жәңгір ханның ұлдарының жасы шамамен, 20 мен 30 жастың айналасында болатын. Ал Есім ханның туған бауырлары – Жәнібек хан мен Сырдақ (Сартақ) сұлтаннан тарайтын, сонымен бірге Шығай хан әулетінен тараған ұрпақтар арасында хан тағына үміткерлердің өзі жетерліктей еді. Шығай ханнан Ондан сұлтан, Тәуекел хан, Есім хан, Шахмұхаммед сұлтан, Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрагим, Шәкім, Көмек, Абылай және Әбусейіт атты 11 ұлдың тарағаны белгілі. Осы аталған ұлдардың әрқайсысында кем дегенде, 4-5 ұл болды дегеннің өзінде таққа үміткерлер саны 40-50-ден асар еді. Ал осылардың әрқайсысында тағы да 3-4-тен ұл болған десек, Жәңгір ханнан кейін тақты иеленуге құқысы бар билеуші әулет өкілдерінің саны 100-150-ге жетеді. Тәуке хан солардың тек біреуі ғана және жас жағынан алғанда ең кішілерінің қатарында болатын. Жәңгір ханның ағасы Жәнібек ханның ұлдары және інісі Сырдақ сұлтанның өзі немесе ұлдарының да билікті иеленуге толық құқы болды. Өкінішке орай, сол тұстағы жағдайды көрсететін жазба деректер болмағандықтан, біз нақты кесімді тұжырымдар айта алмаймыз.

1652 жылғы Жәңгір ханның қазасынан кейін қазақ қоғамында жоғары билік үшін күрестер жүргенін Шәкәрім қажы еңбегіндегі ауызша дерек мәліметі, А.И.Левшиннің жасаған тұжырымдары дәлелдейді. Шәкәрім қажы: «Жәңгірдің орнына Өз-Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақи Ғайып ханға кетіп еді», - деп жазады [2,25]. Автор бұл дерегін қайдан алғанын көрсетпейді, бірақ ол оны өте қарапайым, жеңіл түрде баяндайды. Жалпы алғанда, тақ үшін, билік үшін таластардың, күрестердің жеңіл болмайтыны белгілі. «Өкпелеп кетті» деген мәліметтің астарына үңілсек, көп жағдайды аңғаруға болады. Күрестер мен таластардың негізі тақ үшін болатындықтан «өкпелеп кетті» деген сөздің орнына «жеңіліс тауып, қашып кетті» деген сөздер тура келеді. Қысқаша түрде, Жәңгір ханнан кейін қазақ қоғамында тақ үшін күрестер болды да, жеке дара бір хан билікке келе алмады деп айтуға болады.

1832 жылы жарық көрген белгілі орыс ғалымы А.И.Левшиннің танымал еңбегіндегі Тәуке ханға қатысты

материалдарында сол тұстағы Қазақ хандығында қалыптасқан саяси жағдайды былай деп баяндайды: «... Ол (Тәукені айтып отыр. – Б.К.) өзара қырқыстардан кейін халықты тыныштандырды, ол тайпалар арасында бірнеше жылдарға созылған қантөгістерді тоқтатты, жұрттың бәрін ақылымен және әділдігімен өзіне бағындыра білді...» [3,165]. Автордың «өзара қырқыстар» мен «бірнеше жылдарға созылған қантөгістер» деп отырғаны біз сөз етіп отырған «белгісіз жылдар» кезеңінің басты оқиғалары болып саналады.

Шәкәрім қажы мен А.И.Левшиннің материалдарына тереңірек талдаулар жасау арқылы біз, Тәуке хан билікке келгенге дейін, яғни 1680 жылға дейін қазақ қоғамында тақ үшін кәдімгідей қантөгісті талас-тартыстардың болғандығын, соның салдары ретінде ру-тайпалар арасында да жанжалдардың өршігендігін көреміз. Тарихшы А.И.Левшин осы қанды талас-тартыстардың ұзақтығын «бірнеше жылдар» деп жазса, біздің ойымызша ол 28 жылға, яғни Жәңгір хан қаза тапқан 1652 жылдан Тәуке хан билікке келген 1680 жылға дейін созылған дейміз. Өкінішке орай, нақты деректердің жоқтығынан осы жылдардағы ішкі саяси күрестердің барысы туралы мардымды бірнәрселер айта алмаймыз. Тек қана күрестің болғанын, Жәңгір ханның бір ұлы – Уәлибақының сол күрестер барысында жеңіліс тауып, Үргеніш жаққа қашып кеткенін білеміз. Билік үшін болатын күрестер мен талас-тартыстардың ел ішінде алмағайып күндерді, ру-тайпалар мен олардың басшыларының топ-топқа бөлініп, соның салдары ретінде әртүрлі дау-дамайлардың өршуін тудыратыны белгілі.

Осындай күндердің бірінде 1675 жылы Мөңке би дүниеге келеді. Сөйтіп біз оның дүние есігін ашқан уақыты 1675 жылдар шамасын - қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтарға байланысты туындаған күрделі, ауыр жылдар деп айтамыз. «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады» дегендей, Мөңке бидің жастық шағы қазақ тарихындағы осындай бір сындарлы жылдарға сай келеді деп ой түйіндейміз.

Мөңке бидің ата-бабалары - Алтын Орда тарихының құлдырау кезеңіндегі атақты Едіге бидің ұрпақтары болып келеді. Мөңке бидің өзі Едігенің тікелей оныншы ұрпағы болса,

ал оның ата-бабалары – Тілеу батыр, Айт батыр, Бөлек елге танылған - жауға қарсы шапқан батырлар, бірнеше мың санды қол бастаған – қолбасшылар болғаны белгілі. Осылайша, Мөңке би текті әулеттің өкілі ретінде тектіліктің не екенін жақсы түсініп, өзінің рөлін жастайынан сезінген тұлға деуге болады. Бүкіл саналы ғұмырын текті әулеттің өкілі деген атаққа кір келтірмеуге, керісінше, әулет абыройын арттыруға арнаған деуге болады.

Мөңке би жастайынан тағдырдың ауыр салмағын көтеріп, өмірдің ащы дәмін татады. Оның өзі ел тарихымен, Қазақ хандығының сыртқы саяси қатынастарындағы жоңғар факторларымен тікелей байланысты. Оны осы жерде түсінікті болуы үшін сәл тереңірек айта кетелік.

1653 жылы Жоңғар билеушісі Батыр хонтайшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары мен кіші ұлдары арасында тақ үшін талас-тартыстар басталып кетеді де, ол күрес бүкіл жоңғар қоғамындағы белгілі тайшылар мен нояндарды екіге бөліп жібереді. Көп ұзамай билікке кіші ұлдар тобын басқарған Сенге келіп, хонтайшы атағын иеленеді, бірақ ол ішкі өзара алауыздықтарды тоқтата алмайды. Осылайша, Жоңғариядағы ішкі саяси дағдарыс 17 жылға созылады. Қазақ хандығы да осы жылдары ішкі саяси дағдарыстарды басынан өткеріп жатады. Сондықтан да осы жылдарда екі жақ арасындағы қарым-қатынастарда оншалықты ешқандай ірі, көлемді, маңызды оқиғалар бола қоймайды.

1670 жылдың соңына таман Батыр хонтайшының үлкен ұлдары – Цецен тайшы мен Цзотба батыр өздерінің туған інісі – Сенге хонтайшыны өлтіреді. Сенгенің орнына таққа Батыр хонтайшының кіші ұлы – Галдан отырады. Оның алғашқы ұстанған саясаты – туған ағасы үшін үлкен ағаларынан кек алу болды. Сондай-ақ ол Жоңғариядағы кейбір тайшылардың дербестігін жоюға, ішкі алауыздықтарды реттеуге, жалпы алғанда, биліктің бәрін бір қолға орталықтандыруға бағытталған саясат ұстанады. XVII ғасырдың 70-ші жылдарының соңына таман Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, орталық билікті нығайта алады. Осылайша, ішкі саяси жағдайды

толық ретке келтіргеннен кейін ғана Галдан көрші елдерге көз аларта бастайды [4,135-170].

Ол 1670-ші жылдардың соңында көршілес елдерге әрі тонаушылық, әрі басқыншылық сипатта жорықтар жасай бастайды. 1678 жылы Шығыс Түркістандағы ішкі саяси дағдарысты пайдаланып, аумақты қиындықсыз бағындырады. Одан кейін жорық бағытын Орта Азияның шекаралас бай өңірлеріне бұрады. Ол жақтағы сәтті жорықтардан кейін назарын Қазақ хандығына қарай бұрады. Қазақ хандығына қарсы жорығы XVII ғасырдың 80-ші жылдарынан басталады. Бұл кезде Қазақ хандығында билікке жаңадан Тәуке ханның келіп жатқан кезі еді.

Жастайынан діндар болған Галдан Тибеттегі дін басыларының қолдауына сүйеніп, Тибеттегі Далай-ламадан «Бошақту-хан» – «Ізгі ниетті хан» атағын алады [4,129]. Тіпті кейбір зерттеушілер Галдан хонтайшы өзіне «Шыңғыс ханды үлгі тұтып, оның жаулап алған елдерін екінші мәрте бағындыруды мақсат етті», - деген ой айтады.

Галдан хонтайшының қазақтарға жорығы туралы 1722-1724 жылдары Цеван Рабданның Ордасына барып келген орыс елшісі Иван Унковский былай деп баяндайды: «Тауық жылы (1681) ол (Галдан Бошақту хан) жорыққа аттанып, Сайрамды қоршап алды. Ит жылы (1682) жорықтан қайтып оралып, ол Іле өзенінің жағасында қыстап шықты. Доңыз жылы (1683) тағы да Сайрамға аттанды. Жазда Галданның (әскербасы) Рабтан Сайрамды қиратты» [6,302]. Отандық тарихта Сайрам соғысы атанған бұл оқиғалар 1681-1683 жылдары өтеді.

Жоңғарлардың қазақтарға қарсы жасаған бұл 1681-1683 жылғы ірі жорықтары мұсылман авторларының шығармаларында көрініс береді. «Тарих-и амнийя» еңбегінің авторы Мулла Мұса Сайрами жоңғарлардың Сайрамды алуы туралы былай деп баяндайды: «...Біздің аталарымыздан естігеніміз бен жасы келген кәрі адамдардың айтуына қарағанда, осыдан 200 жылдай бұрын қазіргі Моғолстан жеріндегі хан орнына Іледе Құнтаджи (Хонтайшы) деген қалмақ келді, оның билігі шығыста Комул мен Баркөлге дейін, батыста – Ташкент пен Сайрамға дейін, оңтүстікте – Карангу-Тағқа дейін созылады.

Көкше мұзынан таяр ма? – деген жолдар бар екені казак тілінде сауат ашқандарға тегіс мәлім. Бұл жолдар жыраулық толғаумен ұштасып жатыр. Махамбет Мөңкені үлгі тұтып отыр. Әйгілі Көтібар батырдың туған баласы Есет Көтібарұлының Исатай өлетін жойқын ұрысқа қатысқаны, патша офицері Шустиковқа байланысты оқиға, кейін Махамбеттің Есет Көтібарұлы ауылын паналап келгені тарихтан белгілі. Яғни, Махамбет Мөңке тұрған өлкені жіті білген. Бұрынғы өткен жыраулар поэзиясының тарихына үнемі көңіл аударған, өте жетік Махамбеттің Есет елінде әулие деп бағаланатын, кейінге қалған сөздері үлгі тұтылатын Мөңке мұраларынан жақсы хабардар болғанына күмән келтіруге болмайды.

Махамбет жыраулық дәстүрден қол үзбеген ақын. Профессор Жәрдем Тілепов өзінің ЖОО-на арналған «Хандық дәуір әдебиеті» атты оқулығында Махамбеттің жырау екендігін монографиялық тұрғыдан зерттеп, өз алдына бөлек тақырып ретінде қарастырған. Шынында да Махамбет нақты жағдайды айтқанда – ақын, дүниетанымдық мәселелерді сөз еткенде – жырау. Бұған «Орай да борай қар жауса», «Арғымақ сені сақтадым», «Күн қайда?», «Арғымақтың баласы» т.б. шығармалары мысал бола алады.

Мөңкеде қайыра еске алатын, үңіле қарап зерттейтін нәрсе көп. Шешендік өнерді жіті зерделеген ғалым Балтабай Адамбаевтың кітаптарында Мөңкенге қатысты «Баланың тапқырлығы», «Құда мың жылдық», «Түлкім жоғары шық» «Мөңке мен Сырым бала», «Мөңкенің сұрағына Сырымның жауабы» дейтін әңгімелер бар. Архив құжатында Сырым Датұлы сексен жастағы Мөңкеден бата алыпты деген дерек ұшырасады [2].

Алайда, Мөңкенің өнері жалғыз шешендікпен шектелмейді, ол өз заманында би, ірі қоғам қайраткері, жырау, Асанқайғы үрдісін жалғастырушы сәуегей болжампаз болған адам. Мөңкенің көп қырлылығын балқы Базар жырау, Нұрпейіс Байғанин, Сарышолақ ақын, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жырға қосқан.

Сарышолақ ақын:

Тілеудің ұлы Мөңке еді,

Алты Алашқа бас болған,  
Қар мойын серке еді.  
Ақылы зерек әулие,  
Қияға көңіл сілтеді, – десе,  
Базар жырау:  
Тәңірі артық жаратқан,  
Аузына халқын қаратқан,  
Қара қылды қақ жарған,  
Алдынан топты таратқан,  
Мөңке, Төле, Қазыбек,  
Әйтеке – алшын, би Кебек, – дейді.

Мөңкенің есімі қазақ, хорезім елдерінен әрі асып, қырғыз жұртына да мағұлым болған, Қырғыздың атақты ақыны Арыстанбек Бұйлашұлының (1824-1878ж.) қазақ Қаңтарбаймен айтысқанда:

Мөңке бий айтқан кеп эле,  
Арыстанбек кимнен кем эле,  
Санат сөзүм сан эле,  
Санжыра сөзүм қап эле, – деуі, Мөңке би мұраларының қырғыздың әйгілі ақындары шығармашылығына шоң әсері тигендігіне нақты дәлел.

Ғалымдар арасында Мөңкеге алғаш назар аударған Ахмет Байтұрсынов еді, ғұлама 1926 жылы өзінің әйгілі «Сауат ашқыш» дейтін кітабында Мөңкенің бір билігін үлгі есебінде ұсынады, әрі ол билікті басқа емес, Шекті Мөңке айтқанына куәлік береді. Мәтіні мынадай: «Шекті ұлы Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен дейді.

Бір судың бойына бір бай ауылы келіп қонады. Су бойында бір топ бала ойнап жүрсе, балаларды келіп ауыл иесі ақсақал қуалайды. Байдың астындағы асаулау байтал екен. Балалардың біреуі атын үркітіп қалғанда, байдың бөркі басынан ұшып, байталдың алдына түскен кезде, байтал тулап, бай жығылып жан тапсырады.

Байдың елі балалардан құн алмақ болып жиналады. Үш күн, төрт күн жатады, бітісе алмайды; бес күн, алты күн жатады, бітімге келе алмайды. Сөйтіп дағдарып тұрған уақытта бір тайға

мінген жеті жасар бала келеді. Бала қарап тұрады да, «бұл жұмыстың билігін маған беріңіздер, мен бітірейін», – дейді. Бала бір айтады, екі айтады, оның сөзіне баласынып, ешкім құлақ аспайды. Ақырында ақсақалдар дағдарып: «Осы қой асығы деменіз, қолына жақса сақадай, жасы кіші деменіз, ақылы жақса атадай» деген қайда? Манағы бала қай бала? Тауып әкеліндерші!» – деп іздетіпті. Сұрастырып баланы тауып әкеледі. Баланың аты Мөңке деген. Бала келіп айтады: «Билікті маған берсеңіздер, менің айтатын билігім мынау дейді: Ердің құны жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу: әуелі ойнап жүрген бала тентек, екінші оны қуған бай тентек, үшінші үріккен байтал тентек, төртінші бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек», – дейді. Сонда жүз жылқының үш бөлімі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді. Жұрт бала билігіне ырза болады. Сол бала үш жүзге белгілі Мөңке би атанып, аты аспанға шығады» .

Әуелі ауыл молласынан, одан соң Троицкідегі З.Расулов медресесінен дұрыс білім алған, оны әрі қарата өз бетімен жетілдірген білімпаз ақын Нұржан Наушабаев өзінің «Шекті Мөңке би сөзі» атты толғауында:

Садақа-қайыр байлардан,

Қол тартылар деп еді.

Дүниенің жүзіне

Өре менен темірден

Жол тартылар деп еді.

Осы айтқанның бәрін де

Мөңке би айтқан деп еді, – дейді [3].

Біз бұл жерде екі нәрсені аңдаймыз, біріншісі – көп оқыған білімдар ақын Н.Наушабевтың Мөңкені жетік білгенін, екіншісі – Мөңкенің көріпкел болжампаздығын. Шынында да, баяғының құт дарыған байлары өз руының қамқоршысы болатын, жақсылық-жамандығына жауап беретін, жетім-жесірін, жалғыз басты қарттарын далаға тастамайтын, қарасатын. Қазір «қайырсыз, қолы тартылған» байлар көп. Екіншіден, Мөңке толғауында: «Өре менен темірден жол тартылар, Қоныс болса алдыңнан орыс шығар» деген жолдар бар екені де рас. Мөңке сөзіне Нұржан ақын білген соң куәлік беріп отыр.

Би ғұмыр кешкен 1675-1756 жыл аралығында теміржол салынбақ түгілі, әлі паравоз шықпаған еді. Алғашқы темір жол Великобританияда 1825 жылы 25 қыркүйекте Стоктон мен Дарлингтон аралығына тартылды. Ықтималдық теориясына сүйенсеңіз Мөңке мұны кемі 100 жыл бұрын болжаған. Мөңкенің әулиелігін осы мысалдан-ақ біле беруге болады.

Әулие:

«Түрлі-түрлі халық болады,  
Күндіз-түні жарық болады», – депті.

Электр шамы Еуропа көшелерінде ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды. Сонда мұны Мөңке кемі 150 жыл бұрын болжап отыр!

Тағы бір тұста:

Өзім аттас балық шығар,  
Бармақтай зат тауды жығар.  
Усыл Жадит деген кітап шығады,  
Бай құрып, бақсы азады,  
Кен көбейіп, бейшара озады, – дейді Мөңке.

Мұнда «Бармақтай зат тауды жығар» деген сөз тұр. Бұл басқа ештеңе де емес, атом бомбасы! Тұтас бір тауды бір мезетте құртып жіберу үшін атом бомбасы керек. Алғашқы атом бомбасы 1945 жылы 16 шілдеде АҚШ-та сынақтан өтті. Тамызда Жапонияның екі қаласына тасталды. Ал Мөңкенің 1756 жылы өмірден озғаны белгілі, сонда көріпкелдің екі ғасыр бұрын болжағаны.

Көп білетін Мәшһүр Жүсіп Көпеев Мөңке хақында:

Ауылдарын шу қылған,  
Жаулықтарын ту қылған,  
Зайып шығар деп еді.  
Оқшантай жок, кісе жок,  
Белбеу шығар деп еді,  
Жүгініс жок, малдас жок,  
Көлбеу шығар деп еді, – дейді, [4,55-58 б.].

Негізінде, онтоғызыншы ғасыр перзенті Жүсіп ағамыз Мөңкенің сөзін айтуға аузы бармай, «сыпайылап» беріп отыр. Мөңке бүгінгі күнгі әйелдердің сырт бейнесін қалай білсе, олай білсін дәл берген. Былай дейді:

Әйел жағы ден болар,  
Жаман-жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Желпілдетіп шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар.

Қараңыз, данагөйдің дүниетанымының кеңдігі, логикалық ойлау жүйесінің тереңдігі сонша, біріншіден, орыс отарлаушыларының «әйел теңдігі мәселесін» өз мақсаттары үшін шебер пайдаланатынын көрсетіп кетті. Екіншіден, омырауы ойық көйлекті, немесе тақымы жалтыраған миниюбкалы қыз-келіншекке келсек, бұл біздің теледидардан, интернет желілерінен ғана емес, күнбе-күнгі өмірде кеңінен кездестіріп отырған бейнеміз.

Қазіргі түнгі клуб жөнінде:

Атасының асы емес, келін түсірген той емес,  
Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады,  
Мұның өзі жасы ұлғайған адамға қиын болады, –  
депті әулие атамыз. Мұны азсынсаңыз, Н.Наушабаевтың куәлік беруі бойынша төмендегіні айтыпты:

Тайынша мен танаға  
Жүк артылар деп еді,  
Қарап тұрған жігітке,  
Қыз артылар деп еді.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Орта жүз және Кіші жүз билері мен батырларының Нұралы сұлтанды Кіші жүз және Орта жүз қазақтарына хан етіп тағайындау туралы император Елизавета ханымға хатына» Шақшақ Жәнібек тархан, Керей Наурыз билермен қатар қол қойған адамның бірі Шекті руының Мөңке биі [5].

Демек, Мөңке – ірі саясаткер. Көрші отырған патшалық Ресейдің даму тарихын, жүргізіп отырған аяр саясатын, ондағы өндірістік күштің деңгейін, өндірістік қатынастар сыпатын зерттеген адам. Сондықтан да ол келешекте Қырым, Қазан, Сібір, Ноғай т.б. хандықтар сияқты Қазақ Ордасының да

патшалық Ресей отаршылдарының табанына түсетінін анық біледі.

Өре менен темірден жол тартылар,  
Қоныс болса алдыңнан орыс шығар...

...Орыс, қазақ қосылып,

Бір-біріне үйір болар,

Сөйткен заман кез болса,

Түзелуі қиын болар, – дейді ойшыл. Отарлық езгіге түскен соң қазақ халқының қоғамдық болмысы, қоғамдық санасы да өзгермек:

Көлдiң суы кетiп , табаны қалар,

Жылқының жүйрiгi кетiп, шабаны қалар.

Жiгiттiң ақылы кетiп, амалы қалар,

Әйелдiң ұяты кетiп, ажары қалар.

Сөздiң мағызы кетiп, самалы қалар,

Әулиенiң әруағы кетiп, мазары қалар.

Адамның жақсысы кетiп, жаманы қалар,

Ақылы жоқ, санасыздың заманы болар [6, 9 б.].

Расында да, отарлық езгі кезінде көл түгiлi Арал теңiзi тартылды. Баяғы қазақы қазан ат, суын жылқының тұқымы құрып кеттi. Жiгiт ақылынан гөрi амал-айлаға, қулық-сұмдыққа жүгiнетiн болды. Отарлаушылар ұлт мұраты, жер мен ел тағдырының не екенiн бiлмейтiн, тек өз құлқынын ойлайтын ақылы жоқ санасыздан басшы қойды. Заман солардiкi болды. Мұның зардабын әлi шегiп отырмыз.

«Тапқанын олжа дейдi,

Алһам бiлгенiн молда дейдi»,

«Дұдамалдау дiнiң болар,

Алашұбар тiлiң болар».

Мұны оқырманға ашалап түсiндiрiп жатпа-ақ қояйық.

«Құрамалы, қорғанды үйiң болады,

Айнымалы, төкпелi биiң болады».

«Құрамалы» деп отырғаны осы күнгi биiк қабатты панель үй де, «қорғанды» деп отырғаны коттеждер болса керек.

Әулие қыл аяғы бүгінгі таңда жер жүзіне кең тарап отырған сусын «Кококола», «Пепсиколаға» шейін болжап кеткен.

«Туған балаң қу болар,  
Тамағы сары су болар,  
Итке құйсаң, ит ішпес».

«Кола» мен «пепсиді» итке құйып көрдік, расында да, ит ішпейді екен.

Қазіргі күнге Мөңкенің төрт күйі жеткен. Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, марқұм профессор Тұяқберді Шәмелов ол күйлерді нотаға түсіріп, өзі орындап қана қоймай, оркестрдің репертуарына қосқан. Т.Шәмелов: «Бөкей ордасы ауданындағы туған ауылым Құрманғазыда Аманғали Иманмағзомұлы деген қарияны бала кезімде көре қалдым. 1974 жылы 90 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Мықты күйші еді. Нақтырақ айтқанда, күйге қиқым-сиқым араластырмай, бір кездері алдыңғы күйші аталарынан құлағына құйып алған әдіспен, сарынмен тартатын саф алтындай өнерпаз болатын. Домбыраның әліппесін сол атамнан үйрендім. Музыкалық сауаты болмаса да тәңір берген құдіреттің арқасында күйшілікті өз бетімен меңгерген жан еді. Аманғалидың дәулескер күйші екенін менің Қали бабам да мойындап отыратын. Күйшілер жөнінде сөз қозғалса, «мен ондай күйшіні көрген жоқпын» деп әңгімесін сол кісіге апарып тірейтін. Мен Мөңкенің күйлерін сол Аманғали атамнан үйреніп едім. Өкінетінім — Аманғали атамнан Мөңкенің күйлерін қайдан, қалай естігенін тәтпіштеп сұрап алмаппын. Жас кезде, ақыл-сананың таза шағында естіген әуен-күй санаңда тасқа басқандай болып, мәңгілік қалып қояды екен. Бұл төрт күйдің Мөңкенікі екендігіне дау жоқ. «Өттің, жалған-ай», «Шалқыма», «Қику дәурен», «Жиын-алқа, кеңес» күйлерінде күйшінің өзіндік қолтаңбасы бар. Музыка тілімен айтқанда, қағысы шалма қағыс және ритмі (ырғағы) үзік-үзік (пунктирный ритм) болып келеді. Мұны музыка мамандарына байқау қиын емес. Күйдің төртеуі де өмір туралы цикл күйлер, яғни бір кісінің қолынан шыққан екендігіне дәлел бола алады. Мажор мен минор тональсі көңілді,

мұнды әуендер алма-кезек кезектесіп отырады. Әдетте, бұл күйлер серпінді әуенде тартылады. Үлкен сағаны көп манайламай, тұжырымды, жұп-жұмыр, көңілге жеңіл қонады.

Мөңкенің күйшілігінде өзінің циклі бар. Ол цикл – өмір ағысы. Жастық шақтан қарттық дәуренге дейінгі халықтың өмірі жырланады. Иә, кәдімгі Мөңкенің жыраулығы секілді сөздер өріліп, лекіп, төгіліп отырады. Қазақтың қуанышы мен қайғысы қат-қабат кезектесіп толғанады. Басты ерекшелік осында жатыр»,- деген еді, марқұм 2009 жылы өзінің ақтөбелік жорналшы Бердібай Кемалға берген сұхбатында. 2010 жылы атақты өнерпаз бұл күйлерді дискке жаздырды. Өкінішке орай, ауыр науқасқа шалдыққан адам еді, ақыры ұзамай дүниеден озды, Мөңкенің мұрасын зерттеуге мұршасы болмай кетті.

Одан бері де көп жыл өтті, Мөңке күйлері ғылыми тұрғыдан зертеусіз жатыр. Мөңкені шешен есебінде орта мектеп бағдарламасына енді, енді жырау ретінде жоғары оқу орнында, композитер ретінде консерваторияда оқытса, бағдарламаларына енгізсе артық болмас еді. Алайда, мұны аталған салалардың тұтқасын ұстап отырғандар онша хош көрмей отыр.

Міне, бірді-екілі проблемалық мысалдар кетірдік, біреудің жел жағына шығып қалмайық деп шет жағалап қана айттық, шындығында, осындай-осындай проблемалық мәселелер айта берсек Мөңкеде көп.

2000 жылы мамырдың 26-сы күні Мәжіліс «Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңының» орындалуы жөнінде Парламенттік тыңдау өткізген болатын. Сонда ҚР Парламеті мәжілісінің депутаты, елге аты мәшһүр Шерхан Мұртаза Мөңке бидің мағынасыз жиындар, дін, тіл туралы болжауларын төгіп-төгіп айтып, «Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал, баяғы Мөңке бидің айтқанының бәрі келіп тұр» деген еді [7]. Мөңке Нострадамустан артық деп отыр! Артық демей-ақ қояйық, тең дейікші, сонда Мөңкенің қандай деңгейде тұрғаны?

Одан бері де ширек ғасыр өтіпті. Бір ұрпақ ауысыпты. Нострадамуспен пара-пар тұлғамызды Нострадамустың деңгейіне көтере алдық па? Әлемге таныта алдық па? 350

жылдық мерейтойдың нәтижесі қандай болар екен? Шапан жабу, ат жарыс, ішіп-жеу, даңғаза бос сөз болып кетпес пе екен?

### **Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі**

1. Шешендік сөздер / ; құрастырған. Б. Адамбаев – Алматы : Отау, 1992. – 188 б.
2. Орталық Ғылыми кітапхана, 137-бума, 6-дәптер.
3. Орталық Ғылыми кітапхана, 1281-бума, 2-дәптер.
4. Екі томдық [Мәтін] / М. Ж. Көпеев ; [құраст. С. Дәуітов ; ред алқа.: М. Базарбаев [ж. б.]] ; ҚР Ғылым акад. ; М. О. Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин-ты .- Алматы : Ғылым , 1992. 221 б.
5. АВПР (Архив внешней политики России). Ф122. 1748г. Д 8л.л.
6. Асыл қазына. Антология, – Ақтөбе, 2001ж.
7. «Егемен Қазақстан» газеті, 30 мамыр 2000ж.

## МӨҢКЕ БИ ШЕЖІРЕСІ: ЕР ЕДІГЕ

**А.К. Бөлтей**

«Ер Едіге» қоғамдық қоры төрағасының кеңесшісі

Қоғам қайраткері, профессор Мұхтар Құл-Мұхаммед осыдан 22 жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетінде «Мөңке би: аңызы мен ақиқаты» атты көлемді зерттеу жазып, Мөңкенің арғы атасы Алтын Орданы 17 жыл билеген Ер Едіге екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген еді [1]. Бұл еңбекте Ер Едігеге қатысты жарық көрген зерттеулерге шолу жасалады. Жошы ханның ұрпағы Тоқтамыс сахна төріне шыққан кезде, онымен иықтаса Едіге (1356-1419) де шығады. Едігенің ел қорғауындағы, ел билеуіндегі, батырлығы мен көрегенділігі өзінің асыл тегінде жатса керек. Едігенің хандыққа таласқан кезі Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен Әмір Темір өмір сүрген кезеңдерде басталды. Едіге Ақ Орданы өз ықпалында ұстағанымен, Ақ Орданың бас билігі хандық дәрежені ала алмады. Себебі ол Шыңғыс ханның тегінен болмағандықтан, оны тек Әмір Едіге деп қабылдаған.

Ал Тоқтамыс тек 1393 жылы ғана Алтын Ордадағы билігін уақытша қалпына келтірді, бірақ Ақ Орданың көп бөлігі оған енбей қалды: мұнда беклер-бек Едіге Жошы ханның ұрпағы Темір-Құтлықты хан етіп жариялап, оларды Ақ Орданың ақсүйектерінің көптеген өкілдері қолдады. XIV ғасырдың аяғында саяси аренаға шығып, Алтын Орданың белгілі уақытша билеушісі болып алған Едіге 15 жыл бойына (1396-1411) шын мәнінде Алтын Ордадағы бүкіл билікті өз қолына ұстады.

Едіге мемлекеттің іргесін қайта бекітуге бар ғұмырын арнады. Едіге билік құрған жылдары Әмір Темір Алтын Орда жерін қайта шабуға батпады.

Ол туралы өмірбаяндық мәліметтер көптеген шығыс авторларында: Муин-аддин Натанзиде, Абдар-Раззақ Самарқаниде, Ибн Арабшахта, Әбілғазыда, Қадырәлі Жалаирде және Клавихода кездеседі.

Шығыс тарихшылары оны «Жошы Ұлысын өз дегенінше биледі», «Дешті елінің, Сарай мен Қырымның шынайы билеушісі», «Дешті Қыпшақ пен өзбек елінің әміршісі» деп

жазды. Орыс жылнамаларында «Ұлы князь» деп аталады. Европалықтар оны «Дешті Қыпшақ әміршісі», «Татария императоры», «Алтын Орданы билеуші» деді.

Өз қолымен қойған хандар арқылы Алтын Орданы басқара отырып, «Ұлы әмір» немесе «беклер-бек» (әмир әл-умара) атағы бар Едігенің билігі зор болған және көршілес ұлыстардың өміріне зор ықпал еткен.

1406 жылы Едіге Сыр бойын және Хорезм жерін қайтадан Алтын Ордаға қосып, елінің өрісін кеңейтті. Арадағы шартты бұзған Москваға 1408 жылы жорық жасап, қайыра салық төлейтін етті. Сол жорықта болашақ Қазақ хандығын құрған Керей-Жәнібек сұлтандардың үш ағалары да қатысады.

Ірі мемлекет қайраткері ретінде сыртқы саясатта ғана емес, ерекше көрегендігінің арқасында ішкі саясатта да үлкен жетістіктерге де жетеді. Соғыстан әбден әлсіреген, қаласы қираған, халқы қырылған, шаруашылығы күйзелген Алтын Орда Едігенің кезінде бір сәтке болса да бұрынғы қалпына келгендей болады. Елдің ішкі жағдайы жақсарып, халықтың еңсесі көтеріледі. Едіге жаңа ақша реформасын жүргізеді, Ордада «Төре», «Жасақ» деп аталатын жаңарған заң жүйелерін енгізеді.

Мұның бәрі сол кезден қалған Едіге туралы аңыз-жырларда да көрініс тапқан.

Едіге тұлғасы қазақ халқының ғана емес, бауырлас қарақалпақ, ноғай, өзбек, түрікмен, татар, башқұрт, қырым татары, алтай, телеуіт сияқты түркі халықтарының жадында «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді» деген сипатта сақталып қалды.

Көпжақты пікірлер қалыптастырған Едігенің тарихи тұлғасы көп қырлы екені тарихи деректерден де, эпостық жырлардан да, осы деректерге сүйеніп, зерттеу жүргізген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінен анық көрінеді.

«Едіге батыр» эпопеясы Алтын Орданың алып рухының сынығындай Алтайдан Анадольға, Қырым бойынан қиыр солтүстік Сібірге дейін дейінгі байтақ өлкені мекендеген бауырлас халықтырдың баршасына таралады.

Ең алғаш нұсқаны жазушы Г.И.Спасский 1820 жылы қазақ арасынан жазып алып жарияласа, ең соңғы нұсқалардың бірін

түрік ғалымы Саадет Чагатай 1957 жылы Анкара қаласында Қырымнан келген ақсақалдың аузынан жазып алып, кітап етіп бастырады.

Шоқан Уәлиханов «Едіге» жыры жөнінде «Қазақтың ең тамаша жыры – Едіге» деген. «Шоқан нұсқасы» деп аталып кеткен қазақтың «Едіге» жыры көркемдігі жағынан болсын, көлемі, көнелігі жағынан болсын, ең құндысы деп танылған. Оны алғаш рет Шоқан қайтыс болған соң, көп жылдардан кейін, 1905 жылы П.М. Мелиоранский Санкт-Петербургте бастырып шығарған.

Кейін де «Едіге» жыры бірнеше рет баспа бетін көреді. 1927 жылы Қ.И. Сәтбаев Москвада, 1933 жылы С.Сейфуллин және 1939 жылы С.Мұқанов Алматыда бастырып шығарған деген деректер бар. Жырды зерттеуші Жұма-Назар Асанұлының дерегі бойынша «Едіге» эпосының алпыстан аса нұсқасы бар. Оның он төрті – қазақ нұсқасы.

Әмір Едігенің тарихын зерттеуші, қазақ халқының біртуар атақты ғалымы Қаныш Сәтбаев. 1927 жылы жиырманьң ішіндегі жас жігіт, Томск технологиялық институтын бітірген, тау-кен инженері Қаныш Имантайұлы Москва қаласынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды.

Жинаққа жазған алғысөзінде келешек ұлы ғалым Едіге әңгімесінің бір шеті Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі нәсілдестердің барлығында айтылатындығын ескерте келіп, өзі шығартқалы отырған аталған кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріліп, 1905 жылы Санкт Петербургте П.М. Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай дейтін ақсақалдың айтуындағы жырмен салыстырып, бірсыпыра қазақшаланған түрі екендігін еске салады [2,356-б]. Және бұл жерде алғысөз иесі П. Мелиоранский басылымының кейбір сөздерінің татаршалану себебін шығарманы Шыңғыс пен Шоқан жазбасынан «аққа көшірген» Ахмет есімді татар мен өткен ғасырдағы «ноғайша сөйлеуді» сән көретін қазақ жақсыларының әдет-дағдысымен байланысты түсіндіреді. Солай дей отырып, Қопабай айтуындағы жырдың өзінде де жиырманьшы жылдардың

оқырманна тосын көрiнетiн бiраз көне сөздердiң бар екендiгiн, ал соның өзi халықтың «тiл сақтау», «тiл байыту» сияқты мәселелерiнде айырықша бағалы екендiгiне ерекше көңiл аударады [2,351-352-бб.]. Сөз жоқ, мұның барлығы ғылыми тұрғыдан қарағанда, барынша қадiрлеуге тұратын пiкiр, ал еңбектiң мүмкiндiгiне қарай Қопабай сынды ақсақалдың аузымен айтылатын нұсқамен салыстырылып, қазақша қалпын баспадан шығарту, бұл кеменгер ғалымның Едiге жырына, қазақ фольклорына жасаған үлкен қызметi болатын.

Тоқтамыс пен Әмiр Темiрдiң араздығы және осыған байланысты Едiге, т.б. бет-бейнесi туралы мәселелер, Қаныш Имантайұлының осы пiкiрi күллi Алтын Орданың ыдырау үдерiсiне қатысты мәселенiң де, Едiге туралы жырдың да нағыз шиелi түйiнiн шешетiн жерi деп айтуға болады. Шындығында егер тарихта Едiге мен Тоқтамыс араздаспаса, өмiрде Алтын орда дәуiрiнiң Тоқтамыс хандық құрған кезенi дәл сол тұстың адамдары куәгер болғандай жайды кешуi екi талай болар едi. Ал, ондай оқиға болмаса, қазiр әр халық өкiлдерiнiң елдiк рухани мұрасы боп жүрген Едiгенiң де мазмұны басқаша болар едi.

Осы оқиғаға байланысты өзiнiң сарай маңындағыларының араласы болғанын, соның iшiнде Едiгенiң елеулi қызмет атқарғанын Тоқтамыс ханның өзi 1393 жылы Яғайлаға жолдаған жарлығында:

«Бұрнағы жылы Бекболат, Қожамедiн бастаған бiрнеше ұландар, Бекiш, Тұрдышақ-бердi, Дәуiт бастаған бектер Едiге деген кiсiнi Әмiр Темiрге астыртын жiберген екен, ол тiл (хабар) алып келген едi. Олардың арам ниетпен хабар жiберiп келгенiн сезiп, жиылып, соғыспақшы болып тұрғанда, ол арам ниеттi кiсiлер бұрын қозғау салып, әрекет жасағандықтан ел қарсы көтерiлiп, бұл iстiң жөнi осылай болған едi. Тәңiрi бiздi жарылқап, дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедiн, Бекiш, Тұрдышақ-бердi, Дәуiт бастаған ұландар мен бектердi мұқалтты, – деп жаздыртқан [3,13-14-бб.].

Демек, жырда айтылатын Едiге мен Тоқтамыстың араздасуы, Едiгенiң Сәтемiр елiне сапар шегуi, бәрi де ақиқат. Оны Тоқтамыстың хатқа түсiрiлген сөзiнен артық дәлелдеудi қажет

етер куәлікті іздеудің өзі артық. Және Тоқтамысқа риза емес адам бір ғана Едіге емес. Жарлықта да осылай айтылған, жырдың ішінде де солай болатын. Тіпті, жырдағыға қарағанда Яғайлаға жөнетілген пәрменнің ішіндегі Едіге тілектестері көбірек.

Бұл сөздерге қарағанда Алтын Орданың ішіндегі Тоқтамыс пен Едіге тұсындағы алауыздық тек қана хан мен бидің арасындағы араздық емес, одан гөрі құлашын кеңге жайған үлкен бақастық пен бақталастықтың жайынан хабар береді. Әмір Темірдің соған мұрындық болып отырған кісілердің есімдерін, арада жүрген елшілерінің атын атамайтыны болмаса, бұның да Тоқтамыс айтып отырған жаймен байланысты көптен әңгіме қозғап отырғандығында күдік жоқ. Өзінің сол адамдардан жиренетіндігін айта отырып, әрине, олардың көрсеткен қызметтерін пайдаланғандығы да даусыз. Сосын, бәлкім, уақыты келгенде олардың көзін құртып жіберуден де тайынбаған. Тегінде жоғарыдағы Тоқтамыстың хатындағы: «Тәңірі бізді жарылқап... ұландар мен бектерді мұқалтты» деуінде бір сыр жатыр. Темірдің осындай әдіс-айласын білетін Едігенің 1391 жылдан кейін оның маңайына жоламай кетуінде де осындай гәп болуға тиіс.

Қысқасы, тарихи құжаттардың сөзіне сенсек, әрине, оған сенбеске амал жоқ, Едіге тек «ел қамын жеген» Едіге ғана емес, ол – осы жайды жиырмасыншы жылдардың ақыры, отызыншы жылдардың басында зерттеген ардагер ақын, көрнекті мемлекет қайраткері һәм ғалым Сәкен Сейфуллин айтқандай «атқамінер, партиягершілдігімен» [4,185-б] де ерекшеленетін тұлға. Бұл жырдағы Едігенің Сәтемір жұртына кету оқиғасын тарихи болмыспен салыстырғанда, араздықтың түпкі жайын іздегенде ескерілер жай. Әрине, мұнымен біз тарихи тұлға Едігені жазғырудан да, дәріптеуден де аулақпыз. Тарих та, тарихи тұлға да кейінгі дәуірдің өкілінің ыркымен, соның ойлағанындай бола қоймайды. Тарих пен оның көрнекті өкілдеріне шамасы келгенінше сол тұстың ықпалды адамдары, қоғамы ғана ықпал етпек, не өздері соның ықпалында болмақ. Мұның барлығы тұтас қарастырылатын, кілтпаны да, кірпияздығы да жеткілікті өте күрделі қоғамдық үдеріс. Сондай-ақ, шығарма өмірге келген

тұстан бастап, бізге жеткен кезге дейін жырға шығармашылық үлесін қосқан жыраулар мен жыршылардың таным-түсінігі жайлы пікір білдіргенде де оларға сол заманның құйтырқы құлқын қолға ұстатқандай неге баяндамаған деп өкпе артуға болмайды. Қайта белгілі жырды ұзақ жылдар бойғы үзілістен кейін жан-жақты қарастыруды алдына мақсат етіп қойған көрнекті ғалымымыз Р. Бердібаев жазғандай: «Эпостың құрылысына тірек болған бас оқиға тарихи шындықтан туындайтынын ескере отырып, сол бас оқиға қалайша жырланған, оның солай жырлану себебін ашу ғылым үшін парыз болмақ. Сондай-ақ, тарихи кейіпкерлердің рухани бет-бейнесін танытар, өмірінен дерек берер туындыда тағы да қандай жарасымын тапқан жайттар бар, жырдың С. Сейфуллин, В. Жирмунский, т.б. айтып жүрген көп қабаттылығы неде, болмаса әртүрлі нұсқадағы әңгімелердің әрқилы болу себебін қалай түсінеміз, сол әралуан болып жырланған нұсқалар оны дүниеге келтіруші, кейінгілерге жеткізуші жырау, жыршылардың кереуыз қисықтығынан ба, әлде олардың да әу баста елге жариялауды мақсұт тұтқан, өздері білетін тосын деректері болған ба, мінеки, егер қисынын тауып көрсете білсе, мұның бәрі де көңілге қонымды жайлар екендігінде шәк жоқ. Осыларға жауап беру арқылы Қаныш Имантайұлы сөз еткен мәселелердің де шешімінің табылатыны даусыз. Едіге батыр туралы жырлардан сол заманның біраз тарихының сұлбасын ғана емес, шындығын да табуға болады. Бірақ, сол шындық тек бір ғана нұсқада емес, әртүрлі нұсқалардың бойында шашырап жатыр. Бұл орайда академик Қ.И. Сәтбаевтың «Едіге батырдың» толық сыны ол жайлы әртүрлі жыр сорабтары толық жиналғанда айқындалар еді деген сөзінің [2, 352-б.] өз тұсы үшін де, бүгінгі күннің межесінен де қарағанда да дұрыс айтылғандығында дау жоқ.

Тарихта осындай жай болған ба? Болған. Бұл турасында 1403 жылы Темір әміршіге жіберілген Испания королінің елшілігі құрамында болған Клавихо Руи Гонсалес де өзінің күнделігінің бір тұсында, 4 қыркүйек күні Темірдің император Токтамыстың елшілерін жөнелткенін [5,305-6] жазса, бір жерінде атышулы әмірші шеттен келген елшілерді қабылдаған кезде оның төменгі

жағында отырғандардың арасында, елдің айтуынша, Тоқтамыстың баласының да болғандығынан хабардар етеді [5,307-6]. Сондай-ақ, бір кезде Темірге бағынышты болған, оған қызмет еткен Едігенің бұл күндерде бүкіл Дешті – Қыпшақтың тізгіні өз қолына тигеннен кейін бұған қарсы шығып, шамасы жетсе өлтіруден ойы болғанын, сондықтан қазір Әмір Темірдің Едігеден басқа жауы жоқ екенін, тіпті бір жолы Әмір Темірдің оған қарсы қол бастап шыққанда, Едігенің қашқанын, бірақ, оның екі жүз мыңнан астам қарулы қолы үнемі жанында болатындығын, қазір де Тоқтамыс пен Әмір Темірдің екеуінің өзара тіл табысып, екеуі бірігіп Едігені торға түсіргісі келетінін, бұл ретте Әмір Темірдің Едігеге бірде кісі жіберіп, өзінің оны жақсы-көретіндігін және өткендегі бұған жасаған қателіктері болса, соның бәрін де кешетіндігін, сөйтіп бір немересін оның қызына үйлендіргісі келетіндігін хабарлағанда, Едіге бұған өзінің қасында жиырма жыл бірге өмір кешкенде одан артық сенген кісісі болмағанын және оны бес саусағындай жақсы білетіндіктен мұны әлгіндей амал-айламен алдай алмайтындығын айтып, егер біз достасар болсақ, тек қана қолға қару ұстап, қан майданда ғана достасармыз дегенінен [5. 340-341-бб.] мағлұмат береді.

Бұл – Әмір Темірді көзімен көріп, елінің хабарын құлағымен естіген сырт адамның сөзі. Ол, Едігенің, Тоқтамыстың әңгімелеріне жанынан бірнәрсе қосып айтуы мүмкін емес. Өйткені, ол бұлардың бұрынғы жағдайларын әрі білмейді, әрі ол оған мүдделі емес. Бірақ, сонда да болса, қалайша Тоқтамыс пен Әмір Темір тіл табыса қалмақ, олар бір-бірімен енді қайтып жүз көрісе алмастай болған жаулар емес пе еді деп ойланасыз. Сөйтсе, олардың бір-бірімен бәтуаға, бітімге келгені рас екен. Ол жайында сол оқиғалардың куәгері болған Шераф-ад-дин Иезди: 1405 жылы 14 қаңтар күні Қытайға қарсы жорыққа аттанып бара жатқан Әмір Темір Отырарға келіп кідіргенде Тоқтамыстың қарт қызметшісі Қарақожа деген кісі арттарынан келіп, Тоқтамыс ханның өз басы тілмен айтып жеткізгісіз қайырын көрген Әмір Темірге опасыздық жасап, содан сазайын тартқанын, қазірдегі жалғыз үміті одан кешірім алу екенін, егер ол осыған қолын жеткізсе, ендігі қалған өмірінде құл болып

қызмет етіп, басқа жолға бұрылмайтындығын, – мағлұмдаған ант реуіштес сәлемін жеткізгенін және Әмір Темірдің хабар алып келген кісіге сый-құрмет көрсете отырып «Құдай сәтін салса осы жорықтан кейін Жошы ұлысын (яки, Алтын Орданы) бір жөнге келтіріп, оның билігін Тоқтамысқа тапсырмақ екенін хабарлағанын»... сөйтіп, Қарақожаны тарту-таралғысымен Тоқтамысқа аттандырғанын, бірақ, тағдырдың басқаша шешім қабылдағанын [6, 499-500бб.] жазады.

Демек, жоғарыда айтқанымыздай, Едіге жырындағы Әмір Темірдің Едігені өлтірмек болатыны тарихта бар жай. Сосын ілгеріде Г. Клавихоның келтіруіндегі Әмір Темірдің сәлемін жеткізушіге Едігенің: егер біз достасар болсақ, тек қана қолға қару ұстап, қан майданда ғана достасармыз, дейтіні «Ер Едіге» жырында Тоқтамыстың соңынан қудыртып жіберген адамдарына оның: «Тексіз иең Тоқтамыс, енді еңкейіп барманды. Өкпе-пани сөзімді көктен оғым зуылдап, зымырап барып айтпаса, сірә, аузымнан айтпан-ды. Еркек боп атқа мінген соң, бір жол алып жүрген соң, қатындай болып қайтпан-ды» [2, 373-б.] – деп айтатын шамырыққан мінезді сөздерін еске салады. Сол сөздер арқылы тарихи Едігенің шын өмірдегі бірбеткей, алған ойынан қайтпайтын қайсар тұлғасының сұлбасы елестейді.

Жоғарыда Әмір Темір мен Тоқтамыстың Едігеге байланысты шиеленісі күрделі мәселеде, қалай болғанда да өзара мүдделес кісілер ретінде татуласуға мәжбүр болғанын айқын аңғардық. Табиғи болмысында тек ұлы әскери қолбасшы ғана емес, тереңнен пайымдайтын сұңғыла саясаткер Әмір Темір әміршінің егер Қытайға қарсы аттанып бара жатқан жорықтан аман-есен жеңіспен оралса, ендігі айқасы Дешті-Қыпшақ даласының жаңа арыстаны Едігемен арада болатындығында дау жоқ еді. Ондай жағдайда бұл іске Әмір Темірден әрмен мүдделі Тоқтамыстың да сырт қала алмасы сөзсіз болатын. Өйткені, өзін Әмір Темір мен Едіге екеулеп жеңгенін басқа кешірсе де, мұның кешірет жөні жоқ. Сондықтан ол өзін талағандар өзара араздасқан тұста баяғы өздерінің бұған жасағанын талай жыл қасында кеңесшісі болған Едіге биге бұл да көрсетіп бақпақ. Ол үшін қазір жарты дүниені табанының астында ұстап тұрған Темір әміршінің қандай жолмен болса да кешірімін алып, қолтығына кіруі керек.

Сосынғысын көреді. Өмір Темірге де керегі сол. Шексіз даланың бір бұрышында жан-жаққа алақтап қашып жүрген қашқын Тоқтамысқа әскер шығарып, оның қасықтай қанын шашқаннан гөрі бүгінде алдына елшісін жіберіп жалынып отырғанда кешірімін беріп, қолтығынан демеп, кеше өзін орға жығып кеткен табақтасына қарсы көрсетер қайратын көріп алуы керек. Бірақ, «Зафарноманың» авторы Шераф-ад-дин Иезди айтқандай, «тағдыр басқаша шешім қабылдады». Дүниені дірілдетіп тұрған Темір әмірші өліп кетті. Мұның өзі Темірге елшілерін қайта-қайта жіберіп, өзіне құрылып жатқан тұзақтың бір шетін тартып қалмақ болып отырған Тоқтамысты Едігенің тездетіп көзін құртуына жол ашты. 1406 жылы (Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.І. Алма-Ата, 1984. С.386.) қарауылға Тобыл батыр мен Ятым батырды, арғын Қарақожаны қойып, өзі бірнеше нөкерімен дем алуға жатып қалған жерінде, Едігеұлы Нұрадың әскерімен келіп әуелі қарауылдағыларды, соңынан бейқам жатқан ханды нөкерлерімен опат етті [7, 233,252 бб.].

Тоқтамыстың шын мәнісінде Қадырбердіден басқа Жалаладдин, Күшік, Жафарберді, Қалымберді деген ұлдары, Жәнике деген қызы болған ғой. Жәникені Едіге ел басшысына айналғанда тоқалдыққа алған. Қадырберді солардың ішіндегі ең кенжесі [8, 233-б.], [7, 252-б.] Қадырғали Қосымұлы өзінің белгілі шығармасы «Жами-ат-тауарихта»: «Жәнике үш жасар інісі Қадырбердіні Едіге бектен өтініп алып қалып, бір кеште жасырын қашырып Қырымға жіберді» [7, 252 -б.] деп жазады. Сірә, тұтқын болып тұрған сорлы қыздың қалған туыстарына араша түсуге шамасы келмеген.

Қадырғали Жалайыри, бірақ, оны сол сапарында Едігемен бірге Нұралынды да өлтірген етіп көрсетпейді, Нұралын әкесінің көзі тірісінде отыз жеті жасында іш ауруы тиіп, содан қаза тапты [7, 238-б.]деп жазады. Бұл жердегі тарихшы мен жырдың сөзі бір-біріне дәлме-дәл келмегенмен пәлендей алшақ та кетіп жатқан жоқ деп ойлаймыз. Өйткені, Нұралын мырзаның Қадырбердіден бұрын қайтыс болған Едігенің алдында көз жұмғаны рас болса, бәлкім оның қазасына да Тоқтамыс баласының араласы болуы, тіптен сол іші ауруы

тиіп өле қалуының өзі солардың маңайында жүрген Едігенің атын күтуші Хасан сияқты біреудің қолымен жасалуы мүмкін.

Бірақ, Едіге туралы жырда оның тұқымы құрығанмен, шын мәнісінде тарихта олай болмаған. Сосын жырдың біз сөз етіп отырған нұсқасында Едігенің ата-тегі – өз әкесі Бабатүкті шашты Әзиз, оның әкесі Бабағұмармен ғана шектелсе, ол жайлы ел шежіресін Қадырғали Қосымұлы Жалайыри былайша таратады: Әуелгі бабасы Әбубәкірден Махмұд аталығ, одан Катиб аталығ, одан Сұлтан Нармаз, одан сұлтан Халид, одан сұлтан Уалид, одан Сұлтан Қыдыр, одан сұлтан Мулуд, одан Абу Алфеис, одан сұлтан Салим, одан сұлтан Садық, одан сұлтан Абулхак, одан Жалаладдин, одан Баба Туклас, одан Терме, одан Каричи, одан Ислам-Қия, одан Қадыр-қия, одан Құтлу-қия, одан Едіге би [7, 254-255 бб.].

Белгілі тарихшы одан әрмен бұл кісілердің қайсысының қай жерде патшалық құрғандарынан хабардар етіп, елдің айтуы бойынша Баба – Тукластың атасын Өзбек хан мұсылман болғанда Узак Чора деген кісі арқылы Кабадан шақыртып алдыртқандығын, сосын ел ішінде Баба-Тукластың біреулер үш ұлы, біреулер төрт ұлы бар деп айтатынын әңгімелей кеп, Едігеден кейін елдің тізгінін ұстаған оның ұрпақтарының жалпы тізімін береді [7, 255-256 бб.]. Бұл жерде, әрине, Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың Едіге туралы шежірені сипаттауы керемет-ақ. Әсіресе Едігенің өзінен кейінгі Мансұр, Қасым, Қазы, Наурыздар жайлы, Нұрадиннен қалған, сондай-ақ, ілгергі төртеуден өрбіген ұрпақтардың атқарған істері туралы мәліметтерінің құндылығын өзі не тұрады.

Біздіңше, Қадырғали Қосымұлының Едігенің арғы тегін соншалықты ұлылардың ұрпағы, күллі мұсылман әлеміне белгілі кісіден өрбитін етіп көрсетуі, тегінде, оның қолынан шыққан нәрсе емес. Өйткені, оның мұндай генеалогиялық кестені жасауға мүдделі болатын жөні жоқ. Себебі, ол қоғамдық тұлға ретінде бұл тұқымға тәуелді, немесе қандастық тұрғыдан жақындығы бар кісі емес-ті. Соған карағанда бұл кесте ерте кезде, тіпті Едігенің өзінің көзі тірісінде бір жүйеге келтірілген шежіренің ізі деуге лайықты. Содан ол жырға көшкен. Ал, жырда белгілі бидің ата-тегі қысқадан қайырылады. Өйткені, жыршы үшін

Едігенің жиырмасыншы атасына дейінгі тізімді атап шығу міндет емес, тек ол бас кейіпкерінің күллі мұсылман қауымы кастерлейтін ұлы әулие Бабатүкті Шашты Әзиздің тұқымынан екенін есінен шығарып алмаса болғаны. Сол арқылы-ақ Едіге қандай зордың ата-бабасымен де әруақ, тек салыстырғанда олқы соқпайтын ұлы тұлға болып шыға келмек. Міне, жырдағы да, шежіредегі де Едігенің ерекше жаралған әулеттің лайықты ұрпағы болып әңгімеленетін себебі осыдан. Тек ол үшін Едігенің сол белгілі ата-бабасының мұрат тұтқан дін жолына, ізгіліктерге үндейтін мұсылманшылық қағидаларына қызмет етуі қажет.

Ал, өмірде Едіге мұсылман дініне қалай қараған? Бұл жайлы жоғарыда айтқанымыздай, Темір әміршінің астанасында елшілікте болған Г. Клавихо: «Ал, сол Едіге осыған дейін, мұсылман дінін қабылдағанша, еш нәрсеге сенбей келген татарларға мұсылман дінін қабылдаттырды және қабылдаттыру үстінде», – деп жазады, өзінің белгілі күнделігінде [5, 342 б.]. Әрине, бұл жерде Г. Клавихоның татарлар Едіге билік жүргізгенше ешбір дінді тұтынбайтын деген сөзіне шошынудың қажеті жоқ болар. Олар тіпті Едігеге дейін мұсылман болғанның өзінде де аса діндар болмаулары ғажап емес. Ал, Едіге сол халықтарды арғы бабасы Әбубәкір, бергі бабасы Бабатүкті шашты Әзиздердің ұрпағына лайықты болардай іждаһатпен дін жолына күрт бет бұрдырған.

Бүгінгі таңда азат ел болған Қазақстанның өткен тарихына көз салғанда, ойландырарлықтай да, шошындырарлықтай да жағдайлар аз болмаған. Соның бірі – жиырманың ішіндегі жас тұлпар Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың біз сөз етіп отырған «Ер Едіге» атты жинаққа байланысты тағдырына қатынасты.

1944 жылы 9 тамызда БПК /б/ Орталық Комитеті «Татарстан партия ұйымының бұқаралық саяси жұмысының жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулы алып, онда республика тарихшыларына Алтын Орда дәуірінің тарихын көтере көрсетіп, Едіге туралы эпосты насихаттаған деген бірсыпыра қатал сындар айтылған болатын [9, 119 б.].

Мұның жаңғырығы араға жыл салып Қазақстанға да жетті. Республиканың негізгі басылымы «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде жоғары жақтың нұсқауымен жазылған, белгілі тарихшының қолы қойылған «Едіге – халықтың зұлым жауы» деген елді дүрліктірген мақала 1945 жылдың 2 қазанында жарық көрді.

Мұнан кейін төрт жыл соғыстың азабынан мойны босағандай болып, елмен бірге еңсесі тіктеліп, барлық жігер-қайратын ғылымға жұмсап жатқан ғалымдар ауылына, оның ішінде Алтын Орда дәуірі, жалпы қазақтың Қазан төңкерісіне дейінгі халықтық тіршілігін зерттегендерге тыныштықпен жұмыс істеу мүмкін болмай қалды. Өйткені, 1947 жылдың басында, яки 21 қаңтар күні Қазақстан КП /б/ Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулысы шықты. Шортанбай, Дулат, Мұрат, Күдері, Досқожа, Әбубәкір, Ғұмар Қарашев сияқты ХІХ-ХХ ғасыр басында қазақ әдебиетінде елеулі орны бар ақындарға кертартпа, ұлтшыл деген айдарлар тағылды. Олар туралы жазған, шығармаларын оқулықтар мен хрестоматияға кіргізген кісілердің басында найзағай ойнады. Соның жалғасындай болып 1950 жылдың 26 желтоқсан күнгі «Правда» газетінде Т. Шойынбаев, А. Якунин, У. Айдарованың «Қазақстан тарихын марксистік-лениндік бағытта игеру үшін» деген мақаласы шықты. Осыған орай Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің бюросы 1951 жылдың сәуір айының 10 күні қаулы қабылдады. Сол жылдың қазан айында республика Партия активінің жиыны болды. Көп ұзамай Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Сүлейменов, Е. Бекмаханов, Қ. Мұхаметханов, т.б. бірсыпыра белгілі ғалымдар айдалып кете барды. М. Әуезов жұмысынан босатылды. Жазушылар қауымы да назардан тыс қалған жоқ. Азуын айға білеп, «шаш ал десе, бас алуға дайын» отырған саяси қайраткерлер сол кезде бір уақыт та «Едіге батырды» кітап етіп баспадан шығартқан, ал, 1951 жылы дүниенің алтыдан бір бөлігін алып жатқан Кеңестер елінің ғылыми қауымы бірауыздан мойындаған, күллі шығыстағы кеңестік республикалардың жергілікті тұрғындарының ішінен шыққан СССР Ғылым академиясының тұңғыш академигі Қаныш

Сәтбаевты естеріне алады. Ақыры осы науқанмен байланысты Қазақстанды тексеруге келген комиссияның басшысы, БКП /б/ Орталық Комитетінің инспекторы Шикин деген қоймай жүріп Қаныш Имантайұлын Республика академиясының президенттігінен түсіруге, сол кездегі Қазақстан КП /б/ Орталық Комитетінің бірінші секретары Жұмабай Шаяхметовті мәжбүр етеді [2, 415-б.], [10, 20-б.].

1951 жыл. Одан бері де жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Тәуелділіктің торы ыдырағалы да бірсыпыра жылдардың жүзі ауысты. Бірақ, елдіктің туын көтерген елге құт болған кемеңгерлердің арпалыспен өткен өмірі мен жүрген жолына көз салғанда осынау қиямет-қайым атаулының баршасы күні бүгінгідей болып сананы тілгілейді. Ел деп жүріп сүрінген, ел деп жүріп мерт болған ерен тұлғалы ерлер болмаса, олардың арман-мүддесін жанмен ұғар елі болмаса ұлт пен ұлыстың тізгінін кім ұстамақ деп, ойланасың. Ал, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – дүниеге сирек келетін – кемеңгерлердің өзінің көшін бастайтындай көшелі болып жаралған көсемі болса керек-ті.

Ер Едіге туралы қомақты еңбек жазған қазақ ғалымдарының бірі Әлкей Марғұлан:

Ғылым әлемінде ең алдымен Ш.Ш. Уәлихановтың ғылыми өмірбаяны мен шығармалар жинағын құрастырушы, сондай-ақ қазақ фольклорын жинаушы және зерттеуші ретінде белгілі Әлкей Хақанұлы Марғұланның бұрын жарияланбаған ғылыми интеллектуалды өмірбаянының сюжеті қарастырылған.

Авторлар Р.М. Жумашев, А.Ж. Мырзахметова, Д.С. Кожабеков Ә. Марғұланның республикамыздың ұлттық тарихына арналған, бірінші рет жүйелі түрде 1943 ж. жазылған «Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақ КСР тарихы» деп аталатын іргелі еңбектің 1945 ж. болған талқылауына қатысқанына талдау жасайды. А.Х. Марғұланның КСРО ҒА Тарих институтының Ғылыми кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінен үзінділер келтірілген, онда ол кітаптың тұжырымдамасын дәлелді түрде қорғаған. Зерттеуде тарихи өмірбаяндық әдісті қолдану материалды баяндаудың әдеби-көркемдік әдістерін қолдануға, интеллектуалды өмірбаянның сюжетіне эмоционалдылық беруге және А.Х. Марғұланның жеке

басын бағалауда авторлық ұстанымды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қазақ халқының көне, ортағасырлық, жаңа тарихтарын зерттеу арқылы Ә. Марғұлан өзінің замандастарын қазақ батырлық эпостың әлемімен таныстырып, сонымен бірге, сан ғасырлар бойы қазақ халқы тарихының үзілмес бірегейлігін дәлелдеді.

Әлкей Марғұлан туралы тағы бір еңбектің авторы деп Лев Гумилев атындағы Евразиялық Университеттен А.Шакиеваны айтуға болады. Шакиева А. өз еңбектерінде Әлкей Марғұланның Қазақстанның тарихи мәдениетіне қосқан зор үлесі туралы баяндайды.

Ә.Марғұланды қалың жұрт, негізінен, археолог, этнограф, шығыстанушы және филология тарихын, оның ішінде Қазақстанның тарихи мәдениетін зерттеушісі ретінде білгенімен, бірақ көпшілік оны тарихшы және Едіге туралы қазақ эпосын зерттеушісі ретінде білмейді. 1944 жылы Әлкей Марғұлан Едігенің өмірбаяны туралы «Тарихтағы және аңыздағы Едіге» атты монография жазды. Ол кісі Едіге жайлы: «Едіге – Жошы ұлысы заманындағы дарынды тұлғаның бірі. Оның әділеттілігі мен тапқырлығы, туралығы жайлы елде «қара қылды қак жарғандай әділ» деген сөз қалды. Ол халықтың қорғаны, ақылды саясаткер, ел қамын жеген ер болған. Дүниежүзілік батырлар жырларындағы ең тамаша кейіпкердің бірі- XIV ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың басына дейін өмір сүрген данышпан Едіге. Ол ежелден бері еркіндікті сүйген, батыр болып келген, жауынан тайсалмай қорықпаған қазақ халқының қаһармандық сипатын бойына жинаған нарқасқа тұлға болды. Ел жадында қалған аңыздар бойынша, Едіге бар өмірін Отанына арнаған, сондықтан да оның аты ғасырлар бойы дәріптеліп жасай береді» деп жазған.

1944 жылы 9 тамызда КПБ/ /б/ Орталық Комитеті «Татарстан партия ұйымының бұқаралық саяси жұмысының жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулы алып, онда республика тарихшыларына /әсіресе, Волга бойындағы татарлар, Қырым татарлары және де сібір татарлары, қазақ, қырғыз, өзбек, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, алтайлықтар арасында/ Алтын Орда дәуірінің тарихын көрсетіп, Едіге туралы

эпосты насихаттаған деген бірсыпыра катал сындар айтылған болатын.

Әсіресе, 1947 жылғы 21-қаңтарда шыққан КП/б/ /б/ Орталық Комитетінің «Қазақ Республикасындағы Тіл және әдебиет институтындағы саяи қателіктер туралы» /Степанов Б. /қаулысында Ә.Марғұланға қарсы айыптаулар жаңаша бет алды. Б. Степанов өзінің «Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің идеологиялық қатесі» мақаласында Ә. Марғұланның «Тарихтағы және аңыздағы Едіге» еңбегін қатты сынға алады. Автордың жазуы бойынша, Ә. Марғұлан өз еңбегінде Едігені қазақ халқының нағыз өкілі ретінде, оның үстіне орыс халқы мен қазақ халқының жауын қазақ халқының батыры деп көрсеткен.

Москвалық археолог Л.Кызласовтың ойы бойынша, «Ә. Марғұлан тек кандидаттық дәрежесін қорғау кезіндегі жазған «Қазақ халқының аңыз-әңгімелері» атты жалғыз еңбегі Ленин кітапханасының қорынан уақытында жоғалып кеткенінің арқасында аман қалды» дейді.

Әлкей Марғұланға сол кезде жасалған қуғындаудың кесірінен, академиктің ден-саулығы бұзылып, амалсыздан археология саласына ауысуына себеп болды. Оның баспадан шыққан «Тарихтағы және аңыздағы Едіге» монографиясының бүгінде бір данасы да жоқ. Әлкей Марғұлан болса, НКВД жендеттерінен әрең құтылып, Едіге жыры туралы зерттеулерін тоқтатып, археология саласына ауысып, содан аман қалған. Арада елу жылдан соң Қазақстанда «Едіге» эпосы 1989 жылы ғана «Жұлдыз» журналында жарияланып, тәуелсіздіктің жаршысындай елге оралды.

Кейінгі тарихшыларымыз «жоғарыдан» түсіп тұрған нұсқаулар бойынша Жошы хан, Едіге сияқты атақты адамдардың атын жоюға ұмтылып, олардың қайраткерлігін, кісілігін бұрмалап, жағымсыз кейіпте көрсетуге күш салған. Кеңес заманының талабы бойынша, енді тарихшылар оларды «қаралаушы», «айыптаушы», «жеккөруші» сипатта көрсетуі тиіс болды. Едіге туралы қарама-қайшы пікірлер эпоста да, зерттеулерде де орын алған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жұма-Назар Асанұлы Едіге туралы былай деп жазады: «Едіге талантты

қолбасшы ғана емес, дарынды дипломат еді. Мәселен, Киевті біржолата талқандаған жоқ, керісінше, Литва княздігінің қайтадан көтерілуіне жәрдемдесті. Екінші жағынан Москва княздігін әлсіретуге күш салды. Сөйтіп, бұл екеуін тепе-теңдікте ұстап отыруға тырысты. Едіге өзінің оңтүстіктегі қаһарлы көршісі Әмір Темірмен арадағы қарым-қатынасты жақсартуды да ұмытқан жоқ. 1398 жылы оған сый-сияпат пен елші жіберіп, бетін бері қаратып қойды. 1400 жылы Темір-Құтлық аяқ астынан қайтыс болған соң, билік бір жола Едігенің қолына көшеді. Алтын Орданың халықаралық беделі одан әрі өседі. Мұны көре алмаған Әмір Темір 1402 жылы Алтын Ордаға қарсы жаңа жорық ұйымдастыруды көздейді. Едігенің ұтымды жүргізген дипломатиялық әдісі негізінде арадағы қырғи қабақтық тағы да тоқтайды. Кейбір ғалымдар Едіге Әмір Темірді дипломатиялық әдіспен ғана тоқтатты деп есептейді. Ал шындығында Едіге Ордада тұрақты түрде сан мыңдаған әскер ұстаған». Клавихоның айтуынша: «Едіге өз Ордасында 200 мыңнан астам әскерді ұдайы ұстаған. Сондықтан Әмір Темірдің мұнымен де есептесуіне тура келген».

Профессор Жұма – Назар Асанұлы өзінің ғылыми жұмыстарында Ер Едіге жырларының негізінде терең зерттеулер жүргізіп, ғылыми атақтарын қорғай отырып, бірнеше кітаптардың авторы атанды. Ғалымның зерттеулері мен ұйтқы болуы негізінде Ақтөбе қаласында Едігеге жер бетіндегі ең алғашқы еңселі ескерткіш орнатылып, даңғыл атауы берілді. Жалпы алғанда, әрбір істің бастауы да ұсыныстар мен пікірлерден тұрады. Ал сондай қадірін білген игі істердің мағыналы болуы, халықтың тарихын ұлықтаумен ғана өміршең болмақ. Ұлықтау дегеніміз, ең алдымен ғасырлар бойы сыңаржақ пікірлердің талқысында қалып келген тұлғаларды ақтап, тариха бағасын беру деп түсінеміз.

Ұлытаудың ұшар басында Едігенің обасы бар екені көпшілікке мәлім. Ш.Уәлиханов Едігенің Ұлытаудағы обасына қатысты мақаласының соңында обалар туралы айта келіп, «могилы ли это их или только памятники, определить невозможно до тех пор, пока эти курганы не будут раскопаны» деп қорытынды жасайды.

Барон Пётр Карлович Услар, орыстың атақты лингвист-галымы, этнограф, өзі 1848 жылы жазған «Қырғыз /Қазақ/ даласындағы төрт ай» еңбегінде Ұлытауда болғанан баяндайды. Ұлытауда Едігеге арналған, жұрт арасында «Едігенің моласы» деген ескерткішті көргенін жазады. Ол Едігенің, қазақ арасында тараған аңыз бойынша атақты уәзір болғанын және Жайықтың бойында өмір сүргенін айтады. Бірақ ол бұл ескерткіш сол атақты Едігеге арналғанына, оның ойынша Едіге қайтыс болғасын, соншама алыс жерден әкеліп осы жерге жерлегеніне күмән келтіреді.

Белгілі тарихшы, академик Талас Омарбеков «Ұлытауда Ер Едіге емес, керей Едіге Танашұлы жерленген» дейді. Ер Едіге, негізінен, қазақ жерінің перзенті. Ер Едігенің жерленген жері деп дәлелді сілтеме жасауымыздың себебі - Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы «Едігенің жалы» деген жерде «Едігенің моласы» деген моланың орналасуы. Едігенің жалындағы мола 1869 жылғы патшалық Ресей оқымыстылары жасаған «Атлас Оренбургского края» деп аталатын құпия картада «Едігенің моласы» деп айқын жазылып көрсетілген. 1904 жылы Ресей тарихшы-картографтары сызған «Карта Темирского уезда Уральской области» деген картада да Едігенің осы моласы айқын таңбаланған. 1983 жылғы «Топокарты Генштаба» деген картада да бұл «кладбище Едиге» делінген. Бейіттің қаланған кірпішін зерттеген профессор, археолог Рахым Бекназаров 14-16 ғасыр аралығына жатқызды. Яғни, Ер Едігенің заманына сәйкес болып тұр. Патшалық Ресейдің ескі картасында «Едіге» (Идеге) деген ойпат бар. Бұл жер қазіргі Ақтөбе мен Атырау облыстарының шектескен тұсында, Ноғайты мен Сағыз өзендерінің аралығында.

Кезінде әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы болып, қазіргі кезде Жошы Ұлысын зерттейтін ғылыми институтының директоры, ғалым Жаксылық Мұратұлы Сәбитов былай дейді: «Темір бектің 1391 жылғы Жошы Ұлысына, Тоқтамыс ханға қарсы жорығы кезінде, Едіге Тоқтамыс әскерінің соңына түскен. Құндыршадағы жеңістен соң, Едіге Әмір Темірдің пәрмен-бұйрығымен өз жұртынан әскер жиып, Темір бектің қарамағына қосылуы тиіс болатын.

Едіге болса, әскер жиып алғасын өзінің төре жиені, Жошы ұрығы Темір Құтлықты таққа отырғызып, өзі оның әскер басына айналады.

Едіге 1395 жылға дейін Еділдің шығысындағы жұртта жүріп, өз билігін нығайтумен болады. Темір бектің «Терек соғысында» Тоқтамыс ханды екінші рет жеңуінен соң, Едіге өз шеруін бастап, Жошы Ұлысын түгел дерлік басып алады. Бұл кезде Жошы ұлысы аштық пен жоқшылыққа, оба ауруының құрбанына ұшырап, әбден әлсіреген».

Соңғы кезде мемлекетімізде Жошы ұлысы мен сол кезде өмір сүрген Едігенің тарихына қызығушылық танытушы жас ғалымдар қатары көбейіп келеді. Сол жас ғалымдардың бірі - Жошы ұлысын зерттеу институтының ғылыми қызметкері Талапкер Уалиев.

Т. Уалиевтің айтуы бойынша: Жошы Ұлысы мемлекетінің саяси тарихына қатысты мол тарихи ақпараттар ауызша-эпикалық дәстүрде жатыр. Оның ішінде XV ғасыр ортасында қалыптасқан эпостар цикліне («Қырымның қырық батыры», «Ноғайлы дәуірі жырлары») кіретін «Ер Едіге» жырының ғылыми-танымдық әлеуеті аса зор. Жырда негізінен XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасыр басындағы Жошы Ұлысындағы ішкі саяси дағдарыс, билік үшін өзара талас-тартыстар мен терең саяси-әлеуметтік үдерістер суреттеледі. Жырды зерттеген ғалымдардың басым бөлігі, оның тарихилық, шынайылық деңгейіне жоғары баға береді. Жырдың басты кейіпкерлері – Едіге, Тоқтамыс, Сәтемір (Өмір Темір) – барлығы тарихи тұлғалар. Ал жырдағы орталық оқиғалар – тарихта да орын алған, тек жырда олар әдеби-сюжеттік қабаттармен толықтырылған. Едіге жыры кез келген фольклорлық деректер секілді өз дәуірінің идеологиясын айқындайды, Жошы Ұлысы тарихының ішкі дереккөздері ретінде қабылдауға болады. Мысалға, отандық зерттеушілер Жошы Ұлысы дәуірінде қалыптасқан фольклорлық мұраның маңызына тоқтала келе, «түркі халықтарының (қазақ, ноғай, башқұрт, татарлардың және т.б.) ауызша тарихи дәстүрінде аса зор ғылыми-танымдық әлеует сақталған» деп жоғары баға береді

Осы зерттеу жұмысының материалдар негізін Едіге жырының нұсқалары мен тарихнамалық материалдар, яғни белгілі бір тарихи кезеңдерде тарих ғылымына тән үрдістерді тікелей көрсететін тарихнаманың тікелей пәнін білдіретін дереккөздер (ғылыми әдебиет) құрайды. Дереккөздердің бұл санаты жалпы осы зерттеу тақырыбымен сәйкес келеді. Ол, ең алдымен, белгілі бір ғалымдардың «Ер Едіге» жыры, тарихи Едіге мен эпостағы Едіге бейнесі, эпостың ареалы туралы көзқарастарын көрсететін әдебиеттермен ұсынылған. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі тарихнамалық зерттеулерге тән әдістер қолданылды. Осы жұмыста қарастырылатын ғылыми мәселенің тарихи кезеңдік ерекшеліктері болғандықтан және оларды белгілеп көрсету үшін хронологиялық әдіс қолданылды. Осы әдіспен бір бағытта жалпы ғылыми ауқымда да, жекелеген елдерде тарих ғылымының дамуы шеңберінде де тарихнамалық ойдың өзгеру кезеңдерін анықтаудың маңызды әдіс – периодизация (кезеңге бөлу) әдісі қолданылды. Сондай-ақ, бұл әрбір белгіленген кезеңнің хронологиялық шеңберін негіздеу, белгілі бір тарихи оқиғалар мен фактіге байланысты орын алатын негізгі «тарихнамалық дәуірлерді» анықтау міндетімен тығыз байланысты. Жыр зерттеу тарихын тарихнамалық дәстүр бойынша салыстырмалы төрт кезеңге бөліп қарастырылады: 1) революцияға дейінгі (XIX ғасыр II жартысы – Советтік билік орнағанға дейінгі кезең), 2) сталиндік-советтік (1920-1950-ші жылдар), 3) постсталиндік-советтік (1960-1980-ші жылдар), 4) қазіргі заман кезеңі (1990 жылдар және бүгінгі күндер). Біз барлық кезеңді бір мақала аясында сипаттау мүмкіндігі мен әлеуетінің төмен болуына байланысты осы жұмыста алғашқы екі кезеңді талдаумен ғана шектелеміз, ал қалған екі кезеңді қарастыруды болашақ зерттеулердің еншісіне қалдырамыз. Зерттеуде Едіге жырының тарихнамалық кезеңдері тарихнамалық зерттеулерге тән концептуалистік және антропологиялық зерттеу үлгілері негізінде қарастырылды. Концептуалистік зерттеу үлгісі бойынша тарихнамалық мәселе аясында авторлар идеяларының, концепцияларының эволюциясы, мәтіндегі әдіснамалық теориялар мен әдіс тәсілдер тұрғысында қарастырылса, антропологиялық үлгі бойынша

алдыңғы орынға автордың шығармашылығына ықпал-әсер ететін қоршаған ортасы шығып, билік жүйесі, идеология, ғылыми қауымдастықтар мен жеке өмірі, ғалымның зертханасы тұрғысында сөз қозғалады.

Яғни, бірінші кезенді қарастыру барысында көз алдымызға Едіге жыры туралы тарихи-ғылыми білімі қалыптасып, қарапайым күйден күрделі күйге ауысып дамуы орын алады. Екінші кезеңде де Едіге жырына қатысты ғылыми білімнің дамуын анық көре аламыз және 2-дүниежүзілік соғыс жылдары барысында осы тақырыппен қызығушылықтың шарықтау шегіне жеткеніне көз жеткізе аламыз. Алайда, екінші кезең үшін советтік биліктің сталиндік басқару жүйесіне ауысуы себепті ғылымда әдіснамалық және идеологиялық тұрғыда күрт және күрделі бұрылыстардың орын алуы едігетанудың ғылымтанымдық әлеуетіне қарама-қайшы нәтижелер берді. Сондықтанда екінші кезенді ғалым – билік тұрғысында қарастыру тиімді көрінеді. Нәтижелер: Едіге жырын зерттеудің бірінші кезеңі Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, И.Н. Березин, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, П.М. Мелиоранский, П.А. Фалев, В.В. Бартольд және т.б. зерттеушілердің есімдерімен тығыз байланысты. Бұл кезеңде Едіге эпосы бойынша бейнелеп айтатын болсақ, «бастапқы ғылыми капитал», эмпирикалық деректерді жинау жүзеге асырылды. Едіге жырын зерттеудің бірінші кезеңін тарихнамалық зерттеулердегі концептуалистік тәсілмен қарастыру арқылы, Едіге жыры бойынша ғылыми білімнің қалыптасуының белгілерін (алғаш рет бірнеше ғылыми мәселелер мен міндеттер қойылғанын) көре аламыз. Бұл кезеңнің зерттеушілері жергілікті жыршы-ақындардан жырдың ауызша нұсқаларын естіп, хатқа көшіріп жинап, орыс тіліне аударумен ғана шектелген жоқ. XX ғасырдың басында зерттеушілер жинақталған «бастапқы ғылыми капиталды» негізге ала отыра, Едіге эпосы бойынша алғашқы талдау жұмыстарын жүргізе бастады. Ер Едіге жыры жазба түрінде алғаш рет 1820 жылы «Сибирский вестник» журналының беттерінде Сібір зерттеушісі, тарихшы Г. Спасский жарияланған болатын. Зерттеуші өз жарияланымында жырдың қазақ нұсқаларының бірін пайдаланып, оны қара сөзбен орыс тіліне

аударып баспаға «Идиге. Киргизская сказка» атаумен шығарады [13, 358-373-б.]. Ал 1830 жылы А. Ходзько Астрахань ноғайларынан Едіге жырын жазып алып, 1842 жылы Лондонда ағылшын тілінде жарыққа шығарады (Жирмунский, 1974: 351). 1841-1842 жылдары Шоқан Уәлиханов және оның әкесі Шыңғыс Уәлихановпен жазылған нұсқалардың тарихи маңызы өлшеусіз екені мәлім. «Уалиханов-Мелиоранский» классикалық варианты [11, 353-б.] деген атаумен ғылыми әдебиетке енген бұл жазбаның құндылығы бағасыз. Едігетану шынайы түрде ғылым саласы ретінде осы Шоқан Уәлихановтың көшірме қағаздарынан бастау алады деп айтуға болады. Ш. Уәлиханов Едіге жырының тарихи оқиғаларға негізделгенін атап өтіп, тарихи жыр деп («самый замечательный исторический джир киргизский, это – Идиге») сенімді түрде атайды [12, 230-б.]. П.М. Мелиоранский Едіге жыры өз бойында Алтын Орда мен XIV ғасырдың соңында қырғыз даласында маңызды роль атқарған көптеген тарихи тұлғалардың есімдерін сақтауымен аса зор қызығушылық тудыратынын айтқан болатын [14, 6-б.]. Академик В.М. Жирмунский «Шоқан нұсқаларын» жыр мәтінінің филологиялық тұрғыдан да, нұсқаның мазмұны бойынша зерттеуде ең сенімді дереккөз деп атайды [11, 351-б.]. Отандық зерттеуші мамандар осы нұсқаны «Едіге туралы бар жырлардың ішінен көркемдігі, көлемі, көнелігі жағынан ең құндысы» деп жоғары баға береді. [15, 394 –б.]. Сонымен қатар, бұл нұсқа бірнеше рет басылып, Едіге жырын «Шоқанның классикалық нұсқасы» аясында зерттеу тарихнамалық дәстүрге айналып үлгерді. Аталмыш нұсқа 1927 жылы Қаныш Сәтбаевтың кішігірім түзетулерімен және алғысөзімен Мәскеуде «Ер Едіге» деген атпен шықса, 1934 жылы жазушы С. Сейфуллин құрастырған «Батырлар жырларының жинағында» және 1939 ж. С. Мұқановтың «Батырлар жыры» жинағында жарыққа шығады [11, 353-б.]. Шоқан нұсқасы өзінің ғылыми маңыздылығын Тәуелсіздік жылдарында да жоғалтпай, әлі күнге дейін өміршеңдігін сақтап отыр. Атап айтқанда, 1990-шы жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін Едіге жырының Шоқан нұсқасы елімізде қайтадан бірнеше рет басылып шықты [15, 392-б.]. Ш. Уәлихановтан кейін, Едіге жырының нұсқаларын жинастыру ісін

академик В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә.А. Диваев және т.б. ғалымдар жалғастырады. Жалпы осы кезеңде қазақ халқының ауыз әдебиетін, фольклорлық мұрасын жинау жұмыстары кең қанат жайып, жинақтардың саны арта түседі. Фольклортанушы мамандардың пікірі бойынша «1860 жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиеті кең түрде жинала бастаған... Қазақ фольклорын жинаумен қатар, зерттеу мақсаты 1880-1900 жылдар арасында мықтап қолға алынды». Мәселен, В.В. Радловтың (1837-1918) мамандығы бойынша тілтанушы-ғалым болуы да, оның шығармашылығына өз ізін түсірмей қоймаған секілді. Оның фольклорды жинау әдісіне халық ауыз әдебиет мұраларын өзгеріссіз дәл жазып алуға тырысқаны белгілі [16, 148-б.]. Ол 1866-1872 жылдары аралығында «Едіге» жырының Омбы татарларынан үш, телеуіттерден бір нұсқа жазып алып, кейін 1896 жылы Қырым даласынан тағы да төрт нұсқасын тауып, «Образцы народной литературы северных тюркских племен» атты еңбегінде жариялайды. В.В. Радлов еңбектерінде негізінде – жергілікті түркі халықтарының тілдік құрылысын дұрыс түсіну идеясы және сол мақсатта этнографиялық материалды қысқартусыз, өзгертусіз жазып алу болса, көрнекті фольклортанушы, этнограф Г.Н. Потанинді «фольклордың көне түрі болып саналатын қазақтың аңыздары мен ертегілері көп қызықтырған» [17, 19-б.]. Г.Н. Потанин тарихи Едіге мен миф-аңыздық Едіге екі бөлек заманда өмір сүрген жайлы пікірді ұсынады. Зерттеушінің пікірінше, аңыз Едіге бейнесі Алтын Орда дәуіріндегі тарихи Едігеден бұрын пайда болған және аңыз бейне Сүлеймен патша мен Шыңғыс хан бейнесінен көшіріліп, кейін тарихи Едігеге бейімделіп өзгертілген. Жыр түркі-татар халықтарына батыстан шығысқа қарай емес, керісінше шығыстан (моңғол араласып, Шыңғыс хан бейнесі Едігемен алмастырылған) батысқа қарай тараған [18. 323-324-бб.]. Жалпы, Потаниннің осы құрылымы ерекше, ойлары жүйрік еңбегінде тарихи фактологиялық қателіктер тым көп кездеседі. Оның мифтық Едігенің қасиеттері кейін тарихи Едігеге танылды деген болжамын В.В. Бартольд жоққа шығарып дәлелдегені белгілі [19, 369-370-бб.].

Алайда, Едіге жырын алғаш рет терең ғылыми талдау жасаған шығыстанушы, Петербург университетінің профессоры П.М. Мелиоранский болды. Профессор П.М. Мелиоранский Шоқан нұсқасын алғаш рет 1905 жылы Санкт-Петербургте жарыққа шығарады. П.М. Мелиоранский жырға алғысөз жазып, қызықты қорытындыларға келеді. Атап айтқанда, Едіге мен Токтамыс жайлы жырдың жекелеген бөліктері жырдың басты кейіпкерлері өмір сүрген уақыта пайда болуы мүмкін деген жорамал жасайды: «Мы думаем, что сказание об Едиге и Токтамыше сложилось давно; вероятно даже певцы слагали отдельные песни о них еще во время их жизни» [14, 13-б]. Жоғарыда келтіріліген жайттар, едігетанудағы П.М. Мелиоранскийдің орнын ерекше айқындап белгілеуді қажет етеді. Академик В.М. Жирмунский кезінде П.М. Мелиоранскийді Едіге туралы эпикалық әңгімелердің зерттеушісі ретінде осы бағытта алғаш жол салған ғалым ретінде бағалағаны мәлім [11, 142-б.]. Шынында да, П.М. Мелиоранскийдің едігетанудағы орны мен рөлі аса зор. Ол Едігеге қатысты жырлар мен аңыздардың тарихи негізін айқындап, эпикалық негізгі кейіпкерлерді тарихи тұлғалармен теңестіріп, олардың байланысын анықтады. Ғалым Шоқан нұсқасын Едіге жырының ноғай, қарақалпақ, Сібір татарлары мен Қырым татарларының нұсқаларымен салыстырып, едігетану саласындағы болашақ зерттеулерге бағыт бағдар қойды: «жырдың нақты таралу аймағын анықтау, барлық нұсқаларды салыстыру, әзірге белгісіз нұсқаларын жинап, аудару және жариялау» [14, 14-б.]. Сонымен қатар, П.М. Мелиоранский едігетану саласында өзіндік мектепті қалыптастырды десек артық болмайды. Едіге жырын зерттеу барысында П.М. Мелиоранскиймен белгіленген ғылыми мәселелер (Едігенің шығу тегі, эпостың таралу аймағы) мен міндеттерді өзектілігін жоғалтпай, кейінгі зерттеушілердің жұмыстарына арқау болады. Оның ісін жалғастырған дарынды шәкірттері де болды. Мысалға, И. Беляев Шымбайда Едіге жырының қарақалпақ нұсқасын хатқа түсіріп, ғылыми айналымға енгізсе [14, 352-б.], П.М. Мелиоранскийдің ең ірі әрі танымал шәкірті және кафедрада ізін басушы, академик А.Н. Самойлович Едіге

жыры бойынша ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1911 жылы ол ұстазының Едіге жырының нұсқаларын салыстыру идеясын іске асыру мақсатында Петербург университетінің қабырғасында өз шәкірттеріне «Едіге мен Тоқтамыс туралы дастанының белгілі нұсқаларын тілдік, поэтикалық түрі мен мазмұны жағынан салыстыру және аңыздың орыс тіліндегі жиынтық мәтінін даярлау» медальдік (дипломдық) ғылыми жұмыс тақырыбын ұсынады [20, 186-б.]. Ғылыми жұмыс үшін медальді А.Н. Самойловичтің дарынды шәкірті П.А. Фалев ұтып алады. П.А. Фалев жоғарыда айтқандай, бұл еңбекте Едіге жыры және онымен бірге Шора батыр жырлары қазақ даласына ноғайлармен бірге келген деген даулы (Мелиоранский пікірімен үндес) теорияны ұсынады. Оның айтуы бойынша «Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін, ноғайлықтар өздерінің даңқты әскери тарихын ұмытпай, өз ұлыстарынан сыртқа шығып, көрші хандықтар мен тайпаларға әскери істерге араласып, жалданып қызметке тұрған. Осы тарихи кезеңде олар өздерімен бірге жырларын тұтас Орта Азия мен Алтайға дейін таратады» [20, 187-188 бб.]. Осы тұста айта кететін бір жайт, 1938 жылы А.Н. Самойлович кезінде қазандық зерттеуші Н. Хакимовпен омбылық татарларлардан жазып алынған Едіге жырының нұсқасына алғысөз жазып, онда ол П.М. Мелиоранский, П.А. Фалевтің Едіге жырының ноғайлық шығу тегі туралы теориясына С. Сейфуллиннің «Батырлар жырлар жинағы» еңбегінде (1934 ж) қарсы ой-тұжырым айтқан ұстанымын қолдайды. Осы жерде А.Н. Самойлович Едіге жырының шығу тегіне байланысты аса маңызды ой тастайды: «С. Сейфуллин қазақтар мен ноғайлар тарихы мен эпосының ішкі байланысына назар аударуды талап етеді және бұл уәжбен келіспеуге болмайды, бұл өз кезегеніде Едіге жыры және өзге де ноғай жырлары тарихи тұрғыдан тек ноғайлардың ғана емес, қазақтардың, қарақалпақтардың және тарихы Алтын Орданың бай тарихи өткенімен байланысы бар халықтардың ортақ мұрасы болды деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді» [20, 191-б.]. Осылайша, Мелиоранский мектебі мысалында біз ХХ-ғасырдың 20 жылдардың екінші жартысына дейін Едіге жырына қатысты ғылыми білімнің қалыптасып, алғашқы теориялық

тұжырымдардың пайда болғанына көз жеткізе аламыз. Ғылыми талдау жұмыстары ғылыми кеңістіктің орталығында, Ресей империясының ірі қалаларындағы оқу орындарында шығыстанушы ғалымдармен жүргізілсе, перифериялық аймақтарда, фольклорлық деректермен жұмыс әлі де болса жоғары кәсіби-ғылыми деңгейге көтеріле қойған жоқ еді. Дегенмен де баяу болса да, орталықтың ғылыми білімінің ықпалы жергілікті аймақтарға жетіп, ғылыми білімнің нышандары орын ала бастайды. Біріншіден, жарияланымдар саны арта бастайды. Мысалы, 1900 жылы ресейлік империялық билікті насихаттаушы «Дала уәлаяты» газетінің 47 санында «Орта жүз» атты бүркеншік есіммен Отыншы Әлжановтың «Едігенің төресі» атты мәтіні жарыққа шығады [15, 347-б.]. Шамамен осы уақыт аралығында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да Ер Едіге туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелерді жинастырып, жариялайды. [15, 346-б.]. Екіншіден, сан сапаға ауыса бастайды. Шамамен, 1920-шы жылдардың басынан бастап, қазақ фольклорын, соның ішінде Едіге жырын жинау және жариялау ісі бұқаралық көпшілікке арналған еңбектерден ғылыми-көпшілікке бағытқа ауыса бастағанына көз жеткізе аламыз. Енді фольклорлық материалдарды өз күшімен жинау, жариялаумен әуесқой ізденушілер айналыспайды. Кеңестік билік осы бағытта зерттеу жобасын құрып, оған арнайы білімі мен біліктілігі бар адамдарды этнографиялық экспедицияларға жұмылдырады. Осындай экспедициялардың нәтижесінде 1922 жылы Ташкент қаласында Әбубәкір Диваевтың «Батырлар» жинағы шығады. Бұл жинаққа XIX ғасырдың аяғында XXI ғасырдың аяғында халық арасынан жиналған фольклорлық мұра іріктеліп, Қобыланды батыр мен Шора батырға арналған жырлармен бірге Едіге эпосының кезекті нұсқасы еніп, ол «Мырза Едіге батыр» деген атпен жарияланады [17, 118-б.]. XX ғасырдың 20-шы жылдың ортасы және 40-шы жылдардың ортасы Едіге жырының зерттелу тарихының екінші кезеңі деп атауға болады және бұл жырды зерттеудің ең гүлденген кезеңі болды. Әсіресе, 1925-30-жж. аралығын ерекше бөліп атауға болады. Бұл кезеңде советтік марксистік тарихи мектебінің қалыптасуы әлі аяқталмаған еді, сондықтан кейбір тарихшылар үшін саяси тақырыптардан тыс

бағыттармен айналысуға мүмкіндіктері болды. Сонымен қатар, осы кезеңде одақтас республикаларда ұлттық мәдениет жанданып, тарихи және фольклорлық зерттеулер қарқын алды. 1925 жылы 18 маусымда (Сталин билікте отырғаны бір жыл) шыққан Коммунистік партияның Орталық Комитеті «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысы әдебиет саласындағы жаңа бағыт айқындала түседі. Қаулыға сәйкес, пролетариат диктатурасын орнатқан елдің мәдениетін де пролетариат мүддесіне ыңғайлау керек. Осы қаулы аясында жүргізілген шаралардан кейін өзге ұлттық әдебиеттердегідей, қазақ әдебиетінде де таптық көзқарас үстем болып, қазақ қоғамын бай мен кедейге бөліп, кедейден жағымды кейіпкер, ал байдан қас дұшпан кейпінде суреттеу белең алды [21, 17-6]. Осы кезеңнен бастап, қоғамдық ғылымдар, мәдениет саласының бағытында терең бет бұрыстар орын алып, қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер ғылым мен мәдениеттің мазмұнын, ғалымдардың шығармашылығына, олардың «ішкі лабораториясына» өз әсерін тигізді. Осы тұрғыда Қ. Сәтбаев пен Ә. Марғұлан сияқты ғалымдардың шығармашылығын, оның зерттеу бағыты мен нысанының күрт ауысының (Ә. Марғұланмен болған оқиға) себебін ғалымның жеке өмірбаяны аясында қарастырған жөн деп санаймыз. 1925 жылдың ортасынан бастап, советтік жас билік таптық танымды барынша үгіттеп, И.В. Сталиннің болашақ социалистік мәдениет жайлы әйгілі «мазмұны бойынша пролетарлық, түрі бойынша ұлттық» тұжырымдамасын (Сталин, 1952: 138) ұсынады. Қоғамда жоғары жақтан келген сұранысты дәл ұғып, оның қалыбы мен мазмұнына сай келетін төменнен ұсыныс қажет болды. Жаңа идеологияға жаңа кейіпкерлер, жаңа үлгілер керек болды. Ондай кемел тұлғаны тарихи өткеннен іздейтіні белгілі. Осы жылдары Қ. Сәтбаев сияқты зиялы қауымның жас буыны жоғарыдан келген ұсынысты дәл ұғып, советтік-марксистік идеологияға сай келетін кейіпкер ретінде Едігені ұсынады. Қазақстанда Едігені канонизациялау үдерісі басталып, енді Едіге эпикалық батырдан идеологиялық қаһарманға көбірек ұқсай бастайды. Едігені ұлттық (шын мәнісінде советтік марксистік) қаһарман ретінде пайдаланудың өз логикасы болды. Тарихи

Едігенің Шыңғыс хан ұрпағы болмауы, әрі халық арасында Едіге жайлы «Ел қамын жеген Ер Едіге» сияқты эпитеттердің таралуы, оның бейне-образын советтік қоғамға жат «хандық-феодалдық» өткенге қарсы қоюға өте ыңғайлы болып шықты. Жырдың Мәскеуде жариялануының да маңызы зор болды және осыдан кейін Қазақстанда Едігетану ерекше қарқын алды. Тарихшы Ж. Сабитовтың пікірі бойынша 1927 жылдан бастап, елде жаппай канонизациялау басталады. Қ. Сәтбаев айналасына жиналған «Сәтбаев тобы» - ғалымдар, жазушылар, ақындар мақсатты түрде Едіге бейнесін алға жылжытып, Едігеге арналған мақалалар, өлеңдер жазылады, көркемдік кештерде сахналық қойылымдар жүреді. Енді қарасүйек Едіге марксистік таным бойынша қарапайым халықты қанаушы («эксплуататор») хандар мен бай-феодалдарға қарсы күрес жүргізген, «ел қамын жеген Ер Едігеге» айналып, советтік қазақ тарихының басты ұлттық қаһарманы болып шыға келді (Сабитов Ж. «Золотая Орда для казахов – это то же самое, что и распад СССР»)

Қ. Сәтбаевтың 1927 жылғы кітабының сөз басы бөлімінде біз әлі айқын марксистік сарындағы ойларды көре алмаймыз, тек оның жұмсақ сұлбасын ғана байқаймыз. Себебі түсінікті де, бұл уақытта советтік ғылымның басты постулаттары мен қағидалары әлі қалыптасып үлгермеген кез. Қаныш Сәтбаев «Ер Едіге» кітабына сөз басында жырдағы Едігенің жағымды бейнесі халықтың шығармашылығынан туған дүние екенін көрсеткісі келеді, оны халықтың сүйген батыры, әділ биі ретінде ерекшелеп көрсетеді: «...ел аузындағы ескі сөз көпшіліктің ар иманының айнасы деуге болады. ...Көпшілік екпінді, қауырт: оның бетінде орталық болмайды. Біреуді сүйсе оны тым ардақтайды, бойына жапсырмайтын қасиеті болмайды: теңіздей терең ақыл, болаттай берік қажыр, таудай биік дәреженің бәрін де оның бойына жалғайды. Едіге осындай ел сынының шын сүйген, шын ардақтаған ерлерінің бірі» [22, 327-б.]. Едіге жырын насихаттау, зерттеу соғыс жылдарында да жалғасты. 1942 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ.И. Сәтбаев Мұрын жырауды Алматыға алдыртып, оның жадында (академик С. Садырбаев пікірінше, жырау 40 мың жолдық жырды жатқа айтқан [23, 12-б.] сақтаулы әдеби мұраларды ғалымдарға

жаздыртып алады [15, 425-бб]. Соғыс жылдарында фольклорлық мұраны жинаудың өз мақсат-міндеттері болған сияқты. Майданда, түркі халықтарынан шыққан жауынгерлер Ер Едіге есімін ұран етуі, билікті батырлар жырларының кейіпкерлерін кеңірек, бұқаралық деңгейде насихаттауға итермелеген сияқты [24, 92-б.], [Абткаримов, 2019: 48]. Соғысқа дейінгі жылдары батырлық жырларды, соның ішінде Едіге тақырыбымен ғылыми түрде зерттеуге Әлкей Марғұлан да айналыса бастайды. Осы жерде Ә. Марғұланның одан арғы ғылыми және ғылыми-көпшілік ізденістеріне зер салатын болсақ, 1938-1946 жылдар аралығында ғалым негізінен фольклорлық зерттеулермен айналысқанын көре аламыз [25, 25-б.]. 1947 жылдан бастап, ғалымның зерттеу бағытында күрт бұрылыстар, орын алып, ол енді археологиялық зерттеулер тақырыбында мақалалар жариялап, археология саласына бір жолата ауысқанын көре аламыз (оған дейін ғалымның археология саласы бойынша шыққан бірде бір мақаласын көре алмаймыз). Ғалым кейінгі 1931-1934 жылдары Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының (ГАИМК - Государственная академия истории материальной культуры) аспирантура бөлімінде оқиды. Алайда, осы жылдары денсаулығына байланысты ғылыммен толыққанды айналыса алмайды [26, 63-б.]. Осыған қатысты. Ә. Марғұланның ғылыммен айналыса алмаудың өзге де болжамды себебі айтылады. Ленинградтық оқу жылдарында жас ғалым Алаш зиялыларымен тығыз байланысы үшін ОГПУ назарына іліккен сияқты (Азаров, 2019). 1937 жылы ғалым ғылыми зерттеу жұмыстарын қайтадан бастап, 1938 жылы «Халық мұғалімі» журналының №23/24 санында «Халық жырын туғызудағы мотивтер» атты эпос тақырыбында алғашқы мақаласы шығады. Ал 1940 жылы осы тақырыпта екі мақаласы шығады - 1) «Эпос жыры туралы». Халық мұғалімі журналы, №4, 2) «Едыге и Орак Мамай». Литература и искусство Казахстана, №2 (Марғұлан, 1984: 34). 1941 жылы Литература и искусство басылымында «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» атты мақаласы, 1944 жылы «Едыге в истории и преданиях» атты кітабы жарыққа шығады. 1945 жылы «Эпические сказания казахского народа» («Қазақ халқының эпикалық жырлары, мифтері, ертегілері, аңыз

әңгімелері») тақырыбында қазақ ғылымы тарихында (батырлық жырларды зерттеу саласында) алғаш рет докторлық диссертация қорғайды. Алайда, 1947 жылдан бастап, филология саласының (екі мәрте) дипломды маманы тарих саласы (археология) бойынша еңбектерді жариялай бастайды [25, 36-б.]. 1944 жылы 9 тамызда Едіге жырын ұлтшылдық элементтері бар деген айыппен Татарстанда шыққан Қаулының салқыны көп кешікпей Қазақстанда да сезілді. 1947 «Қазақстан большевигі» газетінің бірінші санында партиялық қызметкер Б. Степановтың «Қазақстанның қоғам ғылымдары қызметкерлерінің идеологиялық қателіктері» атты мақаласы шығады. Мақалада Б. Степанов «қоғам ғылымдары қызметкерлерінің ісіндегі ірі бір кемшілік, олардың күнделікті тақырыптардан, Қазақстан өмірінің совет дәуірі кезіндегі мәселелерден қол үзуі, қазақ халқының революцияға дейінгі өткен өмірінің тақырыптарымен айрықша шұғылдануы болып отыр» деп сынайды [26, 36-б.]. Оның айтуы бойынша Қазақстанда Азамат соғысы туралы, «Ұлы Октябрь» революциясы туралы, Қазақстанды социалистік индустрияландыру және ұжымдастыру туралы, мәдени революциялар туралы монографиялар жоқ [26, 37-б.]. Тарихи шындықты бұрмалау айыбы Ә. Марғұланға да тиеді. Әңгіме Ә. Марғұланның «Едыге в истории и преданиях» (1944 ж.) еңбегі жайында. «Филология ғылымдарының докторы Марғұлан өзінің «Тарихтағы және ел аузындағы Едіге» деген кітабында қазақ халқының барлық жақсы ерекшеліктерін орыс халқының зұлым жауы Едігенің басына үйіп төгеді, оның халықтың нағыз уәкілі деп атайды. Тарихи шындықты бұрмалау мақсатымен, авторы тура фальсификацияға түсіп отыр» [26, 42-б.]. «Тарихты фальсификациялап, Марғұлан тек орыстың ғана емес, қазақ халқының да жауын – қазақ халқының «батыры» етеді» [26, 42-б.]. Б. Степановтың мақаласынан кейін репрессивті машина қарқын алып, идеологиялық қысым ХХ ғасырдың 50 жылдардың ортасына дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында тарихшы ғалымдар бұрынғы тезистерінен бас тартып, ғылыми мәтіндеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізуге мәжбүр болады. Ә. Марғұлан партиялық билік тарапынан дау туғызған «Едыге в истории и преданиях» атты кітабын қолданыстан алып,

жойып жіберген сыңайлы (кітаптың бір де бір данасы осы күнде табылмай отыр). Саяси-идеологиялық қысым ХХ ғасырдың 50-ші жылдарына дейін жалғасып, И. Сталин өлімінен кейін ғана тоқтады. Ал оның салдары 70-80-ші жылдарға дейін созылып, Едіге тақырыбын зерттеуге тыйым салынды. Бұл едігетану саласына, оның ғылыми әлеуетін әжептеуір тежеп, ғалымдар бұл тақырыптан айналып өтуге мәжбүр болды. Тек 1970-ші жылдары академик В.М. Жирмунскийдің Едіге жырының тарихнамасына қатысты мақаласы [11, 141-185-бб.] шығып, едігетану саласындағы үнсіздік тыйылады.

Қорытынды: Едіге жырын зерттеу тарихының кезеңдерін қорытындылай отыра, олардың келесі негізгі ерекшеліктерін атап өтуге болады. ХІХ ғасыр аяғына дейін Едіге жырын зерттеу көбінесе этнографиялық сипатта (жинау, қағазға түсуі, аудару) жүрсе, ХХ ғасырдың басынан бастап, Едіге жырына қатысты алғашқы ғылыми талдау жұмыстары жүргізіледі. П.М. Мелиоранский және оның шәкірттері Едіге жырына қатысты, оның пайда болу, таралу орны бойынша даулы теориялар ұсынып, кейінгі зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне бағыт бағдар берді. Дегенменде, осы кезеңде Едіге жырын зерттеудің ғылыми мектебі қалыптасып, зерттеу жұмыстарының саны мен сапасы артқанымен, бұл зерттеулерге кәсіби тарихшы көзқарасымен жазылған еңбектер жетіспей тұрды. П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович және т.б. ғалымдар Едіге жырының тарихилық деңгейіне жоғары баға бергенімен, олар негізінен филологиялық (жанрлық, поэтикалық көркемдік, тілдік, көлемдік ерекшеліктер) тұрғыда зерттеп, тарихи мәселелерді өз еңбектерінде тек жанама түрде талдады. Едіге жырын зерттеудің екінші кезеңінде советтік билік едігетану саласын қысқа уақыт ішінде таза ғылыми бағыттағы жолынан, идеологиялық құралдың кезекті ролін атқарудың тайғақ жолына түсірді.

Енді Едіге жайлы зерттеулердің бағытын ғылыми мақсат-мүдделер емес, советтік шынайылық күнтізбіндегі саяси міндеттер анықтап отырды. 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдарда Қ. Сәтбаев және әсіресе, С. Сейфуллин, С. Мұқанов еңбектерінде марксистік идеологиялық танымға сай

Едігеден жаңа жинақ бейне жасала бастайды. Осылайша, эпикалық Едіге «советтік Едігеге» айналып, Ер Едіге эпосы – таптық күресті әйгілейтін халықтық жырға айналады. Советтік билік идеологиялық майданда терең әрі кенеттен «бұрылыстар» жасап отырғандықтан, тарихшылардың мансап, тіршілік үшін күресі олардың бойынан асқан машықтар мен қабылеттерді талап етті. 1944 жылғы Татарстанда шыққан Қаулыдан кейін Едіге жырымен айналысқан ғалымдарға қудалау науқаны жүріп, едіге саласының қарқынды дамуын тежеген болатын. Едіге жыры батырлар жыры жинақтарынан шығарылып, едігетанушы ғалымдарға (Ә. Марғұлан оқиғасы) өз зерттеу нысанын ауыстырып, қауіпсіз әрі қолайлы тақырыптарды таңдауға тура келді. Нәтижесінде, Едіге мен Алтын Орда тақырыптары отандық тарих ғылымынан ұзаққа тыс қалды.

Бірақ біржақты көзқарас қалыбына Едіге сыймайды. Едігеге тек теріс баға беріп қана қоймай, оған ақ пен қара түсті ғана емес, түрлі-түсті баға берген, яғни Едігенің сол кезде қалыптасқан жағдайларға байланысты әрекет еткені туралы түйінді пікірлер айтқан Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, В.Трепавлов, Т.Сұлтанов, тағы басқа зерттеушілер «Едігені Алтын Орданы белгілі бір уақыттары қайта күшейтті, оның билеген кезінде Алтын Ордада ислам діні біржола орнықты. Едіге балаларды құлдыққа сатуды тоқтатқан. Бұл жағдай Сирия мен Египеттегі құл базарларына бірден теріс ықпал еткен» деп жазды.

2024 жылдың наурыз айының 15-жұлдызында өткізілген үшінші Құрылтайдың отырысы тарихи өлке – Атырау жерінде болды. Бұл Құрылтайдың Жайық жағасында өткені тегін емес, себебі әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Құрылтайдың ашылу салтанатында сөз сөйлеген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «біз болашаққа сеніммен нық қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз керек.

Қазіргі уақытта өткен оқиғаларға, белгілі бір тарихи тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Дәл осындай сөз тартыстардың ақиқатына жету қиын.

Әр дәуірдің өз ерекшеліктері бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті.

Жалпы, бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, бұның бәрі – біздің тарихымыз. Бұл – халқымыздың жүріп өткен жолы. Сол себепті, қалай десек те, тарихымызға шынайы көзбен қарап, оны сол қалпында қабылдауымыз керек.

Ұлт жылнамасы елді біріктіретін фактор болуы тиіс. Өткен заманды орынсыз қазбалау жақсылық әкелмейді, оның пайдасынан гөрі зияны көп. «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп халқымыз бекер айтпаған. Сондықтан, зиялы қауымның, ең алдымен, еліміздің бірлігін нығайтуға баса назар аударғаны жөн. Зиялы қауым өкілдері бір-біріне өзара жанашыр, тілектес болса, түптеп келгенде, елге жанашыр болу деген сөз. Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпыұлттық деңгейде ойлауға ұмтылуымыз керек. Сондықтан, шежіре біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Шын мәнінде, жеке мүддесін емес, ел мүддесін бәрінен биік қоятын азаматтар елге үлгі болуы қажет».

### **Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі**

1. Құл-Мұхмед. Мөңке би: аңызы мен ақиқаты// «Егемен Қазақстан» газеті, 2003ж. 18-21 қарашадағы сандары.
2. Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, -Алматы, 1989,
3. Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. - Алматы, 1990,
4. Сейфуллин С. Әдебиет тарихы. -Алматы, 1932,
5. Клавихо Г. История великого Тамерлана // Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. - М., 1992
6. Зимин Л. Подробности смерти Тимура. // Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. М., 1992, с. 499-500.
7. Қойгелдиев, М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы / М. Қойгелдиев, Р. Сыздықова. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1991. – 272 б.

8. Валиханов, Ч. Собрание сочинений [Текст] : научное издание. В 5-ти т.; Т.1 / Ч. Валиханов. - Алма-Ата : Главная редакция Казахской Советской Энциклопедии, 1984. - 432 с
9. Коммунистическая партия советского союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК 1955-1959 . Т. 7, 1971. - 559 с.
10. Шәріпов Ә. Сойқанды жылдар // Жұлдыз, 1992, №7
11. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л.: Наука. 1974. 725 с.
12. Валиханов Ч.Ч. Записки императорского русского географического общества по отделению этнография Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова / под. Ред. Н.Н. Веселовского. – Санкт-Петербург: типография Главного Управления Уделов, 1904. – 622с.
13. Спасский, 1820 – Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // Сибирский вестник. 1820. Ч. IX–XI. С. 118.
14. Мелиаранский П.М. Сказание об Едигее и Токтамыше.- С-Петербург: Типо-Литография И.Бораганского и К, 1905. – 67 с.
15. Бабалар сөзі: Жүз томдық. - Астана: «Фолиант», 2006. Т. 38: Батырлар жыры. - 2006. - 332 бет
16. Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т.. Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы. Монография. –Алматы, Әдебиет әлемі, 2017. –336 б.
17. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография.-Павлодар. 2007.-381 б.
18. Потанин Г.Н. "Тюркская сказка о Идыге". Журнал "Живая старина", вып. IV С.-Петербург, 1897.
19. Бартольд ; [отв. ред. М. Е. Массон ; редкол.: А. М. Беленицкий [и др ... - Москва : Наука, Главная редакция восточной литературы , 1966.
20. А.Н. Самойлович Вариант сказания о Едигее и Тохтамыше, записанный Н. Хакимовым, — «Тюркологический сборник. 1972», М., стр. 186-211

21. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.8. Кеңес дәуірі (1941-1956) / жалпы ред. басқ. С.Қирабаев; жауап. шығаруш. Н.Ақыш, Г.Орда. - Алматы : ҚАЗАқпарат, 2004. - 520 б

22. Сәтбаев, Қ. И. Таңдамалы : научное издание. 1-ші т. / Қ. И. Сәтбаев. - Шымкент : Оңтүстік полиграфия, 2007. - 384 б.

23. Ғалымның хаты: (ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көркемсөздер, ой-толғамдар) / С. Садырбаев ; [кұраст. Р. Терлібеков]... – Алматы : Дәуір-Кітап, 2015. - 336, [2] б.

24. Шығармалары Марғұлан, Әлкей Хақанұлы ; Кұраст. Д. Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан; бас ред. Т. С. Садықов ; Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті [ж. б.] - Алматы : Алатау , 2007. – Мәдени мұра. – 9965-807-17-5 - мәтін қазақ және орыс тіл. . III т. . – 488 б.

25. Әлкей Хақанұлы Марғұлан: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар / ; [кұраст.: Ш. Н. Көлбаева, Д. Н. Қазбекова ; бас ред. З. А. Ахметов]... – Алматы : Ғылым, 1984. - 65, [2] б.

26. Бустанов, А. (2017) Между нацией и артефактом: восточная археология в советском Казахстане // Мусульмане в новой имперской истории: сборник статей / отв. ред. и сост. В. О. Бобровников, И. Герасимов, С. Глебов, А. Каплуновский, М. Могильнер, А. Семёнов. М. : ООО «Садра». 424 с. С. 76–98.

27. Степанов Б. Об идеологических ошибках работников общественных наук. Казахстана // Большевик Казахстана. 1947. № 1. С. 34-4

## МӨҢКЕ БИ –ДӘУІР ТУДЫРҒАН КЕМЕЛ ТҮЛҒА

**Г.С. Қосымова**

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

«Ұлы Даланың киелі абызы» атанған Мөңке би туралы аз айтылған жоқ. Мөңке бидің кемелдігі, көріпкелдігі, әулиелігі, даналығы туралы зерттеулер газет-журнал беттерінде басылып, жеке кітап болып та басылып шығып жатты [1]. Мөңке би айтты деген шешендік сөздерді халық жатқа айтты, оның қоғам және адам туралы толғаулары Мөңкенің философиясы деген атпен көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Мөңке бидің өмірі мен шешендік сөздері, дүниетанымдық ой-тұжырымдары ауызша тарихта ауыздан ауызға тарап бүгінгі күнге дейін жетті. Соған қарамастан Мөңке би туралы тарихи деректерді табу оңайға түспейді. Оның басты себебі Мөңке тарихта болған жырау әрі шешен би болса да, әдебиетші ғалымдар құрастырған 2006 жылғы «Он ғасыр жырлайды» деген кітапта да, 2008 жылғы «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты он томдық жинақта да берілмеген. Ең өкініштісі, Мөңке би «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» тарауында Сыпыра жыраудан бастап Тәтіқара жырауға дейін хронологиялық тұрғыдан сөз болса да, онда Мөңке жыраудың аты аталмады. «Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық» кітабының «Шешендер шығармашылығы» деп аталатын тарауында Мөңке шешен ретінде де ғана атап өтілді. Мұнда «Мөңке би заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би, келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтик, жырға айналдырған жырау ретінде танылған» деген жолдар бар [2, 375].

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты жинақта С.Қирабаев, С.Қасқабасов бастаған академиктерден құралған редакция алқасы жырауға мынадай анықтама береді: «Жырау– жиған-терген өмірлік тәжірибесі мол, ақыл иесі, парасатты адам, осыған орай бұлар өткенді саралап, електен өткізіп, болашаққа да сеніммен ой жүгірте алады, мұндай болжам, ой-

толғаныстарын көбінесе арнау түрінде суырып салып айтады. Ел мүддесі мен жұрт камын өз міндетім деп санаған жыраулар қашанда өмір шындығынан ой түюге, жинақтаулар жасауға бейім. Мұнда қоғамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар, адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынастар мен солар туралы сын- бағалары да қоса жүреді» делінген [3, 285-286].

Жырауға берілген осы анықтама өзі өмір сүрген дәуірдің аса күрделі мәселелерін толғаған Мөңке биге арналғандай еді. Мөңке би Тілеуұлының таным аясының кеңдігі мен тереңдігі және ақиқатты танып-білуінің негізінде өмірге толғау сынды мәңгілік тұжырымдар дүниеге келді. Ғұлама ойшыл өмірдің шындығын сезімдердің көмегімен, қиялдың көмегімен, рационалдық таным мен пайымдауы арқылы тани алды.

Өзін кемел адам, көрегенді адам деңгейіне көтерген ғұлама ойшылдың танымы ақиқатты тануды және қоғам мүшелеріне сол ақиқатты білгізуді мақсат етті. Ақиқатқа деген қызуғушылық – қоғам мен жеке адамның толық жетілуіне негізделген шынайы әділетті қоғамның мұратын жасап шығару және оны жүзеге асыруға деген ұмтылыс, оның шарты – сұлулық, өнегелі кемелдік және ақылдылық.

Мөңке би – тұтас бір дәуірдің сипатын жырлаған жырау әрі шешен. Мөңкені әрі жырау, әрі шешен еткен – өмір сүрген дәуірі. Ұлылар туралы айтқанда «Дәуір тудырған тұлғалар» деген афоризмді жиі қолданамыз. 2011 жылғы академик Б.Ө.Жақып басқарған «Айбын» энциклопедиясында Мөңке би туралы тарихи дерек толық берілген. Оның Әбілқайыр ханның, кейін Нұралы ханның кеңесшілерінің бірі болғандығы айтылады [4, 376].

Бұл деректерді жинап жариялаған Мұхтар Құл-Мұхаммед болды. М.Құл-Мұхаммед ел арасында таралып кеткен ауызша тарихтың бай материалдарын зерттеп зерделей отырып, «Мөңке би. Тарих, тұлға, уақыт» атты еңбегінде Мөңке бидің сан түрлі қырын көркем тілмен, қазақи ұғым-түсініктермен суреттеп жеткізді. «Ұлы даланың киелі абызы, дала данагөйі Мөңке би жайлы ел аузында хикая көп. Оның есімі көзі тірісінде-ақ аңызға айналып, ел ішіне кең тарады. Ел аузында ол болашақты болжағыш көріпкел, құт дарыған, яғни Жаратқанның ықыласы

ауған киелі кісі атанды. Ұлы далада ондай ададамдарды әулие дейді» деп басталатын бұл кітапта Мөңке бидің дүниеге келуінен бастап, ел билігіне араласып, мемлекеттік мәселелерді қалай шешкендігі баяндалады [5, 92].

Мұхтар Құл-Мұхаммед жинақтаған ауызша тарихта Мөңке бидің дүниеге келуінің өзі – бір хикая. Жоңғар шапқыншыларының шабуылы өршіп тұрған кез. Мөңкенің әкесі Тілеу батыр мен оның онбасы Аманның күрсініп, «қай заманға тап болдық. Өз жерімізде жүріп, тіпті от жағуға да қорқатын болдық қой» деген диалогының өзі осыны аңғартады. Чорман Долонның жасақтары тыныштық бермей, жаудың шолғыншыларын бірін қалдырмай Тілеу мен Қабақ сарбаздары жойған күні дүниеге келген сәбидің бітімі де, қылығы да өзгеше болды. Ауылға асыға жетіп дүниеге келген баласын қолына алған Тілеу батыр «Жұлдызың жоғары болсын» деп, баласын басынан асыра көтергенде сәби шалықтады. Тілеу жеңіл қағып, одан гөрі биіктеткенде сәби сықылықтады. Әкесі тағы әуелете қаққанда, Мөңкенің күлкісі үдей түсті. Таңданған ауыл қариялары «Мына баланың болашағы зор болады екен» деп топшылады. Қариялар баланың атын атақты Мөңке ханның есімімен атады. Қариялардың айтқаны айнымай келді. Мөңкенің жарық жұлдызы Ұлы даланың барлық түкіпірінде сандаған ғасырлар бойы жарқырап тұрды. Баланың жаратылысындағы өзгешелік тегінен берілді. Мұнымен қоса Мөңкенің анасының құрсақтағы сәбиіне берген жан жылуы, сыршыл сезімі және әуелете салған бесік жырынан да болуы мүмкін. Өттең, мұны біз біле алмаймыз, себебі Мөңкенің анасы туралы ешбір мәлімет қалған жоқ.

Мөңкенің шешендігі бала кезінен белгілі болды. Шешендік дұрыс ойлап, дұрыс пайымдаудан туындайды. Қазақия тағына Тәуке хан сайланғанда Түркістанға барып келген әкесі Тілеу мен көкесі Қабақтың «Жет жарғы» туралы әңгімесін тыңдап отырған Мөңке баланың: «Сонда ханға қарағанда заң маңыздырақ болғаны ма» деген бала Мөңкенің сөзі таңғалдыралықтай еді. Мөңкенің қылмысты дауға төрелік етуі 7 жасынан басталған. 7 жасар Мөңкенің би атануы зеректігімен қоса, дала тарихын жетік білетін білгірлігінен де еді. Жеті

атасының тарихын жетік білген Мөңке Ноғайлы Ордасының билеушісі Мұсаның үрім-бұтағынан екенін, тарихта аты мен ерлігі қалған Сирақ батырдың тұқымынан екенін білудің өзі оны ерте есейтіп, үлкен жауапкершілік арқалатқанын болжау қиын емес. Бабасы Едігенің де жырын жатқа білген. Баба түкті шашты Әзиздің киесі қонған бала атанды. «Қаруың ақылың мен тілің болсын» деген әке аманатына адал Мөңке өзін толғандырған жайттарды қалт жібермей, жыр, толғау арнаған. Мөңкенің толғауы елдің төрт тарапына жетіп жатты. Сырым батырмен болған жыр сұқбаты, шеркеш Түрке және тама Нүрке билермен болған кеңесте айтқан шешендік сөздері және «Көлдегі көк үйрек» атты толғауы ел арасына тарап кеткен еді.

Мөңке би өз кезіндегі ел басына түскен әлеуметтік саяси жағдайларды бейжай қабылдай алмаған. Келелі істерге парасат пайымымен араласып отырған. Соның бірі Әбілқайыр ханның ел билеу тарихында көп айтыла бермейтін бітімгерлік кеңесі. 1730 жылғы өткен Кіші жүз билерінің үлкен кеңесінде екі мәселе қаралып, маңызды шешім қабылдау керек болды. Сонда Мөңке би: «Күшті жеңеді, ал ақылды ғана пайда көреді. Біз жоңғарларды Бұланты мен Аңырақайда (бұл жеңістер де Мөңкенің қобызда тартқан «Елімай» әнінің негізінде тартқан күйінің сарбаздардың рухын көтерген әсерінен)» екі рет жеңдік, бірақ осы жеңіс не берді бізге? Ерте ме, кеш пе, олар қайта бас көтереді. Мұның соңы немен тынары бір Аллаға ғана аян. Сондықтан бізге жоңғарлармен соғысуды емес, келісімге келуді ойластыру қажет, - дей келіп, қандай азулы жыртқыш болмасын, алаулаған от басындағы адамдарға жоламайтыны белгілі. Жоңғарларға қарсы осындай оттың орнына біз Ресей көршімізді пайдалануымыз қажет», - деген екен. Бірақ билер кеңесі Ресеймен келіссөзді құптаған жоқ болатын Кеңестің соңында Мөңке жаңа бір толғауды бастап кетті:

Түрлі түрлі халық болар,  
Күдіз-түні жарық болар...  
Жердің бетін жол қаптар,  
Темір сыммен шимақтар...  
Ақысыз ешкім еңбектенбес,  
Жер бетін өнерімен айшықтар...

Жыраудың осы шумақтағы айтпағы не болды? Күшті, өнерлі елдермен байланыс қазақ елін аман алып қана қоймайды, дамудың биігіне көтереді деген ой.

Әбілқайыр хан 1731 жылы 10 қазанда Ресей бодандығын қабылдады. Қайтар жолда Әбілқайыр хан мен сыртқы істер коллегиясының мүшесі Тевкелевпен бірге Мөңке бидің ауылына түседі. Осы келісте олар Мөңке бидің болашақты болжаған жаңа бір толғауын тыңдады:

Қу моладай тас үйің болады,  
Жас баладан биің болады.  
Үйің кейбір жерге теңеледі,  
Сиыр өгізге теңеледі.  
Көл теңізге теңеледі.  
Ақырзаман адамы  
Сағынып тамақ жемейді.  
Ащыны ащы демейді.  
«Алхам» білгенін молда дейді.  
Бір біріне қарыз бермейді,

Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді. Осында данагөй Мөңке басқа елдің салты мен дәстүрі қазақ халқына әсер етпей қоймайды деп, өз халқының әдет-ғұрып салт-дәстүрлерін сақтаудың маңызы зор екендігін тұспалдап жеткізген.

Мөңке тарихи маңызды оқиғаларға кеңес беріп қана қойған жоқ, соларды жүзеге асырушы тұлғаның бірі болған. Мөңкенің әрбір толғауы тарихи оқиғаға байланысты туып отырған. 1738 жылы тамыз айында Әбілқайырдың бастамасымен тұрғызылған Орынбор қаласына Ресей патшалығына ант беруге жиналғанда Мөңке өзінің «Құрамалы қорғанды үйің болады» деген атақты толғауын айтқан еді. Осы толғауда айтылған әрбір сөз Ресей ұлығы Татищевке мірдің оғындай ауыр тиді. Себебі айнымалы, төкпелі би болатынын, алашұбар тіл болатынын, дұдамалдау дін болатынын, құны жоқ қағаз ақша болатынын Мөңке Ресейге қосылғаннан кейін жүзеге асатынын тап басып айтты.

Мөңкенің шешендігі толғауларында ғана көрінбейді, кеңес түрінде берілген жай сөздерінен де аңғарылады. Мысалы: Жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен он бес мың әскерімен Орта жүзге басып кіріп, Әбілмембет ханның қарамағындағы жұрт

ауыр зардап шекті. Әбілмәмбет Ресейден Орта жүз жерінде бекініс салуын өтінді. Ал Ресей патшалығының Қазақ хандығына қатысты ұстанымы тұрақсыз болды. Ресей патшалығы 1742 жылы қазақтар Жайық пен Ертіс өзендерінен бері өтпесін деген жарлық шығарғанда, Әбілқайыр ханға басу айтып, сабырға шақырған және Ресейдің түлкі бұлаңына төтеп бері үшін не істеу керек екендігін Мөңке айтқан еді:

«Білесің бе, егер далада қоян көрсең, түлкі бола қал, ал түлкі көрсең, қасқырға айнал. Ал қасқыр көрсем ше деген Әбілқайырға онда барыс бол, ал барысқа кезіксең, жылан бол, ал жыланға кезіксең, бүркітке айнал... Бірақ аң атаулының қай-қайсысы болмасын, айдаһардан қорқады! Айдаһар оңай емес, оның үш басы бар емес пе, бұл– қазақтың үш жүзі деп, ауызбіршілікке шақырды.

Мөңке би Әбілқайыр хан өліп, таққа оның ұлы Нұралы отырғанда 73 жаста болған. Тарихи дерек көздерінде Мөңке би 1756 жылы қайтыс болды делінген. Сол кез үшін ұзақ өмір сүрген Мөңкенің бізге жеткен толғаулары мен шешендік сөздері аз ғана.

Нұржан Наушабайдың 1993 жылы 2 қыркүйек «Ана тілі» газетіне жариялаған Мөңке би сөзі деп берілген толғауында заман өзгеріп, өмір сүрудің жаңа тәсілдері орын алады, ақша алға шыққанда ата-баба жолынан айрылып, ұлттың мінез-құлқы да өзгертінін, құндылықтар басқа сипатқа ие болатынын ескерткен:

Құбыладан шыққан күн  
Жанып шығар деп еді.  
Балғын балғын көлдерден  
Балық шығар деп еді.  
Екі басы қайқайып  
Қайық шығар деп еді.  
Қазақ, сенің сорыңа  
Ойда қоқан, қырда орыс  
Жарып шығар деп еді.  
Жұртын сатқан билерің  
Төс құлағы думанға  
Барып шығар деп еді.

Ақшасы көп билерің,  
Өз сауабын ала алмай,  
Қараңғы үйдің ішінде,  
Қалып шығар деп еді...  
Қазық басты халқыңнан  
Хан шығады деп еді.  
Ақырзаман адамы  
Қинауына дүниенің  
Жетік шығар деп еді.

Толғауы жоқ, күйі жоқ  
Жыр шығады деп еді.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ  
Белбеу шығар деп еді.  
Жүгініс жоқ, малдас жоқ  
Көлбеу шығар деп еді.  
Ендігінің адамынан  
Менмен шығар деп еді.  
Ақырзаман адамы  
Құлағына дүниенің  
Тегіс шығар деп еді [6]

«Қазық баста халық» деген тіркес басы байлаулы құлдықтың шеңберінен шыға алмаған билеушінің де жалтақ болатынын айтты. Ақырзаман адамы дүниенің қинауына да бой ұсынады. Ата салты түбірімен өзгеріп, көнбістікке бой алдырған халықтан ерлік іс туындамайды, белінде оқшантай да, кісе де жоқ, сәнді белбеу бар. Ер адамдардың жүгініп немес малдас құрып отыруының өзі үнемі ширығып, тосын жағдайларға дайын отыруды көрсететін, ал көлбей жату тыныштықтың символы. Ендігінің адамдары менмен, өзі білемге салынып, айтылған кеңеске де құлақ салмайды деген пайымдар жатыр.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 1992 жылы басылған 2-томында кітабында басылған Мөңке би сөзі

Азарсың, жұртым, азарсың  
Азарыңның белгісі:  
Заманақыр болғанда  
Ат қояндай болады.

Адам құмандай болады,  
Кәдеге садағын ілер.  
Бөдененің жатқан жері қыс болар.  
Байғыз деген құс болар.  
Оның ғаріптілігінен  
Жатқан жері тас болар.  
Ел шетіне жау келсе  
Қолға алғаны тас болар.  
Қайда мәртпен дос болар.  
Кембағал байғұс баласы  
Жиырма бесте жас болар.  
Жастығының белгісі  
Ертеменен тұра алмас,  
Беті-қолын жуа алмас.  
Тепкілесек оянбас,  
Белін қатты буа алмас.  
Буса белі бос болар.  
Сол жаманның көңілінде  
Есіл -дерті ас болар.  
Ақыр заман болғанда  
Әр мешітте жақсылар

Талтайған сопы көп болар,- деген толғауда азған елдің баласы жиырма бесте жалқау, жатып ішер, андығаны ас, ұйқышыл, ел шетіне келген жауды да аңдай алмайды деген ойды жеткізіп тұр [7].

Мөңке бидің шешендігі даналық ойларға, толғанысқа толы тәсілдерге құрылған. Сырымның қойған сұрақтарына берген жауабында биік таным, терең білім бар: Таудан биік көңіл бар, судан терең ғылым бар, оттан өткір қайғы зар деп қорытады .

Шешендік толғауда кездесетін тәсіл – жауап беруді тілемейтін, мәселеге жұрттың назарын аударып, рухқа серпіліс беретін риторикалық сұрақ. Шеркеш Түрке және тама Нүрке билермен болған кеңесте:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,  
Бір тоғанға қоныңыз.  
Қарындаспен, туғанмен  
Бір туғандай болыңыз.

Өзіне кеңес салғанның  
Өрісі кең болмас па?  
Жатқа кеңес салғанның  
Жазымға басы кетпес пе?  
Жаманнан жесең бір қамшы  
Ол сүйегіңе жетпес пе?

Адам мінезіндегі құбылмалы сипаты Мөңке «Түлкім жоғары шық» деген шешендік сөзде береді: мейманның үйге кіргенде түлкі құсап құбылып кіретінін, қонақ біраз отырған соң жан-жағына үңіліп сыншыл кейіпке түсетінін, ал үйден аттанарда көрген-білгенін жыр қып айта жүретін қалпын жыршым деген сөзбен береді.

Қанша ғасыр өтсе де бүкіл қазақ халқы Мөңке бидің толғауларына жүгінеді, одан ақыл-кеңес сұрайды, оған мұңын шағады. Мөңке бабамыздың пайым-парасаты түркілік танымда мәңгілік тақырып болып қала береді. Баба рухы шат болсын!

### **Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі**

1. Мөңке би Тілеуұлы (тарихи деректер, өнегелі ойлар, көреген болжамдар). Ақтөбе, 2002. -91 б.
2. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық. Аруна баспасы Алматы, 2005.- 575 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3- том. Алматы, 2008.-535 б.
4. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.- 880 б.
5. Мұхтар Құл-Мұхаммед. Мөңке би. Алматы, Аруна, 2006. 6-б. -92 б.
6. Нұржан Наушабай. «Ана тілі» газеті.1993 жыл, 2 қыркүйек.
7. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Шығармалар жинағы.Павлодар, 1992. 2-том.

## **МӨҢКЕ БИДІҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БИЛЕР ИНСТИТУТЫНДАҒЫ ОРНЫ**

**М.Ж. Тюлембекова**

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері

Қазақ халқының дәстүрлі қоғамында билер институты – ғасырлар бойы қалыптасқан ерекше құқықтық және рухани құрылым. Би – бұл жай ғана сот төрелігін жүзеге асырушы адам емес, ол – халықтың ар-ожданы, шешендігі мен даналығы ұштасқан ұлттың рухани көшбасшысы. Қазақ қоғамында би болу – үлкен мәртебе, сонымен қатар, үлкен жауапкершілік жүктейтін міндет. Би – даулы мәселелерді шешіп қана қоймай, елдің ішкі тұтастығын сақтауға, дәстүр мен заңның сақталуына, әділдіктің үстем болуына ықпал еткен тұлға.

XVII–XVIII ғасырларда қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде ішкі құрылымдық тұрақсыздықтар мен сыртқы жаугершілік қауіптер қатар жүріп, ел бірлігі мен болашағы үшін күрделі сын кезең қалыптасты. Осындай тарихи жағдайда билер институтының рөлі артып, халық тағдырын шешуде олар негізгі моральдық және құқықтық тірекке айналды. Бұл кезеңде ел ішіндегі шешендік өнер мен әділ биліктің дамуына орасан үлес қосқан тұлғалар өмір сүрді. Солардың бірі – көрнекті қоғам қайраткері, би, көріпкел, ойшыл Мөңке би Тілеуұлы.

Мөңке би – Кіші жүздің Шекті руынан шыққан, Тілеу батырдың баласы. Ол XVIII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, өз заманының аса маңызды саяси-әлеуметтік оқиғаларына куә болды. Мөңке би өзінің әділетті билігімен ғана емес, болашақты болжай алған көрегендігімен де ерекшеленді. Халық арасында сақталған шешендік сөздері мен даналық тұжырымдары оның тек би ғана емес, ұлттық деңгейдегі ойшыл тұлға болғанын дәлелдейді.

Қазақ халқының дәстүрлі басқару жүйесінде билер институты ерекше әлеуметтік-саяси функцияны атқарған. Би – тек дауларды шешіп, төрелік айтушы емес, ол – ұлттық құқық пен тәртіпті қамтамасыз етуші, қоғамдағы әділеттің айнасы, халықтың сенімін арқалаған рухани көсем. Сондықтан билер

институтын қазақ халқының ежелгі демократиялық құрылымының бір тармағы ретінде қарастыруға толық негіз бар. Билер соты қазақ қоғамында ресми заңнама мен жазбаша құқық жүйесі болмаса да, қоғамдық қатынастарды реттеудің тиімді құралы ретінде қызмет етті. Бұл институттың түп-тамыры тереңде – жүздік жүйе, ру-тайпалық құрылым, дәстүрлі әдет-ғұрып нормалары мен ислам шаригаты сияқты құқықтық жүйелердің тоғысында қалыптасты. Би атанған адам өз білімін, шешендігін, даналығын, шыншылдығын, әділдігін, ел басқарудағы тәжірибесін дәлелдеу арқылы халық мойындауына ие болды.

Белгілі заңгер әрі ғалым Салық Зиманов билер институтын қазақтың «дәстүрлі құқықтық мәдениетінің негізі» деп бағалайды. Оның пікірінше, билердің үкімдері мен шешімдері «Жеті жарғы» ережелеріне, әдет құқығы мен діни нормаларға сүйеніп, әлеуметтік әділеттілікті жүзеге асыруға бағытталды [1, 212-б.]

Мөңке би Тілеуұлы – қазақ халқының тарихында есімі ерекше аталатын көрнекті би, шешен, ойшыл және болашақты болжай білген көреген тұлға. Ол шамамен 1675–1750 жылдар аралығында өмір сүрген.

Мөңке би жасынан зерек, алғыр, сөзге шешен болған. Ол ел ішіндегі көнекөз қариялардың тағылымын тындап, ауызша тарих пен шежірені, әдет-ғұрып заңдарын, сондай-ақ ислам ілімдерін меңгерген. Бұл оның болашақта ел тағдырын шешуде әділ шешім қабылдайтын, көптің алдында сөз бастайтын, қажетінде көреген болжам жасайтын тұлға болып қалыптасуына негіз болды. Мөңке би өз дәуірінде Кіші жүз өңірінде ғана емес, бүкіл қазақ жұртында танымал билердің бірі болды. Ол ел ішіндегі дау-дамайды әділдік, ақыл мен парасат арқылы шешіп отырған. Оның билік айтуы жазалауға емес, татуластыруға, кек алуға емес, кешірімділікке негізделді.

Мөңке бидің қатысуымен шешілген даулардың көбісі тек құқықтық емес, моральдық-этикалық өлшемдерге сүйеніп шешілген. Мәселен, ол бір дауда былай деген:

«Дау қай кезде ауыр болады? – Кедей мен байдың арасындағы дау ауыр. Өйткені бай арын емес, малын қорғайды, ал кедей – барын да, намысын да қатар қорғайды».

Мөңке би – тек ішкі мәселелерде ғана емес, жүзаралық байланыстарда да бітімгерлік қызмет атқарған. Оның беделі Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен тең дәрежеде болғанын тарихи шежірелер айғақтайды. Ол халықтар арасындағы қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешіп, ел ішіндегі бірлікті сақтауға бар күшін салған.

Бірнеше тарихи дерек Мөңке бидің Әбілқайыр ханның кеңесшісі болғанын растайды. Хан кеңесінде мемлекет істеріне қатысты пікір білдіріп, тіпті кейде ханның шешіміне қарсы тұрып, халықтың мүддесін қорғаған.

Мөңке би тарихта болжампаз немесе көріпкел ретінде де қалған. Халық аузында сақталған мынадай сөздер соның дәлелі:

*«Адамдар темір мінеді, көкке ұшады,  
Судың өзі сөйлейтін заман болады,  
Билік халыққа емес, байлық пен параға қызмет етеді...»*  
[2, 11-б.]

Бұл ойлар оның ХХІ ғасырды меңзегенін көрсетеді. Қоғамның техникалық прогресі мен рухани күйреуін дәл болжауы – Мөңке бидің тек би ғана емес, философ-реформатор болғанын айғақтайды. Мөңке би өлер алдында да өзінің терең дүниетанымын, данышпандығын көрсетіп, ел бірлігі мен әділет туралы өсиет қалдырған. Оның сөзі кейінгі ұрпақ үшін рухани бағдар болып қалды. «Ел аман болсын, бірлік кетпесін. Бірлік кетсе, береке кетеді» – деп халықты бірлікке шақырған.

Қазақ тарихында шешендік өнер мен би-шешендер дәстүрі – ұлттың рухани мәдениетінің алтын арқауы болып табылады. Шешендік өнер арқылы билер халықтың көкейіндегі сөзді айтып, елді әділетке, бірлікке, сабырға, парасатқа бастады. Осы тұрғыдан алғанда, Мөңке би Тілеуұлы – қазақтың дәстүрлі шешендік мектебінің көрнекті өкілі ғана емес, болашақты болжай алған көреген тұлға ретінде де дараланады.

Шешендік – би қызметінің басты өлшемдерінің бірі болған. Би болу үшін адамда заң білімімен қатар, ойды көркем әрі әсерлі жеткізу қабілеті, елге ұғымды тілмен сөйлеу дарыны, халыққа

өтімді сөз айту өнері қажет еді. Мөңке бидің шешендік сөздері – мазмұны терең, тілі шұрайлы, құрылымы логикалық жағынан мүлтіксіз туындылар.

Ол сөздің қуатын, мағынасын, әсерін жақсы білген. Шешендігінде тек айтыс пен дау шешу емес, философиялық ой, моральдық тәрбие, тарихи зерде қатар өрілген. Оның «Сөз қадірін білмесең, сөз шығындайсың; Ел қадірін білмесең, жауға жем боласың» деген тұжырымдары – нағыз моральдық кодекс іспетті.

Мөңке бидің сөздері ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Халық арасында сақталған шешендік сөздер мен өсиетнамалары оның даналық деңгейін көрсетеді. Ол сөздерін өлеңдетіп, арнау түрінде, кейде баталы-өсиетті формамен жеткізген. Бұл оның сөзінің ұзақ есте сақталуына, халық жадында мәңгі орын алуына себеп болды.

Мысалы:

*«Күндердің күні болғанда,  
Адамдар темір мінеді,  
Көкке ұшады.  
Судың да сұрауы болады  
Ақыл емес, ақша сөйлейді,  
Ақиқат емес, мансап сөйлейді...»*

Бұл жолдар – Мөңке бидің тек сөз ұстасы ғана емес, әлеуметтік философ, заман танушы болғанының айғағы. [3, 203-б.]

Мөңке би – қазақ тарихындағы саяси болжампаздық пен тарихи интуицияны үйлестіре білген сирек тұлға. Ол тек бүгінді ғана бағамдамай, қоғам дамуының болашақ бағдары туралы пікір білдіріп, келешек ұрпаққа ескерту қалдырған.

Ең танымал болжамдарының бірі – ХХ–ХХІ ғасырларға қатысты әлеуметтік өзгерістер туралы. Ол былай дейді:

*«Адамның киімі темір болады,  
Көлігі темір болады,  
Аспанмен сырғанап жүреді,  
Судың ішінде жүзеді,  
Бай – қарыз сұрайды,  
Билік – пара жейді...»*

Бұл болжаулар қазіргі техника дәуірін, ақпарат заманы мен басқару жүйесінің күрделенуін меңзейді. Оның сөзінде заманауи технократиялық өркениетке тән белгілер (көлік, ұшақ, пара, ақша билігі) алдын ала сипатталған.

Мөңке би – қоғамдағы әділетсіздікті сынаған, адамгершілік, ұят, ар-намыс ұғымдарын басты орынға қойған адам. Оның мынадай сөзі соның дәлелі:

*«Бай мен жарлы теңеспей – елге тыныштық келмейді.*

*Билік – әділеттен айныса, халық – берекеден айырылады...»*

Ол кедей мен бай, би мен халық арасындағы алшақтықтың болашақта әлеуметтік тоқырауға әкелетінін меңзейді. Бұл қазіргі әлеуметтану мен мораль философиясы тұрғысынан аса өзекті ой. Мөңке бидің шешендігі – бүгінгі тіл мәдениеті, құқықтық сана, саяси пікір айту бостандығы үшін үлкен үлгі. Оның шешендік стилі: қысқа, нұсқа, мазмұны бай, астары терең, халыққа ұғынықты.

Бүгінде оның сөздері мектеп бағдарламасына, шешендік сөздер жинағына еніп, ұлттық риторика мен болжау мәдениетінің бір тармағы ретінде қарастырылады. Мөңке бидің шешендігі – тіл ұстарту мектебі, ал көрегендігі – қоғамтану мен болашақ моделін жасау тәжірибесі.

Қазақ билер институты – тек соттық құрылым емес, ұлттың рухани-әлеуметтік, саяси өмірін реттеуші әрі сақтаушы жүйе ретінде қалыптасқан. Бұл институттың түп-тамыры – халқымыздың көне дәстүрінде, дала заңдарында, ауызша құқықтық нормаларында жатыр. Осындай бай құқықтық-мәдени дәстүрді дамытып, жана мазмұнмен байытқан ірі тұлғалардың бірі – Мөңке би Тілеуұлы.

Ол өзінің өмір жолында билік айту, дау шешу, әділ төрелік жасау, ел мен жердің бірлігін сақтау ісінде бұрынғы билер дәстүрін жаңғырта отырып, оны заман талабына сай жетілдірген тұлға ретінде танылды.

Мөңке бидің бойында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды бұрынғы ұлы билердің даналығының сарқыншағы бар. Ол дауларды шешендікпен, мәмілегерлікпен, парасатпен шешіп, кара қылды қақ жарған әділеттің үлгісін көрсетті. Бұрынғы

билер салып кеткен құқықтық, моральдық жолды Мөңке би әрі қарай жалғастырды.

Мысалы, Төле бидің «Билік айту – төрелік айту емес, елге жөн сілтеу» деген сөзін Мөңке би нақты іспен дәлелдеді: ол билікті тек төрелік ету ретінде емес, қоғамдық жауапкершілік, елдік миссия ретінде қабылдады.

Мөңке би дәстүрлі «Жеті жарғы» ережелерін, ру аралық келісім-шарттарды, шариғат нормаларын жетік меңгеріп, оларды өз үкімдерінде шебер қолданды. Бірақ ол тек бұрынғыны қайталамады – заман талабына сай құқықтық ой-тұжырымдарды енгізіп отырды.

Мысалы, ол бай мен кедей арасындағы әлеуметтік теңсіздікке әділ көзқараспен қарап, байлыққа емес, ақыл мен ар-ожданға сүйенетін қоғам үлгісін ұсынды. Бұл – әлеуметтік жаңғырудың алғашқы идеялық нышандары еді.

Мөңке би тек құқық саласында емес, мемлекет басқару идеясында да жаңашыл болды. Ол хан мен қараның арасындағы әділет тепе-теңдігін сақтауға тырысып, биліктің халық алдындағы жауапкершілігін күн тәртібіне қойған. Ел арасында оның мынадай сөзі қалған:

*«Хан әділ болмаса, халықтың қамы жейді; Би әділ болмаса, елдің ары жейді» [4,55-б.]*

Бұл — билік пен халық арасындағы әлеуметтік келісімді сақтау идеясын ашық ұстанғаны. Мөңке би ел билеушілерінің халықпен санасу қажеттігін айтып, моральдық реформатор ретінде көрінді. Мөңке бидің билігі тек заңға емес, иман мен ұят, ар мен намыс, ұждан мен әділетке сүйенді. Бұл – бұрынғы билер дәстүріндегі діни-этикалық бастауларды жаңғырту болды. Ол адам мінезі мен ішкі тазалығын биік қойып, былай деген:

*"Ақылсыз адам – білімсіз патша,*

*Ұятсыз адам – тілімен жау табады."*

Осылайша, ол би – заң шеңберінде ғана емес, рухани-адамгершілік тұрғыдан да кемел тұлға болуы тиіс деген ұстанымды қалыптастырды. [5, 8-б.]

Мөңке би дәстүрлі би қызметін тарих пен болашақтың алтын көпірі ретінде қарастырды. Ол бүгінгі дау шешіп қана қоймай,

ертеңгі қоғам бейнесін де болжап, құндылықтық бағдар ұсынды. Осы ерекшелігі оны өз дәуіріндегі билерден ерекшеледі.

Ол: шешендік сөздерді өсиет ретінде қалдырды, билікті әлеуметтік әділет орнату құралына айналдырды, заңды рухани-адамгершілік нормамен үндестірді, халықтың болашағы үшін ақыл мен парасатты алға тартты.

Мөңке бидің мұрасын қазіргі заман тұрғысынан қарастырғанда, оның адамгершілік, әділет, ел басқару, бірлік туралы идеялары қазіргі мемлекеттік басқару, құқықтық мәдениет, ұлттық тәрбие жүйесінде де өзекті.

Мөңке бидің ұстанымдары – қазіргі Қазақстан қоғамы үшін де маңызды рухани бағдар: әділдік, ар-ождан, ұлттық тұтастық, болашақты болжау мен дұрыс жоспарлау қажеттілігі.

Мөңке би Тілеуұлы – қазақ тарихындағы ерекше құбылыс. Ол – билер дәстүрінің заңды жалғастырушысы ғана емес, оны заман талабына сай дамытқан, терең философиялық ой айтқан, шешендігі мен көрегендігі арқылы ұлттық идеяны қалыптастыруға үлес қосқан дара тұлға. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан билер институтының мәні мен мазмұнын Мөңке би өз болмысымен жаңа деңгейге көтере білді.

Мақала барысында біз ең алдымен билер институтының тарихи-әлеуметтік және саяси маңызын қарастырдық. Қазақ қоғамында би – тек төрелік айтушы емес, халықтың рухани және құқықтық тірегі, әділдіктің бейнесі болған. Осындай үлкен дәстүрді жалғастырған тұлғалардың бірі – Мөңке би. Ол бұл қызметті терең парасатпен, шешендікпен, имандылықпен атқара отырып, билік пен елдің арасын тең ұстауға тырысты. Бұл – оның ел ішіндегі бейбітшілік пен бірлікті сақтау жолындағы миссиясының айғағы.

Мөңке бидің өмірі мен қызметі – ел басқару мәдениетінің озық үлгісі. Ол дау-дамайларды тек құқық нормаларымен ғана емес, ұлттық ұждан, моральдық өлшемдер арқылы шешіп, халықтың сенімін иеленді. Ел ішіндегі түрлі әлеуметтік, саяси қайшылықтарды татуластырумен қатар, өзінің шешендік өнерімен де халық санасына әсер етті. Оның айтқан нақылдары, шешендік толғаулары, терең астарлы өлең жолдары – бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани мұра.

Ең ерекше айшық – Мөңке бидің көрегендік қабілетінде. Ол өзі өмір сүрген XVIII ғасырда болашақтағы әлеуметтік, саяси, рухани құбылыстарды тап басып айтып, қазақ қоғамының даму бағыттарына терең көзқарас танытты. Оның болжамдары қазіргі заманның шындығымен астасып, терең тарихи сана мен интуицияның үйлесімін көрсетеді. Бұл қасиеті оны жай би ғана емес, қазақ ойшылдарының қатарына қосады.

Сондай-ақ, Мөңке би – қазақ билер мектебін жаңғыртушы, оның мазмұнын байытушы реформатор тұлға. Ол би қызметін рухани тәрбие мен қоғамдық реформаның тетігіне айналдырды. Жеті жарғы заңдарын заманмен ұштастыра білді, ел мен билік, бай мен кедей арасындағы қатынасты үйлестірудің жаңа жолдарын ұсынды. Бұл оның терең құқықтық, әлеуметтік және саяси ойлау қабілетін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Мөңке би Тілеуұлы – қазақ халқының тарихындағы әділеттің, парасаттың, көрегендіктің символы. Оның тағылымы – ел басқару ісінің, шешендік өнердің, ұлттық құқықтық мәдениеттің қайнар көзі. Бүгінгі Қазақстан үшін Мөңке бидің идеялары – ұлттық бірлікті сақтау, әділет орнату, халық мүддесін қорғау жолындағы өнеге. Оның мұрасын тану – ұлт тарихын терең түсінудің, болашақ қоғамға бағдар жасаудың маңызды алғышарты.

### **Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі**

1. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей құқықтық жүйе. – Алматы: Жеті жарғы, 2005.
2. Қасымжанұлы Ж. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Нысанбаев Ә. Қазақ ойшылдарының рухани мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Сейтжанұлы Б. Қазақ билерінің шешендік өнері. – Астана: Елорда, 2004.
5. Әбдіәкімұлы Ә. Мөңке би және болашақ туралы көріпкелдік. // Егемен Қазақстан, 2009.

**ӘЖІМБЕТ БИ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУ**

**Д.С. Арынова**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық

тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК «Музей педагогикасы»  
бөлімінің басшысы

**Д.С. Құрбанбай**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК  
«Музей педагогикасы» бөлім әдіскері

Түркістан қаласы – Түркі дүниесінің рухани орталығы болғандығын қазіргі өзінің рухани жадынан ажырамаған түркі халықтарының бәрі мойындайды. Халқының құрметіне бөленген, біртуар тұлғалар мен тарихымыздан белгілі ел билеген хандардан бастап, халқын, жерін қорғаған батырларымыз, небір даусыз шешімін тапқан би шешендеріміз Құл Қожа Ахмет Ясауи кабірінің жанына жерлеуді көзі тірісінде ұрпақтарына өсиет еткен. Бүгінде кесене және кесене маңына жерленген тұлғалар саны анықталу үстінде. Елге қызмет еткен нар тұлғаларымыздың бірі – Арғын тайпасының Атығай тобынан тарайтын, бек атанған, қолбасы болған Бағыс атты көрнекті тұлғаның немересі Қыдырұлы Әжімбет би.

Әжімбет би, XVIII ғасырда өмір сүрген ел ағасы. Өмірінің соңына қарай қоныстанған жері Көкшетау өңірі, Ертіс алқабы, Сырымбет саласы. Бұл жөнінде Н.А.Аристовтың «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» еңбегінде: «По статистическому описанию, составленному в 1833 году назначенной в 1832 году для военно-топографической рекогносцировки Омской области экспедицией под начальством ген. штаба подполк. Бутовского, показаны в кокчетавском округе волости: Майли-Балта-Атагай (в ней главные роды Бабасан 286 киб., Сююндук-кара 228, Ильток 150, Сары-баласы 342, Кадыр 280), Атагай-Багыш (Донкой 150, Рыскул 198, Кулан-су 80), Киргиз (Допана-киргиз 155 к. и Басай-киргиз 180), Джавлубай-Караул (Кусен 110, Серке 75, Кульдей

63), Куттумбет-Караул (нокой 205 и малай 205 киб.), Кылды-Караул (Джаиган 176, Тарагай 150 и кувандык 66), Идыкбай-Кашгар-Караул (Бай-Кашкар 145, Идыкбай 150), Баба-Атагай (Баба 490), Рысай-Атагай (Исеньгельды 376), Койли-Атагай (Карабалык 207 и Алмамбет 307), Худайберды-Атагай (Кочкулы и Ураз 249, Андагул и Джумук 330, Джантели и Акмалыч 236), Нагай-Караул (Исеньгельды 219), Атагай-Багыш (Назар, Байназар и Серкеч 615 к.)» - деп көрсетеді [1, 102 б]. Әжімбет бидің аталары кезінде Өзбекстанның Бұқара өңірінде көп жылдар бойы мекендеп, қала салып, шаруашылық жүргізіп, мәдени игіліктерге атсалысқан. Одан бері Қызылқұм, Түркістан беткейіне, Қаратау баурайына, тіпті Арқаға дейін жайлап келетін болған. Сол замандардағы аласапыран оқиғаларға қалмақпен, соғыс жағдайларына байланысты олар ақыр соңында Арқаға біржолата қоныс аударды.

Біз әңгімелеп отырған Әжімбет би қайтыс болғанда, өзінің өсиетімен, үлкендердің қалауымен оның сүйегі киелі Түркістанға апарып қойылады. Оның бірнеше себебі болса керек. Бұқар жырау, Бөгенбай батырлардың аттары айтып тұрғандай, бұл өңір Әжімбет бидің аталары да жүріп-тұрған, оның балалық күндері өткен қасиетті мекен (1-сурет).

Әжімбет бидің, оның аталары мен ел-жұртының оңтүстік өңірімен тығыз байланысын сипаттайтын тағы бір құнды деректі айтпай кетуге болмайды. Мұны кезінде атақты алаш көсемі Әлихан Бөкейханов жазып алған екен: «Посль напечатанія родовыхъ схемъ Омскаго узда, киргизъ Омской волости Булкаиръ Турлыбекъ-Абызь сообщилъ А. Букейханову слъдующее преданіе о родъ Атыгай.

«...При хане Есиме, который вел борьбу с калмыками, жили братья-сироты: Атыгай 15 и Багыс 12 лет. При стычках с врагами они отличались ловкостью и смелостью. В одном решительном столкновении с калмыками, Атыгай на белой лошади с пикою в руках с криком «Атыгай-Атыгай» бросился на самый центр врагов и сшиб их знамя, после чего они отступили.

Хан Есим, пригласил Атыгая, дать ему бату, т.е. благословение, и сказал, что 12 родов, ведущих себя от Даута, с этого времени будут называться, в честь вышедшего их них

храброго мальчика, его именем – Атыгай...» [ 2, 45-б]. Мұның өзі жоғарыда айтылған деректердің бұлтартпас түйіні, әрі бастау көзі екені анық. Әжімбет бидің аталары да Есім ханға есе әперген, үлкен санатта жүрген, ел қорғаған ерен тұлғалар болғанын көрсетеді.

Әжімбет бидің Сырымбет жағында болуының бір себебі, ел Сыр-Қуаңнан Арқаға қарай ауа көшкенде тарихтан анық білетініміздей, Арғынның Жәнібек тархан бастаған Саржетім-Шақшақ тармағы Әбілқайыр ханмен де ынтымақтаса қимыл жасап, етене араласып, ортақ жауға жұмыла қарсы тұрған. Бұл орайда, Абылай ханның қолбасыларының бірі, Әбілқайыр ханмен, Жәнібек тархандармен де тығыз қарым-қатынаста болған, тарихи деректерде Қайып ханның елшісі ретінде аты аталатын, Әжімбет бидің аталас бауыры Әлімбет батыр Баулықұлын айтып өтуге болады. Бұл деректің өзі де ел басына сын түскенде, күн туғанда мұндай көреген ел ағаларының жеке-жеке тон пішпей, бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып, үш жүздің баласы болып бас құрап, елдің азаттығы, атамекеннің баянды болашағы үшін аянбай күрескенін көрсетеді.

Бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын «Материалы по киргизскому землепользованию Акмолинская область. Омский уезд» (1902, Омск) кітабына түскен мәліметтер бойынша: «Заселение Омскаго уезда началась примѣрно 200 лѣтъ тому назадъ (бұл дерек 1900 жылдары жазып алынған, сонда Әжімбет билердің мұнда қоныстануы 1700 жылдарға дөп келеді); въ заселение его приняли участіе представители большихъ родовъ: Атыгай, Караулъ, Кыпчакъ и Керей... сошлись сюда со всѣхъ концовъ киргизской степи: изъ Каркаралинскаго, Павлодарскаго... и наконец, изъ Туркестана» [3 26-б]. Иә, бұлар Әжімбет бимен қатар қонған, аралас-құралас болған ауылдар, етене өскен елағалары.

Атамекеннің қиыр шептерін игеріп әкету де оңай болған жоқ. Ата қонысты азат еткенмен де, бой тасалап қалған дұшпан жасақтары, бейқам жатқан елді шауып кетіп жүрді, ересктер де ес шығарып, барымталап бақты. Мысалы, жоғарыда аталған кітаптан тағы бір деректі келтіруге тура келеді: «*Кошкарбай батыр*, служивший *Абылайхану*, который умер в 1781 году,

заняль 200 лет тому назад (1700 жылдары) место на Иртыш против поселка Черлаковского, вытеснив отсюда жунгар и остяков» [4, 12-6]. Бұл да Әжімбет бидің жүріп-тұрған, әлгіндей ел қорғау ісіне ат салысқан мекені.

Қалмақ қолын қашырып, басқыншыларды біржолата жеңіп, қазақ сахарасының батысына, солтүстігіне, шығысына қайтадан түпкілікті түрде қоныс аударған жұршылықтың осынау іс-әрекеті – тарихи таңдау, және де тарихи қажеттілік еді. Бұл қоныс аударудың, үлкен көші-қонның зор стратегиялық маңызы бар болатын.

Ібір-Сібірдегі Көшім хандығының құлауы, Башқұрт жасақтарының әлсіреп, патша боданына айналуы, Астрахан қалмақтарының бір бөлігінің шығысқа ауған оқиғалары – қазақ даласына тағы бір үлкен қауіпті төндіре түсті. Бұл патшалық Ресейдің қазақ даласына көз алартып, аранының ашыла түскен тұсы еді. Осыған байланысты жаңа қоныстағы жұртқа, ел ағаларына ел мен жерді сақтау үшін үлкен тарихи миссияны атқаруға тура келді.

Әжімбет бидің көші-қоны да жеке бір әулеттің, рудың қоныс аударуы емес, алдымен Момын, Мейрам баласына арқа сүйеген Абылай хандығының жаңа жағдайда, жаңа жерде орнығуы еді, қазіргі Астананың Арқаға келуі секілді тұтас мемлекеттің іргесін бекітудің ұлан-асыр қам-қарекеті болатын. Ұлы жүздің де үлкен бөлігі Абылай ханның иелігіне қараған қарбаласты шақ еді. Осы тұста Абылайға сенімді серік болған Атығай-Қарауыл елі Бурабайдан Омбыға дейін, Жарқайыңнан Сілетіге дейін кең аумақты жайлап, хандықтың күш-қуатын нығайтып, абырой-беделін асыра білді.

Батыста – Әбілқайыр бастаған Кіші жүз елі, солтүстікте Абылай бастаған Құлсары, Құлеке батырлар, шығыста Қабанбай батыр, Баян батырлар, солтүстік-шығыста Қошқарбай батыр, Әлімбет батыр, Абылайдың бауыры Сұлтанбет сұлтан, біздің кейіпкеріміз Әжімбет билер осынау үлкен мақсат жолында жан аямай күрес жүргізді. Бірде жеңді, бірде жеңілді. Алып империяның арбауына түсті. Шегінді, мәмілеге келді, көндікті. Шекарамызды шегендегенде, оң-солымызды түгендегенде асыл бабаларымыздың сол қасиеттерін терең ұғынып, рухтарын

жаңғырта түскеніміз абзал. Осынау игілікті істерге атсалысқан Әжімбет бидің де жарқын ғұмырын осы тұрғыдан бағалай білу ғанибет. Яғни, Омбы өңірінің қазақ жері болып сақталуына Әжімбет бидің қосқан үлесі өте зор.

Кейбір деректерге қарағанда, Атығайдың қайсыбір аталары Көшім хандығының құрамында ерте кезден бірге жүрген секілді. Көшім ханның бас уәзірлерінің бірі «Бегішті» елағасы Бағысқа ұқсататын ғылыми пікірлер бар. Оның тағы бір себебі, Көшім хандығы жер шалғайлығына қарамастан Бұқарамен өте тығыз қарым-қатынаста болған [5, 26]. Екі ортада керуен жүріп, сауда-саттық, діни, мәдени алмасулар болып тұрған. Бағыстың бабасы Дәуіт бек Бұқара өңіріндегі әкімшілік, саяси, әскери, мәдени-тұрмыстық оқиғалардың бел ортасында жүрген атакты тұлғаның бірі болса керек. Бұл жағынан алғанда да, Әжімбет билердің Омбы өңіріне келіп қоныстануы сол аталар жолын жаңғыртуы деп те бағалауға болады.

Әжімбет би ел аузында батыр, әулие деп те аталған. Батыр атануы жоғарыда айтылғандай елді, жерді азат етудегі жортуыл-жорықтарға қатысып, көзге түсуі болса; әулие деген аттың танылуы дін жолы мен жөн-жосықты жете пайымдап, өмірлік мол тәжірибесі мен ақыл-парасатының арқасында елдің көші-қонын, жайлы қонысын, сауда-саттық, патша шенеуніктерімен қарым-қатынас жағдайын, алдағы күндерді болжамдай білуінен болса керек.

Әжімбет би Сырымбет саласына қатысты жер дауының бірінде Сұлтан Уәлиханмен келіспей қалып, Бағыстың Қыдыр-Серкештен тараған: Тәнірберді, Түнғозы Қыдырберді, Қабай, тағы басқа бауырларын бастап Омбы өңіріне көшеді. Омбы болысын бірінші болып мекендейді.


Бұл ұлы көш туралы «Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинская область. Омский уезд (1902, Омск)» кітабының 4 бетінде жазылғандай: «Заселение Омской волости произошло по некоторымъ показаніямъ 150 леть тому назадъ. Первые засельщики пришли сюда изъ Кокчетавскомъ уездъ; они принадлежали къ обширному роду Атығай, один изъ потомковъ котораго Багысь (или Багышь) жилъ въ Кокчетавскомъ уездъ, один изъ потомковъ Багыса Тохтамышъ

основался въ предѣлахъ в настоящей Омской волости 4 поколенья назадъ; отъ него пошло старшинство. Приблизительно въ это же время пришолъ Ажымбетъ. Ажымбетъ раньше жилъ въ Аиртавской волости Кокчетавскаго узда на ур., отобранномъ султанами Валиханами. Кромъ рода Атыгай, въ Омской вол. имьются представители р. Кипчакъ, Карауль, Канджигалы и Найманъ. Посльдніе пришли сюда сравнительно недавно 50-60 лтъ назадъ...». Ал жоғарыда аталған кітаптің 25 бетінде жазылған: «15000 кибитокъ, киргизъ, подвластныхъ Валихану отъ притъсненія его перешли на правую сторону Иртыша ... Ажымбетъ тогда остался въ Омскомъ уездъ» [6, 45-6].

Архив құжаттарында Әжімбет би еліне қатысты деректер аз емес. Қазан төңкерісіне дейін бұл ел Баба-Бағыс болысының құрамында болған. Бұл әулеттен де бірталай би-болыстар шыққан. Солардың бірі құрметті елағасы Айбас Бозаев. Сол ауылдың биі Тілеген Күшіков екеуі тізе қосып, әкесі Бозай бидің, бабасы Әжімбет бидің өнегелі жолын жалғастыра түскен.

Аталардан жеткен шежіре деректері бойынша ел бері көшкенде Бағыс руының кейбір әулеттері Ташкент төңірегінде қалып кеткен. Ерте күндерде олармен байланыс болғанымен, кейін келе үзіліп қалған. Ізденімпаз, талантты жас зерттеуші Шыңғыс Оразалының көп еңбектенуінің арқасында осы ежелгі байланыстар қазір қайта орныға бастады. Мұны айтып отырғанымыз, Әжімбет бидің Ташкент түбінде қалып кеткен Үмбет, Рақымбет атты бауырларының деректері табылуда. Әрине, оның анық-қаныға алдағы күндердің еншісінде...

Әжімбет биді халық әулие санап, дүниеден өткеннен кейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген. Әжімбет бидің ұрпақтары әлі күнге дейін Омбы облысының Шербакөл ауданында тұрады. Әжімбеттің басқа да көптеген ұрпақтары туған елінің игілігі үшін абыройлы еңбек етіп келеді, келешекте де солай болғай.



## Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі

1. Аристовтың Н.А. «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Живая старина. 1896. 102 б (<https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1551796>)
2. Материалы па Киргизского землепользования», Омской волости. Т.ХІ. Омск, 1902, С 45
3. Материалы па Киргизского землепользования. Омской волости. Т.ХІ. Омск, 1902, С 26
4. Материалы па киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицей па изследованию степных областей. Акмолинская область Т-ХІ. Омск 1902 г. С.12.
5. Сабитов Ж.М. Происхождение рода Атығай \\ Сибирский сборник Выпуск2 Тобольск: изд-во ТГСП им. Д.И. Менделеева, 2012. С- 2
6. Материалы па Киргизского землепользования», Омской волости. Т.ХІ. Омск, 1902, С 45

## БИ АТАУЫ ТУРАЛЫ

**М.Қ. Ахетов**

Алматы қаласы әкімдігінің әдеп жөніндегі уәкілі

Шешен сөзімен үнемі қатар аталатын, жекелеген жағдайда «би-шешендер» деп синонимі ретінде қолданылса да түрлі себептермен назардан тыс қалып келе жатқан «би» сөзінің этимологиясына, лексикалық мәніне, оның қазақ тарихындағы роліне, олар құрған билер институтына да толығырақ тоқталып өткен жөн болар еді. Себебі, ілкі дәуірлерден ХХ ғасырға дейін құқықтық-әлеуметтік мәселелерді шешу барысында шешендік өнердің дамуы, ауызекі сөз мазмұны мен тақырыбының әділдік, елдік, рухани кемелділік секілді биік мұраттармен астасып жатуы – билердің қоғамдық қызметімен тікелей байланысты еді. Қазақ халқы тарихының өн бойында «би» ұғымы «шешен» сөзімен үнемі қатар аталып, кей тұстарда бір мағынада қолданылып келді. Бұл да мыңдаған жылдар бойы халқымызбен бірге жасасып келген, санқилы мағыналық, формалық қабаттарды бойына жиған, әйтседе қазақ халқы тәуелсіздігінен айрылғаннан кейін түрлі таптық, идеологиялық себептерге байланысты мән-мазмұны көмескіленіп, орынсыз «қудалауға» түскен аса киелі сөздердің бірі еді.

«Хан – қақпа, халық – қазына, батыр – қорған,  
Молда – сүлік әуелден елді сорған.

Шешен – шеңбер болғанда, би – таразы,

Ән – сәнің, күйің – көркің, ақын – жорғаң...» [1, 162 бет] – деп жырлайды Жанақ ақын ХІХ ғасырға дейінгі қазақ қоғамының тұрмыстық құрылымын, саяси-әлеуметтік, мәдени ахуалын өлеңмен өрнектейтін шығармасында. Практикалық мәнінің маңыздылығы, қоғам өмірімен, күнделікті тұрмыс-тіршілікпен тікелей байланысты болуы – шешендік сөздерді беделді билердің «ел жамаудағы» басты құралы етті.

Халқымыздың тарихынан елеулі орын алатын, мемлекеттігіміздің басты тірегі болып келген билер институты да бүгінгі күні тың көзқарас пен жаңаша пайымдауға зәру. Ұлттың ұйысуын, билік пен бұқара арасындағы әлеуметтік тепе-

теңдікті, үйлесімді қамтамасыз етуде өлшеусіз қызмет атқарған бұл жүйенің белді өкілдері – билер тарих ғылымынан өзіне лайықты бағасын әлі алған жоқ. Билердің нұқсан келген беделі мен абыройын арашалауға бүгінгі таңда жазушылар мен заңгер ғалымдар тарапынан жасалған азды-көпті еңбектер болмаса, жалпы гуманитарлық ғылымдар әлі де олардың пайда болу заңдылықтарына, тірлік кешу принциптері мен Қазақ мемлекеттігін құруға сіңірген еңбегіне әділ бағасын бере алмай-ақ келеді. Мұның әртүрлі себептері болды десек те, ендігі жерде қазақ халқының жойылып кетпей, ұлт ретінде сақталып қалуына өлшеусіз қызмет еткен билердің тарихи ролі, олар құрған құқықтық, саяси-әлеуметтік, рухани жүйелердің ел тарихындағы орны жаңаша пайымдалуға тиіс.

Қазақ әдебиеттану, фольклортану және лингвистика ғылымдарының мейілінше дамыған Кеңес кезеңінде «би» сөзіне біржақты теріс көзқарастың қалыптасуы заңды еді. Ол тұста бұл сөздің таптық мәні, идеологиялық астары оның өзге тарихи мағыналарын көмескілеп, билердің қызметін әділ бағалауға мүмкіндік бермеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғана көркем шығармаларда, құқықтану саласы мен өзге де ғылыми әдебиеттерде «би» атауына қатысты жағымды ой, оң пікірлер айтыла бастады. «Би атағын алу үшін халық жиналыстарында сөйлеп сыналып, атақ-абыройға ие болған, елді аузына қарата алатын шешен, қара қылды қақ жарған әділ, әдет-ғұрып заңына жетік білгір, ата-баба мекенін жаудан қорғайтын жүректі, әскери амал-тәсілдерді меңгерген дарынды қолбасшы батыр, дау-жанжалдарды ақылмен шешетін ойшыл, әлеуметтік заң-жораларды жасай алатын заңгер, халықты билеген хандарға кеңес беретін ақылгөй, өмір тіршілігін терең зерделеген философ болу керек» [2, 102 бет]. – деген үлгідегі шынайы ғылыми пікірлер айтылып, зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Ғалым Г.Қосымованың бұл пікірімен келісе отырып, ендігі жерде біз «би» сөзінің нақтылы ұғымды білдіретін ерекшелігіне, сөздің шығу төркініне, тарихи мәніне, терминдік сипатына назар аударғымыз келеді.

Қазақ қауымындағы тұрмыс-тіршіліктің, мемлекеттік жүйенің өзгеруіне байланысты қоғамдық қызметінен, шынайы мағынасынан айрылған билер институты да, «би» атауы да, жырау, сал, сері, шешен секілді тарих қойнауында шаң басып, көмескі тартты. Өзге дәстүрлер мен олардың атаулары тек қана тарих сахнасынан шығып қана қойса, «би» мен «билеуші» түсінігі Кеңес дәуірінде қалыптасқан ғылым үшін «зиянды» саналып, таптық танымның нысанасына айналды, ашықтан-ашық қуғынға ұшырады. «Өзі би, өзі қожа», «Бас-басына би болған өңкей қиқым», т.б. деп келетін тұрақты тіркес, мақал-мәтел немесе жекелеген ақын шығармаларында сақталғаны болмаса, «би» атауы өзінің лексикалық мағынасынан толығымен айрылды. Бұл билер жүйесі мен атауының жойылып кетуін қазақтардың дербестігінен айрылуымен, көшпелі өркениеттен отырықшылыққа бет алып, құндылықтардың алмасуымен, мемлекет ішіндегі өмір сүру ережелерінің өзгеруімен түсіндіруге болады.

Қазақ тарихында «шешен» деген анықтауыш қосарланып аталатын соңғы тұлғалардың бірі Досболға қатысты Мәшһүр Жүсіп мынадай бір деректі келтіреді: «Қыпшақ Досбол датқа қартайып, науқас болып жатқанда, болыс-билер көңілін сұрай келіпті. Байсын деген соқыр болыс, Нұрмаш деген пұшық болыс, Саудағұл деген таз болыс бар екен. Сонда болыстар айтыпты:

Датқа-еке, бұрынғының арты едің, бүгінгінің қарты едің, әлдеқалай боласыз!? Артыңда қалатұғын жандарға не айтып кетесің, ілгері өткендерге не айтып барасың? – депті. Сонда Досбол:

Сендерге не айтайын, заман сендердікі, жұрт сендердікі, өз ақылдарың өздеріңе жетеді. Ілгері өткендерге айтып баратын сөзім мынау: «Бақ деген сендер тірі күнде сұңқар еді – елде кімнің басы биік болса, соған қонушы еді. Сол бақ қартая-қартая қарашыбын болды. Қайда сасық болса, соған қонды – соқырдың көзіне қонды, пұшықтың мұрнына қонды, таздың басына қонды!» - деп барамын-дағы» - депті [3, 27 бет].

Бұл қазақ қоғамында ғасырлар бойы сақталып келген, лайықты жандардың билікке, ел ісіне араласуына мүмкіндік

берген әділ далалық заң жүйесінің бұзылуын қарт шешеннің жеріне жеткізе сынай айтқан мағынасы терең ғибратты әңгімесі болатын. Бұрын-соңды халқының, көпшіліктің мұрат-мүддесін барлығынан жоғары қойып, ар-ұят, әділет жолында бастарын өлімге де тігетін, «қара қылды қақ жарып» әділін айтатын ұлы билердің қызметі отарлаушылар үшін керексіз болып қалды. «Бақ деген сендер тірі күнде сұңқар еді – елде кімнің басы биік болса, соған қонушы еді» деп, шешен Төле, Қазыбек, Әйтеке, Қаражігіт, Байдалы, Кеңгірбай деп келетін елден ерек тұлғаларды жазбай тауып, соларға «екі тізгін, бір шылбырды» сеніп тапсырған көпшіліктің басынан сол дәуірдің келмеске кеткенін ашына әрі бейнелі сөздермен айтып отыр.

Есесіне, елден ерекше қасиеті болмаса да би атанып, отарлаушылардың қалауын қалтқысыз қылп етпей орындайтын мәймөңке, өз пайдасы мен мансабы жолында ештеңеден тайынбайтын «қолбала билер» заманын Досбол «Сол бақ қартая-қартая қарашыбын болды. Қайда сасық болса, соған қонды» деп ел ішінен әділдіктің кеткенін, неғұрлым өз қандасына қатал, тасбауыр, паракор би-сымақтардың заманы туғанына меңзеп отыр. Бұл билердің қызметіне тікелей қатысы бар сол дәуірдегі замана шындығы болатын.

Енді өте ерте замандардан сантүрлі лексико-морфологиялық формаларға жіктеліп қолданылып келе жатқан «би» сөзінің шығу төркініне, оның уақыт тезінде қандай өзгерістерге ұшырағанына зер салалық. «Шешен» сөзі тәрізді «би», «бек» сөздері де тым көне дәуірлерден, ортақ алтайлық кезеңнен, бәлкім одан да бұрынғы замандардан тамыр тартқан лексикалық бірлік екені аңғарылады. «Би» деген қосымша атаумен алғаш кісі есімі алтайлықтардың мифологиясында кездеседі. Бұл күллі түркі халықтарына ортақ көне аңыздардағы адамдар мен киелі рухтардың атаулары бүгінгі қазақы танымға соншалықты жақын және исламға дейінгі қазақтардың тәңірлік, бақсылық наным-сенімдерімен, түсініктерімен сарындас. Алтайлықтар аспан, жер және жерасты деп жіктелетін үш әлем бар деп санады да, олардың әрқайсысында жер бетіндегі тіршілікті реттеп отыратын киелер мен қасиетті рухтар мекендейді деп есептеді. Көк, яғни, жоғарғы әлем иесі Өлген

немесе Үлкен (Ульген) алты күнде Ақ Ененің көмегімен дүниені жаратады. Ортаңғы әлемді адамдар мен жер, от, су, орман, жел, тау рухтары мекендейді. Бұлардың айтылуы да қазақша атаулармен үндес:

- Алтай иесі - Алтай ээзи (дух-хозяин Алтая)
- Жердің иесі - Дьердин ээзи (дух-хозяин земли)
- Таудың, қырдың иесі - Туунын, қырдын ээзи (духи-хозяева гор)
- Жер-Су - Дьер-Суу (Земля-Вода)
- Су иесі - Суу ээзи (дух-хозяин воды) [4]. Мұндай халық жадымен астасқан наным-сенімдермен қабат Алтайдағы Би және Қатын деп аталатын өзендер туралы өте қызықты көптеген аңыздар сақталған. Бұл жерде «Би» - қожайын, сол өңірдің иесі түрінде көрінеді.

Көне алтайлық мифтердегі үшке жіктелетін әлемдердің ішіндегі жер асты әлемін Ерлік би (Эрлик-би) басқарады. Қазақтың «Ер Төстік» ертегісіндегі Жылан Бапы ханның жер асты елі осы әлеммен байланысты. Онымен қатар Ерліктің ұлы әрі шабарманы ретінде Қараш бидің (Қараш-би) аты да аталады. Әсілі, мұндағы есімдерге қосақталған «би» сөзі уақыт өте келе қалыптасқан анықтауыш қызметін атқаратын форма түрінде көрінеді. Яғни, бұл оған дейін пайда болған, жалпы қолданыста бар көне нұсқа.

Дәл осыған ұқсас атауды якуттардың мифологиясынан да кездестіруге болады. Байанай, Баай Байанай, Би Байанай деп сахалар табиғат иесін, аңшылардың пірін атаған. Оны «орманда өмір сүретін көңілді де шулы, аң терісіне бай қария» деп сипаттайды. Аңшылық кәсіпте ұзақ уақыт жолы болмағандар немесе шектен тыс аң атқандар Баай Байанайға қымыз, шелпек, маймен құрбандықтар атап отыру дәстүрі болған. «Би-шешендердің» қатар аталуы бұл кейінгі дәуірлердің емес, сонау ерте замандардағы аңшылар қауымындағы адамдар мен табиғат арасындағы жоралғылық делдалдардың бірлігі деген ойға жетелейді.

«Би» сөзінің де әуел баста дыбысталуы мен мағынасы жағынан ұқсас «бай», «бей» сөздерінен келіп шыққандығы белгілі болып отыр. Барлық азия халықтарының тілінде

ұшырасатын осы сөздің этимологиясына алғашқылардың бірі болып арнайы назар аударған ғалым А. Н. Самойлович болды. Ол көптеген ескерткіштерді, әртүрлі халықтардың тілін саралай келе ба:й (бэй) сөзінің ба:p ~ бар~вар сөздерінен бастау алып, содан әрқилы өзгерістерге ұшырағандығын айтады. Чуваш тіліндегі пуйан, монғол және маньчжур тілдеріндегі *бажан*, *бажандур* деген тайпа атауын, *Вајигу* топонимдерін мысалға келтіре отырып, ғалым оларды этимологиялық тұрғыдан тамырлас деп қарайды. Автор *бау*, *бауан*, *рауан*, *баг* деген сөздердің «бай, ауқатты» деген осы күнге дейін сақталып келген әлеуметтік мәнінің бастапқы мағынасы емес екенін ескертеді. «Значение «богатый» вытеснило более древние значения или возоблагодало над ними в раннюю пору феодализма в языках тюркской системы...» [5, 25-32] – деп жазады ғалым. Сондағы айтпағы, бұл біздің қазіргі түсінігіміздегі «бай» деген ұғымның кейін пайда болғандығы, алғашқы мәні әдеттегі «жоқ» деген ұғымға антоним «бар» деген мағынаны білдіргендігі. Антикалық гректердегі «құл» сөзіне қарсы мағынадағы «еркін, сөйлеуге қабілетті, дауыс беруге құқылы» дегені секілді, ілкі дәуірдегі «бэй» сөзінің де қарапайым ғана «жоқ» дегенге қарсы ұғымнан туғандығын айтады ғалым. Тілдердің даму, таралу заңдылықтарына сәйкес бұл сөз де санқилы дыбыстық, мағыналық өзгерістерге ұшырағанымен, түпкі семантикалық байланысын сақтап қалған.

Алтай тобындағы барлық тілдерде кездесетін бұл сөз кейінгі дәуірлерде ғалымдардың қызығушылығын туғызып, түпкілікті зерттеудің нысанына айналды. Осы тақырыпты құмық тіліндегі нұсқасымен салыстыра арнайы зерттеген ғалым С.М.Лабазанова мынадай қорытындыға келеді: «Таким образом, лексема *бай* в тюркских языках имеет разветвленную семантическую структуру. Появившись в общеалтайскую эпоху, она сохранилась почти во всех тюркских языках. Многообразие значений постепенно угасает с востока на запад.

В азербайджанском и турецком языках данная лексема не представлена, в этих языках значение «богатый» передается словами *bahali* и *zengin*.

В монгольских языках имеются следующие соответствия тюркскому *бай*: *bajo* // *баян* «богатый», «богач», в хазарских диалектах *baju*, *баялаг* «богатый», в калмыцком *байн* «богатый», *байн* *кунм* «богач», *байжх* «богатеть», *байлг* «богатство», «достаток», в бурятском *баян* «богатый», *баялиг* «богатство».

Слово *бай* в разных фонетических вариантах известно во всех тунгусо-манчжурских языках, кроме эвенкского: в ороцком, удэгейском, ульчском, орокском *байан* «богатый», «богач», нанайском *баја* «богатый», «богач», в маньчжурском *баја* «разбогатеть» и *бајан* «богатый», «богач» [14, с. 29], в эвенкийском *бай* имеет два значения: 1) богатство, 2) богатый, а *баян* три: 1) богач, 2) богатство, 3) богатый [6, с. 48,52]. Ғалым пікірінің дәлдігін, түпнұсқа ерекшеліктерін сақтау мақсатында аудармасыз сол күйінде беруді жөн көрдік.

«Жок» ұғымына қарсы «бар» деген ілкі мәннен бастау алатын «бай», «бей», «бек», «бегі», «би» үлгісіндегі сөздер алтай тобына жататын халықтардың таралу, бір-бірінен ажырау, жаңа қоныстарды мекендеу тарихының сілемін көрсететін мәдени лексикалық бірлік. Кейбір тарихи деректердің жазба ескерткіштерде аталмаса да, сол халықтың тілінде, тұрақты тіркестерінде, ел аузындағы аңыздарында сақталып қалатыны болады. Сол сияқты түріктердегі «би» атауы туралы алғашқы деректер мыңжылдықтардың арғы жағына кетеді. Байырғы үйсіндерде ең жоғарғы лауазым иесінің «би», «күнби» (қытай деректерінде «*куньми*») деп аталғанын ғалымдар ертеден-ақ ескертіп келеді. Әсілі, «би» сөзі ел үшін, ортақ мүдде жолында еңбек ететін, «жоқтан» «бар» жасауға қабілетті, өзінде «бармен» бөлісетін адамның қасиетін көрсететін, келе-келе әлеуметтік статусты, ұлыстық қызметті, көпшілік тарапынан мойындалған арнайы лауазымды білдіретін ерекше термин.

Белгілі тілші-ғалым Ғ.Мұсабаев үйсіндерде қолданылған би атауы хақында: «Куньмо – үйсін патшасының лақап аты екен де, «күн» көне түркі тілінде халық, қоғам деген, сонан өзгерген. «Мо», «ми» деген би, бег болады дейтін пікір көптен бар. Өйткені қытай жылнамасында «гуньми» (күн, би) болып жазылған. Сөйтіп үйсін патшасының лақап аты – халық бегі, қоғам бегі (биі) деген екі сөз екен. Бұл жөнінде ескеретін бір

жағдай бег (бек), бий (би) деген екі сөздің бір түбірден өрбіп, біріне-бірі синоним болғанын ескеру қажет. Қыпшақ тобына жататын біраз тілдерде ғана емес, оғыздарда да бей түрінде ұшырайтыны й/г дыбыстарының алмасу дәстүріне байланысты болған. Бег (бек) – ең жақсы деген ұғымда болған», – деген пікір айтады. [7, 253 бет.]. Әрине, тарихи жағдайларға, ауысқан билік формаларының өзгеруіне орай олардың қоғамдағы қызметтері де әртүрлі сипаттарда көрінуі мүмкін, әйтседе, негізгі мәні мыңдаған жылдар бойына көшпелі өркениетте сақталып келген.

Сонымен қатар, бүгінгі қазақ есімдерінде жиі кездесетін «бек» немесе «би» формалары сонау ғұн, түркі дәуірлерінде, тіпті одан да бұрынғы замандарда кеңінен қолданылып келгендігін жазба деректер растайды. Күлтегіннің кіші жазуында «бүйрүк бектер, отүз (татар)

2.тоғыз оғыз бектері, халқы, бұ сөзімді (өсиетімді) және жақсылап есіт, қатты (мұқият) тыңла!» [8, 19 бет.] – деп анық жазылады.

Ал сол дәуір жайлы қытай жылнамасы «Бағадүр Ізқұтлы би қаған деген лауазыммен таққа отырды. Сарайға елші салып, таралғы тартты. Би қаған тегінде Түріктердің бір бөлімін басқарып отырған кіші қаған еді.» [9, 251 бет.] деп жазады. Аудармашылар бұл терминнің қытай деректерінде де «ми», «би» үлгісінде жазылғанын ескертеді. Осы күнге дейін өзгеріссіз қолданылып келе жатқан «билік», «билік құру» сынды туынды зат есімдер мен етістіктер осы қауымды басқару қызметін білдіретін «би» сөзінен бастау алып, тілімізде түрлі формаларда сақталып қалған.

«Құтлықтың ұлы Күлтегін бұрынғы ұлыстарының басын құрап, кіші қағанға шабуыл жасап және оны тұқымымен құртып, оның орнына ағасы Бегленді қойды, ол Білге қаған деп аталды» [9, 244 бет] – деп жазады қытай жылнамасы. Бұл мысалдан көне түркі жазба ескерткіштерінен бізге жақсы таныс тарихымыздың жарқын тұлғасы Білге қағанның шынайы есімі Беглен (кей деректерде Мөгілен) екенін көреміз. Далалықтарда таққа отырғанға дейін өз атымен аталып, қаған атанғаннан кейін жаңа ат беру үрдісі болғаны белгілі. Мұның алғашқы буынындағы «бег», «мөг», «ми» формалары «би» сөзінің түрлі

деректердегі жазылуына байланысты өзгерген нұсқалары екенін ғалымдар бұрыннан айтып келеді. Жапон ғалымы Ширатори Куракичи және басқа да көне мәтіндермен жұмыс істеген ғалымдар *би* мен *бек* сөздерін бір атаудың түрліше дыбысталуы деп қарайды. Ал екінші буындағы «лен» формасы «ұлан» сөзінің деформацияға ұшыраған нұсқасы болуы мүмкін. М.Қашғарида «ұflan» үлгісінде кездеседі. Бүгінгі таңда «Ерлан», «Нұрлан» үлгісінде кездесетін есімдердей, Беглен атауы «Бекұлан» немесе «Биұлан» деген мағынаны береді деп есептейміз.

Ж.Баласағұн «Құтадғу білік» атты ғажап еңбегінде «бек» сөзіне арнайы тоқталып, мынадай тамаша пікірін қалдырады:

«1950. Атасы бек болса, баласы да бек туады; ұлы бек туса һәм аталары сияқты болады.

1952. Бектер біліммен халықты бастайды; ақылымен мемлекет және халықтың жұмысын істейді.

1953. Бек аты білікпен (білім не билік) байланып тұрады; біліктің «л» әрпі кетсе, бек аты қалар» [10, 102-103 бб.]. Аталмыш еңбектің Каирлық факсимилесінде «бек» сөзі еш өзгеріссіз осы қалпында берілгенін айту да аса маңызды.

«Би» сөзінің жоғарыда аталғандай түрлі формаларда кездесуін әртүрлі дереккөздерге сүйенген ғалым С.Қондыбай да ескертеді. «Бек (бег, бей, би) – ру-тайпа ақсүйектерінің титулы. Көк түркі қоғамы, қаған мен оның әулетін есептемегенде, екіге бөлінді, ол – жай халық (игиль қара бодун) пен бектер (атлық) еді... Бек – түркі қоғамының тірегі еді, ол туралы орта ғасырлық тас жазулар мен жазба әдебиеттерде біршама жақсы сақталған» [11, 170-171 бб.] – деп жазады ол. Бұл оның ілкідегі «бар», «бай» деген қарапайым мағыналарынан ажырап, кеңінен қолданылатын деңгейге жеткен кезеңін білдіреді.

Өте ерте замандардағы тасқа басылған жазулардан ортағасырлық жазба деректерге дейінгі барлық тарихи ескерткіштерден «бек», «би» терминдерін еш өзгеріссіз кездестіреміз. «Көне түріктің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары көшпелілердің әлеуметтік өмірін реттейтін басты құрал есебінде қызмет жасады. Осы әдет-ғұрыптың құқықтық қызметін атқаратын өкілдерін түріктер «бек», «би» атайтын» – деп нақтылай түседі ғалым Ж.О.Артықбаев [12, 40 бет].

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» де дәл осы ой айтылады. М.Қашғарида «бек» – «билеуші» [13, 856-б.] «Моңғолдың құпия шежіресі» мен «Алтын шежіреде» «би» сөзі «шерби», «бек», «бехи» үлгілерінде ұшырасады. «Алтын шежіреде» Шыңғысхан ең жақын серіктеріне «Боршы, Мұқылай бастаған нояндарым! Тұдай, Доғылқу бастаған шербилерім!» [14, 86 бет.] – деп тіл қатады. «*Шерби*» деп ханның ең жақын қызметшілерін атаған. Бәлкім «бехи», «шерби» сөздері белгілі бір фонетикалық өзгерістерге ұшыраған болуы мүмкін, әйтседе жазба ескерткіштердегі бұл лексикалық бірліктердің құрамында «бек», «би» формаларының бар екендігі дау туғызбайды. Бұдан шығатын қорытынды, «бей», «*би*» термині тым көне замандардан-ақ мағынасы бұлыңғыр, шартты атау болған емес. Керісінше, «жок» деген ұғымға кереғар «бар» дейтін мағынадан бастау алып, аздаған дыбыстық өзгерістерімен бұл сөз көшпелі қауымда баршасы бірауыздан мойындаған, уақыт өте келе атқарған қызметіне орай ортақ қазынадан ақы алатын, ерекше құқықтық мәртебесі бар мемлекеттік қызметші атауына айналған.

Ғ.Мұсабаев: «Үйсін мемлекеті бастықтары хан деп аталмай би, бек атанған» [7, 256 бет.] деп нақтылай түседі. Ал академик Б.Көмеков XII ғасырлардағы Қыпшақ хандығындағы лауазымдар турасында: «Билеуші ақсүйектік топтың (хандар, тархандар, басқақтар, бектер, байлар) қатаң иерархиялық жүйесінің үстемдігі айқын көрінді» [15] деп атап өтеді. Бұл тұста «бек», «бай» атауларының мағыналық жағынан толығымен жіктеліп, дербес мағына беретін лексикалық бірліктер екенін көруге болады. Әйтседе, «бек», «билердің» сонына елді ерткен, жұртты аузына қаратқан тұлға екені және ресми лауазым қатарына енгені байқалады.

XI ғасырдағы М.Қашғаридің «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде «билік» сөзі дәл осы күнгі («қаңашлик билік узрашур, қаңашсиз билік убрашур» [13, 242-б.] «кеңесті билік (ұласар) гүлденер, кеңессіз билік (өшер) кері кетер») мағынасында қолданылады. Ал билеуші сөзін ол «бек» деп береді.

Осынау өміршең дәстүр кейінгі кезеңдерге дейін өзгеріссіз сақталып, көпшілік алдында ой толғап, пікір айта алатын,

соңына халықты ертуге қабілетті және ерекше қасиеті көпшілік тарапынан мойындалған адамдарға қатысты айтылып келген. «XV-XVI ғасырларда «бек» атағын, сірә, хан беретін болып, «рангілер табеліне» кіргенге ұқсайды, ал кейіннен бұл атақпен ресми праволары мен қызметтері бар адамдар аталған – деп жазады Р.Сыздықова Қ.Жалайридың «Жамиғат тауарихын» зерттеу барысында. – Бұл сөздердің «би» варианты да бар. Біздің тарихшымыз ханнан кейінгі билеушінің титулы ретінде «бек» тұлғасын жұмсаған да, «би» вариантымен ру-тайпаның басшысын, билеушісін немесе билеуші топтың өкілін атаған. Сірә, Қадырғали заманындағы қазақ қоғамында ру-тайпа басын «би» деп атаса керек. Сондықтан шежіре тексінде «би» тұлғасы да кездеседі (Тасуқа би, Сейдек би). Мүмкін, шежіреші бұл тұлғаны көбірек жұмсаған болар, бірақ оны кейінгі көшірушілер «бек» вариантымен ауыстыруы әбден ықтимал. Оны мына бір факт дәлелдейтін тәрізді. Қадырғали өзінің ата-тегін таратқанда би терминін жұмсаған. Мұны Баруди нұсқасынан көреміз: Қадыр али би, Хосум би, Қарач би, Айтаулы би, Тебре би. Осы ата текті таратуда кейінгі нұсқада би сөзінің орнына бек тұлғасы келтіріліп жазылған (көшірілген). Маңғыт мырзаларының ру басы, Алтын Орданың билеушісі (бірақ ханы емес) атақты Едіге бірде «бек», бірде «би» деген титулмен берілген» [16, 64 б.]. Тарихи қолжазба мәтіндерімен жұмыс жасаған ғалымның аталған терминдерге қатысты тұжырымдары өте мағыналы әрі маңызды.

Алтын Орданың ыдырап, Қазақ және Ноғай хандықтары құрылар қарсаңда, яғни, XV ғасырдың бірінші жартысында билер өз ру-тайпалары шегінде толыққанды билігі бар, көпшілік атынан келіссөз жүргізе алатын, сұлтандармен тең дәрежедегі лауазым иесі ретінде көрінеді. Бұл құбылыс аласапыран кезеңдегі хан мен оның ұрпақтары әлеуетінің біршама әлсіреуімен, олардың саяси беделінің түсуімен де байланысты болса керек. Әрине, бұл барлық билерге тән болмауы да мүмкін. Десек те, Ноғай ордасындағы Едіге, Оқас, Темір билердің атақ-абыройлары мен саяси ықпалы Әбілхайыр ханнан кем болмағаны байқалады [17, 321-б.]. Ноғай ордасында би – орданың бірден бір билеушісі, елдің басшысы ретінде көрінеді.

Едіге мен оның ұрпақтары Мансұр, Нұраддин, Оқас (Уаққас), Темір, Мұса, Ысмайыл, Дін-Ахмет т.б. барлығы да «би» деген ресми атақпен аталады. «Би – төреші өзінің санасынан басқа ешбір билікке есеп бермей, әрбір адамның ісін талдауға, жәбірленгенді қанағаттандыруға немесе қылмыскерді жазалауға тиіс. Ол Ордада, мүмкін, сұлтандардың да қолы жетпейтін орынға ие бола алады, сондықтан ордалықтар биліктің не байлықтың күшіне бағынбай, халықтың өзі жалпы мүддесі үшін сайлаған адамнан әділдік іздеп, істі шешіп беруін өтінеді» [18, 10 -б.] - деп жазады орыс зерттеушісі Л.И.Андре.

Аталған жандардың есімдерінің тарихқа өшпестей таңбалануына осы бір киелі сөздің де әсері тигендей көрінеді. XVI ғасырдың орта шенінде Ноғай Ордасы атанған саяси құрылымдағы билік дәстүр өзінің тарихи мәнін жояды. Қазақ хандығымен саяси, мәдени жақтан тұтасып жатқан бұл мемлекеттік жүйемен бірге даңқты билердің де қызметі басқа сипатқа ауысты. Осы билердің ұрпағы атақты Қазтуған жырау бұл оқиғаны былайша жеткізеді:

«Айдаса қойдың көсемі,  
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,  
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,  
Қалайылаған қасты орданың сырығы,  
Билер өтті, би соңы,

Би ұлының кенжесі» [19, 12 б.]. Ол өзінің Ұлы билердің соңы, кенжесі екенін осылайша ескертеді. Осы билік дәстүр онан кейінгі қазақ қоғамында жаңа үлгіде, яғни, ресми билік пен халық арасында медиациялық қызмет атқарған «билер институты» формасында жалғасын тапты.

Қысқасы, ғасырлар бойы өзгеріссіз көшпелі тіршілік кешіп келген қоғамда би, шешен сөздерінің қатар аталып келуі – олардың қоғамдағы қызметінің ортақтығын көрсетеді. Түйінді істі шешетін, билік жүргізетін, өзінің жеке қабілет-қарымы арқасында ел мүддесін арқалаған «ақылды, дана» жандардың бег, бей, бек, бехи, би, шешен, сэчан, цэцэн үлгілерінде қосарлана аталып келуі, түркі, тіпті барша көшпелі халықтардағы тарихи жадының заңды жаңғырығы еді. Бұл ешқандай да атадан-балаға династиялық жолмен берілмейтін,

әркімнің жеке қабілетімен халықтың сеніміне ие болу арқылы қол жеткізетін атақ, мансап еді. Ел басқару, елдің сөзін ұстап, би атану үшін үміткердің ерекше қабілетті болуы шарт екен де, бұл атақты алып жүруге қойылған талап та мейілінше әділ болған. Сол дәуірлердегі қоғамның қатал заңы, табиғатпен бетпе-бет көшпелі тіршіліктің алуан түрлі сынақтары, ар алдындағы баршаның тең құқығын қамтамасыз ету, міне, көптің көз алдында өтіп жататын бұл үдерістер ешқандай да кездейсоқтықты көтермейтін еді. Елді соңына ертіп, әділдікті қатаң сақтауға, «қара қылды қақ жаруға» тиіс биге артылған жауапкершілік те тым ауыр болған. Сондықтан да, би болу үшін «елден ерек тұлғалар» – цецен немесе шешендер лайық саналған.

Шыңғыс хан жарлығы: «Төре заңы бойынша, тайпаның ең құрметті ақсақалы Мөр-бегі болмақ жосын бар. Боданшардың үлкен ұлы Барын ағаның әулеті Үсүн қарт Мөр-бегі болсын. Ақ шапан кисін, ақ арғымақ мінсін, (тиесілі) тағына мінсін. Бізге жыл мен айдың есебін айқындап беріп отырсын», - дейді. [20, 15 б.] Бұл үзіндіден біздің назарымызды аударып отырған «Мөр-бегі» термині. «Мөр» – адамның аты, ұмытылған сөз немесе қазіргі мағынасындағы мөр болуы мүмкін делік. Әйтседе, бұдан «беки», «бегі», «би» формаларының мәні өзгермейді. Би – ханның арнайы жарлығымен бекітіледі. Хан жарлығынан «бидің» нақтылы заңмен бекітілген лауазым атауы екенін аңғаруға болады. Осыдан келіп түрлі деңгейдегі лауазымды білдіретін беглербегі, құшбегі, мыңбегі, ұлысбек, ұлықбек деген секілді нұсқалар шығады.

Тек бұл жағдай әрбір түркі халқында, түрлі тарихи кезеңдерге қарай әрқилы қалыптасуы мүмкін еді. Халықтардың көшпелі немесе отырықшыл тірлік кешуі, ондағы мемлекеттік құрылымның бюрократтық немесе ауызша жүйеге бейімділігі де әсерін тигізбей қоймайтын еді. Сөздердің саяси, тарихи жағдайларға сәйкес мағыналық өзгерістерге ұшырап отыруы тіл біліміндегі әдеттегі құбылыс. «Арнайы әдебиетте, – деп жазады академик С.Зиманов, – «би» сөзі көне түркі сөзі, ол шығыс билеушілері – хан, сұлтандар кезінде маңызды лауазымдық атақты білдіреді. Ол әр түрлі түркі халықтарында түрлі тарихи

кезеңдерде әркілы аталды – «бек», «бегі», «би». Бірақ барлық жерде бұл ұғым «билік», «билеу» деген мағынаны білдірді және бұл атақты жоғарғы билеушінің қасындағы кеңесшілер, ерекше құзырлы адамдар иеленді.

Қазақтың «би» сөзі түрктің «билік» элементі бар жалпы атауынан шыққан. Ол терминологиялық белгі мағынасын сақтап қалған. Ал арнайы ұғым ретінде ол басқа синонимдерден өзгешеленді. Қазақ ордаларында, хандықтарында, жүздерінде және руларында, сондай-ақ Орталық Азияның қазақ-қыпшақ жерлері аталатын Ұлы даласында «би» ұғымы өзгеше болды, яғни, ол көбінесе соттық қызметтерді атқаратын адамға қатысты айтылды» [21, 33 б]. Ғалым өзге халықтарда сақталған бек, бегі, бей формаларынан қазақ қауымындағы би ұғымының даралану үдерісін орынды атап өтеді.

Ғалымдардың бұл ескертіп отырғаны Қазақ хандығы құрылып, өзге түркілік қауымнан қазақ жұртының дербес қалыптаса бастаған кезеңдегі ахуал. XVI ғасырдың басынан бергі Қасым ханның реформалары нәтижесінде қазақы ортада «би» термині «бек», «бегі» нұсқаларынан ерекшеленіп, ол тұтас ру-тайпа атынан сөйлей алатын топбасы ретінде көрінді, ел ішіндегі санқилы даулы мәселелерді реттейтін медиациялық тұлғаға айналды. Бұл жаңадан дербес шаңырақ көтерген Қазақ хандығындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалмен, басқару жүйесімен тікелей байланысты еді.

Осы күнгі пошта қызметінің Қарақорымға ақпарат алып асыққан, лау аттарды ауыстыра шапқан хабаршы-жаушылардың тұрағы, бекеті негізінде қалыптасқанын еске алсақ та, көп жайттың басы ашылады. Бүкіл Еуразия аумағындағы алыс-жақын шет жұртпен дипломатиялық қатынастар айрықша дамыды да, түрлі жазулармен эпистолярлық, тарихи құжаттар жүргізіліп отырды. Құбылай, Құлағу, Бату секілді жиһангерлер құрған мемлекеттердің ауқымы да тым үлкен, халықтардың тілдік құрамы да алуан түрлі болатын, олар көп мөлшерде кеңсе қызметкерлерін, тілмаштарды ұстап, мемлекет ішіндегі ұшы-қиыры жоқ маңызды мәселелерді жазбаша жүргізіп отыруға мүдделі болды және оларды қаржыландыруға қабілетті де еді. Олардың қол астында үлкен қалалар, отырықшыл өркениеттің

мәдени ошақтары, архив жүргізуге мүдделі жылнамашылары болды.

Ал жаңадан құрылған Қазақ хандығындағы ахуал тіптен бөлек еді. Ең алдымен, хандықтың құрылуы Жошы ұлысы, кейін Алтын Орда атанған алып мемлекеттік жүйенің ыдырау процесінің заңды жалғасы еді. Бұрынғы империяның бөлшегінде бой көтерген жаңа құрылымның мүмкіндігі қай жағынан алғанда да өте шектеулі болатын. Негізгі тіршілік көзі көшпелі мал шаруашылығы болды да, тұрмыстық жағдай, содан туындайтын құқықтық реттеу, елді басқару т.т. бәрі де осы жағдайға бейімделуге мәжбүр болды. Қоғам мүшелерінің нендей кәсіппен айналысатынын, олардың еңбек бөлінісін сол қауымдағы адамдардың саны, олардың мүмкіндіктері, тіршілік дағдылары айқындайды. Дербес ел болуға ұмтылған жаңа құрылымның алғашқы кезеңде бұрынғы ортақ Орданың мүмкіндіктеріне қарағанда ахуалы мүлдем басқаша еді. Ыдыраған Жошы ұлысының қақ ортасында пайда болған Қазақ хандығында сыртпен қарым-қатынастар бұрынғыға қарағанда мейлінше сиреп, ішкі мәселелердің өзектілігі артты. Ендігі жерде идеология, құқықтық реттеу, шаруашылық жүргізу, ұрпақ тәрбиелеу сынды кейінге ысыруға болмайтын қиын да қажетті жауапты жұмыстардың барлығы жаңа жағдайға, хандықтың мүмкіндігіне, шаруашылық жағдайына, қаржылық әлеуетіне қарай бейімделу қажеттілігі туындады.

Ең бастысы, хандық құрамына енген рулардың барлығы бір текті, бір тілді – баршаға түсінікті түркі тілінде сөйледі. Ш.Уәлихановтың «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген» [22, 119 -б.] дейтін заманы келіп, бұрын тұтас бюрократтық аппарат, жылнамашылар мен сарай хатшыларының қалың тобыры атқаруы тиіс шаруаларды енді қарапайым жандардың жүзіне татитын, «от тілді, орақ ауыз» билердің ауызша орындауына тура келді. Ал мұндай жауапты істі тек табиғатынан қабілетті, жады мықты, көпшілікті сендіре де, көндіре де алатын, өмірін осы жолға арнаған елден ерек тұлғалар атқаруы тиіс болатын.

«Тумысынан дарыған ақылы, ерекше имандылық қасиеттері және соларға қосылған тәжірибе мен басқаға үлгі боларлық ашық жүзділік бидің осы құрметті атақты алып жүруіне құқық беретін қасиеттері мен игілігі болып табылады» [18, 10 б.] - деп жазады зерттеуші Л.И.Андре «Қырғыз дәстүрлерінің жазбалары» атты еңбегінде.

Билердің сайланбай, тағайындалмай, шешендігіне қарай көпшіліктің мойындауы осындай практикалық қажеттілік пен өмірлік талаптардан туындаған еді. Міне, «би» және «шешен» деген ұғымдардың біте қайнасып, бірінің орнына бірі жүруінің сыры осында жатыр. Бұрынғы «би», «бек» сынды жалпылама атаудан Қазақ хандығында «би» ұғымы дербес нақтылы кәсіп әрі өнер иесі деген мәнге ие болды. Ал шындығында, «Халқына құл болмаған би болмайды» дегендей, би – елдің қызметшісі, руына, тамыр-таныстығына қарамай, көпшіліктің мұң-мұқтажын жоқтайтын, пендешіліктен, жең ұшынан жалғасқан көлденең сыбайластықтан жоғары тұратын әділ, ар-ожданы кіршіксіз, көпшілікке үлгі ресми лауазымды һәм рухани тұлға. Ал кісілік келбетпен үйлескен шешендік өнер, ділмарлық қасиет осындай билікке жол ашатын, кесім айтып, үкім шығаруға моральдық, құқықтық мүмкіндік беретін ең басты критерийлердің бірі болды. Бұл сол қауымның ақ-қараны ажыратуына, жақсы мен жаманды көпшілік талқысына салу арқылы өзін-өзі сақтап қалуына мүмкіндік беретін, меритократияға негізделген өміршең әділ жүйе болатын.

Уақыт өте келе сол ортаға бейімделген билер институты орнығып, олардың жұмыс істеу тәртібі, инстанциялары қалыптаса бастады. Ру-ру, тайпа-тайпа, жүз-жүз болып қоныстанған халық өз шаруашылығын «Қанына тартпағанның, қары сынсын» дейтін аталас жақындыққа негізделген туыстық жүйе бойынша жүргізді де, содан туындайтын қажеттіліктен билердің иерархиясы пайда болды. Жоғарыда атап өткеніміздей, тұтас рудың мұңын мұндап, жоғын жоқтау *ру биіне* тапсырылды. Бұдан жоғары билікке *ұлыс биі* ие болды. Ол жаугершілік жағдайда кемі он мың қарулы жігіт шығара алатындай ұлыстың билеушісі сұлтанға ақылшы, кеңесші болып, өзі шаруашылық, әлеуметтік жұмыстарға басшылық жасады. Би атағының ең

жоғарғы деңгейі – *Орда биі* болды. Тұтастай Жүздің атынан билік құра алатын Орда биі мемлекеттік «Жарғының» құрамына енеді де, жалпыхалықтық мәселелерді шешуге, өзге елдермен қарым-қатынас мәселелеріне тікелей қатысады. Ішкі-сыртқы саясатта ханды тежеуге немесе әрекетін құптауға, жауапқа тартуға қақылы болды. Осынау билер кеңесінен тек хандық билік пен бүкіл қазақ елінің ұлы бас қосуы – Қаз жиыны ғана жоғары тұрды [12, 66-б].

Билердің қоғамдық қызметі, даулы мәселелерді шешудегі тосын тапқырлығы мен үкім-кесімдері хақында халық жадында азды-көпті деректер сақталған. Әйтседе, қағазға хатталып, тасқа басылмаған ондай кесім-шешімдердің кейінгі дәуірлерге ауызша толымды нұсқаларымен қабат әдеби өңдеуге ұшыраған үлгілері де жетіп отырды. Ел аузындағы мақал-мәтелдерден өз кезеңінде билердің ілуде бір кездесетін ерекше құбылыс ретінде бағаланғанын көреміз. «Батыр деген – барак ит, екі қатынның бірі табатын. Би деген – ақсары ат, бүтін елге біреу табатын» дейді халық даналығы. Осындай болмысы бөлек, әділдіктің кепіліндей болған билердің қоғамдағы ролін бағалау, кісілік келбетін нақтылау, лауазымдық ерекшелігін көрсету мақсатында оның ұрпақтарын, отбасы мүшелерін де арнайы атаумен атағанынан аңғаруға болады. «Ханның тақты иеленбеген ұрпағы (ұлы) төре деп аталатыны сияқты, байдың, бидің ұлдары мен қыздары да жай бай баласы, би баласы, байдың қызы деп аталмай, шора, бикеш деген сияқты арнаулы атпен аталғанын білдіреді» - [23, 19 б.] деп жазады сөздердің этимологиясын, лексикалық мағыналарын арнайы зерттеген көрнекті ғалым Р.Сыздықова. Біздің ойымызша, *шора* және *бикеш* сөздері кез-келген байдың ұрпағына қатысты атау емес, тек бидің ұлы мен қызына байланысты айтылатын арнайы термин.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «Би шора. Бидің баласы» деп анық жаза отырып, Н.Ахметбековтің мынадай жолдарын келтіреді:

«Мені сен өз балаңнан кем көрмедің,  
Дұшпанның өсегіне жол бермедің.  
Келсе де бай баласы, би шорасы,

Бермедің. Бірін маған тең көрмедің» [24, 334 б.]. XV- XVI ғасырлардағы Шалкиіз Тіленшіұлының «Ер Шобан» дастанында «Хан ұлы төредей, Би ұлы шорадай, Қан жұқпас қайқы қара болат өтпеген, Мақтауына адам тауып жетпеген» [19, 37 б.] деген үлгіде кездеседі. Яғни, «би ұлы – шора» деп анық айтылады.

Кейін жарық көрген «Қазақ сөздігінде» «ШОРА» зат. көне. Үстем тап өкілі, ел билеген әкім, бек, мырза, шонжар» [25, 1416 б.] – дей отырып, оған қосымша «Кеңес, мәслихат» деген мағыналарының да бар екендігін ескертеді. Мұндағы «шора» сөзінің «кеңес» ұғымымен байланысты болуы би қызметіне қатысты айтылуы мүмкін деп есептейміз.

Мұнан бөлек көне сөздердің мағыналарына арналған К.Қайыржан құрастырған «Сөз – сандық» атты еңбекте бұл сөздің мағынасы нақтылана түседі: ШОРА зат. көне. (1) Би баласы. (2) Әкім, бек, мырза, шонжар. (3) Алқа, комитет. [26. 427 б.]. «Шора» сөзінің ескі әдеби мұраларда көптеп кездесетінін Ш.Уәлиханов та ескертеді. «Азаматтар мен шоралар атаулары қазақтың ескі жыр-дастандарында жиі ұшырасады. Азамат атауы ерікті, өз билігі өзінде; басында үйі, қасында әйелі, алдында малы бар, әкесінен еншісін алып, бөлек шыққан адам. Шора – азамат сөзінің баламасы, бұл сөз жеке-дара мағынасымен ерекшеленеді, демек, азамат сөзінсіз-ақ қолданыла береді. Ал енді шора азамат – таза әскери мағынадағы сөз, бұл екі сөз қосылып орыстың товарищ, дружина – жасак, сарбаз сөздерінің мағынасын береді» - [22, 166 б.] деп жазады ғалым. Ғалымның «Таза әскери мағынадағы сөз» деп шораның мемлекеттік қызметшінің отбасы мүшесі екенін баса айтқаны деп білу керек.

Әскери демократия жағдайында халық пен әскердің бір екенін ескеру қажет. «Ей, азаматтар, шоралар! Атты мінсең зорды мін», [19, 54 б.] – деп сөз бастайды Ақтамберді жырау. Шора сөзі «Жамиғат тауарихта» «*Чынгыз ханның ол чора агасы ол ерді*» деп «*чора агасы*» үлгісінде кездеседі. [27, 468 б.]. Мәтіндегі қолданылу ерекшелігіне орай ғалымдар бұл тіркесті «күзет басшысы» деп аударыпты. Яғни, «мемлекет, ұлыс мүддесіне қызмет етуші тұлғаны қорғайтын жан». Мағыналық жақтан бір-бірінен алшақ жатқан жоқ.

*Бике, бикеш* сөздерінің түбірі де *би* екені және *-ке, -кеш* жұрнақтары жалғану арқылы кішірейту, еркелету, жұмсарту мағынасын беріп тұрғанын аңғару қиын емес. «Қазақ сөздігінде»: «БИКЕ зат. Әйел адамды, көбіне тұрмысқа әлі шықпаған жасы үлкен қызды атайтын ізет атауы» дейді. Ал «БИКЕШ зат. Бойжеткен қызға, жас әйелдерге сыпайыгершілік, сыпайылық білдіріп айтылатын сөз» [25, 233 б.] деген түсінік беріліпті. Жошы ұлысының әйгілі билеушісі Өзбек ханның қызының есімі Сүйінбике болғанын тарихи деректер айғақтайды. Кейбір тарихи дереккөздерде хан есімінің де «өзі бек», «өзі би» дегеннен бастау алғаны туралы айтылады. Сүйін бике атауы да сол «бектің қызы» дегенмен байланысты болуы мүмкін деп есептейміз.

Бұл сөз де дәл осы күйінде өзге түркітілдес халықтарда сақталып қалған. Алтайда Чемаль және Турочак аудандарындағы екі өзеннің және бір елдімекеннің атауы «Бийка» деп аталса, Дағыстандағы құмық, балқар, қарашайларда «бийке» – «аксүйек әйел» дегенді білдіреді екен. «Би» сөзінің байырғы мағынасы көмескіленуіне байланысты одан тарайтын туынды сөздердің де мәні өзгерген. Әйтседе, «би» түбірі мен одан тарайтын сөздерде құрметтеу, сыйлау, еркелету, ұлықтау мағыналары сақталып қалған.

Осы орайда, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан *бибі, бегім* сөздерінің де астарына үңілу қажеттілігі байқалады. Сөздікте «БИБІ зат. көне. бірнеше әйелдің ішіндегі мәртебесі жоғары әйел; қожа-молдалардың бәйбішесі, аксүйек әйелдерге деген құрметті білдіретін атау» [25, 232-б.] болғанда, «БЕГІМ зат. Текті әулеттен шыққан әйел есімдеріне қосарланып айтылатын лауазым» [25, 214 б.] дейді ғалымдар. Әсілі, түбірлес *бибі, бегім* сөздері де кез-келген ауқатты отбасының әйеліне қатысты емес, ол да тек қана бидің, бектің жарына қатысты нақтылы атау болуға тиіс. *Би* атауын нақтылы десек, *бибі, бегім* – бидің жары, *бике, бикеш* – бидің қызы болса, *шора* – би ұлы. Еуропадағы аксүйектердің барон, баронесса, граф, графиня, принц, принцесса дегені секілді далалықтардың ұлттық танымы да ерен өнер иелері, мемлекет мүддесі мен «қара қылды қак

жарар» әділеттің қорғаушысы бидің жары мен ұрпақтарына осындай лайықты ерекше ат беріп, құрметтеген.

XVII-XVIII ғасырлардағы тарихи деректерде де билердің екі ел арасындағы елшілік міндетін атқарған – мәмілегер, ресми құжаттарға қол қоятын мемлекеттік қызметші екені ашық айтылады. Бұл тұста әбден кемеліне келген билердің билігі Ұлы Даладағы бірден-бір құқықтық реттеуші орган болса, билер толыққанды мансап иелері ретінде көрінеді. 1748 жылы Әбілқайыр хан дүние салған соң Нұралы ханның билігін тану туралы Елизавета Петровнаға жолданған хатқа Орта жүздің беделді адамдары Жәнібек тархан мен керей Наурыз бимен бірге Кіші жүздің 30 би, батырлары қол қояды. [28, 409-410-бб.]. Сол тарихи құжатта Қойсары, Жалмамбет, Қидай, Жайылған, Қожанай, Бәби, Бақтыбай, Мөңке, Айдаралы, Исанбай, Мәметек, Құдайназар, Дәулет, Апақ, Болат, Тілеуімбет, Байсау, Алтай, Жұлдыз, Өмірзақ, Қаратай, Жәнібек т.б билердің қол қойып, таңбаларын басқандығы жазылады. Бұл секілді деректерді Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билер бастаған көптеген би-шешендердің өмірбаяндарынан да кездестіруге болады. Орыс басқару жүйесінің әлі де толық дендеп ене қоймаған кезінде билер көне дәстүр бойынша сыртқы саясаттың да белсенді қатысушылары болған еді.

Одан кейінгі дәуірлердегі билердің қоғамдағы ролі мен олардың жеке бастарының қадір-қасиеттерін орыс зерттеушілері де тап басып, жазбай танып отырған. 1846 жылы әлі толық ыдырай қоймаған билер институты хақында Орынбор губернаторлығы кеңсесінің ерекше істер жөніндегі шенеунігі Л.И.Андре «Описание киргизских обычаев» атты жинағында төмендегідей әділ де салиқалы пікірін қалдырады: «Билер туралы. Соттау мен сот кесімін орындауды керек ететін барлық істерді халықтық құқықтың басты өкілдері ретінде, негізінен, билер қарайды. Би-төреші өзінің санасынан басқа ешбір билікке есеп бермейді, әрбір адамның ісін талдауға, жәбірленгенді қанағаттандыруға немесе қылмыскерді жазалауға тиіс. Ол Ордада, мүмкін, сұлтандардың да қолы жетпейтін орынға ие бола алады, сондықтан ордалықтар биліктің не байлықтың

күшіне бағынбай, халықтың өзі жалпы мүддесі үшін сайлаған адамнан әділдік іздеп, істі шешіп беруін өтінеді.

Тумысынан дарыған ақылы, ерекше имандылық қасиеттері және соларға қосылған тәжірибе мен басқаға үлгі боларлық ашық жүзділік бидің осы құрметті атақты алып жүруін құқық беретін қасиеттері мен игілігі болып табылады» [18, 9 б.].

Осы тұста бізде ХХ ғасырдың басына дейін қолданылып келген нақтылы термин ретінде «Төбе би» сөзіне де арнайы тоқтала кеткен жөн болар еді. «Көп мағыналы төв сөзінің монғол тіліндегі бір мағынасы «тура сөзді, адал адам» дегенді білдіреді. Демек, төбе би – «әділ би, билікті тура шешетін би деген күрделі атау (термин) болып шығады» – деп жазады ғалым Р.Сыздықова [23, 156 б.]. Бұған қоса «төв» сөзі «орталық» немесе «ара ағайын» деген мағынада Моңғолияда осы күнге дейін сақталған. Кейінгі XVII-XIX ғасырлардағы қазақы ортада «төбе би» деп қазіргі сот міндетін атқаратын, дауласушы екі жақтың – айыптаушы-құныкер мен қорғаушы-жауапкер билердің келісімімен таңдалып алынатын, сөз сайысынан кейін үкім шығарушы, кесім айтушы биді атаған.

Осыған дейінгі деректердің барлығын хронологиялық тұрғыдан жүйелегенде, «би» сөзінің әр дәуірде түрлі мағыналарда қолданылып келгені, әйтседе, ол мағыналардың бәрінің де өзара бір-бірімен семантикалық байланысының бар екендігі белгілі болды. Алғашында «жоқ» ұғымына қарсы мағынадағы ба-, бар, вар сөздерінен басталған бұл атауға байланысты мынандай тұжырым жасауға болады:

Би – ертедегі үйсін мемлекеті тұсында билеуші, хан («куньмо», «күнби») мағынасында қолданылып, далалық өркениетте осыған дыбыстық және мағыналық жақтан ұқсас сөздердің тууына ықпал еткен. Көне қытай жазбаларында б.з.д. 2 ғасырда өмір сүрген Елжау бидің аты сақталған.

Түркі дәуірінде «бек» (бег, бей, би) үлгілерінде аталып, ру-тайпа ақсүйектерінің жалпы атауы, кей тұста титулы ретінде көрінеді. («игиль қара бодун» мен бектер (атлық). Тарихи деректерде түркі жазба ескерткіштерінің басты кейіпкері Білге қағанның таққа отырғанға дейінгі өз есімі Беглен болғаны аталады, яғни, «бек» - ақсүйек деген ұғыммен байланысты.

Шыңғысханның тұсында бек, бехи, би, шерби, мөрби үлгілерінде кездеседі. Мұнда да түркі-моңғолдық ақсүйектердің жалпы атауы, лауазым және мемлекеттік қызметші мағынасында қолданылады. Сол дәуірде ғұмыр кешкен Майқы туралы «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мәтелге келсек, бұл Шыңғыс ханның ақылшылар кеңесінің мүшесі, кеңесші ретінде көрінеді.

Алтын Орда тұсы мен Қазақ хандығы құрылар қарсаңда түркітілдес тайпаларда «беклербегі», «бек», «бег», «бей», «би» секілді түрлі өзгерістерге ұшыраған атаулармен ақсүйек, әскери қолбасшы, уәзір, жеке бір өңірдің билеушілері аталып, бұл бүкіл Еуразия аймағында қолданылады. «Кет-Бұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда» деп жырлайды Доспамбет жырау. Ноғай ордасының Едіге би, Оқас би, Ахмет би, Мұса би, Шейх-Мамай би сынды даңқты билеушілері болғаны мәлім. Бұл тұстағы билердің қызметінен олардың бір аймақтың «қожайыны», тіпті тұтастай ұлыстың басшысы екені аңғарылады да, соттың немесе кейінгі дәуірлердегі қазақ билері атқарған алуан түрлі функцияларды көре алмаймыз.

Ноғай ордасында би атауы кеңінен қолданылса, іргесі қаланғанымен, мемлекеттіліктің негізгі белгілері әлі толық қалыптаса қоймаған XV ғасырдың соңында «би» деген атауды Қазақ хандығы дәуіріндегі әдеби мұралардан да кездестірмейміз. Майқы би заманы одан бірнеше ғасыр бұрынғы кезеңге сәйкес келеді. Керей, Жәнібек хандардың жанынан табылған Жиреншені шешен десе, Асан Қайғыны да би деген атпен атамағаны белгілі. Демек, бұл тұста бек, би ұғымдары болғанымен, олар әлі де сол «ақсүйек» деген жалпы мағынаны беретін атау ретінде қалған.

Билердің жаңаша мазмұндағы қызметі мен билер институты бұл кезеңнен сәл кейін, «Қасым ханның қасқа жолынан» бастау алады деуге толық негіз бар. Осы мәселеге қатысты, яғни, Қазақ ордасындағы билердің ерекшелігі хақында академик С.Зиманов толымды ғылыми пікірін айтады: «Қазақтың «би» сөзі түріктің «билік» элементі бар жалпы атауынан шыққан. Ол терминологиялық белгі мағынасын сақтап қалған. Ал арнайы ұғым ретінде ол басқа синонимдерден

өзгешеленді. Қазақ ордаларында, хандықтарында, жүздерінде және руларында, сондай-ақ Орталық Азияның қазақ-қыпшақ жерлері аталатын Ұлы даласында «би» ұғымы өзгеше болды, яғни, ол көбінесе соттық қызметтерді атқаратын адамға қатысты айтылды» [29, 33 б.]. Бұл, Қазақ хандығы құрылғанға дейін біздің түсінігіміздегі би ұғымының болмағандығын білдіреді. Биге сот және басқа да елдің ішкі мәселелерін реттейтін қызметтердің жүктелуі, жаңа мемлекеттік, құқықтық билер институтының пайда болуы кейінгі реформалардың жемісі екендігіне меңзеліп айтылған ғылыми тұжырым болатын.

Шешендік өнердің өрістеуіне кеңінен жол ашқан билер институты да қажеттіліктен пайда болған, қоғамдағы түбегейлі өзгерістер нәтижесінде өмірге келген әлеуметтік-құқықтық құбылыс болатын. Бұл үдерістің астарын түсіну үшін дербес Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бергі дәуірлерге, уақыт талабына сай хандар жүргізген реформаларға тереңдеп бару қажеттігі байқалады. Әсілі, жиындар өткізіп, өз мәселенді бөгде ешкімнің қалауынсыз талқыға салу үшін сол ұжымның сыртқы саяси күштерден тәуелсіз болып, дербес шешім шығара алуы аса маңызды екен. «Тәуелсіз мемлекеттің белгісі тәуелсіз мәселені шешу үшін сыртқы елдерге бағынбай, өзінің ұйғаруымен, өзінің түсінігімен шешу, бұл мемлекетте қажетті мемлекеттік органдар болуы керек. Қазақ мемлекеті тамырланған, тарамдалған органдары болмаған мемлекет. Дегенмен, сол қоғамның негізгі мәселелерін шешетін мемлекеттің тиісті органдары болған. Соның бірі – ханның жанындағы Кеңес» [30, 41 б.] – деп жазады ғалым Ғ.Сапарғалиев. Әлдекімге тәуелді елдің билеушісі өзіне жоғарыдан берілген тапсырманы ғана мүлтіксіз орындайды да, оны өз халқымен талдап-талқыға салуға еш қақысы жоқ. Мұндай жағдайда Кеңес шақырып, жиын ашып талқылаудың қажеттілігі болмайтыны түсінікті. Тек тәуелсіз дербес саясат жүргізетін мемлекеттерде ғана жалпыхалықтық жиындар өткізіліп, тың ой айтуға қабілетті жандарға сұраныс болады, олардың іріктеліп шығуына қолайлы жағдай туындайды.

Міне, Қасымның хандық құрған мерзімін тарихшылар анықтап бергендей 1511-1518 (кей деректерде 1523) жылдар аралығы десек, дәл осы тұста Қазақ хандығында жаңа тұрпатты

билердің саяси сахнаға шығуына мүмкіндік берген хан жанындағы Кеңестің алғашқы үлгісі пайда болды деген қорытынды жасауға болады. Алдыңғы буын Керей-Жәнібек хандар заманындағы саяси ахуал, тарихи жағдай басқаша болатын. Саяси шешім қабылданып, мемлекет іші біршама тұрақтанғаннан кейін күн тәртібіндегі мәселелермен қатар алыс болашақтағы стратегиялық бағыттарды белгілеу қажет болды. Шынтауайтында, Қасым ханның Қазақ мемлекеттігінің негізін қалау жолына сіңірген еңбегіне, ұлтты ұйыстырудағы тарихи жетістіктеріне лайықты бағасы берілуі тиіс. Ол үшін сол тұстағы ірілі-ұсақты оқиғалар ғылыми тұрғыдан мұқият зерделеніп, мән-мағыналары тереңірек ашылуы қажет.

Осы орайда Қазақ халқының жүздеген жылдық тарихына, болашағына тікелей әсері болған «Қасым ханның қасқа жолына» арнайы тоқталуға тура келеді. «Мемлекеттің ішкі құрылымын жасақтау, ру-тайпаларды жаңадан жіктеп жарастыру, олардың мекен-тұрағы мен көш-қонын белгілеу, мұның бәрі бір пәтуаға келу үшін елдік жөн-жоба мен әдет-заң жүйесін орнықтыру сияқты келелі істер негізінен Қасым ханның тұсында жүзеге асты. Бұл ретте оның аса тегеурінді реформатор болғаны еш күмәнсіз ден қойдырады. Сондықтан да оның ел үшін еткен еңбегі мен төккен терін халқы қастерлеп, сол жолда ел-жұртты ұйыстыратын үлгі-өнегесін «Қасым салған қасқа жол» деп тәу етті. Сол жол, сол үлгі-өнеге, сол жөн-жоба тарихтың небір зобалаңында қазақтың қазақтық қалпын сақтап қалуына себепші болды. Бұл әсіре сөз емес» [31, 328 б.] – деп ғалым А.Сейдімбек Қасым жүргізген реформалардың әділ бағасын беріп, мән-мағынасын орынды атап өтеді.

Ал академик Ә. Марғұлан «Қасым ханның қасқа жолы» заңдарын орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстарында қолданылған «Ярғу» заңынан алынған, қазақша «Жарғы» деген ұғым береді деп есептеді. Бұл ұғымның түпкі мәні жару, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ айтудан шыққандығын айтады. «Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп мақтаған. Өзінің мазмұны бойынша, бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери-демократия арнасына барып тіреледі» [12, 46-б.] – деп

жазады ғалым Ж.О.Артықбаев. Қасым жолының «қасқа» аталуын бұл жөн-жоралғылардың бұрынғы жосықтардан ауқымының кеңдігінде, ел тіршілігіне ерекше әсері болған түбегейлі реформаларды жүзеге асыруында деп білген жөн. «Қасқа» түсінігі «басы ашық, айқын», сонымен қатар, «ауқымды, ерекше» деген мағыналарда қолданылады десек, қоғамның саяси-құқықтық құрылымын жаңаша жүйелеген бұл заңдардың жиынтығын да халық қаз-қалпында қабылдап, сол атаумен атаған деген қорытынды жасауға болады. Елдікке, рутайпалардың құрылымдарына қатысты және мемлекет үшін маңызды территориялық, басқару бірліктерін айқындау сынды ауқымды мәселелерді қамтыған бұл ережелер қазақ халқының тарихына мәңгі өшпестей дәл осындай атаумен еніп, ұлттың жадына тұрақты сөз тіркесі болып берік орнықты.

Қасым тұсында басталған жаңғыру, жаңа заман талаптарына бейімделу үдерісі ол қайтыс болғаннан кейінгі уақыттарда біршама саябырсып, хандықтың ішкі қайшылықтары күшейе түседі. Дағдарыс жағдайындағы бұл ахуал жарты ғасырдан аса уақытқа созылып, XVI ғасырдың соңында Қазақ хандығының басына «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған Есімхан келеді. Қазақ шежірелері мен ауыз әдебиетінде есімі ең көп аталатын Есім қырық жылға жуық билік басында болып, уақыт талабынан туындаған өте маңызды саяси-құқықтық жаңғыртуларды жүзеге асырды. Қасым тұсындағы ауқымды реформаларды одан ары тереңдеткен, көне жүйенің озық тұстарын жаңғыртқан бұл далалық заң үрдісіне «Есімханның ескі жолы» деген айрықша атау берілді.

Қасым және Есім хандардың атауын иеленген бұл өзгерістер халықтың күллі жасампаздық әлеуетін сарқа пайдалануға бағытталды. Ел ішіндегі сөз ұстаған арлы, қабілетті жандардың іріктеліп шығуына, барша азаматтардың қалауы ескерілетін жалпыхалықтық жиындардың жүйелі өтіп отыруына жағдай жасалды. Бұл шынайы әскери демократиялық жағдайындағы мемлекеттік құрылым болатын. Осылайша қандай да бір ел тағдырына қатысты мәселелер ауызша жан-жақты талқыланып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» мақал-мәтел, қанатты сөз үлгісінде заң есебінде көпшілікке жол

тартты. Бұл кезеңдегі жиындар ашық сөз сайысында кімнің-кім екенін айқын көрсететін, баршаға бірдей сөйлеу мүмкіндігін беретін нағыз ділмарлардың бәсекесі, шешендіктің үздік мектебі еді. Осылайша бұрын-соңды Жошы ұлысының шағын бір бөлшегі, империяның перифериясы есебіндегі Қазақ даласы дербес саяси құрылымға айналып, өзекті мәселелерді өз мүддесіне қарай талқылайтын дәрежеге жетті. Осыған орай хандықтың әкімшілік-басқару құрылымдарының талабына сай билер институты қалыптасып, тарих сахнасына жүздеген әйгілі би-шешендердің шығуына ықпал етті.

Ауызекі сөйлеу дәстүріне оң әсерін тигізген билер институты сол заманға, қоғамға лайық мемлекеттіліктің маңызды функцияларын атқарған, ұлысты басқаруды, азаматтардың құқықтық, әлеуметтік, саяси теңдіктерін қамтамасыз еткен, сол ортаның табиғи қажеттіліктерінен туындаған, өзінің реттеу тетіктері бар күрделі қоғамдық-саяси құрылым болды. Қазақ хандығының іргесі бекіген сайын, бұл жүйенің өзектілігі де арта түсті. Ол халықтың салт-дәстүрімен біте қайнасқан, соның діни-рухани таным-түсінігінен, әдет-ғұрып қалауынан туындайтын қауым үшін әрқашанда маңызды мынадай функцияларды атқарды:

- Заң шығарушы орган; (Билер кеңесі)
- Сот қызметі; (Төбе би)
- Прокуратура; (Құныкер)
- Адвокатура; (Жауапкер)
- Сыртқы істер, (жаушы, елші, дипломатия);
- Жергілікті және орталық атқарушы органдар;

Осындай негізгі қызметтеріне қоса билер ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, ұлттық тіл мен әдет-ғұрыптарды насихаттау, ұрпақ тәрбиелеу, діни-рухани бағыт-бағдар көрсету, мемлекеттік істерге лайықты үміткерлерді іріктеу, шаруашылық жүргізу сынды міндеттерді қосымша атқарды. Сондай-ақ, олар ел-елді аралап, өзгеден көріп-білген озық салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғыларды өз жұртына жеткізетін жаңалықтың, бұқаралық ақпарат алмасудың бірден-бір қайнар көзі болды. Осындай күрделі де сан-салалы қызметтердің көпшілік алдында ауызша жүргізіліп отыруы – табиғатынан талантты, есте сақтау

кабілеті аса жоғары, өзіне дейінгі әдет құқығын жетік білетін және содан қорытынды жасап, көпшілікке қалауын өткізе алатын ерекше жандар – шешендердің іріктеліп шығып, би атануына ықпал еткен ең негізгі фактор болды.

Орыс үкіметінің шар салып, сайлау жолымен қолбала билерді тағайындайтын дәуіріне дейінгі кезеңде билердің қандай жолмен би атанғаны, нендей жөн-жоралғылардың жасалғаны туралы тікелей тарихи деректер жоқтың қасы. Әдеттегі жай адам қалайша, қай кезеңнен, кімнің тағайындауымен немесе бекітуімен, нендей жоралғылар жасау арқылы би атанды? деген қарапайым сұраққа нақтылы жауап беру қиын. Бұл жайлы би-шешендер турасында айтылатын көркем шығармаға бергісіз аңыз-әңгімелерден, әйгілі би-шешендердің ел аузындағы өмірбаяндарынан осынау үдерістің қалай жүргізілгенін қиялмен ғана шамалауға болады.

Қасым хан реформалары нәтижесінде XVI ғасырдан елді басқарудың, құқықтық мәселелерді шешудің жаңа жүйесінің қалыптасқандығын айттық. Сол дәуірлердегі әдеби жәдігерлер мен ел аузында сақталған аңыз-әпсаналардан дербес ел болудың артықшылығын сезінген қауымда ерекше көтеріңкі көңіл-күйдің, шығармашылық шалқу мен азаматтардың өздеріне деген зор сенімінің пайда болатындығы аңғарылады. Хандықтың күшеюі салдарынан қауымның көшіп-қонатын шекаралары белгіленіп, мемлекеттіліктің нышандары, әкімшілік-басқару тетіктері нақтылана бастады. Үш жүздік мемлекеттік құрылым нәтижесінде аталас, тілеулес ағайын-туыстардың бір-біріне деген мызғымас сеніміне, қандас бауырлардың өзара жанашырлығына негізделген рулық-феодалдық қоғам орнады. «Қанына тартпағанның – қары сынсын» қағидасын бұлжымас заң ретінде қабылдаған ортада кімнің кім екені, оның қайдан шыққаны жайлы шынайы деректер ел аузындағы шежірелерде сайрап жатты. Негізгі байлығы мал, сол мал жайылатын жер болып табылатын қауымда рулық меншік айқындала бастады. Бұрын белгілі бір аумақтың кімге тиесілі екені бұлыңғырлау болып келсе, ел ішіне орнаған жаңа жүйенің, тәртіптің нәтижесінде меншік иелері анықталып, сол ортақ мал-мүлікті сақтау, қорғау, көбейту қажеттіліктері пайда болды. Рулық

меншік, рулық сананы, «У ішсең – руыңмен» қағидасының қалыптасуына ықпал етті.

«Қарға тамырлы қазақ» атанған ортадағы шаруашылықты жүргізу үшін ел басы, топ басылар әрбір ру ішіндегі қауым мүшесінің шама-шарқына, қабілет-қарымы мен мінез-құлықтарына қарай тиімді еңбек бөлінісін жүзеге асырып, әрқайсысының бейіміне қарай кәсіптерін айқындап беріп отырды. Мықты да батылдарын жылқы, шыдамды әрі момындауларын қой бағуға, есеп-қисапқа жүйріктерін базаршылыққа деген секілді күнделікті тіршілік қамынан туындайтын қажеттіліктерді ыңғайына қарай реттеп отырды.

Елдің сөзін ұстау, өзге жұртпен болмай қоймайтын түрлі дау-дамайда сөзбен ру мүддесін қорғау сынды айрықша таланттың ғана қолынан келетін аса салмақты міндетке елдің ағалары «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» хас сөз зергерін іріктеуге мәжбүр еді. Халық ортасынан сөзге шебер, жаратылысы бөлек бозбаланы көзіқарақты ел ағалары жастайынан байқап, ауыл арасындағы дау-дамайда шындап, шағын рулар дауларында сынақтан өткізіп, ұлы додаларға дайындап отырған деген қорытынды жасауға болады. Өзара бәсекеде кісілік қалпымен, ділмарлық қасиетімен шын жүйрік суырылып шығып, ол «кемеліне келді, ел сөзін ұстауға жарады-ау» деген мезгілде иісі қазаққа ортақ беделді би, білікті ақсақалдың батасын алып, жолын ашу үрдісі қалыптасты. Жас өреннің ерекше табиғи болмысымен, ұлттық тәжірибемен, әдет заңдарымен байланысты осындай деректер ел аузындағы әңгімелерде мол ұшырасады. Бұл жекелеген аймақтарға ғана тән бірді-жарым оқиға емес, тұтастай қазақ даласында дәстүрге айналған, міндетті түрде жасалуға тиісті жоралғы есебінде көрінеді. Жалпы би атанудың өзі әдет заңдарымен, салт-ғұрыппен астасқан бірнеше кезеңдерден тұратын, белгілі бір уақытқа созылатын үдеріс болғандығы байқалады.

Ал шешендік қабілет пен әдет заңдарына жетік болу құқықтық мәртебеге ие болудың негізгі критеріі, би атануға қойылатын басты кәсіби талап ретінде көрінеді. Жоғарыда атап өткен ортақ түркілік кезеңдегі тарихи-этимологиялық себептерге қосымша, Қазақ хандығындағы би және шешен сөздерінің қатар

аталып, көпшілік жағдайда синонимдер ретінде қабылдануы осындай көшпелі өмір заңдылықтары мен ұлттық ерекшеліктерден туындап отырды. «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. – деп нақтылай түседі Ш.Уәлиханов, – Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды...» [22, 119 б.]. Міне, ел ішіндегі ең қадірлі де беделді адам – би атану үшін қажетті басты шарт шешендік қабілет болғандықтан да, бұл қасиет өнер ретінде аса жоғары бағаланды. Демек, би – қазақ қауымында халық тарапынан мойындалған осындай «патентке» ие кәсіби маман. Би атанудың ұзаққа созылатын үдеріс екенін «Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түседі» деп Ш.Уәлиханов ашық айтады. Жекелеген жағдайларда табиғи таланты күмәнсіз, көпшілік көңілінен шыққан жас балалар да би атанып отырған, әйтседе, олар да жасалуы тиіс жоралғыларды жасап, беделді билердің сынынан өткен.

Бидің көшпелі қазақ қауымындағы абыройы, айрықша ролі Тәуке хан тұсында бұрынғыдан да күшейе түсті. «Жеті жарғы» заңдарына сәйкес әрбір ру-тайпа жетекшілері – билердің құзыреті едәуір кеңейіп, олар сол рулар мекендеген өңірлердің басшысына, толыққанды билеушілеріне айнала бастады. Билер ортақ мемлекеттік мүдделерден гөрі өзін би сайлаған ру-тайпасының күйін күйттеп, қамын көбірек жейтіндей ахуал туындады. Бұл реформалардың орталық биліктің әлсіреуіне, сұлтандар құзыретінің едәуір шектелуіне алып келген екінші жағы да болды. Қалай болғанда да, билердің үстемдігі қоғамның ашықтығын, шынайы демократиялық қарым-қатынастардың тереңдеуін қамтамасыз етті және халық шығармашылығында көрініс тапты.

Сол дәуірлердегі аңыз-эпсаналардан, мақал-мәтелдер мен қанатты сөз үлгілерінен бұл құбылыс айқын аңғарылады. «Би

деген – ақ шарифат, ілуде бір-ақ қатын табады. Батыр деген – бір барак ит, екі қатынның бірі табады». «Ақылы мол би атанады, Ақылы жоқ батыр атанады», «Билігі барда – киелі ауыз, билігі кеткенде – күйелі ауыз», «Әулекі би ат үстінен билік айтар». Мақалдарынан көріп отырғанымыздай, көшпелі қазақтың түсінігі бойынша бай мен бағланды, барымташы-батырды әрбір ауылдан-ақ кездестіруге болады, ал би – ілуде бір туатын ерекше құбылыс, әділдіктің, ел ішіндегі береке мен бірліктің кепілі. Осыған орай, әрбір жасқа «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деп бата беру үрдісі қалыптасты. Бұл жағдай ХІХ ғасырдағы Патшалық Ресей енгізген реформалаға дейін сақталып келді. Оның жарқын дәлеліндей, ХVІІІ ғасырдағы әйгілі Бұқар жырау шығармаларынан «Би жігітке жарасар, Халқына тиген пайдасы» [19, 30 б.], «Тентекпен ел бүлінсе, Билер шешер жүгінтіп» [19, 60 б.] деген үлгідегі билердің сол бұрынғыша өзгермеген қоғамдық қызметін көреміз.

Сонымен қатар, «қара қылды қақ жарар» әділдіктің символы саналатын биге халық тарапынан қойылатын талап-тілектер де аса жоғары болды. «Ел құлағы – елу», билердің әрбір үкім-кесімін, айтқан сөздерін көпшілік жіті назарында ұстады. «Туғанына бұрғаны, биді құдай ұрғаны», «Биің қылаң болса, елің ылаң болады», «Шын би сөзіне бағады, сұм би көзіне бағады», «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деп, қандай да бір күдікті іс, күмәнді әрекетке қатысы бар болса, би өзінің беделінен айрылып қана қоймай, көпшіліктің қатал талқысына түседі. «Әділ би халық үшін, залым би құлқын үшін», «Қансоқта жеген ит тоймайды, пара алған би оңбайды» деп бұра тартқандарына халық қатал бағаларын беріп, үнемі тезге салып отырған. Кенес дәуіріндегі санқилы тиымдарға, таптық талаптарға қарамастан қазақ билерінің қоғамда атқарған қызметінің маңыздылығын, ар тазалығын ескерген халық жады олардың есімдерін ұмыттырмай біздің заманымызға жеткізіп отыр. Тарихи құжаттарда, алғашқы басылымдарда жекелеген билердің аттары аталғанымен, бұлардың негізгі дені елдің аузында сақталып келді.

## Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі

1. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. 1 т. Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 384 бет.
2. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: «Баянжүрек», 2007. – 296 б.
3. М.Ж.Көпейұлы. Шығармалары. 13 т. – Павлодар: «ЭКО», 2013. – 412 бет.
4. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Человек. Общество / Сост. Львова Э. Л., Октябрьская И. В., Сагалаев А. М., Усманова М. С. – Новосибирск: «Наука». Сиб. отд-ние, 1989
5. Самойлович А.Н. «Богатый» и «бедный» в тюркских языках // Известия Академии наук АН СССР. – 1936. - № 4. – С. 25-32
6. Лабазанова С.М. Общеалтайская лексема бай в кумыкском языке. Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 2
7. Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. Кітапта: Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2008. – 469 бет.
8. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. 1 т. – Алматы: «Evo Press», 2019. – 632 бет.
9. Ұлы Түрік қағанаты : Қытай деректері мен түсініктер / ; құраст. Ш. Ахметұлы; [бас ред. Ә. Жапарұлы]; ҚР ҚХР-дағы Елшілігі... – Үрімжі : ҚХР Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 2006. – 598
10. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. Бес томдық. 2 т. Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (IX-XII ғасыр) – Алматы: «Evo Press», 2020. – 560 бет
11. Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2006. – 240 бет.
12. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Оқу құралы. – Алматы: «Заң әдебиеті», 2004. – 150 бет.\
13. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – С. 1288.
14. Лувсандан зан. Алтын шежіре. – Алматы: «Өнер» – 2009. – 224 бет
15. Көмеков Б. «Тарихымыз – тұңғиық». «Егемен Қазақстан», 08.10.2015
16. Сыздықова Р. Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. / Кітапта: Көптомдық шығармалар жинағы. 5 т. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 344 бет.
17. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 бет

18. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 7 т. – Алматы: «Қазақстан даму институты», 1998. – 285 бет
19. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Құраст. Мағауин М. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 176 бет.
20. Мағауин М. Шыңғыс хан және оның заманы. «Жұлдыз», 2013. №2. – 15 бет
21. Зиманов С. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. 5 т. – Алматы: «Жеті жарғы», 2005
22. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 557 бет.
23. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Санат». 1994. – 189 бет.
24. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. III т. – Алматы, 2011. – 744 бет.
25. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) Құрас.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. 1488 бет.
26. Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер», 2013. – 480 бет.
27. Мамырбекова Г. Сейтбекова А. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» жылнамасының тезаурус сөздігі. – Алматы, 2011. – 500 бет
28. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961. С.741.
29. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. 5 т. – Алматы: «Жеті жарғы», 2005.
30. Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері). - Алматы: Ғылым, 1993 - 119 б
31. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. 4 т. – Астана: «Фолиант», 2010. – 728 бет.

## **ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ХАННӘБИ (ШЫНЫ БИ) СЕРКЕҰЛЫ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**

**Б. Байболов**

«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени  
музей-қорығы. Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы

**С. Шаметов**

«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени  
музей-қорығы. Ғылыми зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері

Қасиетті Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және оның айналасында қазақтың айтулы хандары мен сұлтандары, билері-бағландары, батырлары һәм игі-жақсылары мәңгіге тыныстап жатыр. Соңғы ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша 239 тұлғаның есімі анықталып отыр. Діни-рухани тұлғалар - 45, Темір, Шәйбан әулеттері мен Қазақ хандығы тұсында жерленген тұлғалар - 10, қазақ хандары – 22, сұлтандар – 8, қазақ билері – 25, аталықтар – 4, батырлар – 70, әзіз аналар – 16, датқа, болыстар – 10, игі-жақсылар – 29. Осы жерленген 239 тұлғаның тек 41 тұлғаның ғана құлпытасы ғана сақталған.

Бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Арғын, шұбыртпалы Ханнәби (Шыны би) Серкеұлы жайында болмақ.

Ханнәби Серкеұлы шамамен 1768 жылы туылып, 1878 жылы қайтыс болған. Ол атақты Абылай ханның сенімді серігі Серке батырдың ұлы, тегі Арғын-Қодан-Ақжол-Мейрамсопы-Шұбыртпалы-Жәнібек-Мәмбет-Сары-Шегірі-Қазыбек-Серкеш-Ханнаби [1,121 б.].

Ол Бұхарада көп жыл дін оқуын оқып, ілім үйренген. Бұхара ханы Ханнәби Серкеұлын билікке шақырып, халыққа көрсеткен адал еңбегі үшін тархан атағын берген.

Ханнәби Серкеұлы біраз жыл Түркістан қаласының биі, датқасы болған. Әділдігімен, шешендігімен елге танылып, ол Әзірет Сұлтан кесенесінің қамқоршысы ретінде танылған.

Ташкенттің күшбегі торында қамалып жатқан Кенесары мен Ағыбай батырды құтқарған осы Ханнәби тархан болатын. «Иқан шайқасында Сыздық төре орыс-казакты қуғанда, таңның атысынан түннің батысына дейін намаз оқып, жаудың бетін дұғамен қайтарған», - дейді көнекөз қариялар. Бұл шайқаста зор ерлік көрсеткен немересі Үкілі Қошқарбай батырдың әңгімесі өз алдына бір төбе.

Қариялардың айтуынша, Ханнәби Серкеұлы тірі кезінде әулие атанған екен. Бұл кісінің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған көрінеді. Ол туралы ел ішінде небір қызықты әңгімелер мен оның өсиет сөздері кеңінен таралған.

Ханнәби тоқсан жасқа келіп қартайған шағында ел басқару ісіне араласа алмай, жиын топқа бара алмай отырып қалады. Ханнәбидің мұндай халін көрген он жеті жасар бала Бекежан (Нартай ақынның үлкен атасы) бір ту биені бидің босағасына байлап, ақ батасын сұраса керек. Ханнәби баланың талабына көңілі толып: «Балам, жасым тоқсаннан асты, бұрынғы күнім жоқ, ел билігін аманат етер ұрпақтарымның үлкендері Арқа жерінде (Сарымырза биді айтып тұр), саған батамды берейін, қолыңды жай», - деп батасын берген екен.

Ханнәби Серкеұлы 110 жыл өмір сүріп, 1878 жылы Балқаш көлінің бойында Тасарал деген жерде дүние салады. Денесін ұрпақтары Түркістанға жеткізеді. Сүйекті әкелген Арқаның игі-жақсылары жүз жылқы сойып, ас беріп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлейді. Кейін Кенесары ханның баласы Сыздық төре, бауырлары Ақжолтай, Ағыбай, Әйеке болыс басына Самарқаннан әкелінген көктасты орнатады [2,50-51 бб.]. Бір ерекшелігі тастың жоғары жағында сегіз бұрышты кесе бар. Халық арасында «Тауап етушілер сол кесеге су құйып ішсе тілектері орындалады екен», [3,13 б.] - деген сөз содан қалған болса керек.

Белгілі ғалым-этнограф А. Диваев: «Мешітте Қожа Ахмет Ясауидің өзінен басқа мұсылман жұртының белгілі бекзат адамдары жерленген...», - деп жазған. Оған себеп ол 1894 жылы Түркістан қаласының қазіы Лутфулла қожа Атақожақазидің көмегімен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген ұлы

тұлғалардың құлпытастарын зерттеген. Солардың ішінде Ханнәби Серкеұлының да мәрмәртасы бар.

1866 жылы географ А.К.Гейнс Ясы (Түркістан), Сауран, Қарнақ, Сайрам (Исфиджаб) қалаларының орнын зерттеп, суреттеп жазды. 1867 жылы Орыс археологиялық қоғамының тапсыруымен ғалым П.И.Лерх Түркістан қаласымен қоса Қожа Ахмет Ясауи кесенесін және ондағы құлпытастарды да зерттеді. Сонымен бірге, құлпытастардағы эпитафиялық жазулардың аудармасын жасауға қадам басқан тұңғыш ғалым болды [4].

Ғалым П.И.Лерхтан бастап құлпытастарға шындап көңіл аударыла бастады. Мұнан кейінгі жылдары Түркістан мен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және некрополь жайлы Н.А.Маев, П.И.Пашино, К.К.Абаза, А.А. Диваев, Н.С.Лыкошин, Н.И.Весоловский, С.Г.Маллицкий, В.В.Бартольд, М.Е.Массон, А.И.Добромыслов, және т.б. ғалымдар жазғандығын атап өтуге болады.

1939-1941 жылдар арасында Қазақ ССР халық Комисарлары кеңесінің шешімімен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жұмысқа архитекторлар М.И.Поляков, пен Б.И.Засыпкин және археолог Г.И.Пацевич басшылық жасайды. Осы кезеңде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іші-сыртына орналасқан құлпытастар толық түсірілген құрылыс сызбасы сызылды. Бұл сызда 55 құлпытастың түсірілген және қолда бар құжаттардың ең толығы да осы болды. Мұнан соңғы толық құжат 1970 жылы Б.Т.Тұяқбаева мен А.Н.Проскурин жасаған құлпытастардың орналасуын нақтылау жобасы еді. Өкінішке орай, бұл құжат табылмады. Оның орнына «Заттай мәдени ескерткіштерді ғылыми-зерттеу және жобалау» институтының архивінен Г.Д.Галкина 1975 жылы құлпытастардың орналасуын түсіріген сызбасының жобасы табылды. Бірақ сызда 34 құлпытас ғана түсірілген [5,13 б.].

Өкінішке орай, 1939-1941 жж. аралығындағы сыздағы 55 дана құлпытастан тек 41 данасы ғана музей-қорықтың тізіміне алынды. Ал қалған 14 тұлғаның құлпытасы түрлі себептерге байланысты бізге жетпеді. 1951-1959 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне реставрациялық жұмыстар жүргізілген тұста

кесене іргесіне құйылған бетондарға құлпытастарды салып жатқандығын көріп, қатаң ескерту жасаған мәдениет жанашыры Дастанов Орынбай ақсақал болатын. Нәтижесінде мұндай келеңсіз іс-әрекеттер тоқтатылған болатын. Тарихта осындай ақтандақтардың болғандығын жасыра алмаймыз.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген тұлғалардың құлпытастарындағы жазуларды араб, парсы тілдерінен аударған ғалымдардың бірі П.Н.Ахмеров болды. Оның 1896 жылы Қазан императорлық университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының мүшесі П.Н. Ахмеровтың «Надписи мечети Ахмеда Яссави» атты зерттеуінде аталып, «Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском Университете. Том XIII, выпуск 1-6, 1895-1896 гг.»,- деген жинақта жарық көрген.

Осы зерттеудің 50 бетінде Ханнәби Серкеұлының Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Ақсарайында жерленгенін көрсете отырып, құлпытасында жазылған: «Из племени Арғын, Ханнаби, сын Сирке, умер в месяце сафарь 1295 года (по-русски: в феврале 1878 года)» //«Ұрығы арғын Ханнәби Серкеұғлы 1295 жылы сафар айында офат болды», - делінген мәлімет келтіріледі[6, 50 б] .

1977 жылдың 28 наурызында Республикалық «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» ретінде ашылып, Ханнәби Серкеұлының құлпытасы мемлекеттік тіркеуге алынып, оған КК503 мемлекеттік нөмері берілген. Құлпытастың көлемі: 98x19x18 см.

1967 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген О.Дастановтың «Әулиелі жерлер туралы шындық» кітабының 27 бетінде 31 қатарда Ханнәби Серкеұлын Шәнәлі Серкебайұлы, руы, арғын, сәнә 1295, сапар айында опат болған»-деп жазады [7,27 б.] (1-сурет).



1-сурет. Ханнәби Серкеұлының құлпытасы.

2000 жылы Алматы қаласынан жарыққа шыққан археолог-ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде 1993-1999 жылдар аралығында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Тұяқбаев Марат Қымызұлының «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар» кітабының 83-ші бетінде Ханнәби Серкеұлының құлпытасы жайлы мәлімет бере отырып, оған қоса құлпытастардағы араб жазуларының қазақша аудармасы берілген.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі құлпытастардағы жазуларды 1978-1982 жж. аралығында арабтанушы ғалым, ұзақ жылдар Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасының төрағасы болған Әбсаттар қажы Дербісәлі аудармасын жасаған. Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінің оқытушысы Әбсаттар қажы Дербісәліні Түркістанға іссапармен алдыртып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі құлпытастардағы жазуларды аудартуға қолқа салады. Нәтижесінде 40-қа жуық құлпытастардағы жазулар қайта оқылып аударылады. Ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі құлпытастағы жазуға байланысты: «Шиниби сын Серке из рода Аргин. Умер 1295 г.х., 1877 г.» [8,83 б.] - деп аударарды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген тұлғалардың құлпытастарын 1995 жылы текстолог ғалымдар Ә.Муминов пен өзбекстандық ғалым Б.Бабаджанов аударып, арнайы каталог кітап шығарады. Өкінішке орай, Ә.Муминов пен Б.Бабаджанов

аудармаларында Хәннәби Серкеұлының құлпытасы жайлы дерек кездеспейді.

Хәннәби Серкеұлының артында әлі күнге дейін күміспен күптелген ұлттық оюлармен өрнектеліп: «Ағузу биллаһи минаш-шәйтанир-ражим бисмилля ир рахман ир рахим», - деп ойып жазылған қанжары, шариғат үкімдеріне қатысты XVII - XVIII ғғ. тән қолжазба кітаптары әлі күнге дейін сақтаулы (2-сурет).



2-сурет. Қанжар

Қорыта айтқанда, тарихи тұлға Хәннәби Серкеұлы қартайған шағында билікті өзінен кейінгі буынға өткізіп, Сарыарқаға қоныс аударады. Мекке мен Мәдинаға қажылық сапарына бірнеше рет барып қайтады. Арқа өңіріндегі елге бабалар салған имандылық жолын дәріптейді. Ел арасында ағартушылық жұмыстарын кеңінен жүргізіп, елдің құрметіне ие болып, ізгілік, қамқорлық жолынан таймай, кейінгі ұрпаққа мол өнеге қалдырды (3-4-суреттер).



3-4-сурет. Хәннәби Серкеұлы қолданған шариғат үкімдеріне қатысты кітаптары.

## Әдебиеттер мен дерек көздері тізімі

1. Қазақ шежіресі. Алматы.1994. 121 б.
2. Тұяқбаев М.Қ., Байболов Б.Қ., Арынова Д.С. Түркістанда жерленген қазақ билері.
3. Золотая Книга ЖШС. 2020. 50-51 бб.
4. Шұбыртпалы Ханнәби Серкеұлы. Буклет. Түркістан.2013.13б.
5. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. Спб. 1870.
6. Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы.2000. 13 б.
7. «Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском 8. Университете. Том XIII, выпуск 1-6, 1895-1896 гг. С.50.
9. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. Алматы. «Қазақстан» баспасы. 1967. 27б.
10. Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы.2000. 83 б.

## **МӨҢКЕ БИ ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫНЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІК ЖЫРЛАРЫ**

**И. Ермұханова**

Байшев университетінің Білім беру бөлімінің басшысы

**М. Сагидуллаева**

2 курс магистранты

**Аннотация:** Мөңке би өз заманында хан қасындағы ықпалды билердің бірі болғаны тарихтан белгілі [1,15 б.]. Бидің мұраларын Нұржан Наушабаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ахмет Байтұрсынұнов сияқты ғұламалар білгені және бұл жөнінде жазба деректер қалдырғаны да бүгінгі таңда анықталып отыр [2,98-108 бб.]. Біздің бұл мақаламызда айтайық дегеніміз Мөңке мұраларының он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегінде ғұмыр кешкен халық ақыны Сарышолақ Боранбайұлы туындыларына тигізген ықпалы туралы болмақ.

**Түйін сөз:** Мөңке би, Тілеу, Наушабаев, Сарышолақ ақын, тәуелсіздік, тарих.

Мөңке – Тілеудің бел баласы. Тілеудің аты руға шыққан. Одан тараған ұрпақтар Ақтөбе қаласында және Ақтөбе облысы территориясында тұрады. Сарышолақ Боранбайұлы да Тілеуден тарайды. Арғы атасы Әлдеберді Тілеудің бес баласының бірі [3, 6-б.]. Міне, осыған байланысты, яғни туыстық жағына байланысты Мөңке мұрасының Сарышолақ ақынның өмірге, қоғамға, қоршаған ортаға көзқарасының қалыптасуына зор әсері болғаны андалады. Мөңке – Қорқыт, Асанқайғы дәстүрін жалғастырушы сәуегей болжампаз, жырау, сазгер болған. Асанқайғы Ноғай Ордасы, Қырым хандығы, Хажытархан сияқты Қазақ Ордасы да патшалық Ресейдің бодан еліне айналатынын алдын ала білген. Жәнібек ханға мұны ескертіп, елді өзге өңірге көшіруге қам жеген. Жерұйықты іздеген.

Мөңке де осы жолды ұстанды. Келер заман туралы болжаулар айтты және сол айтқанының барлығы орындалды.

Мөңкенің өмірбаяны мен шығармашылығын жақсы білетін Сарышолақ ақын ой қорыта келе былай деді:

Әулие Мөңке айтқаны,  
Бұлжымай келді алдыма.  
Бағымның неге қайтқаны,  
Тәңірдің көңілі қалды ма?  
Елімді билеп кете ме,  
Кешегі келген қаңғыма?! [4,36 б.].

Сарышолақ Боранбайұлы ұлтжанды болғанымен нағыз гуманист-ті, себебі ол үлкен ойшыл, философ, патриот адам еді. Ол орыстың қарапайым халқының жай-күйін ұқты, көпке топырақ шашпады. Бұл мәселе төңірегіндегі ойын өлең сөзге былайша айналдырады:

Шерменде көп орыста,  
Олардың көзі алыста,  
Қарашекпен айдалған  
Шеткерілеу қонысқа.

1868 жылғы саяси реформаға сәйкес қарашекпендердің құйтұрқы саясатқа қарай, күшпен көшіріліп отырғанын анық білген. Ал, «Шерменде көп орыста, олардың көзі алыста» дегені орыстың өмірінің ақыры үлкен трагедиямен аяқталған, алысқа көз тіккен ұлы ойшылы, гуманист Л.Толстой сынды тұлғаны еске салады.

Ақын көшіп келген қарашекпендерге сіз де біз де Адам ата ұрпағымыз, Тәңір алдында бірдейміз, сондықтан тату-тәтті өмір сүру жағын қарастырайық, ұлыққа арқа сүйеп, зорлық-зомбылық жасамаңыз дейді. Бұл пікірін өлеңмен былайша кестелейді:

Әй, орыстар, орыстар,  
Биік тең бе дөңеспен?  
Еліме келдің қоныстап  
Патша құрған кеңеспен,  
Аштарыңа той қылып  
Мекен берген есем пе ем?  
Тойындың ба бұ қалай,  
Мен де өзіндей емес пе ем,  
Дос қайғысы ортақ-ты  
Бірігіп қам жемес пе ең?

Сендерде бар қайыршы  
Біздерде де жетеді,  
Терең ойлап айыршы  
Адамның жоқ бөтені,  
Адам ата ұрпағы  
Алыс қайда кетеді,  
Тату болса нетеді?  
Адамзаттың бәрі бір  
Тәңірге жоқ бөтені [5, 179-б.].

Ақынның пікірінше, екі ұлт өкілдері арасындағы қайшылық жеке адамдар арасындағы сыйыспаушылықтан емес, қоғам дертінен, әлеуметтік қайшылықтардан туындайды.

Сарышолақ тұтас халықты, орыс біткенді жау санамайды, отарлау саясатын кұрып оны жүзеге асырушыларды дұшпан тұтып, өткір тілмен соларды тілгілейді. Бұған келгенде сөз қисынын қиыстырады.

Тұрақсыз ғана айтып ап  
Мәрттігінен тайқайды-ай,  
Айтқан сөзін қайтып ап  
Ояздың өтті қайқаңы-ай,  
Зәбірі өтіп әскердің  
Батқан соң күйіп айтам-ай,  
Зәбір емей немене,  
Пәтуасыз сайқалдай  
Бүгін айтқан сөзіне  
Ертең тайқып тұрмаған,  
Куә қажет көзіне  
Найза қажет қырлаған,  
Сескенбесе түсінбей,  
Кұбыла тайқып зырлаған[6, 131-б.].

Жоғарыда айтып өткенімдей, Сарышолақ ой иесі еді жеп, сондықтан кейбіреулердей ол ақ патшадан үміт күтпеді. Ақын бәленің бәрі берідегі атқа мінерде, ортадағы оязда ғана емес, патшада жатқанын, «бар орыстың биігі бір, орыста билігі бар, орыстың ауылы алыста» екенін анық пайымдады. Терең ұқты. Ұқты да өз танымын елге жеткізу үшін өлеңге айналдырды.

Көркемдік патша пананды  
Салдың-ау елге ермекті,  
Ермек емей немене  
Бетегелі бел кетті,  
Ата бір қоныс жер кетті,  
Қарсы тұрған ісіне  
Көресіні көрмекші,  
Сәл қалыппын тайқыса  
Қанды қол әскер келмекші.  
Немесе,  
...Заманның түлкі бұлаңы  
Патшаның көбейд ылаңы,  
Бұрынғы дәурен бұлдырап  
Сөздің де тайды тұрағы,  
Шындыққа ұрып құлашты,  
Талай ерлер қыр асты,  
Елінен таппай пананы  
Алыстан хабар сұрасты,  
Жау тигендей іңірде  
Бұғаулап айдад Сібірге,  
Айқайлап жүрген арыстан  
Айналды сыпсың, күбірге, – [7, 52-б.]

деп әшкереледі. Ақын мұнда метафораларды өте ұтымды пайдаланып, сөзді шебер құбылтады.

Отарлаушылар қанша езіп, жалыштаса да ел үшін күрескен Сарышолақтың өз халқына деген ыстық сүйіспеншілік сезімін суыта алмады. Қанша қорқытса да жауыздықтың бетін ашып, шындықты көрсетті. Патшалық Ресей отарлаушыларының ел басына туғызған қара күндерінің ауыр азабын, езгіге түскен халықтың халін реалистік тұрғыдан шыншыл суреттеді. Сондықтан болса керек, оның өлеңдері бұл өңірде әлі күнге дейін атадан балаға мұра есебінде ауысып келе жатыр.

Әй, Мәкалай, Мәкалай,  
Асылдардың сынығы-ай  
Патша болған бірталай,  
Халықтың көрмей тең бәрін

Ойлашы осы бұ қалай?  
Сен шықпақ болғанда  
Мен тұтанып кетер лампы май,  
Қазақ тұрды сертіне  
Патша тұрмад антына-ай,  
Дегенін істеп солардың  
Қырыла ма халқым-ай,  
Тіріде жоқ ұжмақты  
Өлгеннен соң іздеме,  
Сөзіме бұр құлақты  
Жердегі артық біз деме,  
Осы айтқанға көнбесең  
Сызылатын қайтып келген қыз деме,  
Жуастан шығар жуан-ды  
Билікті еркін бермесең,  
Намысты түптеп қуам-ды,  
Тәңіріме сиынып  
Серттесіп белді буам-ды, – [б, 38-б.] - деп сес көрсетті.

Елдігін танытты.

Ал, Мырзағұл ұсталғанда күйінген ақын патшаға тікелей ауыз салып:

Үш қараса жерінде,  
Жайлауымның төрінде,  
Мырзағұлды айдатты,  
Патша өкірсін көрінде, – дейді.

Патшалық Ресей отарлау жолында от шашқан қаруын ғана емес, жымысқы айла-шарғысын шебер пайдаланды, екіжүзді саясат жүргізді. Билікті генерал-губернатор уезд бастықтарына беріп қана қоймай, ел ішінен болыс, старшын, тілмаш дегендерді шығарып, қапталына алып, қол жаулығы етті. Мұндай лауазымды орындарға өз жұртын сатқан екіжүзділерді алды. Бұл жайт тарихтан белгілі, өмір шындығын Сарышолақ қалай суреттеді, соны қарастырайық:

Дұрысын айтсақ болысқа  
Сөзінді тыңдар немкетті,  
Немкеттінің белгісі  
Шен үшін ат терлетті,

Күпіне ісіп еліне  
Көрінбекші келбетті.

Мұндай болыстар хақында дана Абай былай деген еді: «Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң момынды қадірлемейді. Өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер рас болса, біртүрлі өзіме де залал жасау қолынан келеді деп».

...Параменен мал кетті,  
Бұрынғы байдан әл кетті,  
Тілін тауып ояздың  
Тілмаштар кербез әндетті.  
Тілмашы осындай, ал биі мынадай:  
Ішпей-жемей мал жиып,  
Көзін салд бай-пақырға.  
Параменен би болды,  
Баламенен қатынға.  
Би асылдан би болса,  
Залалы тиед жақынға,

Қосуынан туған ғойын нар  
Аузын салды тақымға [8,44 б.].

Ақын басқа да бірсыпыра толғауларында отарлаушылардың елді басқару, билеу тәртібіндегі қолданып отырған адамгершілікке қайшы іс-әрекетін ашып көрсетеді. Ізгі ниетті адамдар қуғын-сүргінге түсіп, олардың орнына алаяқ қулар, берекесіз сұмдар келгенін, ондай тексіздердің ойлайтыны қарақан қара басы, қалтасының қамы ғана екенін, осы үшін елін сатып жіберуге дейін баратынын көпшілік алдына жайып салады.

Жайлауым күнде тарылды,  
Ат үстінен ойқастап  
Күле тыңдайд зарынды,  
Өзіңе басшы сайлады  
Аранда жүрген залымды,  
Одан туған көрдемше  
Сақалдан алды шалынды,  
Аяққа басты арынды.  
...Құл-құтан билік жүргізді -ау,

Мандайыма не жазбақ,  
Қайда қылған еңбегі  
Жақсының түбі неге азбақ? [8,38 б.].

Сарышолақтың бұл өлеңдері зар заман заңғарлары Дулат,  
Шортанбай, Мұратпен де үндес.

Атасы Мөңке болған соң Сарышолақ та көріпкелдік  
қасиеттен құралақан емес-ті. Болжампаз ақын күндердің күнінде  
ата жұртының тәуелсіздік аларын, сол кезде өз сөзінің жарыққа  
шығарын, қылған еңбегінің зая кетпесін анық білген еді.

Ұл туар неше жігерлі  
Талқандар тұсау, шідерді,  
Іздер сонда қайдалап  
Бақытым қайда айналад.  
Өлі де болса жебеймін  
Аруағым тыныш жайланад,  
Ұрпағым солай ойға алад [5,90 б.].

«Мыңмен жалғыз алысып» шектен асқан ауыртпалықтан  
қабырғасы қайысса да, келешек ұрпақтарына үміт артып:

Жыр шырқар әлі басыңа,

Сарышолақ босқа жасыма – [5,91 б.] - деп кеткен патриот  
ақынның үміті ақталды. Оның басты мақсаты болған  
егемендікке қол жетті.

### Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі

1. Асанов Ж.Шекті Мөңке би Тілеуұлы. – Астана: Елорда, 2001ж.
2. Асанов Ж. Мөңке би// «Жұлдыз» журналы, №4 2000ж.
3. Пангереев А. Асанов Ж. Шекті Мөңке бидің ғибраттары. – Ақтөбе, 1998ж.
4. Сарышолақ Боранбайұлы. Азаттық еді ансаған (Құрастырған – Ж. Асанов). – Алматы, 2006ж.
5. Асанов Ж. Сарышолақтың ақындық шеберлігі// «Жұлдыз» журналы, №8, 1998ж.
6. Сарышолақ Боранбайұлы.Жинақ. – Алматы, Ел-Шежіре: 2011ж.
7. Асыл қазына. Антология. – Ақтөбе, 2001ж.
8. Дүйсенбаев Ә.Асанов Ж. Сарышолақ шайыр. – Ақтөбе, 1997ж.

## ЕСЕТ БАТЫР КӨКІҰЛЫ ҒҰМЫРНАМАСЫ ХАҚЫНДА

**А.С. Ертеміров**

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі  
«Қазіргі заман тарихы» бөлімінің меңгерушісі

XVII-XVIII ғасырларда қазақ халқының тыныштығын бұзып, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт заманда елдің берекесін қашырған, ұлын құл, қызын күң еткен жоңғар-қалмақ шапқыншылығы етек жайды. Осындай ұлы дүрбелең кезеңде кіндік қаны тамған атамекен жері мен сыртқы тосын жаудан қайрандап қалған халқы үшін бес қаруын беліне асынып, қазақтың шынжыр балақ, шұбар төс әйгілі хас батырлары «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығара тізе қосып, жауына жауар бұлттай түйіліп, найзағайдай жарқылдап, қорамсақ толы отты жебедей ысқырынып, айбат көрсете жасындай жарқылдап қаймықпай қасқая қарсы тұрды. Елінің азаттығы мен халқының еркіндігі жолында ақтық демі біткенше, қасқалдақтың қанындай қанын сарп етіп, жолбарыстай аласұрған жоңғарларға атой салған қазақ халқының апайтөс ержүрек батырлары аз болған жоқ. Халық олардың есімдерін есте сақтап, ерлік, батырлық өмір жолдарын, тарихи шежіре ретінде ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, ұлттық санамызды оятып, ел деп соққан жүрек түкпірімізге дарыта сіңіріп, ұлттық рухымызды қалыптастырып отырған. Сондай батырлардың ішінде қалмақ-жоңғар басқыншыларына қарсы күресте азаттық туын көтерген, даңқты жеңістерімен, әскери-жауынгерлік жорықтарымен, ерлігімен тарихта ізі қалған, әулиелігі де ел ішінде аңызға айналған Кіші жүздің Жетіру бөлімі тама руынан шыққан жаужүрек батыр Есет Көкіұлы XVII-XVIII ғасырлардағы ел басына күн туған қасіретті де зұлмат заманда ерекше орын алады. Батырдың өмір жолы үлкен оқиғаларға толы болды. Ол – дәуір жүгін өле-өлгенше арқалап өткен, қазақ рухын қайта түлетудің алтын дінгегіне айналған ұлы дара тұлғалардың бірі. Өз заманының келелі қоғам қайраткері, салиқалы саясат ұстанған саясаткері.

Есет батыр Көкіұлы 1667 жылы қазіргі Ақтөбе облысының Қуағаш деген жерінде (Қандыағаш, Елек бойы, Жарық, Құласу салалары) дүниеге келген. Әкесі Көкі Базарқұлұлы өз заманында аты шыққан батыр, ғұлама болған. Меккеге әлденеше рет барып, қажы атанған. Меккеге соңғы сапарында сонда қайтыс болған деген

дерек бар. Ол жауына үнемі тайсалмай тура атой салып, ерліктер көрсеткендіктен «Таймас батыр» атанған [1, 91-б.].

Қазақтың ханы Салқам Жәңгірдің 1643-1644 жылдары ойраттардың қоңтайшысы Батыр бастаған қолмен шайқасында Самарқанд қаласы әмірі Жалаңтөс баһадүр туы астымен келген 20 мыңдық әскердің ішінде өзінің айбатты батырлығымен дараланып Таймас батыр атанған тама Көкі де болған. Ол бүкіл Кіші жүз, Самарқанд, Бұхара, Хиуа өңірлеріне танымал, зор ілтипат иесі болған зиялы тұлға. Көкі тарихта танымал батыр. Ұрпақтары жөнінде «Өзімнен өргеннің бір буыны тең болар, қалғаны қара болар» деп сәуегейлік жасаған. Сол тұлға Есет болды [2, 6-7-бб.].

Ал батырдың анасы Назым (Қарашаш) Ақкете Болпаш бидің қызы, әйгілі ағалы-інілі Әжібай би мен Арал батырдың апасы. Әжібай мен Арал Есетпен бірге өскен. Кейіннен Әжібай би қазақтың салт-дәстүрімен өзінің апасынан туған жиені Есет батырдың Ботагөз атты қызын ортаншы ұлы Борсайға 1739 жылы айттырып, сүйек жаңғыртып құда болады [3, 94-б.].

Кіші жүзден шыққан атақты жаужүрек найзалы батырлардың ізбасары Есет те жаугершілік заманда аттан түспей кең байтақ жерінің тыныштығын сақтап, қорғау үшін қолына қару алды. Жауынгерлік заманда туып, күреспен есейіп, ер жеткен Есет ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Бұл жайында халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтің «Үркер» романында деректер келтіріледі.

Ол 1710 жылдан тама руының басшысы, 1722 жылдан Жетіруды билеген би. XVIII ғасырдың басында «қазақ халқының семсері» атанған Тәуке хан Жетіру бірлестігінің бастарын қосып ірілендіруді көздейді де, Есет батырды Жетіруға ру басы етіп сайлайды.

Тәуке ханның тұсындағы жеңісті шайқастарда Есет батыр Кіші жүз қолын бастайды. Осындай шайқастардың бірінде найзагерлігімен көзге түсіп, ерен ерлік көрсеткен Есетке риза болған Тәуке хан шайқастан кейін шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата беріпті деген халық аузында әңгіме қалған [4, 9-б.].

Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы алапат соққы берген Бұланты, Білеуті өзендері бойындағы шайқасқа қатысып, езілген елдің еңсесін көтерген ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс

жасаған Аңырақай соғысында ол Кіші жүз құрамының туын көтерген атойшы болады.

Есет Көкіұлы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың сенімді серігі, кеңесшісі, өз тайпасының ту ұстаушы әйгілі батыры болған. 1731 жылғы Әбілқайыр ханның Ресей империясына қатысты саясатында халық алдындағы сенімді тірегі, хан мен халық арасына түскен жарықшақты дәнекерлеп бітірушісі бола білген. Хан басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтуде ол сол кездің тарихи ірі тұлғалары Бөкенбай, Жәнібек батырлармен бірлесе отырып, оған үлкен көмек көрсетеді. Хан елшілерінің құрамында қазақ руларының Ресейге қосылуы жөніндегі антқа қол қойғандардың бірі. Осы кездесуде орыс патшайымы Анна Иоановна Есет батырға аты жазылған канжар сыйлайды.

Ортағасырлық түркілік тархандар институтын Ресей үкіметі XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап, қазақ қоғамына қайта енгізіп, қазақтың белгілі батырларына тархандық атақты бере бастады. Бұл шен Ресей мемлекетіне сіңірген ерекше еңбегі үшін берілді. Бірінші 1742 жылы 30 тамызда тархандық грамотаны арғын Жәнібек батыр Қошқарұлы алды. Екінші тархандық грамота 1743 жылы 3 шілдеде тама Есет батыр Көкіұлына берілді. Жәнібек пен Есет тархандарды Ресей үкіметі екі түрлі мәртебемен қабылдаған. Жәнібек батырға берілген атақ оның ұрпақтарына мұраға қалатын түрі болса, Есет батырдың жеке өзіне ғана берілген.

1749 жылғы 1 шілдеде қазақ-орыс шекара барымтасына байланысты келіссөз жүргізгенде Ресей жағы 25 тұтқын қазақты, 103 бас жылқыны Есет тарханға қайтарған. Бұл батырдың тархандық грамотаның күшін орыс-қазақ қатынастарына тиімді пайдаланғанын айғақтайды [5, 3-б.].

Есет батырдың өмір сүрген жылдарына байланысты бүгінде түрлі пікірлер қалыптасқан. Батырдың 1667 жылы өмірге келгендігі анық. Ал, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде ортақ пікір жоқ. Тарихшы ғалым М.Вяткин батырдың өлген жылын анықтай алмай, шамамен 1746-1751 жылдар деп топшылаған. Өйткені ол тама Есет батыр туралы деректер орыс жазбаларында 1746 жылға дейін ғана кездесетінін айтқан болатын. Сонымен қатар оның пікірінше, Есет батыр өлген соң 1751 жылдан бастап жетірулықтардың басшысы Нұралы ханның ағасы Айшуақ сұлтан болған [6, 27-б.].

Батырдың өмірі мен қызметін зерттеп, мақалалар жазған С.Дәулетов: «Есет батыр 1749 жылы қайтыс болған» – деп

көрсетсе, тарихшы профессор З.Байдосов Есет Көкіұлының өз ажалынан 83 жасқа келіп, яғни 1750 жылы қайтыс болғанын айтады.

Есет батырдың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи анықтамалық Ақтөбе энциклопедиясында оның өмірі үш кезеңге бөліп қарастырылған. Бірінші кезеңі, 1667-1687 жылдары – батыр атанған. Екінші кезеңі, 1690-1710 жылдары – Өз Тәуке хан тұсында 2 мың сарбазды басқарып, Жем, Ойыл өңірінде түрікпендерге, 1706 жылы Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда 12 рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен. 1709 жылы жоңғарларға қарсы біріккен қазақ жасақтарының құрамындағы Жетірудың 10 мыңдық қолын басқарған. Үшінші кезеңі – 1710-1749 жылдар. 1710 жылғы Қарақұм құрылтайынан бастап, Әбілқайыр хан тұсындағы кезеңі, Кіші жүздің 30 мыңдық әскери күшінің Жетіру түменіне (10 мыңдық) бас қолбасшылық жасауы. Ал, 1722 жылы ол Жетірудың аға биі болып сайланады. 1722-1749 жылдар аралығында мемлекет қайраткері, қолбасшы, саясаткер және мәмілегер ретінде танылуы кезеңімен аяқталады [7, 27-б.].

Батыр өмірін зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор Өтеген Исеновтің архивтік ізденістері бойынша Есет батыр 1667-1757 жылдары өмір сүрген.

Ө.Исеновтің зерттеулері бойынша Есет тархан өмірінің төртінші 1750-1757 жылдары патша өкіметінің отарлық-басқыншылық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің кезеңі [8, 3-б.] болып табылады.

Ғалым Өтеген Ихсанұлы өз зерттеулерінде Есет батырдың 1749 жылдан кейінде өмірден озбағанын дәлелдейтін нақты тарихи құжаттық деректерді алға тартады. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсек...

XVIII ғасырда қазақ-орыс қатынастарына қатысты құжаттардағы деректе 1750 жылы 19 қаңтарда Есет тархан мен Қара батыр жіберген екі жігіт Нұралы хан атынан Гурьев қалашығы маңындағы қалмақтармен және орыс көпестерімен сауда жасауға келісім берулерін сұраған хат әкелгені айтылады.

1750 жылғы 5 маусымда шекті-қырғыздар руының старшыны Байымбет батырға берілген аста Есет тархан, Бақтыбай батыр, Нұралы хан мен оның екі сұлтан інісі және т.б. бірге болған. Келесі бір деректе, 1754 жылдың жазынан күзіне дейін Озерной бекінісі маңындағы тоғайды Есет старшынмен бірге 100 үй жайлаған. Есет

тархан ауылын мал жайылымына жақсы тоғайдың қалың шабындығы қызықтырды деп жазады өз рапортында Красноярск дистанциясының командирі, секунд майоры. Рапорттағы «Есет старшын» деген Есет тархан екені, оның рубасылық қызметте болғаны мәлім. Патша үкіметі қазақ рубасыларына старшын атағын бергені аян.

Башқұртстандағы 1755-1756 жылдардағы отарлыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын зерттеген А.Чулошников мәліметінше, 1756 жылдың тамыз айының ортасында Кіші жүздің Елек бекінісінде белгілі қазақ батыр-билері мен тархандарының жиналысы өтеді. Бұл басқосуға Алланазар, Төлебай, Есет тархан, Күшқара, Жархан, Нұралы хан бауырларымен бірге қатысады [9, 3-б.].

Есет батырдың қаза болуы жөнінде де ортақ пікірдің жоқтығын тарихшы Ө.Исенов өз зерттеулерінде келтіреді.

Отаршыл өкімет бағынышты елдің өз айтқанына көнбеген тұлғаларын ретін тауып құртып отырған. Есет тарханнан да патша өкіметінің есебін тауып, құтылғандығы туралы жазбаға түскен дерек бар. Жазушы Құрал Тоқмырзин ел аузындағы әңгімеге сүйеніп, тама Есет батырды патша үкіметі арнайы тапсырыспен өлтірткені туралы былай жазады: «Бір күні таң ата күн астынан ақ мұнара шапан киген, астында ақ боз аты бар біреу дәретін жаңа алып, киіз үйге қарай қадам басқан Есет батырға «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем беріп төне түсіпті. Батыр сәлем алуға оқталып бұрыла бергенде, бірдеңе жарқ ете түседі. Шетін шапанның етегімен жауып келген қараниет шолақ найзасын Есеттің өңменіне қадай түскен... «Сен аңдыған жау екенсің ғой...» деп, батыр найзаны ұстай алған екен. Найзасын суырып алуға шамасы келмеген әлгі қарақшы күннің астына қарай қаша жөнеліпті». Көнекөз қарттардың айтуы бойынша, тама Есет тархан кісі қолынан қаза тапқан. Өлтіруші – татар саудагері болған. Патша әкімдері батырдың басына «бәйге» тіккен [10, 4-б.].

Сонымен ұлт-азаттығы жолындағы күрескер [11, 104-б.]. Есет батыр Көкіұлының жерленген жері қазіргі Ақтөбе облысы Алға ауданының Бестамақ ауылының күншығыс жағындағы биік төбеде. Төбе содан бері «Есеттөбе» деп аталады. 1992 жылы батырдың туғанына 325 жыл толуына орай қабірі үстіне үлкен кесене тұрғызылды. Кейіннен Ақтөбе қаласы және Алға ауданында

батырдың атамекен жерін қорғаудағы ерліктеріне тағзым ету мақсатында тұғырлы ескерткіштері бой көтерді.

Бүкіл ғұмырын ат үстінде қазақ елінің азаттығы мен бостандығы, жерінің тұтастығы үшін жауларымен жолбарыша арпалысып өткізген ел тірегі әрі қорғаны Есет батыр Көкіұлының армандаған тәуелсіздік іргетасы нық қаланған еңселі де байрақты елі күн санап бой түзеп, даму үстінде. Ал, ұрпақтары бүгінде ата-бабалар абыройы мен рухын қастерлейтін ұлтжанды да өнегелі ерге айналды.

### **Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. З.Байдосов, И.Асқаров, Р.Ильясова. Ту ұстап, тарлан мінген тархан. – Ақтөбе: «Полиграфия» баспасы, 1992.

2. Ө.Есмырзаұлы. Есет батыр Көкіұлы. – Ақтөбе, 2012.

3. Ө.И.Исенов. Тама Есет тарханды танып болдық па? // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. № 2.(119), 2013. – 2-5 бб.

4. Ө.И.Исенов. Тама Есет батыр (Опат болған жылы мен жұмбақ өлімі хақында). // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. №5-6. 2008. – 27-30 бб.

5. Ө.И.Исенов. Тама Есет тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. // М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. Халық батыры Исатай Тайманұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Батырлар институты: қалыптасуы тарихи маңызы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 6 мамыр, 2011 жыл. Орал – 2011. 90-104 бб.

## БІР ТӨБЕ БИІ ҚАЗЫБЕК БИ

М. Искакова

### «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының экскурсоводы

Дүниежүзінде өмір сүретін халықтардың барлығы әлемді өздерінің ұлттық көзқарастарымен таниды, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріне негіздейді және әртүрлі сеніммен қабылдайды. Ұлттың эстетикалық танымын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлқын, салт-дәстүрін, ұлттық рухын сенім тұрғысынан тіл арқылы жан-жақты бейнелейді, жеке адам санасымен бірге өмір сүреді. Сол арқылы халықтың дүние туралы түсінігін айғақтайды, ұлттық танымын білдіреді. Бұған бір дәлел ретінде Қаз дауысты Қазыбек бидің бітімгерлік сөзінің мына кіріспесін келтірсекте жетеді;

Біз қазақ деген мал баққан елміз,  
Бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Найзаға үкі таққан елміз  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптайбілген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды,  
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Сөз күшін қазіргі зерттеу барысы тіл білімінің жаңа жетістіктерімен, көзқарастарымен көрсету, тиімді қатынас моделін өндеуге көшуде. Бидің өзіне тән сөйлеу мәнері, даусы ырғағы, әуен сазы бар, психологиялық тұрғыдан өзін еркін ұстайды, тыңдаушыны сөзге ұйытады, жастайынан сөзге шешен бала, – қазақ халқының XVII – XVIII ғасырларда өмір сүрген ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан. Ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек —

есімдері елге танымал, белгілі әділ билер болған. Ел аузындағы әңгімелер мен аңыздарға сүйенсек, биден жеткен шешендік сөздер шешен туралы оң пікір қалыптастырады, оның өз заманында білімді болғаны, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген адам болғандығын айқын аңғартады. Бала жастайынан қабілетті болған, оның әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі етіп тағайындаған. Би Өз Тәукенің тұсында хан кеңесінің беделді мүшелерінің бірі болса, одан кейінгі хандық құрған Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.

Бидің жастық шағы мен бүкіл өмірі қазақ елінің ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: “Дат, тақсыр!” деп жұлқынып алға шығады да: “Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен

жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!” – депті. [1, 3-4 б.]

Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке шақырып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, өжеттік танытып, көздеген мақсатын орындап қайтқан. Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – “Жеті жарғыны” жасатып, бұл заңдарды Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатып, сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі жөнінде, бұл мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша қарастылып ант қабылданды. [2, 5 б.]

Ел ішінде орын алған “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” заманында, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би өзге де билермен бірге Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Сонымен қатар Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық іс әрекеттерін жасаған. Би 1762 ж. Абылай сұлтанға Қытай боғдыханынан іргені аулақ салуға кеңес берген. Қазыбек мемлекет істерімен қатар руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны белгілі. Ал Барақ сұлтан қысастықпен 1748 ж. 24-тамызда Кіші

жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп бағалаған.

XVIII ғасырдың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маққан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған. Баласы Бекболат, одан кейінгі Тіленші, Алшынбайлар да дүйім жұртты аузына қаратқан әділ де тура билер болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы да Қазыбек бидің ұрпағы. Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеп, басын а құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы Алексей Левшин, Шоқан Уәлиханов, Шаһабуддин Маржани, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төрекұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы Софы Сматаевтың “Елім-ай” романында кемеңгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

«Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды...» Қаздауысты Қазыбектің «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз» деп басталатын толғауы 78 жасында, 1743 жылы Қалдан Серен қолынан Абылайды босатуға барғанда айтылады. Бұл ондаған жылдарға қазақ пен қалмақтың жаугершілігін ауыздықтаған кездесу болды [3, 88.б.].

«Берсең жөндеп бітімді айт, Бермесен дірілдемей жөніңді айт. Не тұрысатын жеріңді айт!» деген сөзді бір жағынан, өмірден көргені мен түйгені, ақылы мен айласы жарасқан адам, екінші жағынан өзіне, мемлекетіне, оның күшіне сенетін адам айтады. Бұл кезеңде дүрбен-ойрат шүршіт - маньчжур шабуылының өтінде болды. Қалдан Серен халха-моңғолды дүрбен-ойратқа енді қайта қосып алмайтынына көзі жетті. Қазақтар болса «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» есін жинап алды, қазақ саудасы бір жағы ескілікті Мәуреннахрмен, Түркістанмен жүрсе, екінші жағынан Ресейдің шекаралық алқаптарынан өзіне жаңа сауда көздерін тапты. Ендеше экономикалық жағынан қазақ қайта күш жинай бастады деген сөз. Осының бәрін ескерген Қалдан Серен Әбілпейізді аманатқа алып қалып, Абылайды босатты, оған Ресей мен Қытайға төтеп беру үшін өзімен жау емес, әскери одақтас халық керек еді. Бұдан әрі Әбілпейіз өзінің бала-шағасымен, баққан малымен қалмақ арасында екі елдің одақтастығының кепілі болып жүрмек. Абылай сұлтан болса зор құрметпен елге оралды.

Қазақ халқының мемлекет және билік тарихын зерделеу мен түсінудің бір жолы – билер институтына назар аудару. Оны қаперден шығарып алған зерттеуші қанша жерден күш салса да біздің өткен тарихымыздан мемлекет деген ұлы құрылымды тани алмайды. Ұлт тарихнамасының осал жері де осы. Қанша жерден әдемі баяндалған, көлемі мол еңбек болса да оның ішінде мемлекет пен дәстүрлі биліктің ұйытқысы болған билер институты көрсетілмесе, ол еңбектің бір жағы ойсырап тұрады. Біз ру-тайпа мәселесі дегенде бірден трайбализм деп басымызды ала қашпай, олардың Қазақ хандығының әкімшілік-территориялық құрылымын түзетін бірліктер екенін ұмытпауымыз керек. Осы бірліктерді басқарып және қарым-қатынастарын реттеп тұратын тетік – билер институты.

«Әрине, дәстүрлі қазақ мемлекеттілігінің жоғары саяси институттары бар, олар бір орталыққа бағынуды қамтамасыз ететін хан билігі, орда, аталықтар, төлеңгіттер. Бірақ олар айсбергтің жоғарғы жағы сияқты, негізгі ауыр бөлігі ру-тайпалық құрылымдар судың астынан аса көрінбейді. Тек хандық билік әлсіреген уақытта, не жаугершілік күшейгенде,

яғни саяси дағдарыстар кезінде ру-тайпа басшыларының жауаптылықты өздері ала бастағанын көреміз. Әсіресе, екі ғасырдың жапсарында (XVII-XVIII ғ.ғ.) бір жағы Жібек жолы бойындағы үлкен сауданың тоқтауына, екіншіден, қалалық өнімнің дағдарысына, жаугершіліктің күшеюіне байланысты тағдыры тәлкекке түсіп тұрған қазақ елінің билерге үлкен үміт артқаны байқалады. Бұл кезеңде «Күлтөбенің басында күнде кеңес» өткізіп, жаңа заң жобасын жасап, оны әз Тәуке хан билеген қазақ мемлекетінің құқықтық тұғыры есебінде өмірге кіргізген Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ұлы билердің орны бөлек. Бұл аталған билер әз Тәуке хан заманында пайда болған жоғары конституциялық кеңес «Жеті Жарғының» құрамында болды. Олар Орталық Азия ерте заманнан мекендеген ұлыстардың заң ережелерінің негізінде «Жеті Жарғыны» қалыптастырды. Сонымен бірге қазақтың ұлы билері сыртқы саясатқа да белсене қатысып, Еуразия құрлығының кіндік өлкесін мекендеген қазақты жан-жағынан анталаған жауларынан қорғаштады. Қазақ-қалмақ, қазақ-қытай, қазақ-орыс арасындағы қарым-қатынастардың XVIII ғасырда біздің елдің пайдасына шешілуі даңқты билердің тек қана мәмілегер ретінде ғана емес, сонымен бірге ру-тайпалық жүйенің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып халықты ауыр кезеңде сақтай білуінде дер едік».

Тарих және тұлға туралы қалам тартқан батыстық ұлы ғалым К.Ясперс. Біздің тақырыбымыздың контекстінде оның заман және тұлғаға қатыстылығы бар келесі бір пікіріне назар аударуға болар еді: «Тарих – тұрақты және табанды қимыл, жекелеген адамдардың алға жасаған қадамдары. Олар өзгелерді өздерінің соңынан еруге шақырады. Оларды естігендер және түсінгендер бұл қозғалысқа қосылады. Алайда, сонымен бірге тарих текке айтылған, ешкім соңынан ермейтін, ешкім құлақ қоймайтын ұрандардың, көп туындайтын тарихи оқиғалардың жай ғана жиынтығы болып қала береді» [4. стр. 29].

Қазақ арасындағы әртүрлі әңгімелерде Қазыбек алғашқы елшілікке 13-14 жасында барған екен деген сөз бар. Шын мәнінде қызы Маңқанның жоқтауында көрсетілгендей он сегіз жасында барған. Сонымен бірге, Қазыбек әкесі Келдібектің жанында әз Тәуке хан ордасында жүріп дипломатиялық

жұмыстарға дайындалған деуге болады. 1681-1683 жылдары Жоңғариядан аттанған Қоңтәжінің немере інісі Сыбан Рабтан басқарған қалмақтың ірі әскері қазақтың оңтүстік бөлігін шапты, Ташкент-Түркістан маңындағы көрнекті қалалардың көбі қалмақ қолына өтті. Бұл оқиға қазақ шежіресінде «Сауран айналған» деген атпен белгілі. Қазақ қалаларының ішінде ең көп қарсылық көрсеткені де, қирағаны да Сайрам қаласы болды. Осы жолғы шабуылдың кезінде тек қалалар ғана емес, оның маңындағы көшпелі елден де жау қолына түскендер болды. Сыбан Рабтан қазақты Жетісуға қарай кері қуып, оның ішінен таңдап мың үйді Қаратал өзені, Іле бойында отырған Қоңтәжіге сыйлыққа тартты делінеді.

Қазақ шежіресі бұл жағдайды былайша түсіндіреді: «Бір жылдары қалмақ ханы Қоңтәжі қазақтың малын, малымен қоса ұлы мен қызын әкетеді. Ел «қызымызды күң, ұлымызды құл қылып отыра алмаймыз» деп соғысқа дайындалады. Сонда Тәуке хан «Алдымен елші жіберейік, жүз кісіні бастап қаракесек Келдібек қалмақтың ордасына барсын», дейді. Келдібектің шау тартып қалған кезі болса керек, өзімнің орныма балаларымның бірін жіберейін деп рұқсат сұрапты». Бұдан әрі қарай шежіреші ауыз әдебиетінің сүйікті қаһарманы Телқоңыр деген тайды әңгімеге қосады, ұлы Қазыбекті соған мінгізіп, Тәукенің ордасы Түркістанға жібереді: «Тәуке ханның көзі ең алдымен кермеде тұрған осы Телқоңыр тайға түсіпті дейді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап, бусанып, елеңдеп тұр екен. Содан кейін барып сәлем беріп жанына келген Қазыбектен:

– Сен басшы болғың келе ме, жоқ қосшы болғың келе ме? – деп сұрапты.

– Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын деп келдім. Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім, – дегенде Тәуке қарқ-қарқ күліп:

– Жарайды, балам, жарайды, барсаң бар. Тайың да жақсы екен, өзің де жақсы екенсің! – дейді».

Сонымен Тәуке хан: – Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрындар. Қалмақтың ханы Қоңтәжі тасып жүрген хан еді! Қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын

көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласа кетсек, сендердің шеберсіздіктеріңнен болады. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек, – деп елшілікті шығарып салады. Елшілер біраз қиыншылықтарды бастан кешіп, сұрастыра келе Тарбағатай тауының таң жағында, Алтай тауының оң жағында отырған хан ордасына барып жетеді. Ертеңінде қалмақтың ыңғайлы атқа мінгендей, ықшам киім кигендей жігіттері келіп: «Сөзге дәмелің қалмандар», деп шақырып келеді. Қазыбек те аттың ішінде қалмай, жігіттермен бірге хан ордасына кіріп келеді. Сонда хан тұрып ашулы жүзбен, түсін суытып, мұртын тікірейтіп:

– Иә, қазақтар, неменеге келдіңдер, айтатындарың болса, айтыңдар, – депті. Бұлардың басшысы Тайкелтір би асып айтпайтын кісі екен, «ә» дегеннен шарқылдасып, шаңқылдасып кайтеміз деген кісіше: Өленді өзгеге бердік,

Өрлікті төменге бердік.

Алдияр таксыр, алдыңа келдік.

Берсең алдық,

Бермесең қалдық.

Сөзді өзіңе салдық! – деп үш-төрт ауыз тақпақпен сөзді тастай берді. Сонда асып тұрған тәкаппар Қоңтәжі хан Тайкелтірдің төмендеп сөйлеген сөзіне мерейі үстем болып: – Олай болса, кешке шейін бір жауап қайтарармын, жауап қайтпай қалатын күн болса, ат-тонның амандығында елді тапқан да теріс болмас, – депті. Сөйтіп, Тайкелтір үш-төрт ауыз тақпақпен сөзді тастай беріп еді, хан оны екі ауыз сөзбен үзіп тастады. Үзілген сөзді жалғап қазақ жағынан ешкім ештеңе дей алмайды. Қазақ-қалмақ таразыға бір түскендей болды. Қазақ елшілері тығырыққа тығылғандай болып қалды. Сонда Қазыбек есік жақта өзінің нөкер жігітінің жанында еркелегендей болып отыр еді, айнала бір қарап, ешкім ештеңе демеген соң, орнынан

атып тұрып, өздерінің басшысы хан Бертіске жетіп барды. –  
Ерден ердің несі артық.

Ептестірген сөз артық.

Малдан – малдың несі артық,

Бір-ақ асым еті артық.

Жерден-жердің несі артық.

Бір – ақ уыс шөбіартық.

Міндетіне алған сөзден,

Шегінген жігіттен.

Өлген аюдың өті артық, – дейді. Содан кейін Қоңтәжіге жетіп келіп, қарсы тұра қалып:

– Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат! – деді. Сонда хан: «Ой, өзің жөніңді айтшы, атың кім?» – депті.

Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, халқым – қазақ, руым – Қаракесек, – депті.

– Дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы! – депті хан. Міне, осы тұсқа дейін аңыз елшіліктің әңгімесін әжептәуір шынайы баяндайды. Бірақ әрі қарай «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз» деп басталатын Қазыбектің 1743 жылы Қалдан Серенге айтқан сөзін мәтінге салып жібереді. Қазақ елінің бағына ақыл іздегенде табатын нысанасы, арабыройының арашасы, жауға алдырмас қорғаны бір топ асылзада азаматтар XVII ғасырдың екінші жартысында XVIII бірінші жартысында өмір сүрді. Солардың ішінде қазақ мемлекетінің ішкі билігіне де, сыртқы саясатына да өлшеусіз еңбек сіңірген Қаз даусты биіміз бар. Тарих және тұлға туралы қалам тартқан ғалым К.Ясперстің пікіріне назар аударуға болады, «Тарих – тұрақты және табанды кимыл, жекелеген адамдардың алға жасаған қадамдары. Олар өзгелерді өздерінің соңынан еруге шақырады. Оларды естігендер және түсінгендер бұл қозғалысқа қосылады. Алайда, текке айтылған, ешкім соңынан ермейтін, ешкім құлақ қомайтын ұрандардың, көп туындайтын тарихи оқиғалардың жай ғана жиынтығы болып қала береді». К.Ясперс тарихты түсінуге мүмкіндік беретін адамзаттың рухани мәдениетінің шарықтауы іске асқан белдік уақытының бастауын жеке тұлғалардың қайраткерлігімен

байланыстырады. Бұл біздің қазақ шежіресі персонификацияланған, яғни жеке тұлғаларға байланған тарих деген анақтамамен сәйкес келеді. Осы тұрғыдан қазақ мемлекетшілдігінің сынағына түскен, сол сынаққа төтеп берген, және санада өшпес үлгі қалдырған Қаздауысты Қазыбек дәуірін ерекше атауға болады.

### **Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі**

1. Қазыбек би Келдібекұлы [Мәтін] : аңыз-әңгіме / – Алматы : Балауса, 2017. - 432 бет.
2. Қазақстан Тарихы, <https://e-history.kz/kz/news/show/502>.
3. Қазақтың би-шешендері. 1-кітап (XIII-XVII ғ.). 2-кітап (XVIII-XIX ғ.) [Мәтін] : жинақ / Н. Төреқұлов, М. Қазбеков. - Алматы : Жалын , 1993. - 400 б.
4. Ясперс Карл. Смысл и назначение истории. Серия: Мыслители XX века. М., Политиздат. 1991 г. 527 с.
5. Egemen.kz <https://egemen.kz/article/156873-qazdauysty-qazybek-bi-tulgha-dgane-memleket>
6. QazContent - әдебиет порталы <https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12572>

## **БИЛЕР СОТЫ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ СОТ ЖҮЙЕСІ**

**Г.Қ. Қасымова**

Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар  
дирекциясының» МКҚК

Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді  
сақтауды қамтамасыз ету орталығы

Қазақтардың көшпелі қоғамының қойнауында қалыптасқан билер соты мен олардың сот төрелігі қазақ қоғамы мен мемлекеттілігі тарихындағы көптеген ғасырлар бойы тұрақтандырушы қоғамдық-саяси құрылым болып табылады, өзінің функциялары бойынша жалпыцивилизациялық маңызы бар бірегей құбылысты білдіреді. Әдетте, Би, беделі қоғамда танылған құрметті және тәжірибелі адамдар арасынан сайланатын. Тарихта қазақ қоғамында түрме болған емес және далада шарият заңдары тамыр жайған жоқ. Жасаған заңсыздықты түрмеде өткізбей көбінесе айыппұл төленді.

Хандар мен билердің есімдерімен қазақ құқығының нормалары сақталған. Кейбір заңдар дала съездеріне қабылданды, олардың құрастыруында белгілі билер қатысты. Сонымен бірге нормалардың көпшілігі даланың ежелгі әдет-ғұрыптарынан алынған. Бір қызығы, басқа заңдар жазылмай ауыздан-ауызға берілген. Заңдар нормаларының сақталуын хандар мен ру ақсақалдары бақылап отырды.

Орыс шығыстанушы-зерттеушісі А.Словохотовтың «жоғары әділеттілік» соты деп атаған билер соты-қазақтардың таза ортағасырлық көшпелі қоғамының өнімі, ішкі құрылымы халықтың тайпалық бөлінуіне негізделген. Билердің соттарында халықтық демократия мен халықтық биліктің құндылықтары табиғи түрде көрініс тапты. Қазақ көшпенділері өмір сүрген Орталық Азияның орасан зор кеңістігінде барынша рельефті болып таралды [1, 4-б].

Бұның бәрі қазақ көшпелі қоғамы Орталық Азияның басқа өңірлері мен этностарынан оқшауланып өмір сүрді дегенді білдірмейді, бұл тек Қазақ хандығының өзіндік ерекшелігін, егеменді даму ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл көшпенділер немесе олардың бір бөлігі мүлдем егіншілікпен айналыспады

дегенді білдірмейді. Олар көшіп-қонып, анда-санда кішігірім, кішігірім, қарабайыр егіншілікпен айналысты. Кейде қалалық және сауда орталықтарына, негізінен мал шаруашылығы өнімдерімен айырбастау үшін баратын. Осы жағдайлардың барлығында көшпелі мал шаруашылығы қазақтардың тіршілігін қамтамасыз ету циклінде үстем нысан болып қала берді.

XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлттық зиялы қауым өкілдері, олардың арасында еуропалық білімді ағартушылар, көрнекті мәдениет қайраткерлері, ақындар мен жазушылар, билер соттарын популистік мәні бар органдар ретінде қорғап қалуға тырысты. Кеңес өкіметінің бірінші жылында да, оның халықтық демократия мен социализм туралы ресми декларацияларына сеніп, жаңа билікке Қазақстандағы билер соттарын «коммунистік бастамасы бар» беделді органдар ретінде қалпына келтіруді ұсынды, сол үшін олардың көпшілігі түрмелер мен жер аударуларда қаза тапқан болатын [2, 16-б].

Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін шариғат нормалары шығарыла бастады. Бірақ патшалық Ресейдің заңдары көшпелі халық арасында нашар тамыр жайды. 1854 жылы 19 мамырда «Империяның жалпы заңдарын Сібір қырғыздарына тарату туралы» заң қабылданды. Әлбетте ол қазақтарға таныс билер сотын таратпады, бірақ болашақта бұл лауазымда кемінде 6 жыл еңбек өтілі бар сұлтандар, ауыл старшиналары және патша үкіметімен марапатталған адамдар ғана «Би» атағын ала алатынын анықтады. Билерді патша әкімшілігінің міндетті түрде бекітуімен «сайлаудың» жаңа принципі белгіленді. Яғни, сот орындаушылары мойынсұнғыш және жаңа биліктің бақылауында болуы керек деп болжанған.

### **Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі**

1. Зиманов С.З. Казахский суд биев – общекультурологическая ценность. Алматы: Арыс, 2009. – 408 с.
2. Зиманов С.З. Казахский суд биев – уникальная судебная система. Алматы: Атамұра, 2008. – 223 с.

## ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ ДАНАҒӨЙЛЕРІ – ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

**Ә.Ө. Орынбекова**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК»  
ғылыми қызметкері

**Б.Н. Елжанов**

«Т.Бигелдинов атындағы №16 жалпы білім беретін мектебі»  
КММ мұғалімі

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дала демократиясының көрнекті өкілі Қаз дауысты Қазыбек бидің өмір жолы мен ел басқарудағы рөлі жан-жақты талданады. Ол өзінің шешендік өнері, әділдігі, саяси көрегендігі арқылы үш жүздің басын біріктіріп, ел тыныштығын сақтауға зор үлес қосқан тұлға ретінде танылады. Мақалада Қазыбек бидің тарихи шешімдері, елшілік қызметі, ел мен жер тағдырына қатысты айтқан ұлағатты ойлары мен өсиеттері зерделеніп, олардың бүгінгі ұлттық сана мен құқықтық тәрбие тұрғысынан маңызы айқындалады.

**Аннотация:** В статье рассматривается жизненный путь и политико-общественная деятельность выдающегося казахского бия Каз дауысты Казыбека — одного из главных представителей степной демократии. Благодаря своей мудрости, ораторскому искусству и справедливости, он сыграл ключевую роль в объединении трех жузов и обеспечении мира в стране. В статье анализируются его исторические решения, дипломатические миссии, наставления и их значение в контексте современной правовой культуры и национального воспитания.

**Annotation:** This article examines the life and public-political role of Kaz Dauysty Kazybek Bi, a prominent figure in Kazakh history and a leading representative of steppe democracy. Renowned for his eloquence, justice, and political foresight, he played a key role in uniting the Kazakh tribes and maintaining peace and order. The article explores his historic judgments, diplomatic contributions, and wise teachings, highlighting their enduring relevance for contemporary national consciousness, civic responsibility, and legal culture.

Қазақ халқы ұлт болып ұйысып, хан сайлап, аумағын айқындап, елдіктің туын тік көтерген ерте заманнан ең алдымен қастерлі қағидаға негізделген өмір сүру ережелерін бекітті, оған биік құрметтілік танытты. Керей мен Жәнібектен бастап Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан, Әбілқайыр, Абылай, Кеңесары ханға дейін ел басқарған сандақтар сан түрлі сын қатерді бастан кешіп, қиыннан жол тапты. Сонда олардың барлығы бірдей бір арнаға бағытталған, бір мақсатты дйттеген салмақты құрылымнан қуаттанып, ел билеу тізгінін қолдан шығармады. Тәртіпке бас иген елді алға бастап, баянды нәтижеге қол жеткізуге болатынын өмірлік қағидаларымен дәлелдеді.

Билер институтын дана қазақтың өзімен бірге жасап, басына бақ байырқалатқан байрақты биігі деуге болады. Бар көксегені, бар арманы – елді ел етіп, етектегіні төрге, еңістегіні өрге шығарып, намысы өр, қайраты зор халықтың қамын жеп, рухын ояту, бес саусақтың саласындай, бір ананың баласындай тату күн кешкен кемел ұрпақтың келешегіне негіз қалау еді. Елдің амандығы үшін аттың жалында, түйенің қомында күн кешсе дағы талабынан танбаған тәуекелшіл халық бір бәтуада бас біріктіріп, хан көтерген қайсар ұлын қара тұтып, ұстын қылды, соңынан ерді, қалауын тапты, қабағын қалт жібермеді. «Сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ болмайды». Кейде сараң тұжырымның талайымен тар ойлап, келте пішіп, кемістік жіберіп алған басшы байламына араша болып, сауға сұрар сәулелі тілектің шын жанашырлары да халықтың өз арасынан шыққан кемел ойлы әділ қазылары еді. Хан біреу, халық оған тіреу болса, би, шешен, ру ақсақалдары да ел басқару жүйесінде қоғамдық маңызды рөл атқарды.

Билер бүгінгінің соты тәрізді жеке адамдар, ру, тайпа ел ішінде орын алған заңсыздықтарды зерделеп, тиісті жаза белгіледі. Билердің бірі айыпкер сынды болса, екіншісі қорғаушысы (адвокат), үшінші сол екеуінің байламын сабақтап, соңғы сөзін айтар төреші (судья) тәрізді құқыққа ие болды.

Ешкім таңдаумен, тағайындаумен би құзыретіне ие бола алмайды. Ол құдыреттің өзі қалаған пендесіне тарту етер нығметі. Би болып төрге шығып, елге жақсы-жаман, адал-харам, ауыр-кемге куәлік ететін тұлғаның, әлбетте бұқарадан ақылы артық, ілім-білімі озық, көкірегі көрік, обал-сауапқа келгенде ұстанымы берік, серттен таймайтын, анттан айнымайтын асыл сүйекті, жомарт жүректі болып келері заңдылық. Әділетке арқа сүйеген әлеуеттің

заңды, жөн-жоралғыны көздің қарашығындай сақтап, қылдай қиянатқа бармауының астарында осындай билік иелерінің өз қарақан басын пенделіктен асқақ ұстап, тәкаппар тазалығынан танбаған табиғаты тұнып тұрғандай [1. 85–86-бб].

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегендей, әділіне келгенде туған әкесі болса да ақиқатты алға шығарып, құқықты аяққа таптап, заңмен бекемделген құндылыққа қасақана қараулық жасап немесе жазым болып жаманат келтіргенге жаза белгілеуде жеті рет пішіп, бір кесер, әділ үкімін айтар қазылардың шешімі қиыс кеткен кезі болмаған екен. «Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық» дегендей, сөзінің тұрағы жоқ, сүйсінер сияғы жоққа ол төрден орын бұйырмаған. Қара қылды қақ жарар қаранарын халық өзі шын танып, шын құрметтеген, қара тұтып, кадрлеп, соңына ерген.

Тарихи деректерге сүйенсек, Өз Жәнібек ханның алпыс, Абылай ханның сегіз биі болған деген деректер бар. Терең даналығымен дала заңдарын бекемдеген билер ақиқаттың арқауынан тас қып ұстап, жолынан жаңылмауды мұрат тұтыпты. Түп тарихымызды таразылай, тұрмыстық ерекшелігімізді, ұлттық жөн-жоба, жоралғымызды зерделей келе салт-дәстүрін сақтаған, ата жолынан аспаған, жалпыға ортақ, әлеуметке тиімді заңдар жиынтығын құрайтын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолының» әбден сараланған сақа ережелерінен іріктеліп алынған Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ хандықтарының ел басқарудағы мызғымас түпқазығы болып келді. Оның өміршең сипаттары бүгінгі заң-зәкүн жобаларына да жарық сәулесін түсіріп, ел жүрегіне орныққан оңтайлы мазмұнынан әлі ажыраған емес [2. 310–312-бб].

Кезінде ақылы асқан әділ қазыларымыз ру мен ру, тайпа мен тайпа арасын ғана емес, ел мен елдің, хандық пен хандықтың арасын жалғап, ымыраға келтірген, татулық орнатқан мәмілегерлік міндетімен де биік мінберде сөз алып, ұлттың айбарын асқақтата білген. «Елдестіркемек-елшіден, жауластырмақ-жаушыдан» деген мәтел сол заманнан қалған. Бүгінгі мемлекетаралық, еларалық дипломатиялық қарым-қатынаста ол маңызын әлі де жойған емес.

Билердің қоғамдағы рөлін жан-жақты түсіну үшін қазақ халқының тарихи-әлеуметтік даму кезеңінің ерекшелігін жете ескеру керек. Өйткені, ежелгі дәуірлердегі ХІХ ғ басына дейін қазақ қоғамы саяси потестарлы билік жүйесінің негізінде дамығаны

белгілі. Билер, шығу тегіне немесе жас мөлшеріне қарай, өмір сүру деңгейіне қарай таңдалмады. Оларды жастайынан халықтың арасынан ашылып сөздерін нақты дәлелдеп таңқалардай шебер сөйлеуіне қарай және жасаған жақсы істеріне қарай, әділ би бола алады деп халық сайлап отырды.

Би – билеуші емес ол жұртқа сөзін өткізе алатындай, әділ, шыншыл, халықтың сеніміне лайық тұлға болуы керек. Басқа мемлекеттердің соттарына қарағанда қазақ билері төрелік жасағанда адет заңына сүйенді. Адет – бабалар дәстүріне құрылған адамдардың қауымдастық ішіндегі өмір сүру тәртібі. Ол қазақы салт-дәстір, сенім-наным сияқты ұғымдарды қамтиды. Оның негізі шарифат заңдарынан тұратын болған. Тұтас бір елдің билік тізгінін ашса алақанында жұмса жұдырығында ұстаған билеушілер осылай, әулиенің шапағатына мұқтаж екендіктерін көрсеткен. Бұл ақыреттің шарасы болса, тіршілікте де қазақтың хандары билер мен жыраулардың кеңесінсіз шешім қабылдамаған. Ал билер мен жыраулар парасатты ақсақалдар ғана емес, терең діни танымы бар ғұламалар болатын [2, 317–319-бб].

Соңғы жылдары билер тақырыбын жазып жүрген зерттеушілердің арасында Салық Зимановтың пікірлері өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Қазақ билері тек әділ сотты ғана жүргізді. Бидің қазақ жұртындағы көтерер жүгі ауыр еді. Би тарихи-құқықтық жағынан терең білімді болумен қатар қолданылып жүрген Дала құқығы жүйесін жетік меңгеруі тиіс еді.

Шын мәнінде халық биді елдің бірлігін жарастырушысы ретінде санаған. Билер турасында ел арасында алыпқашпа әңгімелердің таралмауының себебі де осында жатқан болу керек. Би әділдіктің жоқтаушысы, тұлғалық қасиеттері толық қалыптасқан ерекше жан иесі деуімізге толық негіз бар [3, 32-б].

Заманында Жоңғар хандығының қақпасына қаймықпай кіріп барып, қайсар талабын қоя білген Қазыбек бидің:

«Сен Темір де, мен темір,  
Еріткелі келгенмін.  
Екі еліктің баласын,  
Теліткелі келгенмін.  
Егесетін ел шықса,  
Иіткелі келгенмін.  
Тұтқыр сары желіге,  
Жабысқалы келгенмін.

Жаңа үйреткен жас тұлпар,  
Шабысқалы келгенмін.  
Танымайтын жаттарға,  
Танысқалы келгенмін.  
Қазақ-қалмақ баласы,  
Табысқалы келгенмін.  
Табысуға келмесең, тұрысатын жерінді айт  
Сен қабылан, мен арыстан  
Алысқалы келгенмін» –

деп халықтың атынан арызын ашық жеткізгенде дұшпан жігерін құм етіп, бейбіт келісімге қол жеткізбеп пе еді.

Қаз дауысты Қазыбек бидің бойынан елжандылық, ұлтшылдық сынды қасиеттердің бәрін аңғарамыз. Ә, дегенде оның өз елін өз жанынан артық көретінін байқаймыз. Ол – асқан шешен, ақын, ұшқыр ойлы көреген кісі. Ел басқарып, қиындықта жол тапқан әділ қазы. Ол – халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, қоғам қайраткері. Сонымен қатар көріпкел-әулиелік қасиеті бар ерекше тұлға.

Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы – қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Жас Қазыбек жастайынан ел көзіне түсіп, бүкіл ел танитын, дәрежеге дейін көтерілді. Қазыбек бидің өмір сүрген кезеңі Қазақ хандығының әлсіреген тұсымен сәйкес келді. Сондықтан болар Тәуке хан тұсында ол орта жүз атынан «Төбе би» болып сайланды. Осы Тәуке хан тұсында қабылданған атақты «Жеті жарғы» заңдар жинағын құрастырушылардың бірі ретінде аталды [4. 217-бб].

Қазыбектің жоңғар-қалмақ ханына елшілікке барғандығы тарихта ерекше айтылады. Қалмаққа қазақ елінен елші болып Қазыбек бір емес үш рет барған. Соңғы сапарында ол бұдан былай

тату тұруға қалмақпен келісім жасады. Осы секілді Қазыбек би қазақтың ұлы көршісі орыс елімен де татулық, достық қатынасты жақтағанын көрсететін аңыз-әңгімелер мен жазба деректер сақталған. Қазыбек би орта жүздің Ресейге қосылуына белсене атсалысқанын және басқа елдердің шабуылынан, зорлық-зомбылығынан Ресей мемлекеті қорғайды деп сенген. Сонымен қатар Қазыбек би кезінде қазақ халқын жапсарлас қалмақ, өзбек және орыс елдермен тату көршілікке және Қазақстанның Ресеймен бірге болуын жақтаған өз заманының озық ойшыл, көреген қоғам қайраткері болған. Қазыбек би өз дәуіріндегі түйіні қиын, күрделі істердің басы-қасында болып, олардың жердің тұтастығы мен ел тыныштығы үшін дұрыс бағытта шешілуіне көп күш жұмсаған [1. 89–90-бб].

Қазыбек би 1764 жылы Семіз Бұғы тауының етегіндегі Теректі дейтін бұлақтың бойында, қысқы соғым кезінде 97 жасында дүниеден өткен. Ұлы Бекболат әкесіне арнап киіз үй тіктіріп, оның ішіне төрттаған тас орнатып сөре жасатыпты. Сөйтіп, сыртынан былғары тұлып тіктіріп, Қазыбектің денесін төрт ай сөреде сақтап, қардан жол босасымен табытқа салып, көктем шыға қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан.

Әр халықтың өздері мақтан тұтатын, олардың ерліктері, жеңістері, жетістіктері және т.б. үшін алғыс білдіретін есімдері болады. Неше ғасыр өтсе де күні бүгінге дейін қаз дауысты Қазыбек бидің шешендігі мен данагөйлігі – біз үшін асыл мұра болып қала бермек.

### **Әдебиеттер мен дерек көздері тізімі**

1. Б.Адамбаев, «Қазақ шешендері». - Алматы, 2001ж, 85-90 бб.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, II том, Алматы, 1999ж, 310-318 бб.
3. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары. IV том, 30-33 бб.
4. Қазақтың ата заңдары, IV том, Алматы, 2004ж, 217б.

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫНДАҒЫ ҚАЗЫБЕК БИ

**А.Ж. Уркинбаева**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының  
ғылыми қызметкері

**Т.Б. Оразов**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының  
экскурсоводы

**Аннотация:** Мақалада қазақ халқының үш ұлы биінің бірі, елдің тәуелсіздігі үшін күрестің символына айналған Қазыбек би туралы баяндалады. Ол қазақ халқының ең бір ауыр кезеңінде мемлекет мүддесін қорғап, тарихта қалды. Қазыбек би қазақтар мен қалмақтар арасындағы бейбітшілікке қол жеткізген, әрі елші ретінде күрделі миссияларды табысты орындаған тұлға ретінде танымал. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ұзаққа созылған соғыстарда Қазыбек би бірнеше рет хунтайжы ордасына барып, тұтқынға түскен қандастарын босатып алуға тырысқан. Ел жадында оның батырлығы, тапқырлығы мен табандылығы жайлы аңыз-әңгімелер көп сақталған. Орта жүздің дана биі ретінде Қазыбек би XVII–XVIII ғғ. тоғысында қазақ халқының қиын тағдырында ерекше рөл атқарып, «заманның үш пайғамбары мен заң шығарушысының» бірі ретінде тарихта мәңгілікке қалды.

**Түйінді сөздер:** Қазыбек би, тарихи жады, би-шешен, тарихи тұлға, Орта жүз, жоңғарлар, тәуелсіздік, мәдениеті, құқықтық сана.

Қазақ халқының тарихында үш жүздің бірлігін сақтау жолында өлшеусіз еңбек сіңірген, ел тыныштығы мен әділ билікті ту еткен дана би – Қазыбек би Келдібекұлы. Ол тек төрелігімен ғана емес, сөз өнерінің асқан шебері ретінде де қазақ руханиятында айрықша орын алады. Қазақ даласының тарихи жадында сақталған Қазыбек бидің өмір жолы, ел билеу ісіндегі орны және рухани мұрасы қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ.

Қазақ даласының тарихи жадында көптеген мемлекеттік қайраткерлердің, халық пен туған жердің мүддесін қорғау ісімен танымал беделді адамдардың есімдері сақтаулы. Тарихи тұлғалар халық тарихында белгілі бір орынға ие болғандықтан ғана маңызды емес. Олардың өмірі еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Қазақ хандықтарының тарихында сот билігін, заң шығарушыны, әділдік пен білімділік үлгісін бейнелейтін билер маңызды рөл атқарды.

Халық арасында қазақтың үш атақты биі – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би туралы көптеген аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандар сақталған. Бұл үш тұлға Қазақстан тарихындағы ең бір ауыр кезеңдердің бірі – жоңғар шапқыншылығы тұсында өмір сүрген. Жоңғар шапқыншылығы Ұлы Дала үшін үлкен қауіп төндіріп, «болу ма, болмау ма» деген тағдырлы мәселе күн тәртібіне шықты. Қазақ халқының тарихындағы қиын-қыстау кезеңде үш ұлы бабамыз елге мынадай ұлы шындықты ұғындыра білді: «Тарихтың тайғақ кешуінде бірлігінен айырылған жұрт – өмірінен де айырылады». Бұл көрнекті тұлғалар қазақ халқының бірлігі туралы алғашқылардың бірі болып сөз қозғаған еді. Орта жүздің ұлы биі Қазыбек би Қалдибекұлы: «Бұдан былай тату-тәтті, бейбіт өмір сүруіміз керек», – деп елді бірлікке шақырды [1, 256-б.].

Қазыбек Келдібекұлы Сырдарияның жағасында дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау маңында өткізген. Ол арғын руының қаракесек тайпасынан шыққан. Халық аңызы бойынша, оның Төкмейіл есімді анасы асқан ақылымен әрі көріпкелдік қасиетімен танылған. Ұлын дүниеге әкелген сәтте: «Адалдан болар нәсібің, тіліңнен болар кәсібің», – деп бата берген екен. Яғни, «Саған адалдық бұйырған, ал шешендік – кәсібің болмақ» деген мағынада.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде Қазыбек баба (кейінгі ұрпақтары осылай атаған), елін аман сақтап қалуды көздеп, рулас бауырларымен бірге Сырдариядан Сарыарқаға, Ұлытауға көшіп барған. Кейін Қарқаралы, Едірей, Үшқара, Арқалық және басқа да өңірлерде қоныстанып өмір сүрген. Оның ұрпақтары бүгінгі күнге дейін осы аймақтарда өмір сүріп келеді. Олардың жайлаулары Шідерті көлінен бастап, Ерейментау арқылы

шығыстағы Баян тауы мен Далба тауына дейінгі аралықта орналасқан.

Қазыбек дәстүрлі дала мәдениетінде өсіп, тәрбие алды. Оған дарынды бала ретінде қарады: оны ел ісіне араласатын азамат етіп тәрбиеледі, адами-имани құндылықтарға баулыды, халықтың ауызша рухани байлығы мен атақты билердің мұрасын үйретті, шешендік өнердің негізі мен тәсілдерін меңгеруге үйретті. Анасы Төктемелдің даналық сөздерін бала кезінен естіп өскен жас Қазыбек осы қасиеттерді жастайынан бойына сіңірді. Табиғи шешендігі мен алғыр ақылының арқасында Қазыбек бала кезінде-ақ атақты би атанды. Оны «Қыз дауысты Қазыбек би – түйіні қаттыны шешкен би», «Қазақ халқының мақтанышы» деп атады [2, 115-117-б].

Қазыбек Келдібекұлы – мемлекет және қоғам қайраткері. Ол тарихқа қазақтар мен қалмақтар арасындағы бейбітшілікке қол жеткізген, күрделі елшілік міндеттерді сәтті орындаған тұлға ретінде енді. Аңыз бойынша, ол жастайынан Тайкелтір бидің басшылығымен қалмақ ханы Галданға барған елшілік құрамында болған. Сол сапарда жас Қазыбек батылдығымен көзге түсіп, шешендік өнерімен танылған. Аңызда оның жоңғар билеушісіне айтқан сөзі сақталған:

«Біз – қазақпыз, кең далада мал бағып күн көреміз. Ешкімге қастығымыз жоқ, бейбіт халықпыз. Бақыт пен ырыс бізден қашпасын, дұшпан аяқ астынан басып кірмесін деп, найзамызды әрдайым даяр ұстаймыз, жақсы сөздің қадірін білеміз. Біз – досқа адал, қонақжай, жомарт елміз, ал қажет болса, жау шапқанда ханның ордасын да құлататын қайраттымыз. Арлы әкеден туған ұл – құл болмайды. Қадірлі анадан туған қыз – күң болмайды. Біз – еркін халықпыз, дала перзентіміз, ұлқызымызды құлдыққа бермейміз. Сендер, қалмақтар, қайсар халықсындар, бірақ адал шайқаста біз де дес бермейміз. Егер сендер темір болсаңдар, біз – сендерді ерітетін отпыз. Біз – бейбітшілік үшінбіз, жаулық үшін емес. Егер қажет болса – ашық шайқасқа да дайынбыз. Қылышпен де, найзамен де арнамысымызды қорғаймыз. Біздің даламызда батыр жігіттер аз емес. Сен барыс болсаң, мен – арыстанмын. Сен тұлпар болсаң мен – сұңқармын. Бізден жеңілдік күтпендер. Жақсылықпен

келсең – жақсылықпен жауап береміз! Бейбітшілікті қаламасаң – соғыс дайын!».

Қазыбек бидің арқасында қазақ елшілері келіссөздерді тең дәрежеде жүргізіп, қалмақ тұтқынынан босатылған адамдар мен мал-мүлікпен бірге еліне аман-есен оралды [3, 192-б.]. Жас елшінің батылдығы мен көркем сөз сөйлеу өнеріне тәнті болған жоңғар ханы оны «қаз дауысты» деп атап, бұл қазақ елшісінің шешендік өнеріне берілген жоғары баға болды.

Жоңғарлармен ұзаққа созылған соғыстар кезінде қазақтың көптеген төрелері мен игі жақсылары тұтқынға түскен шақтарда Қазыбек би бірнеше рет хунтайжи ордасына барып, өз жұртының адамдарын тұтқыннан босатып алған. Ел жадында Қазыбек бидің батылдығы, тапқырлығы мен табандылығы жайлы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған.

Солардың бірінде Қазыбек би айрықша табандылық танытып, кейін Орта жүздің ханы болған Абылайды джоңғар тұтқынынан босатып алғаны айтылады. Абылайды босату үшін джоңғар билеушісі Галдан Цэрен екі шарт қояды. Біріншіден, қазақ жерінің белгілі адамдары кепілдікке бір-бір ұлдарын беруі керек; екіншіден, қазақтар Ресеймен барлық қарым-қатынасты үзуі және Джоңғарияға бодан болуы қажет.

Қазыбек би барлық қазақ ру-тайпаларының өкілдерін жинап, кеңес өткізеді. Ақылдаса келе, олар джоңғарларға уақытша бас иіп, ұлдарын аманатқа беруге келіседі, бірақ ешқандай бодандықты – не джоңғар, не орыс бодандығын қабылдамауға шешім шығарады. Олар Галдан Цэренге: егер бұл шешімді қабылдаса, онда олар Ресеймен одақтасып, джоңғарға қарсы соғыс ашатынын ескертеді. Бұл Қазыбек бидің саяси айласы болатын. Осылайша ол Галдан Цэрнді шошытып, қазақ мүддесін қорғап қалды. Келіссөздердің нәтижесінде Абылай тұтқыннан босатылды.

Шоқан Уәлиханов «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» атты жазбаларында Қазыбек би туралы былай деп еске алады: «Абылайдан барлық жүздерден қай батырларды құрметтейді деп сұрағанда, ол былай деп жауап берген: «Менен бұрын өткен ерлердің ішінде екеуі таңғаларлық: біріншісі – Қалданнан өз тайпалас 90 тұтқынды қайтарып алған қаракесек

Қазыбек, екіншісі – өз тұтқындарын қайтарған уақ руынан шыққан Дерпсалы. Біріншісі – Қалданға өзі барып, өтініспен алған, ал екіншісі – ауылынан шықпай-ақ дұшпанды қорқытып алған».

Қазыбек би – өте танымал әрі беделді би болған. Орта жүзде ол Төле би сияқты «ең беделді» тұлға саналған. 1763 жылға жататын орыс өкілінің ресми баяндамасында Қазыбек биді «Орта ордада бас би деп санайды және оған Абылмамбет ханның өзі де, Абылай хан мен басқа да ұлыстардың сұлтандары, беделді билер мен старшындар әрдайым кеңес сұрап, жыл сайын келіп тұрады, әрі оның келісімінсіз маңызды шешімдер қабылданбайды» деп атап өткен. Ол Абылай, Тәуке, Әбілмәмбет, Сәмеке хандардың тұсында ел басқару ісіне белсене араласқан. Халықтың қамқоры, қорғаны болған. Төле би мен Әйтеке бимен бірге жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақтарды біріктіре білді. Халықтың мүддесі мен заманының талаптарына сай, ол Қазақстанның Ресей қоластына өтуін қызу қолдады. Ал Қытай императоры оған елшілерін жіберіп, өз империясының қоластына кіруді ұсынғанда, Қазыбек би бұл ұсыныстан батыл түрде бас тартқан.

Қазыбек би қазақ халқының тағдырында аса маңызды рөл атқарды: ол қазақтың біртұтас орталықтанған мемлекетін құру мен нығайтудың, оның егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудың бастамашыларының бірі болды. 1680 жылы Тәуке ханның тұсында Қазыбек би Орта жүздің бас биі ретінде танылды. Ол Төле би және Әйтеке бимен бірге үш жүзді біріктірудің бастамашыларының бірі ретінде тарихта қалды және «Жеті жарғы» заңдар жинағын құрастырушылардың бірі болды. Тарихи жағдайды дұрыс бағалай отырып, Қазыбек би үнемі қазақ халқының бірлігін сақтауға, руаралық араздықты доғаруға, жоңғарлармен, орыстармен және өзбектермен достық қатынаста болуға шақырып отырды [4].

Өз халқын ымыраға, бірлікке және мемлекеттікке шақырған Қазыбек би әрқашан бейбіт өмір сүруді және шекаралас елдермен өзара қарым-қатынаста болуды насихаттаған. Мұның айғағы ретінде тек оның құнды мұрасы – даналыққа толы нақыл сөздері мен халық аңыздары ғана емес, сонымен қатар тарихи

деректер де бар. Мысалы, Сібір губернаторының міндетін атқарушы фон Фраундорф 1763 жылдың 11 наурызында Сыртқы істер коллегиясының отырысында жасаған жазбаша есебінде Орта Азиядағы жағдай мен қазақтардың көршілес елдермен қарым-қатынасы туралы баяндап, «...Орта жүздің бас биі Қазыбек Ресейге достықпен қарайды» деп көрсеткен. Осыдан оның халқының амандығын, тыныштығын қалағанын аңғаруға болады.

Қазыбек би шамамен 1764 жылдың күзінің соңы мен қыс басында 97 жасында Далба етегіндегі Қарағайлыбұлақ деген жерде дүние салды. Ұлы Бекболат би Қарабас палуан алып келген тастардың үстіне киіз үй тігіп, қыста әкесінің денесін сол жерде сақтаған. Көктем келген соң, денесін ақ шүберекке орап, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеген, басына құлпытас қойған. Осылайша Қазыбек би қасиетті Түркістандағы әулие кесенесінде мәңгілік тыныс тапты. Ұлы бабаның есімі Қарағанды қаласының бір ауданына, Алматы, Шымкент және өзге де қалалар мен елді мекендердің көшелеріне берілген.

Қаз дауысты Қазыбек бидің тарихи тұлғасы – қазақтың құқықтық, саяси, мәдени ой санасының кемел үлгісі. Ол – елшілдік пен әділдік, шешендік пен бірлік символы. Бүгінгі Қазақстан үшін Қазыбек би – мемлекетшілдік пен ұлттық идеяның жарқын бейнесі.

### Әдебиеттер мен дерек көздер тізімі

1. Нургулина З.Н., Нигматзянова Н.Р. Роль биев в общественно-политической жизни Казахского ханства (на примере бия Среднего жуза Казыбек би) // Молодой ученый. – 2013. – №5, 256 с.

2. Зиманов С.З. Три законодателя и легенды века. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.zakon.kz/203430>.

3. Бельгер Г.К. Рассказы о биях. – Астана: Аударма, 2004. – 192 с. Казыбек би – великий дипломат казахского народа. [Электронный ресурс]. URL: <http://ehistory.kz/ru/projects/show/23239/>

4. Крамер Н. Длинная дорога жизни. – Индустриальная Караганда. 2017.

*3-СЕКЦИЯ. МӨҢКЕ БИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН  
ДӘРІПТЕЛУІ*

**БИЛЕР СӨЗДЕРІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ҚҰРЫЛЫМДЫ  
ТАЛДАУ ҮШІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ**

**А.Ж. Әбденов**

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ жоғары колледжінің директоры  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Н.К. Абденова**

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия мұғалімі

Қазақ тарихындағы билер институты – ел басқару, құқықтық реттеу және қоғамдық шешендік мәдениеттің ерекше көрінісі. Бұл жүйеде билер тек төрелік етуші ғана емес, сонымен қатар халық даналығының, әділеттің, логикалық ойдың бейнесі ретінде қалыптасты. Солардың ішінде Мөнке би Тлеуұлының шешендік сөздері – даналық пен көрегендіктің, шешендік пен тілдік дәлдіктің көрінісі. Оның сөздерінде тек құқықтық, моральдық қағидалар ғана емес, сонымен қатар көркем тіл мен құрылымдық нақтылық та сақталған [1, 24–28-бб.].

Шешендік өнердің теориялық негіздері. Шешендік өнер – тыңдаушыны сендіру, иландыру, ой салу мақсатында қолданылатын сөйлеу мәдениетінің ең көркем түрі. Қазақ шешендік өнері ежелгі дәуірден бері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырған, мазмұны жағынан тәрбиелік, әлеуметтік, философиялық мәні бар ілім ретінде қарастырылады. Билер сөзі – тұрмыстық тәжірибеден туындаған, өмір шындығына негізделген, әрі логикалық жүйемен өрілген құрылым. Мұнда тілдік бірліктер ерекше рөл атқарады.

Мөнке би сынды билердің сөздерінде ұйқас, параллелизм, метафора, гипербола сияқты көркемдік тәсілдер жиі қолданылады [2, 44–48-бб.]. Бұл ерекшеліктер қазақ шешендігінің ұлттық болмысын, дүниетанымын айшықтай түседі.

Жасанды интеллект пен шешендік мәтіндер. Бүгінгі таңда заманауи технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект (AI) және табиғи тілдерді өңдеу (NLP – Natural Language Processing) әдістері арқылы осындай рухани мұраларды жаңа көзқараспен

сараптауға мүмкіндік бар. Бұл салада машиналық оқыту, мәтіндік корпус жасау, статистикалық модельдер мен нейрондық желілер қолданылады.

Жасанды интеллект көмегімен шешендік мәтіндерді талдау – олардың құрылымын, мазмұнын, стилін жүйелеуге, әрі шешендердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға мүмкіндік береді. Бұл тарихи дереккөздердің ғылыми айналымға түсуіне ықпал етеді [3, 105-б.].

Қолданылған әдістер мен құралдар. Мөнке би мен басқа қазақ билерінің 50-ге жуық шешендік сөздері жиналып, цифрлық мәтіндік корпус жасалды. Талдауға Python тілі негізінде жұмыс істейтін ашық құралдар: NLTK, spaCy, KazNLP және FastText қолданылды.

Қолданылған әдістер:

- Токенизация – мәтінді жеке сөздерге немесе сөйлемдерге бөлу;

- Лемматизация – сөздің түбірін анықтау;
- TF-IDF – мәтіндегі сөздердің салмақтылығын өлшеу;
- Topic modeling – тақырыптарды автоматты түрде анықтау;
- Stylometry – жазу мәнерін, авторлық ерекшелікті тану;
- Sentiment analysis – мәтіндегі эмоциялық реңкті саралау.

Нәтижелер мен байқаулар

Анализ нәтижесінде жиі қолданылған сөздер анықталды: ел, адам, әділ, тәрбие, болашақ, жаман, жақсы, билік. Бұл – мәтіндердің адамгершілік, әлеуметтік әділет, қоғамдық құндылықтар төңірегінде құрылғанын көрсетеді [4, 88–89-бб.].

Мәтіндік модель үш негізгі тақырыптық бағытты анықтады:

1. Адамгершілік пен тәрбие
2. Билік пен әділдік
3. Болашаққа болжам

Сонымен қатар би сөздеріне тән құрылымдық үлгі айқындалды.

Олар, әдетте, үш бөліктен тұрады:

- Себеп – мәселенің мәнін ашу;
- Салыстыру – бейнелі мысал арқылы нақтылау;
- Қорытынды – шешім немесе тұжырым жасау.

Мөнке бидің сөздерінде метафора, антонимдік қатарлар мен параллель құрылымдар кеңінен байқалады. Мұндай құрылым мәтіннің есте сақталуын, риторикалық әсерін күшейтеді.

Қолданудың артықшылықтары мен болашағы. Жасанды интеллект көмегімен жасалған осындай талдаулар шешендік өнердің мазмұндық тереңдігін ғана емес, сонымен қатар құрылымдық жүйесін де жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тарихи мұраны цифрлық форматта сақтап қана қоймай, оны болашақ ұрпаққа қолжетімді әрі тартымды формада жеткізеді.

AI технологияларын шешендік мәтіндерге қолданудың басты артықшылықтары:

- автоматтандырылған талдау арқылы уақыт үнемдеу;
- тілдік заңдылықтарды дәл анықтау;
- авторлық стиль мен лексикалық ерекшеліктерді салыстыру мүмкіндігі;
- цифрлық гуманитарлық ғылымдардың дамуына үлес қосу.

Болашақта шешендік сөздердің толық цифрлық корпусын қалыптастырып, оны оқыту модельдеріне енгізу – қазақ тілінің сандық даму жолындағы маңызды қадам болмақ [5, 53–57-66.]. Сонымен қатар, бұл дерекқорлар мектеп және жоғары оқу орындарындағы әдебиет, шешендік өнер, лингвистика және IT бағытындағы пәндерге интеграциялауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Мөнке би сөздерін жасанды интеллектпен талдау – дәстүр мен технологияның үндестігін көрсететін үлгі. Бұл бағыт болашақта қазақ тілінің сандық технологиялармен үйлесуіне, әрі ұлттық мәдениетті ғылыми тұрғыдан зерделеуге үлкен серпін береді. Сол арқылы тіл байлығымызды жаңа буынға жаңаша жеткізуге болады.

### **Әдебиеттер мен дерек көздері тізімі**

1. Салғарин Қ. Қазақ билерінің шешендік өнері. – Алматы, 2004.
2. Мұхтарова А. Табиғи тілдерді өңдеу негіздері. – Нұр-Сұлтан, 2021.
3. Boinas A., Saduakassova A. KazNLP: A toolkit for processing Kazakh language. – 2020.
4. Jurafsky D., Martin J. Speech and Language Processing. – Prentice Hall, 2021.
5. Мөнке би Тлеуұлы. Шешендік сөздер жинағы. – Ақтөбе, 2020.

## **МӨҢКЕ БИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИНТУИЦИЯ ФЕНОМЕНІНІҢ ҰРПАҚТЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ**

**А.И. Жанысбаева**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени  
музей-қорығы экскурсоводы

**Қ.Ә. Нұрахметова**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени  
музей-қорығы экскурсоводы

Қазақ халқының танымы мен рухани болмысын терең танытатын ерекше феномендердің бірі – ұлттық интуиция. Бұл тек жеке адамның ішкі сезіміне негізделген болжам немесе тұспал ғана емес, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың тарихи жады мен өмір тәжірибесіне сүйенген ұжымдық түйсік. Далалық философия, халық даналығы, билік айту мәдениеті мен әулиелік көрегендіктің барлығы осы ұлттық интуициямен тығыз байланысты. Қазақ халқының тұрмыстық тіршілігінде де, қоғамдық қатынастарында да интуиция маңызды рөл атқарған.

Мөңке би – осы ұлттық интуиция феноменінің шынайы бейнесі, көрінісі. Ол болашақты болжаған көреген би ғана емес, халықтың түпсанасымен үндесе алған тұлға. Оның болжамдары мен даналық сөздері – ұлттың тарихи болмысын, болашаққа деген ішкі бағдарын анық көрсеткен рухани бағдаршам.

Қазақ халқының табиғатпен етене жақын тіршілік етуі оның дүниетанымын да қалыптастырды. Халық жұлдыздарға қарап ауа райын болжап, малдың қимылына қарап жұт боларын сезіп, бұлт пен желдің иісіне, құбылысына қарап жаңбырдың қай тұстан келетінін білген. Бұл – ғылыммен дәлелденбегенімен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәжірибеге негізделген интуициялық құбылыс [1, 4-б]. Қазақтың «желкөз», «көзі өткір», «жақсы түс көреді», «тіл-көзден сақтан» деген сияқты ұғымдары да халықтың сезімталдығы мен түйсігіне деген сенімін көрсетеді.

Ұлттық интуицияның шыңы – болмысты тану, адамды тану, болашақты болжау қабілеті. Халықтың ішінде осындай қабілетке ие тұлғалар болған. Олар адамның жүзінен мінезін танып, даусынан көңілін сезіп, түсінен хабар алған. Қазақтың

әулиелері, жыраулары, абыздары – осы ұлттық түйсіктің мұрагері болған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Бекет ата, Қойлыбай әулие сынды тұлғалар Мөңке бидің рухани тізбегін жалғастырды [2, 18-б].

Мөңке би өзінің болжамдарында ғылыми категориялармен сөйлеген жоқ. Бірақ оның әрбір сөзі қазіргі заманның шындығымен үндесіп жатыр. Мысалы:

«Келешекте темір қазық орнайды,

Адам темірмен тілдеседі,

Көкті темір бұзады,

Суды темір кешеді...» – [3, 44-б] деген болжамдары – теміржол, телефон, ұшақ, кеме сияқты өркениеттің атрибуттарын дәл сипаттап отыр.

Мөңке би қоғамдағы рухани күйзелісті де алдын ала болжаған:

«Ұл қызын, қыз әкесін танымайды,

Адам бойынан ұят кетеді,

Жас кәріні сыйламайды,

кәрі жасқа ақыл айтпайды...» [4, 21-б].

Мұндай пайымдаулар тек сөз емес, бұл – ұлттық мораль кодексінің ескертуі, рухани деградацияға қарсы алдын ала айтылған сигнал.

Мөңке бидің феномені – бұл жай көріпкелдік емес. Бұл – ұлттық сананың тереңінен тамыр тартқан, шежірелік жадпен, мирас болған рухани таныммен байланысты даналық. Мұндай түйсік бізге ата-бабамыздан қалған, ал бүгінгі қоғамда сол түйсіктен алыстап бара жатқанымыз анық байқалады. Электронды технологиялар дәуірінде, жасанды интеллект, алгоритм, мәліметтер ағынында өмір сүріп жатқан адам баласы өзінің ішкі интуициялық әлеуетін елемей, тіпті жоғалта бастағандай әсер қалдырады [5, 112-б].

Қазақ халқы үшін интуиция тек жеке қасиет емес, ол – ұлттың өмір сүру механизмі болған. Халықтың сөзінде «ақыл алтыда, ой жетіде» немесе «жақсының алдын кеспе, назары тиеді» [6, 36-б] деген тіркестер – осы түйсікке сенудің көрінісі. Далалықтар әр сөздің салмағына, адамның көзіне, жүзіндегі өңіне қарап түйін жасай білген. Ал мұндай қабылдау қабілеті –

ақпараттық емес, интуитивтік сана жұмысы екенін қазіргі психологтар да мойындайды.

Бүгінде біз бұл қабілеттен алыстап барамыз. Себебі қазіргі білім беру жүйесі рационалды ойлауға негізделген. Балада көрегендік, шабыт, түйсік, интуиция сынды бейсаналық қабілеттер ескерусіз қалады [7, 19-6]. Бұл – ұлттың рухани тірегін әлсірететін құбылыс. Сондықтан бізге Мөңке би секілді тұлғалардың феноменін тек тарихи контексте ғана емес, педагогикалық және психологиялық аспектіде қайта қарастыру қажет.

Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз – тек қанның жалғасуы емес. Бұл – идеяның, рухтың, түйсіктің, дүниетанымның жалғасуы. Мөңке би – осы сабақтастықтың киелі діңі. Ол болашақты болжай отырып, бүгінгі ұрпаққа сабақ айтқан. Оның интуициясы тек өткеннің ақиқаты емес, бүгінгі күннің шындығы мен болашақтың сұрағы. Егер біз осы текті де терең дүниетанымды сақтай алсақ, ұлттық болмысымызды жоғалтпаймыз. Тағы да қайталай үнілсек, қазақ халқының ұлттық интуициясы – жай ғана бір ұрпақтың ерекшелігі емес, бұл – мыңдаған жылдық таным мен тәжірибенің шоғырланған рухани күші. Бұл қасиет бізге тек билер мен әулиелерден емес, ертегіден, аңыздан, фольклорлық кейіпкерлерден де дарып отыр. Мысалы – ұшатын кілем, Көлтаусар, Саққұлақ, Желаяқ – бұлар халық санасындағы болмыстың шегін көрсететін образдар ғана емес, шын мәнінде адам баласының түйсіктік қабілеттеріне деген үміт пен сенім [8]. Бұл бейнелер тек ермек үшін емес, келер ұрпаққа «Мүмкін емес ештеңе жоқ» деген ұлы идеяны сіңіру үшін қажет болған. Олардың артында – болжап білу, алыстан есту, қауіпті алдын алу сияқты түйсік формалары жатыр. Сол сияқты алты басты айдаһар – тек зұлым күш емес, қазіргі заманның алты түрлі қауіп-қатерінің символы секілді. Олар – ақпараттық уыт, рухани әлсіздік, экологиялық қауіп, технологиялық тәуелділік, тұтынушылық мәдениет, және адами қатынастардың құлдырауы. Осы «айдаһардың» әр басы – адамзаттың рухани тұтастығына қауіп төндіретін шындық. Ал жалмауыз кемпір – көреалмаушылық, күншілдік, іштарлық пен мансапқорлықтың көлеңкесі. Аспан әлеміндегі Темірқазық,

Жетіқарақшы, Өмірзая сияқты жұлдыздар тек бағыт көрсетіп қоймайды. Олар – өмірдің өткіншілігін, адасудан сақтануды, және шын көшбасшылықтың нышанын еске салатын ғарыштық түйсіктің белгісі. Қазақ осы жұлдыздарға қарап бағыт тапқан. Бұл – нақты ғана бағдар емес, рухани жол да еді.

Бүгінгі қоғамда коуч пен психологтан интуиция үйренуге тырысқанмен, түйсікті ғылыммен өлшеу мүмкін емес. Ол – адам мен ұлттың арасындағы рухани ген. Бұрынғы ата-әже тәрбиесі, «жаман болады», «ұят болады», «обал болады» [9] деген үш-ақ сөзбен бүтін елдің тәрбиесін түзеген. Бұл сөздердің артында тұтас бір интуициялық код, моральдық бағдар, ұлттық сананың іргетасы тұрды. Біз осы кодты жоғалтып алмауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда – ұлттық интуиция үйренетін дүние емес, сіңірілетін болмыс. Оны тек тәрбиемен, отбасындағы өнегемен, рухани мұра арқылы ғана жеткізе аламыз. Сондықтан бүгінгі қоғамға тек Мөңке бидің емес, бүкіл халықтық түйсіктің мәнін қайта жаңғырту қажет. Бұл – ұрпақ алдындағы рухани жауапкершілігіміз деп түсінгеніміз дұрыс сияқты. Сондықтан да, қазіргі қазақ қоғамында Мөңке би феномені – қайта зерттеуді, оқытуды, талдауды қажет ететін өзекті тақырып. Университеттер мен мектептерде бұл мұраны насихаттау, арнайы пәндер мен курстарда қолдану – жас ұрпаққа өз ұлтының ерекше рухани қабілетін таныстырудың жолы. Бұл түйсіктің өзі – ұлттық иммунитеттің бір бөлігі.

Мөңке би феномені – қазақ халқының рухани болмысы мен түйсіктік санасының шыңы. Ол – ұлттық интуицияның тарихи бейнесі ғана емес, ұлттың көркемдік жады мен шежірелік зердесінің тасымалдаушысы. Мөңке бидің көрегендігі – болмысты түйсінудің, адам табиғатын терең түсінудің және заман рухын алдын ала сезінудің нәтижесі. Бұл қасиеттер – бүгінгі ұрпақ үшін де аса құнды. Бүгінде цифрлық технология мен рационалды ойлаудың үстемдігінен түйсік, интуиция секілді қасиеттер екінші орынға ысырылып, ұлттың рухани кодтары әлсірей бастағаны байқалады [10,84-6]. Мұндай жағдайда Мөңке би сынды тұлғалардың даналығы – тек тарихи естелік емес, рухани бағдаршы, ұлттық ойлаудың үлгісі ретінде қайта зерделенуі қажет. Сондықтан ұлттық интуицияны – тәрбиенің,

білім берудің, мәдени саясаттың өзегіне айналдыру – болашақ ұрпақтың рухани саулығы үшін шешуші қадам болмақ. Мөңке би мұрасы – бізге түйсік арқылы танымдық серпін беретін, рухани кодтарымызды сақтап қалуға үндейтін, ұлттың ішкі арнамысын қорғап тұратын ерекше рухани дінгек. Осы құндылықты сақтау – тек өткенге құрмет емес, болашаққа деген жауапкершілік. Сонда ғана біз ата-бабаларымыздан бергі жалғасып келе жатқан «ұрпақтар сабақтастығын» жалғай алған болар едік!

### **Әдебиеттер мен дерек көздері тізімі**

1. Мағзұм С. Мөңке бидің болжамдары және қазіргі заман. – Алматы: Дәуір, 2010. – 56 б.
2. Әлімқұлов Н. Ұлы билер мұрасы. – Астана: Фолиант, 2015. – 240 б.
3. Нұртаев Қ. Қазақ болмысы және дәстүрлі таным. – Алматы: Қазығұрт, 2019. – 288 б.
4. Әбсаттаров Р. Қазақ философиясы: арналар мен арналымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 336 б.
5. Мұқамбет С. Қазақ этнопсихологиясы. – Алматы: Рауан, 2012. – 205 б.
6. Байжұманов А. Қазақ интуициясының негіздері. – Павлодар: Ертіс, 2018. – 198 б.
7. Жұмабеков Н. Ұлт түйсігі және болмыс. // Ұлт тағылымы. – 2021. – №3. – Б. 17–23.
8. <https://bilim-all.kz/article/1827-Tort-daruish-%E2%80%93-ushqysh-kilem>
9. <https://tattialma.kz/kz/teacher/children/view/438>
10. Қожакеев Т. Қазақ шешендік өнері. – Алматы: Санат, 1996. – 288 б.

ISBN 978-601-7564-35-3



9 786017 564353

**МӨҢКЕ ТІЛЕУҰЛЫНЫҢ 350 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«МЫҢЖЫЛДЫҚТЫ БОЛЖАҒАН МӨҢКЕ БИ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Басуға қол қойылған күні 22.12.2025ж.  
Қалыбы 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Есепке алынатын баспа табағы 15.  
Таралымы 100.

«ЖК С.Т.Жанадилов» баспаханасында басылған.  
Ақтөбе қаласы, Әуеқалашық, 29А.